

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ТІЛ САЯСАТЫ КОМИТЕТІ  
Ш. ШАЯХМЕТОВ АТЫНДАҒЫ «ТІЛ-ҚАЗЫНА»  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**АКАДЕМИК Ә. ҚАЙДАР МЕН Р. СЫЗДЫҚТЫҢ  
100 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ  
«ЖАҒАНДАНУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ТҮРКІ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ  
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ  
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖИНАҒЫ**

**ELECTRONIC COLLECTION OF MATERIALS  
OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE  
«TURKIC TERMINOLOGY IN THE PERIOD OF GLOBALIZATION»  
DEDICATED TO THE 100th ANNIVERSARIES OF ACADEMICIANS  
A. KAIDAR AND R. SYZDYK.**

**АСТАНА, 2024**

ӘОЖ 80/81  
ҚБЖ81.2  
Ш15

**Редакция алқасы**

Г. Мұқан, Б. Ысқақ, Н. Әбдікәрім, Л. Есбосын

**Редактор Қ. Қабай**

**«Жаһандану кезеңіндегі түркі терминологиясы» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Электрондық жинақ / Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы. – Астана, 2024. – 240 б.**

ISBN 978-601-7504-87-8

Бұл жинаққа 2024 жылғы 1 қарашада академик Ә. Қайдар мен Р. Сыздықтың 100 жылдығына орай өткізілген «Жаһандану кезеңіндегі түркі терминологиясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары енгізілді.

Еңбек ғалымдарға, оқытушыларға, докторанттар мен магистранттарға, студенттерге, сондай-ақ терминология қызықтыратын барлық оқырманға арналған.

ӘОЖ 80/81  
ҚБЖ 81.2

ISBN 978-601-7504-87-8

© «Ш. Шаяхметов атындағы  
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-  
практикалық орталығы» КеАҚ

## **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Тілешов Ербол Ердембекұлының құттықтау сөзі**

### **Құрметті әріптестер!**

Бүгін біз ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында академик Ә. Қайдар мен Р. Сыздықтың 100 жылдық мерейтойына арналған «Жаһандану кезеңіндегі түркі терминологиясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға жиналып отырмыз.

Конференциямызға отандық ғалымдарымызбен қатар, баяндамашы ретінде Әзербайжан Республикасы Баку қаласынан, Түркия Республикасы Орду қаласынан, Татарстан Республикасы Қазан қаласынан және Қырғызстан, Өзбекстан, Башқұртстан секілді мемлекеттерден онлайн қатысып отырған ғалымдарымыз бар. Қош келдіңіздер! Барлық баяндамашыларымызға қатысуға келісім бергендері үшін алғысымызды білдіреміз.

Конференция тақырыбын өздеріңіз көріп отырсыздар. Бұл – алдымызда тұрған үлкен мәселе, дәуірлік мәселе. Бұл мәселе бұдан 100 жыл бұрын бастау алған. Дәлірек айтсақ, 1926 жылы Баку конференциясында, Баку құрылтайында түркітанушылар, біздің аталарымыз осы мәселені көтерген болатын. Кеңес заманында әртүрлі саяси-идеологиялық мәселелерге байланысты бірқатар үзіліс орын алды. Бірнеше халықтардың тәуелсіздік алуымен бұл мәселе қайта көтеріліп, біз ынтымақтастықты саяси-дипломатиялық, экономикалық тұрғыдан ғана емес, рухани, мәдени, ғылыми тұрғыдан қайта жандандыра бастадық. Бүгінгі конференция жұмысы – соның бір куәсі, жарқын мысалы. Олай болса, бастайық. Қош келдіңіздер! Конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

## ТҮРКІ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫН ТІЛАРАЛЫҚ БІРІЗДЕНДІРУ ЖӘНЕ ТЕРМИНЖАСАМ, ТЕРМИНАЛМАСЫМ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### ISSUES OF INTERLINGUAL STANDARDIZATION, TERM FORMATION AND TERM EXCHANGE IN TURKIC TERMINOLOGY


*Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ\**

**1. Тіларалық біріздендіру.** Жалпы терминологияны біріздендіру бірнеше деңгейден тұрады (сызбаны қараңыз). Солардың әрқайсысы өз деңгейінде кәсіби тұрғыда жүзеге асуға тиіс. Түрік текті халықтар терминжасам үдерісінде, өз терминқорын қалыптастыру кезінде, тілішілік біріздендіру барысында өзге түрік жұрттарының тілінде қай терминнің қалай жасалғанына назар аударып, олардың да тәжірибесін ескеріп отырса, онда ортақ терминдеріміз молайып, тіларалық біріздендіруге берік негіз қалана береді. Қазіргі түрік текті халықтар тілдерінің ең үлкен мәселесінің бірі – терминологияны тіларалық біріздендіру.

---

\* ҚР ҰҒА академигі,  
филология ғылымының докторы, профессор

## ТЕРМИНОЛОГИЯНЫ БІРІЗДЕНДІРУДІҢ деңгейлері (сатылары)



*Кесте-1*

Туыстас екі тілдің терминдер жүйесін мамандар ынтымақтаса отырып бірге жасаса, ол терминнің үшінші, төртінші туыстас тілге өтуіне мүмкіндігі мол. Осы тұрғыдан келгенде қыпшақ тобына жататын әрі аумақтық тұрғыдан бір-біріне өте жақын орналасқан көршілес қазақ және қырғыз тілдерінің терминологиясын біріздендірудің мүмкіндігі мол. Бірақ соңғы жылдарда жасалған терминологиялық сөздіктерге жүгінсек, бұл тілдердің ортақтығынан гөрі айырмашылықтары артып бара жатқанын байқауға болады. Біз Қырғыз еліне барған ғылыми сапарымызда бірнеше саланың терминдер сөздіктерін және терминология саласын зерттеген белгілі ғалымдардың еңбектерін арнайы қарап, танысып шықтық. Сонда осыған көзіміз жетті. Біз олардың барлығына тоқталмай төменде тек бір ғана биология саласы мен кейінгі жылдары жарық көрген екі тілдің түсіндірме сөздіктерінен алынған мысалдарды салыстырып көрсетеміз.

<b>Қазіргі қазақ, қырғыз тілдерінің биология саласы терминдерінің айырмашылықтары</b>	
<b>Биологиялық терминдердин қырғызча-орусша/ орусша-қырғызча сөздүгү / Түз. Г.Т.Курманбекова; К.Б. Чериков ж.б. –Бишкек: «Кут-бер», 2023. – 256 б.</b>	<b>Қарақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Жалпы редакциясын басқарған М.Қасымбеков. Т.13: Биология. – Алматы, 2014. – 528 б.</b>
белок, протеин	нәруыз
камбий	түзуші ұлпа
клетка	жасуша
мочевина	несепзәр
нектар	шірне
орган	мүше, орган
система	жүйе
ткань	ұлпа

### **Кесте-2**

Қырғыз тілі *белок, протеин, камбий, клетка, мочеви́на, нектар, орган, система, ткань* сияқты совет кезіндегі орыс тілінен енген көптеген терминдерді сол қалпында сақтап қалған. Ал қазақ тілінде бұл терминдердің *нәруыз, түзуші ұлпа, жасуша, несепзәр, шірне, мүше, жүйе, ұлпа* сынды баламалары жасалып, қолданысқа енді. Бұлардың дені соңғы 30 жыл көлемінде жасалып, қолданысқа енген терминдер. Егер екі тіл алдағы уақытта да терминқор қалыптастырудағы осы бағыттарын ұстанып, осы қарқынмен тағы 30 жылды артқа тастаса, қазақ пен қырғыздың көптеген сала мамандары бұрынғыдай бірін-бірі еркін түсінуден қалып, олардың кәсіби қарым-қатынасы қиындап кетеріне күмән туғызбауға болады.

<b>Қазақ пен қырғыз тілдерінде әртүрлі аударылған терминдер</b>		
<b>орысшасы</b>	<b>қазақшасы</b>	<b>қырғызшасы</b>
залежь	жатынжер	кысыр аңыз
зародыш (эмбрион)	ұрық	түйүлдүк (эмбрион)
лепесток	күлте	желекче
околоцветник	гүлсерік	гүл коргону
опыление	тозаңдану	чаңдашуу

паразит	паразит	мите
пыльник	тозаңдық	чаңчача
пыльца	тозаң	чаңча
торф	шымтезек	чым көң

### Кесте-3

Мына кестедегі терминдер де іргелес отырған қазақ, қырғыз халықтарының терминжасам үдерісінде бір-біріне көп қарайлай бермейтінін аңғартады. Егер тіларалық үйлестіру ісі қолға алынғанда жаңадан қолданысқа енген осы терминдердің бәрін болмаса да бірқатарын бірдей нұсқада алуға әбден болар еді. Мәселен, *қысыр аңыз, гүл коргону* деген сипаттамалы атаулардан гөрі қазақ тіліндегі *жатынжер, гүлсерік* терминдері ұтымдырақ жасалған. Сол сияқты қырғыз ағайындар *дольщик – пайчы, морг – өлуккана* деп алыпты. Ал бізде бұл терминдер *үлескер, мәйтхана* түрінде қолданысқа енді. Бұларды да келісіп, бір нұсқасын алуға болар еді деп ойлаймыз.

<b>Қырғыз және қазақ тіліндегі терминдердің әдеби тіл сөздіктеріне ену ерекшеліктері</b>	
<p><b>Орусча – кыргызча сөздік.</b> Түзүүчүлөр: Абдуллаев Э., Абдыкеримов К, Бейшекеев Н и др. Бишкек, 2015. 608 б. I том.</p> <p>Редакциялық кенеш: Ахматалиев А. А. и др. (85 000-нан астам сөз қамтылған).</p>	<p><b>Қазақ сөздігі.</b> – Алматы, 2013. – 1488 б. Жалпы редакциясын басқарғандар: Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов. (106 000 сөз қамтылған).</p>
адаптация	бейімделу, адаптация,
администратор	әкім, әкімші, администратор
администрация	әкімшілік, әкімдік, администрация
адрес (дарек)	мекенжай, адрес
аренда //ижара	жалдау, аренда
багажник,	жүксалғыш
врач (дарыгер)	дәрігер
династия	әулет, династия

доклад	баяндама
документ	құжат
заказ	тапсырыс
заказчик//заказчы	тапсырысшы
исскуство	өнер
искуствовед	өнертанушы
наклейка	жапсырма қағаз
океан	мұхит
<b>Орусча – кыргызча сөздүк.</b> Бишкек, 2015. 608 б. II том. К-О Редакциялык кенеш: Ахматалиев А. А. и др.	<b>Қазақ сөздігі.</b> –Алматы, 2013. – 1488 б. Жалпы редакциясын басқарғандар: Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов.
календарь	күнтiзбе, календерь
мавзолей	кесене, мавзолей
малина	таңқурай, малина
морьяк	теңiзшi, морьяк
<b>Орусча – кыргызча сөздүк.</b> Бишкек, 2015. 646 б. III том. П-Р. Редакциялык кенеш: Ахматалиев А. А. и др.	<b>Қазақ сөздігі.</b> –Алматы, 2013. – 1488 б. Жалпы редакциясын басқарғандар: Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов.
поликлиника	емхана, поликлиника
полиграфия	баспахана, полиграфия
проспект	даңғыл, проспект
протокол	хаттама, протокол
процент	пайыз, процент
<b>Орусча – кыргызча сөздүк.</b> – Бишкек, 2015. – 646 б. IV том. С-Я Редакциялык кенеш: Ахматалиев А. А. и др.	<b>Қазақ сөздігі.</b> – Алматы, 2013. – 1488 б. Жалпы редакциясын басқарғандар: Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов.
финансист	қаржыгер, финансист



тираж	таралым, тираж
указ	жарлық, указ
юбилей	мерейтой, юбилей
юрист	заңгер, юрист
юстиция	әділет, юстиция

#### **Кесте-4**

Осы кестеде көрсетілген кейбір терминдердің бұрын қолданыста болған орыс тіліндегі *администратор, администрация, полиграфия, проспект, юбилей, юрист* тәрізді нұсқалары да «Қазақ сөздігінде» берілгенімен қазіргі тілде негізінен олардың *әділет, әкім, әкімдік, әкімшісі, әкімшілік, баяндама, баспахана, даңғыл, емхана, жарлық, заңгер, күнтізбе, кесене, қаржыгер, құжат, тапсырыс, хаттама* сияқтыкейін жасалған нұсқаларының жаппай қолданылатын деңгейге жеткенін ескерсек, қазақ терминологиясының бауырлас қырғыз халқының терминологиясынан жылдан жылға алшақтап, екі тілдің терминдер жүйесінің айырмашылықтары өте жылдам қарқынмен ұлғайып бара жатқанын көруге болады. Бұл бәрімізді ойландыратын, тіларалық біріздендіру ісін кешеуілдетпей бірлесіп қолға алуды қажет ететін іс екенін көрсетеді.

Қазақ пен қырғыз тілдерінде бірдей немесе аздаған өзгешелікпен ғана қолданылатын *анализ – талдоо(қыр.), талдау (қаз.), жезеле – без (қаз., қыр), заросток – өсүндү (қыр.), өскін (қаз), пестик – энелик (қыр.), аналық (қаз.), побег – өркүн (қыр.), өскін (қаз), рассада – көчөт (қыр.), көшет (қаз.), трахея – кекиртек (қыр.), кеңірдек (қаз.)* сияқтытерминдер де бар. Бірақ жуық арада тіларалық біріздендіру жүргізіліп, өзара терминалмасым жолға қойылмаса бара-бара мұндай терминдердің үлесі мүлдем азайып, керісінше өзгеше терминдер қатары артып, алшақтық ұлғая берері анық байқалады.

**2. Терминжасам.** Түркі тілдеріндегі терминжасам үдерісі қалай жүріп жатқанын біліп отыру түрік текті тілдер өкілдерінің әрқайсысы үшін маңызды. Әзірге ондай ақпарат алып, кімнің бұл істі қалай атқарып жатқанын көріп-біліп отыратын мүмкіндік болмай тұр. Түркі тілдеріндегі терминжасамның жай-күйін зерделеу мақсатымен бірлескен ғылыми жобаны қолға алып, ұжымдық монография да жариялаған едік.Түркі тілдерінің терминжасамы (Қазақ, әзербайжан, өзбек, татар, қырғыз, түрік терминжасамы бойынша). Ұжымдық зерттеу. (Ш. Құрманбайұлы, М. Закиев, Х. Дадабаев, Ш. Акалин, Ч. Джумагулов, С. Садыгова, Е. Әбдірәсілов). – Астана: «Ғылым», 2018. – 372 бет.

Бұл зерттеуде барлық түрік тілдері түгел қамтылған жоқ, тек 6 тіл қамтылды. Басқа түрік тілдерінде терминжасам ісі қалай жүзеге асып жатқанын анықтап, олардың терминжасамдағы өзіндік бағыты мен ерекшеліктерін көрсетсек өте дұрыс болар еді. Алайда бұл іс одан әрі жалғасын тапты деп айта алмаймыз. Мұндай зерттеулер жүргізу өз алдына

түрік тілдерінің салыстырмалы терминологиялық сөздіктерін жасау да маңызды. Ғылыми зерттеулермен қатар практикалық жұмыстар да жүргізіліп жатса терминологиялық жұмыстарды тіларалық үйлестіру мен біріздендіруге де негіз берік қаланады. Бұл істе терминографияның атқарар рөлі айрықша. Барлық түркі халықтарының өкілдері пайдалана алатындай ортақ электронды терминологиялық қор (база) жасалса, қай тілде не болып жатқанын біліп отыруға, соның негізінде тәжірибе алмасуға болады. Алдағы қолға алатын ең қажетті істің бірі осы деп санаймыз.

**3. Терминалмасым.** Түрік текті тілдер арасындағы терминалмасым ісі ХХ ғасыр басында Алаш қайраткерлері тарапынан көтерілгенімен ешқашан шындап қолға алынып, жүйелі түрде жүргізілген емес. Кеңестік кезеңде оған жол берілген жоқ. Мақсат белгілі. Ол – совет халқына ортақ, орыс тілін негіз етіп алған жалпысоветтік терминқор (общесоветский терминологический фонд) құру. Қазақ, өзбек, әзербайжан, қырғыз, түрікмен сияқты түрік халықтары тәуелсіздігін жариялап дербес ел болғаннан кейін де өзара келісіп, кеңесіп бұл істі қолға ала қоймады. Сондықтан қазіргі уақыттағы түрік текті халықтар тілдері арасындағы өзара терминалмасым үдерісі туралы сөз қозғаудың өзі қиын. Себебі бұл іске мұрындық болып, оның жүзеге асу тетіктерін жасап, үйлестіріп отырған мемлекеттік орган да, халықаралық ұйым да, ғылыми мекеме де, арнаулы немесе жеке құрылым да жоқ. Сол себепті туыстас тілдердің арасындағы терминалмасым үлесі тым аз, мардымсыз. Түркі тілдерінің бір-бірінен алған немесе бір-біріне берген терминдері жекелеген ғалымдар мен сауда-саттық, іскери байланыстар кезінде тілден-тілге алмасқан атаулар. Туыстас тілдер арасындағы өзара терминалмасым үдерісі бұлай кездейсоқ, стихиялы түрде жүзеге асатын іс емес. Терминалмасым белгілі бір қағидаттарды басшылыққа ала отырып ғылыми негізделіп, кәсіби түрде жүргізуді қажет ететін терминологиялық жұмыстардың бірі. Бұл ғылым мен өнердің, экономиканың алуан түрлі салалары бойынша мақсатты, жүйелі түрде жүзеге асырылатын тіларалық байланыстың өте маңызды мәселесі. Бұл терминалмасым үдерісі мемлекеттер, тілдер арасындағы ғылыми-мәдени, саяси-экономиалық байланыстарға тәуелді және терминжасам мен терминологияны тіларалық біріздендіру жұмыстарын бірлесіп атқарғанда ғана жүзеге асатын, соған тікелей қатысты терминологиялық жұмыс екенін ескерген орынды.

**ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ТҮРКИЯНЫҢ  
ТЕРМИНОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕСІ ЖАЙЛЫ**

**TECHNICAL TERMS AND TURKEY'S EXPERIENCE IN THE FIELD OF  
TERMINOLOGY**

*Наджи ГЕНЧ\**

Құрметті қатысушылар!

Сәлеметсіздер ме! Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті мен Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Казына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен, академик Әбдуәли Қайдар мен академик Рәбиға Сыздықтың туғанына 100 жыл толуына арналып өткізіліп отырған «Жаһандану кезеңіндегі түркі терминологиясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның жұмысына сәттілік тілеймін.

Бұл конференцияны ұйымдастырып, түркі халықтары терминологиясының болашағы үшін маңызды қадам жасаған Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне, Тіл Саясаты Комитетіне және Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Казына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығына алғысымды білдіремін.

Қазақ тіліндегі терминология жұмыстарына қарқынды түрде назар аудару және осы салада маңызды жетістіктер мен жарияланымдардыға қол жеткізу өте маңызды. Терминдер көбінесе ғылым, технология, құқық, спорт, өнер және кәсіби салаларға қатысты ұғымдарды білдіретін сөздер болып табылады және әдетте сол сала немесе мамандықпен айналысатын адамдар тарапынан қолданылады.

Түркияның терминология саласындағы тәжірибесіне қысқаша тоқталатын болсақ, тәуелсіздік дәуірінде, көптеген салалардағыдай, терминология мәселесінде де батыл қадамдар жасалып, шетел тілдерінде енген терминдерді түрікше сөздермен ауыстыру тұжырымы қабылданған. 1932 жылы қазіргі атауымен Түрік тіл қоғамы құрылып, осы саладағы

---

\* Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректор өкілі, профессор

жұмыстар жеделдетілді, ал 1933 жылы өткен I. Түрік тілі құрылтайында түрікше терминдер сөздігін жасау туралы шешім қабылданды.

Осы құрылтайдан кейін 16 салада терминологиялық комиссиялар құрылып, терминдерді түріктендіру жұмыстары жүргізілді. Бастапқыда бастауыш және орта білім оқулықтарындағы терминдердің түрікше баламаларын табуға баса назар аударылып, осы салада үлкен жетістіктерге қол жеткізілді. 1950 жылдан бастап жоғары білім саласындағы оқулықтардағы терминдердің түрікше баламаларын табуға жедел ден қойылды. Түрік тіл қоғамының басшылары мен қызметкерлері түрікше терминдер сөздіктерін құрастыру бойынша үлкен күш-жігер көрсетті, 2010 жылға дейін шамамен 110 терминдік сөздік пен баламалар бойынша нұсқаулықтар жарияланды.

Терминдердің басқа тілдік көрсеткіштерден айырмашылығы – тілдің табиғи дамуы барысында пайда болмайтындығы. Кез келген салада терминнің пайда болуы үшін анықтау, шешу, жасау және стандарттау сияқты кезеңдерден өту керек. Термин жасау үшін жаңадан жасау, тілдің ішкі мүмкіндіктерін пайдалану, шетел тілдерінен мысал алу, түр өзгерту, диалектілерден сөз алу, тарихи диалектілердің мүмкіндіктерін пайдалану, қазіргі диалектілерден сөз алу сияқты әдістер қолданылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан» құруда ғылым, технология, ақпараттық технологиялар, тарих, тіл, мәдениет, экономика, спорт сияқты көптеген салаларда жасалатын қадамдарды қуаттап, қолдауы, өзінің осы бағыттағы саяси ерік-жігерін көрсетіп, мемлекеттік саясатты айқындауы Қазақстанның болашағы үшін өте құнды болмақ. Қазақстанның мемлекеттік мекемелері де осы жауапкершілікті түсініп, оны жүзеге асыруға дайын.

Тіл саласындағы қазақ тілінің дамуы, оқытылуы және тілдің жеңілдетілуі мәселелерімен айналысатын Тіл Саясаты Комитеті, Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы сияқты мекемелер және, әрине, Қазақстан университеттері осы мақсат айналасында өздерінің жұмыстарын күшейтетініне сенеміз.

Технологияның асқан жылдам қарқынмен дамыған соңғы кезеңдерінде біз ақпараттық технологиялар, электрлік-электрондық технологиялар, өндірістік автоматтандыру технологиялары, машина жасау технологиясы сияқты салаларда технологияның әртүрлілігіне куә болып отырмыз. Технология өндірісі сол уақытта өндірістік тілдің терминдерінің де салаларда орнығуын қамтамасыз етеді. Осы жағдайға байланысты техникалық терминдер аударма арқылы тілдерге еніп жатыр.

Қазақ терминологиясы жұмыстарының басында шетел тілдерінде жасалған терминдерді қазақша сөздермен алмастыру түсінігі қабылдануы керек және осы бағытта өнеркәсіптен білімге, құқықтан денсаулық сақтау

саласына, байланыс пен ақпарат салаларына дейін салалық термин сөздіктері дайындалуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің жетекшілігімен, тіл институттарынан және университеттерден таңдалған мамандар мен ғалымдардан тұратын комиссиялар құру арқылы жұмыс топтары құрылып, термин салалары бойынша сөздіктер дайындалуы жылдам әрі сапалы нәтижеге қол жеткізуге септігін тигізеді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық түрік-қазақ университеті ретінде қазақ тілі терминологиясы жұмыстарына қолдау көрсететінімізді, құрылатын комиссияларға өз үлесімізді қосатынымызды және дайындалатын жобаларда белсенді рөл атқаратынымызды шын жүректен білдіргім келеді.

Сөзімді аяқтай отырып, конференцияны ұйымдастыруға ат салысқан барлық адамға алғысымды білдіремін. Сондай-ақ осы мүмкіндікті пайдаланып, танымал түркологтарымыз, академик Әбдуәли Қайдар мен Рәбиға Сыздықты құрметпен еске аламын.

# ӘЗЕРБАЙЖАН ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ТІРКЕСТЕРДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

## SEMANTIC TYPES OF TERMINOLOGICAL PHRASES IN THE AZERBAIJANI LANGUAGE

*Саялы САДЫҚОВА\**

### **Аңдатпа**

Мақалада Әзербайжан әдеби тілінде қолданылатын терминдік сөз тіркестері құрылымдық тұрғыдан зерттеледі. Терминдік сөз тіркестері мағынасы жағынан тұрақтытерминдік тіркестер және еркінтерминдік тіркестер болып екі топқа бөлінеді. Еркін терминдік тіркестердің әр құрамбөлігі өз алдына бұрынғы мағынасын сақтайды. Тұрақты терминдік тіркестер тіркес ішінде мағына білдірсе де, тіркесті құрайтын құрамбөліктер бұрынғы мағынасын жоғалтып, тіркес ішіндегі мағынасын ғана сақтап қалады.

**Түйін сөздер:** термин, тұрақты тіркес, еркін тіркес, терминология, компонент.

### **Abstract**

In the article, the term-word combinations used in the literary language of Azerbaijan are structurally investigated. In terms of meaning, term-word combinations are divided into two groups - fixed word combinations and free word combinations. The components of free word combinations retain their previous meaning independently. In fixed word combinations, even if both components express a meaning within the combination, the components that make up the combination lose their previous meaning and denote the name of any concept within the combination.

**Key words:** term, fixed combination, free combination, terminology, component.

### **Кіріспе**

Терминологиялық тіркестер құрамдас бөліктерінің саны бойынша әр түрлі болады. Олар екі, кейде одан да көп құрамдас бөліктерден тұруы мүмкін. Мысалы, «электр тоғы», «жинақтау қоры», «социалистік меншік», «тұтыну құралдары», «қосымшақұн» терминдік сөз тіркестері екі құрамбөліктен құралса, «қажетті жұмыс уақыты», «күш жүйесінің балансы»

---

\* Әзербайжан Ұлттық ғылым академиясы Насими атындағы Тіл білімі институтының Терминология бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Ваку/Азербайджан, ORCID 0000-0003-2858-5904, e-mail:sayalisadigova@yahoo.com.

үш құрамбөліктен тұрады. Мұның себебі неде? Жалпы тіл білімінде сөз тіркесі немесе терминологиялық тіркес екі дербес сөздің немесе терминнің бірігуін білдіреді. Орыс тіл білімінде сөз тіркестері екі сөздің бірігуі ретінде анықталады. Түркологияда және қазіргі мектеп грамматикасында сөз тіркестері осыған ұқсас түсіндіріледі. Терминологиядағы терминдік сөз тіркестері туралы айтқанда, негізінен екі терминнен тұратын тіркестерді де айтамыз. Бұл ғылым мен техниканың әртүрлі салаларында екі терминнен тұратын терминологиялық және логикалық тіркестер жиі қолданылатындықтан болады. Бірақ бұл терминологиялық тіркестер екі-ақ терминнен тұрады деген сөз емес.

Терминологияда екі құрамбөлікті терминдік тіркестермен қатар көп құрамбөлікті терминдік тіркестерді де жиі кездестіруге болады. Мысалы, «пайдалы қарсылық күші», «механикалық энергияның сақталу заңы», «өндіріс процесін механизациялау», «бірліктердің абсолютті жүйесі», «тиімді әрекет коэффициенті» және тағы басқа терминдерді дәлел ретінде келтіруге болады. Сондықтан терминологияда екі құрамбөлікті тіркестермен қатар көп құрамбөлікті тіркестерді де зерттеу қажет.

А.М. Пешковский «...сөз тіркесі – тіл мен ойдағы екі немесе бірнеше сөздің бірігуі» екенін білдіреді [9; 35].

Т.А. Бертагаев екі құрамбөлікті терминдік тіркестермен қатар көп құрамбөлікті тіркестер туралы да сөз қозғаған [5; 64].

Н.А. Баскаков сөз тіркесінің әрбір түрінің жай және күрделі болып бөлінетінін көрсетеді. Күрделі сөз тіркесі терминімен қатар ол «аралас тіркес» терминінде қолданады және сол арқылы әртүрлі типтегі тіркестерге тән белгілердің аралас, күрделі тіркесімде болатынын атап өтеді [2; 71].

Әзербайжан тіл білімінде М. Гусейнзаде күрделі тіркестердің бір түрін ғана түсіндіреді. Ол «күрделі сөз тіркесі» деген атпен атрибутивтік тіркестерді қарастырған [10; 150].

Ю. Сейдовтың пікірінше, екі сөзден тұратын тіркесті жай, ал екіден көп сөзден тұратын тіркесті күрделі деп атаған жөн [11;51].

Ал терминдік тіркестерді құрылымына қарай жай және күрделі терминдік тіркестер деп екіге бөлуге болады. Жайтерминдік тіркестер терминологиялық тіркестің бастапқы нұсқасы; термин мен терминдік сөз тіркесінің шекарасы болып табылады. Олай болса, жай терминдік тіркеске құрамбөліктердің бірі қатыспаса, ол тіркес емес, жай термин болып табылады. Демек, жай терминдік тіркес терминологиялық тіркестің бастапқы нүктесі болады. Мысалы, «сөйлем мүшесі» деген терминдік тіркесті құрайтын мүше «мүше» және «сөйлем» терминдерінің бірін алып тастасақ, ол жай терминге айналады.

Күрделі терминдік тіркестер жайтерминдік тіркестердің сол немесе басқа формада кеңеюі нәтижесінде жасалады. Дегенмен, екі тіркес түрі де бір грамматикалық ережеге негізделген. Күрделі терминдік тіркестердің жайтерминдік тіркестерден айырмашылығы тек құрамдас бөлігінің санымен, мағыналық кеңдігіменерекшеленеді. Жайтерминдік тіркестің бір

компоненттен тұра алмайтыны сияқты, күрделі терминдік тіркес те екі-ақ терминнен құрала алмайды. Егер ол екі терминнен тұрса, ол енді күрделі емес, жайтерминдік тіркес болады. Демек, құрамында екіден көп термин бар тіркестер күрделі терминдік тіркестер деп аталады.

Дегенмен, бұл мәселеде жиі қолданылатын сөз тіркестеріне байланысты қайшылықтар бар. Басқа тіл ғалымдарының пікірінен бөлек профессор М. Гусейнзаде мынадай көзқарасты білдіреді: «Мағынасы жағынан да, формасы жағынан да бір-бірімен байланысқан (санына қарамастан), сөйлем мүшесі ретінде бірге қатысатын тіркестерді күрделі атрибутивтік сөз тіркесі деуге болады» [10; 150].

Көріп отырғанымыздай, профессор М. Гусейнзаде күрделі сөз тіркестерінде сөздердің бірігуін, ығысуын, сол арқылы күрделі есімге айналу процесін негізге алады. Сондықтан күрделі терминдік тіркестерде негізінен құрамбөліктегі терминдер санына және олардың номинативті қызметіне сүйенген жөн. Терминдік сөз тіркестері күрделі ұғымдарды білдіретінін де ескеру керек. Демек, терминдік тіркестер екі немесе одан да көп құрамдас бөліктерден тұруы мүмкін болғанымен, номинативті қызметінде олар бір нақты ұғымды білдіреді.

В.В. Виноградов бұл тұрғыда мүлдем қарама-қарсы көзқарасты ұстанып, «орта жастағы адам», «үш қабатты үй», «жеті жасар бала» сияқты үш құрамбөлікті тіркестерді қарапайым/жай тіркестер деп есептейді. Мұндай тіркестердегі ортақ жаққа қатысты комбинациялардың анықтамаларының бар екенін және олардың комбинациядан бөлінбейтіндігін негізге ала отырып, оларды күрделі тіркестерден ажыратуға болады.

Демек, терминдік тіркестердің атаулық, номинативті қызметі бұл түрдегі жай тіркестерді құрылымдық талдаудағы екіұштылықты жояды. Өзбек тілінде әртүрлі терминдік салаларда қолданылатын терминдік тіркестерді келесі топтарға бөлуге болады:

1. Екі құрамбөліктен тұратын терминдік тіркестер: *energetika sistema* «энергетикалық жүйе», *kimyevi proses* «химиялық процесс», *texniki baza* «техникалық база», *soğrafi atlas* «географиялық атлас», *fonetik hadisə* «фонетикалық құбылыс», *fonetik tərkiб* «фонетикалық құрам».
2. Үш құрамбөліктен тұратын терминдік тіркестер: *xalq nəzatəti qrupu* «халықтық бақылау топтары», *ümumxalq danışıq dili* «жалпыхалықтық сөйлеу тілі», *sərbəst rəqs сəрəуанları* «еркін тербеліс тоғы», *rəqəm hesablamа maşını* «цифрлық есептеуіш мәшине», *şimal soyuq ǵurşaǵı* «арктикалық солтүстік шеңбер».
3. Төрт құрамбөліктен тұратын терминдік тіркестер: *nitqın əsas tərkiб hissəsi* «сөйлемнің негізгі құрылымдық бөлігі», *ikinci dərəcəli üzv* «екінші дәрежелі сөйлем мүшелері».
4. Бес құрамбөлікті терминдік тіркестер: *cümlənin ikinci dərəcəli хüsusiləşmiş üzvləri* «сөйлемнің оқшауланған, қосалқы екінші дәрежелі мүшелері», *ictimai iqtisadi formasiyaların дәуişməsi qanunauyğunluǵu* «қоғамдық-экономикалық формациялардағы өзгерістердің заңдылығы».



5. Алты құрамбөлікті терминдік тіркестер: *istehsal münasibətlərinin məhsuldar qüvvələrini xarakterindən asılılığı «өндірістік қатынастардың өндіргіш күштердің табиғатына тәуелділігі», məhsuldar qüvvələrini inkişafına istehsal münasibətlərinin təsiri «өндірістік қатынастардың өндіргіш күштердің дамуына әсері».*

Бұл мысалдардағы біріншілері екі терминнің тіркесімінен жасалған жай терминологиялық тіркестер, қалғандары күрделі терминологиялық тіркестер. Егер ғылыми еңбектерде екі, үш және төрт құрамбөліктен тұратын комбинациялар жиі қолданылса, құрамбөліктердің осы санынан көп құрамбөліктері азырақ қолданылады. Өйткені, көпкомпонентті терминологиялық тіркес, әдетте, өз саласына қиындық тудырады және тілді күрделендіреді. Ал мұндай терминдік тіркестер жасауда қысқалық пен нақтылық принципі іс жүзінде аса үлкен қиындықпен жүзеге асырылады.

Көбінесе күрделі терминдер мен сөз тіркестерінің орнына белгілі, қалыптасқан атаулар қолданылады. Алайда, бұл атауларды қолдану одан да қиын және жұмбақ түрге айналған.

Сол сияқты *paraaminsalisil turşusu «парааминсалисил қышқылы», менингомислиомаантоз арахноидендотелиома «менингомислиомаантоз арахноидендотелиома»* сияқты терминдік тіркестер тілді күрделендіреді.

Әзербайжан тілінің терминологиясында құрамбөліктері зат есім мен сын есім болатын тіркестер жиі кездеседі. Жалпы мұндай терминдік тіркестер номинативті қызмет атқаратын негізгі сөйлем мүшелерінің негізінде жасалады. Номинативті терминологиялық тіркестердің екі негізгі түріне назар аударылады – «біртекті» және «аралас». «Аралас типті» терминологиялық тіркестердің құрамбөліктері әртүрлі сөйлем мүшелерінен (зат есім, сын есім) тұрады.

Ал біртекті терминдік тіркестерде екі құрамбөлік те бірдей (зат есім + зат есім) сөйлем мүшесі арқылы беріледі. Бұл заңдылық зат есімнің терминологиялық тіркестерінде ғана кездеседі.

Мұндай терминдік тіркестердің екі құрамбөлігі де зат есімнен тұрады. Көп жағдайда тіркестердің бірінші құрамбөлігі зат есімнің не атау, не ілік септік жағдайында болады, ал екіншісі үшінші жақ (иелік) қосымшалардан тұратын зат есімдер арқылы көрсетіледі.

Зерттеулерде көрсетілгендей, қазіргі әзербайжан әдеби тілінде ең көп тараған терминологиялық тіркестер атрибутив-субстантивтік екі құрамбөлікті терминдік тіркестер, дәлірек айтсақ, зат есім мен сын есімнен құралған терминологиялық тіркестер болып табылады.

Аралас типті терминдік тіркестер әсіресе күрделі терминдік тіркестерде айқын көрінеді. Терминологиялық тіркестерді әр қырынан қарастырып, белгілі бір қағидалар негізінде топтастыруға болады.

Терминологиялық тіркестердің түрлерін талдамас бұрын, сөз тіркестеріне қатысты бар анықтамаларды жалпы қарастырайық.

Түркі тілдері зерттеулерінде сөз тіркестері әртүрлі белгілеріне қарай топтастырылған.

М.В. Балақаев қазақ тіліндегі сөз тіркестерін анықтау мен түсіндіруде синтаксистік байланыстарын негізге алған. Бұл жерде назар аударарлық жағдай, М.Б. Балақаев сөз тіркестерін ең алдымен «есім» және «етістік» деп аталатын екі үлкен топқа бөледі, содан кейін осы бөлімнің ішінде синтаксистік байланыстарға негізделген «микро» жіктеулер жасайды. Автор сөз тіркестерінің бастапқы жіктелуін басқа принципке негіздегенімен, олардың нақты формаларын түсіндіруде синтаксистік байланыстарға сүйенеді.

Сөз тіркестерінің жіктелуіне байланысты Г.И. Убрятова былай деп жазады: «Якут тіліндегі сөз тіркестерінің жасалу тәсіліне қарай олар мынадай топтарға бөлінеді: 1) орын тәртібі арқылы байланысқан сөз тіркестері; 2) қосымшалар арқылы жасалған сөз тіркестері; 3) бағыныңқылық негізінде жасалған тіркестер; 4) теңсынарлы түрде жасалған тіркестер; 5) басқа тәсілдермен жасалған, біртектес сөйлем мүшелердің тіркесімі» [12; 31].

Шынында да, сөз тіркестерінің жасалуында бұл байланыстардың маңызы зор, сондықтан олардың рөлін анықтау маңызды. Дегенмен, сөз тіркестерінің мәнін ашып, оны жан-жақты зерттеуде тек синтаксистік байланыстарға сүйену мәселенің формалдық жағын ғана ашады.

Н.А. Басқақов сөз тіркестерін синтаксистік және лексикалық тіркестер деп жіктейді. Ол лексикалық тіркестерді күрделі сөздер мен идиомаларға жатқызады; синтаксистік тіркестерді предикативті және атрибутивтік сөз тіркестеріне, ал атрибутивтік сөз тіркестерін бірқатар топтарға бөледі [1; 2].

Басқақовтың бұл классификациясы түркологиядағы жан-жақты терең талданған классификация болып табылады.

Әзірбайжан тіл білімінде сөз тіркестері есім және етістік болып екі топқа бөлінеді [11; 124].

Көріп отырғанымыздай, лингвистикалық зерттеулерде сөз тіркестері түрліше жіктеледі.

Терминдік сөз тіркестерінің жіктелуі де – терминологияның өзекті мәселелерінің бірі: 1. ерекшеленетіндер: а) құрамбөліктерінің әрқайсысы термин болып табылатын және әрқайсысы екі жақты байланысқа түсе алатын еркін тіркестер; б) құрамбөліктерінің кейбірі термин бола бермейтін еркін емес тіркестер; 2. бөлшектенбейтін термин-фразеологизмдер [6; 37].

Д.С. Лотте терминдік тіркестерді 4 түрге бөледі:

1) бөлшектенетін терминдік сөз тіркестері, 2) шартты түрде бөлшектенетін терминдік сөз тіркестері, 3) жартылай бөлшектенетін терминдік сөз тіркестері, 4) бөлшектенбейтін терминдік сөз тіркестері [7; 80].

Әзербайжан тілі терминологиясында қолданылатын терминдік тіркестерді екі топқа бөлуге болады: 1) бөлшектенетін терминдік тіркестер, 2) бөлшектенбейтін терминдік тіркестер.

Бірінші топқа кіретін терминдердің құрамдас бөліктерінің әрқайсысы өз алдына дербес мағына береді. Біртұтас термин ретінде құрамбөліктің дербестенуі сол немесе басқа компоненттің мағынасын өзгертпейді. Мысалы, лингвистикаға қатысты *feli sifyat* «есімше сөз» терминінің әрбір компонентін, ауыл шаруашылығына қатысты *mineral gübrə* «минералды тыңайтқыш»,

экономикаға қатысты *sosialist müəssisəsi* «социалистік кәсіпорын» деген терминдердің әр құрамбөлігін тәуелсіз бөлшектеуге болады. Сондықтан мұндай терминдерді бөлшектенетін терминологиялық тіркестер деуге болады. Бұл тіркестер құрамдас бөліктерінің термин болуы немесе болмауына байланысты ерекшеленеді: а) құрамдас бөліктерінің бірі термин, екіншісі терминдік мағынасы жоқ қарапайым сөз болып табылатын терминологиялық тіркестер: *əsas dalğa* «негізгі толқын», *dəyişən amplituda* «құбылмалы амплитуда», *tam uzunluğ* «толық ұзындық», *iri istehlakçı* «ірі тұтынушы», *aşıq şəbəkə* «ашық желі», *əks сərəуан* «кері тоқ», *ani güc* «лездік қуат».

б) екі құрамдас бөлігі де термин болып табылатын терминдік тіркестер: *electric yükü* «электр заряды», *sönən rəqs* «демпленген тербеліс», *səs tezliyi* «дыбыс жиілігі», *сərəуан kaynak* «ағым көзі», *nitrogen turşusu* «азот қышқылы», *sabit сərə* «тікелей тоқ», *rəqsgərginliyi* «тербеліс кернеуі».

Екінші топқа бөлшектенбейтін терминологиялық тіркестер жатады. Оларда бір, тіпті екі құрамбөлік те негізгі мағынасынан алыстап, ауыспалы мағынаға ие болып кетеді. Мұндай терминологиялық тіркестерді де екі топқа бөлуге болады: а) бөлшектенбейтін терминдік сөз тіркесінің құрамбөліктерінің бірі тура мағынада, екіншісі ауыспалы мағынада жұмсалады. Сондай-ақ, мұндай терминологиялық тіркестерді құрайтын компоненттердің бірі – термин, екіншісі – қарапайым қолданыстағы сөз екенін айта кеткен жөн. Мысалы, *ölü* «өлі» сөзі *ölü neft* «өлі мұнай» (газсыз мұнай) терминінде, *sağalmas* «сауықтыру» - *çatların sağalmas* «жарықтардың сауығуы» (жарықтарды минералдармен толтыру), *susan* «үнсіз» *susan sarılıq* «үнсіз сарғыштық» терминдерінде ауыспалы мағынада қолданылған.

б) терминдік тіркестердің бұл тобында терминнің екі сыңары да ауыспалы мағынада қолданылады. Сондықтан терминологиялық және логикалық тұрғыдан алғанда бұл тіркестерді дербес бөліктерге бөлшектеуге болмайды. Бұл ғылыми-техникалық ұғымдарды білдіретін мұндай тіркестер жеке сөздердің семантикалық мағыналарын емес, сөз тіркесінің жалпы мағынасын өзгертуінен туындайды. Мысалы, музыкатануда *sarı torpaq* «сары топырақ» (ашуғ вокалдық-аспаптық жанрларының бір мағынасында), *kürd oğlu* (ашуғ вокалдық-аспаптық жанрына тән формалардың бірі), *keşiş oğlu* (кейбір мугамдарда орындалады, әуені акт бойынша күшейеді); хирургияда *ürək döngəsi* «жүрек дөңесі», *vaiz əli* «уағызшының қолы», *nağara çubuqları* «барабан таяқтары».

Терминологиядағы мұндай тіркестер көбінесе жалпы қолданыстағы сөздердің метафоралық сипатына байланысты жасалады. Мұндай комбинациялар өте сирек кездеседі.

Бөлшектенетін терминдік тіркестерді құрайтын құрамбөліктер өздерінің тікелей, дербес мағыналарынан алшақтамайды. Мысалы, *elektrik сərəуан* «электр тоғы» терминологиялық тіркесі *elektrik* «электр» және *сərəуан* «тоқ» деген екі терминнен жасалған. Бұл терминдердің әрқайсысы басқа терминмен қолданылғанда, өзінің тікелей семантикалық мағынасын сақтайды: *elektrik*

sahəsi «электр өрісі», sərəуan ахıntısı «ағып кету тоғы».

Бұл мысалдардағы elektrik «электр», sərəуan «тоқ» терминдерін электр sərəуanı «электр тоғы» тіркесіндегі терминмен салыстыра отырып, бұл терминдердің екі жағдайда да бірдей мағына беретінін көреміз. Демек, бөлшектенетін терминдік тіркестердің жалпы мағынасы оның жалпы мағынасын құрайтын терминдердің қосындысына тең. Егер мұндай тіркестердің құрамбөліктерін  $x$ ,  $y$  деп белгілесек, онда пайда болған термин  $(x+y): x + y \rightarrow (x+y)$  түрінде болады.

Бөлшектенбейтін терминдік сөз тіркестерінің құрамбөліктері дербес, бастапқы мағынасында емес, ауыспалы мағынада жұмсалады. Мысалы, doyma zonası «қанықтыру аймағы», zirehli ürək «сауыт жүрек», paşa köçdü (ашуг әнінің түрі), sahar şeş (ән атауы).

Жоғарыдағы сөз тіркестерін құрайтын сөздердің бірі немесе екеуі де бастапқы семантикалық мағынасынан алыстап кеткен. Мұндай тіркестер құрамдас бөліктерге бөлінбейтін болғандықтан, белгілі бір ұғымды, мағынаны білдіреді. Демек, бөлшектенетін терминологиялық тіркестердегі терминдер біріккен мағынаны жеке-жеке жеткізсе, бөлшектенбейтін терминологиялық тіркестерде олар тіркесіп келген оқшау мағынаны бермейді. Мысалы, istehsal münasibətləri «өндірістік қатынастар» деген бөлшектенетін термин-фразада қолданылатын istehsal «өндірістік» термині мен münasibət «қарым-қатынас» термині жеке-жеке қосылған мағынаны білдіреді. Дегенмен, бөлшектенбейтін терминдік тіркесте қолданылған vahşi «жабайы», pişik «мысық» терминдері «жабайы мысық» бөлшектенгенде, тіркестегі мағынаны білдірмейді. Vəhşi pişik «жабайы мысық» термині геологиядағы геологиялық негізделген барлау ұңғымасын білдіреді және екі термин де ауыспалы мағынада жасалған.

Терминдердің мағыналық жағынан теңесуі нәтижесінде бөлшектенбейтін терминологиялық тіркестер жасалады. Яғни, ұғымды білдіретін терминдік тіркестің құрамбөліктері терминдердің мағынасын жай ғана қосу арқылы емес, семантикалық бірлікті бүтінге айналдырып, күрделі ұғымның атын беру арқылы жасайды. Яғни, құрамбөліктерді  $x$  және  $y$  таңбалары арқылы көрсетсек, комбинация  $(x+y)$  емес,  $(x+y) \rightarrow z$  формасын алады.

Демек, бөлшектенетін терминдік тіркестердің мағынасы олардың құрамдас бөліктерінің  $(x+y) \rightarrow (x+y)$  мағыналарының қосындысына тең (бөлшектенбейтін терминологиялық тіркестердің мағынасы тіркес терминдерін құрайтын мағыналардың қосылуы негізінде емес, терминдердің мағыналық бірігуі нәтижесінде  $(x+y \rightarrow z)$  жасалады.

Синтаксистік тұрғыдан бөлшектенбейтін терминдік тіркестерді келесі топтарға жіктеуге болады:

а) екі құрамбөлшегі де зат есімнен құралған тіркестер: su hortumu «су ағыны», elektrik uyxusu «электропосон», buz dili «мұз тілі», qum hortumları «құм құбырлары», beyin düşməsi «мидың жоғалуы», elektrik oyanması «электрлік ояту».

б) сын есім мен зат есімнің тіркесуі арқылы жасалғандар: zirehli ürək

«қабық жүрек», kor lövhə «соқыр қалқан», ağır su «ауыр су», şirin göl «тұщы көл», isti dalğa «ыстық толқын».

С.И. Ожегов терминдер туралы былай деп жазады: «Шынында да, сөздің тура мағынасында термин болып табылатын терминдік сөз тіркестері белгілі бір мағыналар жүйесінен құралған шындықты білдіретін еркін сөз тіркестері» [8; 74].

Көріп отырғаныңыздай, мұнда барлық терминологиялық тіркестер қамтылмаған. Сонымен, терминологияда құрамдас бөліктері дербес мағынаға ие тіркестермен бірге (еркін мағыналы тіркестермен бірге) дербес мағынасы жоқ терминологиялық тіркестер де кездеседі. Бірақ мұндай тіркестер терминологияда қолданылуы жағынан бөлшектенетін тіркестермен салыстырғанда сирек кездеседі.

Терминдік тіркестердің бұл екі түрін жалпы қолданыстағы сөз тіркестерінен ерекшелетін қасиет – терминологияда қолданылған лексикалық қосылыстарды құрайтындығы. Терминдік тіркестердің бұл түрлерін зерттеудің әртүрлі немесе бірдей салаларымен салыстыру оларды түрлі бағытта зерттеу мүмкіндігін береді. Дегенмен, жалпы алғанда, бұл терминдік тіркестер – терминологияның негізгі және маңызды объектісі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Баскаков Н.А., *Словосочетания в современном турецком языке.* - М., «Наука», 1974, - 185 с.
2. Баскаков Н.А., *Предложение в современном турецком языке.* - М., «Наука», 1984, - 200 с.
3. Балакайев Б., *Основные типы словосочетания в казахском языке.* - Алма-Ата, Изд-во Акад.наук Казах.ССР, 1957, - 123 с.
4. Балакайев Б., *Современный казахский язык.* - Алма-Ата, Изд-во Акад.наук Казах.ССР, 1959, - 235 с.
5. Бертагаев Т.А., *Сочетания слов и современная терминология.* - М., Изд-во «Наука», 1971, - 152 с.
6. Даниленко В.П., *Русская терминология.* - М., «Наука», 1977, - 281 с.
7. Лотте Д.С., *Образование и провозисание трехэлементных научно-технических терминов.* - М., «Наука», 1969, - 119 с.
8. Ожегов С.И., *О структуре фразеологии.* Лексикографический сборник. вып.2. - М., 1951, - с.74-85.
9. Пешковски А.М., *Русский синтаксис в научном освещении.* Изд., 2-ое. - М., Госиздат, 1920, - 501 с.
10. *Müasir Azərbaycan dili. Sintaksis.* - Bakı, ADU-nun nəşriyyatı, 1959, - 453 s.
11. Seyidov Y., *Azərbaycan ədəbi dilində söz birləşmələri.* - Bakı, “Maarif” nəşriyyatı, 1966, - 340 s.
12. Убрятова Г.И., *Исследования по синтаксису якутского языка.* Изд-во Академии Наука СССР, - М., 1950, - 204 с.

# ТАРИХИ ҚЫПШАҚ МӘТІНДЕРІНЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ТЕРМИНДІК ҰСЫНЫСТАР

## SUGGESTIONS OF TERMS FROM HISTORICAL KIPCHAK TEXTS INTO KAZAKH

*Абдулкадир ӨЗТҮРК\**

### Аңдатпа

Түркі жазба тілдерінде тарихи кезеңдерге айғақ, қазіргі кезеңдердің қалыптасуына негіз болатын көптеген тілдік жәдігерлер бар. Бенгу тастарға қашалып, металдық заттарға, кесек ағаштарға және қағаздарға қамыстан жасалған қаламмен немесе қылқаламмен, мәуесекпен ойып, өрнектеп жазу арқылы жасалған түркі тілінің алғашқы жазба үлгілерінің бар екені белгілі. Түркі тілі шамамен 15 ғасыр бойы жазу өнерінде әртүрлі әліпбиімен қолданылған. Бүгінгі түркі жазба тілдері осы тарихи процестердің жиынтығы болумен қатар, географиялық, этникалық қарым-қатынастар мен діни, саяси және әлеуметтік дамуларға байланысты өз бағытын анықтады.

Бүгінгі қыпшақ жазба тілдерінің ішінде ең үлкен географиялық аумаққа таралған қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. XIX ғасырдан бүгінгі күнге дейін созылған жазба тіл үрдісі бойынша дәстүрлі ауыз әдебиетінен нәр алумен қатар, басқа мәдениеттермен, тілдермен қарым-қатынаста болу нәтижесінде бүгінгі тілдік ерекшелігіне ие болды.

Бұл зерттеуде қыпшақ тілін тарихи контексте бейнелейтін және бүгінгі қыпшақ жазба тілдерінің қайнар көзі болып табылатын «Кодекс куманикус» шығармасында және армян әліпбиімен жазылған қыпшақ мәтіндерінде кездесетін кейбір түркі тектес терминдер қазақ тілі терминологиясына үлес қосу мақсатында сарапталып, ұсынылатын болады.

**Түйін сөздер:** тарихи қыпшақ тілі, кодекс куманикус, армян әліпбиімен жазылған қыпшақ мәтіндері, қазақ тілі, терминология.

---

\* Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Филология факультеті деканы, Түрік филологиясы бөлімінің доценті, филология ғылымдарының докторы / Орду университеті Ғылым және әдебиет факультеті Түрік тілі мен әдебиеті бөлімінің доценті, ozturk.abdulkadir@ayu.edu.kz, akadirozturk@odu.edu.tr, ORCID:0000-0002-3077-458X

## **Abstract**

The Turkic literary languages possess numerous linguistic legacies illuminating both historical and contemporary periods. We observe the earliest written examples of the Turkic language engraved on inscriptions, etched onto metal objects, carved into wooden pieces and paper through block printing, or written with reed pens and brushes on paper. Over approximately 15 centuries, the journey of the Turkic language in written form has continued through various alphabets. While contemporary Turkic literary languages carry the legacy of this historical process, they have also developed distinct paths based on geography, ethnic ties, religious, political, and social influences.

Kazakh, the most widely spoken of the modern Kipchak literary languages across a vast geographic area, is the official language of the Republic of Kazakhstan. Since the 19<sup>th</sup> century, Kazakh has developed into a written language, drawing from its oral literary tradition while also integrating influences from other cultures and languages, thus shaping its current linguistic identity.

In this study, some terms of Turkish origin, found in Codex Cumanicus and Kipchak texts with Armenian letters, that reflect Kipchak in the historical context and are the source of today's Kipchak written languages, will be evaluated and suggested in order to contribute to the terminology of Kazakh.

**Keywords:** Historical Kipchak Turkish, Codex Cumanicus, Kipchak Texts with Armenian Letters, Kazakh, Terminology.

## **Кіріспе**

Қазіргі түркі жазба тілдерінің қалыптасу үдерісінде оларға нәр беретін тарихи дереккөздер, яғни тарихи түркі жазба тілдері маңызды орын алады. Қазіргі түркі жазба тілдері тарихи кезеңдердің бүгінгі өкілдері ретінде қарастырылады. Мысал ретінде айтар болсақ, бүгінгі Түркия түріктері – ескі оғыз бен османлы түріктерінің жалғасы. Өзбек тілі – шағатай түріктерінің қазіргі өкілдерінің бірі. Осы тұрғыда қыпшақ тобындағы қазіргі жазба тілдердің бірі қазақ тілінің тарихи қыпшақ тіліндегі қайнар көзін қарастыруымыз қажет.

Қазақ тілінің тарихи тамырын 14 ғасырда жинақталған «Кодекс куманикус» кітабынан, 14-15 ғасырлардағы Алтын Ордадағы йарлықтар мен битигтердің тілінде жазылған еңбектерден немесе осы кезеңдерде мәмлүк аймағында көшірілген мәтіндерден, 16-17 ғасырларда армян әліпбиімен жазылған қыпшақ мәтіндерінен іздеуіміз керек. Бүгінгі қыпшақ жазба тілдерінің тілдік ерекшеліктерін түсіндіру үшін көптеген лингвистикалық материалдар ұсыну жағынан армян әріптерімен қағазға түсірілген қыпшақ

түрікшесінің алатын орны ерекше екенін атап өтуіміз керек. Қазіргі қыпшақ жазба тілдері бойынша диахронды-синхронды салыстырмалы зерттеулер жүргізгенде зерттеушілер осы мәтіндерді ескеретінін көреміз.

20 ғасырдың аяғынан бастап түркология зерттеулерінде лексикология ғылымы күшейе түсті. Бұл зерттеулердің негізін сөздіктер мен көрсеткіштер тұрғысынан тәуелсіз немесе салыстырмалы лексикологиялық зерттеулер құрайды. Лексикология ғылымы тақырыптық, түсіндірмелі, контекстік және этимологиялық негіздерге сүйене отырып қалыптасады. Осы зерттеулердің ішінде терминдерді арнайы сараптамадан өткізетін терминологиялық зерттеулердің де орны ерекше.

Қазақстан Республикасы соңғы жылдары өзінің тіл саясатына сәйкес институт, орталық, университет сияқты ірі мекемелердің жетекшілігімен ғылымнан техникаға, өнерден құқыққа дейінгі көптеген салаларда қазақ терминологиясын жетілдіруге көңіл бөлуде. Шет тілдерінен енген терминдердің орнына қазақша терминдер жасап шығару немесе архаикалық формаларды қайта жандандыру сияқты әдістер арқылы қазақ тілінің ішкі көздерін пайдалана отырып балама табу жолдары ұсынылып жүр.

Тарихи түркі жазба тілдерінің ең көне үлгілерін анықтауға кірісу және қыпшақтардың тарихи мәтіндерін зерттеу арқылы терминологияға көптеген мүмкіндіктер беруге болады.

Армян әріптерімен жазылған қыпшақ мәтіндерінің ішінде «Төре битиги» құқықнамасы (ең ескі нұсқасы 1523 ж.), сондай-ақ сот дәптерлері, әскери-тарихи мәліметтер мен құжаттар болып табылатын каменец, венеция және поляк жылнамалары бар және химиялық терминологияның ауқымды бір бөлігін қамтитын «Философиялық тастың сырлары» кітабы (1626-1631), діни терминология бойынша «Алғыш битиги» (1618) және «Зәбур» (1575) кітаптары, филологиялық мәтін ретінде сөздіктер мен грамматикалар, «Хикметли Хикардың хикаясы» деп аталатын әдеби шығармада тарихи қыпшақ лексикасының он мыңдаған мысалдары берілген [1; 25-34] [2; 136-138].

Ауыз әдебиеті дәстүрі бай қазақтар, әсіресе, 19 ғасырдың екінші жартысында Алтынсарин мен 20 ғасырдың басында Байтұрсынұлының бастамасының нәтижесінде дербес жазба тілге ие болды. Ежелден Орта Азияның ортақ жазба тілі болған шағатай тілінің негізінде қалыптасқан қазақ әдеби тілі уақыт өткен сайын өзіндік ерекшеліктерін аша отырып дамыды. Көне түрік пен тарихи қыпшақтардың ізін жалғастырған, діни, мәдени, саяси-әлеуметтік қарым-қатынастардың негізінде араб, парсы, орыс сияқты шет тілдерімен байланысқа түскен қазақ тілі мемлекеттік бағдарламалардың жетекшілігімен жетілдіру және дамыту бойынша қабылданған қадамдардың негізінде болашақ ұрпаққа саналы түрде беріліп отырады. Осы тұрғыда ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті, Халықаралық Қазақ тілі қоғамы, Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына»



Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты сияқты көптеген мекемелермен қатар университеттердің арқасында қазақ тілі терминологиясы жетіліп келе жатыр.

Бұл зерттеуде Кодексуманикус және армян әліпбиімен жазылған қыпшақ мәтіндері негізінде анықталған тауар мен тұрмыстық заттарға қатысты кейбір терминдердің қазіргі қазақ тіліндегі шеттілдік терминдердің орнын алу арқылы қолданыс аясын жандандыру туралы ұсыныстар айтылады.

## Ұсынылатын терминдер

**1. ағынғыш** [ағынғыш]: бір жерден түсуге немесе бір жерге шығуға арналған баспалдақтар тізбегі.

Көне түркі тілінде *багна* «баспалдақтың әр бөлігі, аяқ басатын жері», *шәтү* «баспалдақ», *үзеңү* «баспалдақ» қолданыстары анықталды [3; 283-286].

Тарихи қыпшақ мәтіндерінде баспалдақ сөзі *ағынғыч* ~ *ағынғуч* ретінде қолданылады [4; 29] *аңгыч* ~ *аңгыч* ~ *ангыч*[*аңгіч* ~ *аңгіч* ~ *ангіч*] «баспалдақтар, сатылар, қадамдар» [5; 111] сөздері анықталды.

Мәмлүк қыпшақ мәтіндерінде «баспалдақ» сөзі *ағынғач* «баспалдақ» [6: 3], *анчық* ~ *ангыч* [6; 9], *мердемен* ~ *мердимен* ~ *мертемен* [6; 181], *нардиван* [6; 198] және *нердүвен* [6; 200] сөздерінің қолданылғаны анықталды.

Қазіргі қыпшақ жазба тілдерінің басым бөлігінде; тат., қырғ., ққалп. *баскыч*; башқ. *башқыч*; ноғ. *басқыш*<sup>1</sup>; қар.малқ. *башыч*; құм. *батгыч*; қарай. *башыч*~ *баскыдж* ~ *баскыч* [3; 286-287], [8; 194], [7; 72] түрінде кездесетіні байқалады. Ал қырым татар тілінде *мердивен* «баспалдақ» [9; 446] сөзі қолданылады.

Қазіргі оғыз жазба тілдерінде жалпы парсы тілінен алынған *мердивен* (<*нердубән*) сөзінің қолданылу аясы басымырақ болып келеді.

Қазіргі қазақ тілінде «*мердивен*», «*басамак*» сөздерінің мағынасын *басқыш* немесе *баспалдақ* [10; 38] және парсы тілінен шыққан деп есептелетін *саты* [<*шату*] сөздері қолданылады [10; 236]. «*Баспалдақ*» сөзіне орыс тілінен алынған *лестница* [*lestnitsa*] сөзін қазақ тілінде қатар қолдану жиі кездеседі.

Қазақ тіліндегі «қадам, баспалдақ» сөзіне сәйкес келетін *басқыш* және *баспалдақ* сөздерінен басқа, «жоғары көтерілу, көтерілу» деген мағынаны білдіретін *ағын*- етістігінен жасалған *ағынғыш* [*ағынғыш*] «баспалдақ» терминін де тілдік қолданысқа енгізуге ұсынуға болады.

**2. қыпты** [қыпты]: қайшы.

---

<sup>1</sup>Ноғ. тілінде шапыраш «баспалдақ» [7; 406] сөзі де кездеседі.

Қазіргі көптеген қыпшақ жазба тілдерінде «қайшы» сөзі үшін тат. *қайчы* [11; 130], башқ. *қайсы* [12; 342] қырғ. *қайчы* [13; 419] ноғ. *қаншы* [7; 145], ққалп. *ғайшы* [14; 357], құм. *қайчы* [15; 31] сөздері қолданылады. Осы жазба тілдердің ішіндегі башқ. *қырққы* [12; 354]; ноғ. *қырлық* [7; 201] және ққалп. *қырқлық* [14; 429] сөздерінің қолданысы да анықталды.

Түркия түрікшесі секілді қырым татар түрікшесінде де *макас* «қайшы» сөзі [9; 438] пайдаланылады.

Қалған қыпшақ жазба тілдерінде, яғни қарайым және қарашай-малқарларда «қайшы» үшін *қыпты* сөзі қолданылады [8; 197], [16; 259].

Қазақ тілінде қайшы сөзі қолданылады, бұл көптеген қыпшақ жазба тілдерінде де кездеседі [10; 156].

*Қайчы, қайшы, қайсы, қаншы* сияқты фонетикалық өзгерістерге ұшырап келіп, өз орнын алған бұл сөздің моңғол тіліндегі *каду* – «кесу» етістігінің түбірінен жасалғанын көруге болады.

*Макас* сөзі де араб тілінен алынған. *Ал қыпты* сөзін түрік тіліндегі *қып- ~қыр-* етістігінің түбірімен байланыстыра аламыз.

Тарихи қыпшақ тіліндегі «қайшы» сөзі үшін «Кодекс куманикус» кітабында *қыпты* сөзі кездеседі [4; 207], армян жазуымен қағазға түскен қыпшақ мәтіндерінде *хыпты* [*һыпты*] және *махас* [*маһас*] “қайшы” [5; 842, 932] сөздері анықталды. Мәмлүк қыпшақ мәтіндерінде *қыбты ~ қыпты ~ қыпту* «қайшы» [6; 143-144], *қарчы* [6; 128], *қырқлық* [16; 145] және *синди ~ синду* [6; 235] қолданыстары кездеседі.

Қазақ терминологиясын жетілдіру барысында *қыпты* [*қыпты*] терминін де ескеруге болады.

### 3. қадау [қадау]: шеге, үлкен шеге.

«Кодекс куманикус» кітабында *қада-* «шегемен бекіту, бекіту, қыстыру» [4; 189] және армян әліпбиімен жазылған қыпшақ мәтіндерінде *хада-* “пригвоздить, прибить гвоздями; вонзить, воткнуть, проткнуть» [5; 782-783], түрінде берілген етістік түбірлерінен жасалған *қадау ~ хадак* “шеге” [4; 189] және *хадах* [*һадах*] “гвоздь” [5; 782-783] сөздері осы тарихи қыпшақ мәтіндерінде де кездеседі. Сондай-ақ «Кодекс куманикус» кітабында «шеге, үлкен шеге» дегенді білдіретін *тырмақ* [4; 263] сөзі де қолданылған.

Мәмлүк мәтіндерінде «шеге, үлкен шеге» дегенді білдіретін *мыһ* [6; 183] және *тырнақ* [6; 274] сөздерінің қолданысы кездеседі.

Көптеген түркі жазба тілдерінде кездесетін *мыһ* және *чиви* (шеге) сөздері шығу тегі жағынан қарастырылғанда, *мыһ* сөзінің парсы тілінен (<*mīh*) шыққаны байқалады. *Чиви* (шеге) сөзінің шығу тегі анық болмаса да, оны \**чыбыһ* немесе \**чыв* қатынасымен түсіндіру үшін әртүрлі болжам келтіріліп жүр.

Қазіргі қыпшақ жазба тілдеріндегі «шеге, үлкен шеге» сөзі үшін тат. *кадак* [11; 127], башқ. *һаңақ, сиге, казак, қазау, йенһе* [12; 183, 527, 344, 344, 717], қырғ. *чеге* [13; 258] және *мыккада*-: «шеге қадау» [13; 564] *kadoo* [13; 383], ноғ. *шүй* [7; 419] және *мык* [7; 230], ққалп. *шеге* [14; 732], қар. малқ. *чүй* [16; 180] және *кадав* «үлкен шеге» [16; 235], қыр.тат. *мыһ* [9; 460], құм. *мых* [17; 199] қарай. *кадаһ, кадав* «шеге» [8; 361] және *жвек, чивий, чүй, мыһ, мык* [8; 360, 362] секілді қолданыстар да кездеседі.

Қазақ тілінде *шеге* (чиви) [10; 309] сөзі қолданылып жүр. Ал қазақ тілінде кездесетін *қадау* сөзі «қадау, орналастыру» дегенді білдіреді [18; 715] және «Кодекс куманикус» кітабында кездесетін *kada*- етістігімен сәйкес келеді. Сонымен қатар, *қадав* «1. темірді немесе ағашты тесу үшін қолданылатын өткір құрал 2. тірек, көпір астындағы тіреу т.б. мақсатта тұрғызылған нәрсе». Бұл сөздің қазақ тілінде қолданыс аясы бар екені де анықталды. «Темірді немесе ағашты тесу үшін қолданылатын өткір құрал» сипаттамасы да бұл сөзді «шеге» мағынасында қолданылғанын көрсетеді.

Қазақ терминологиясында *шеге* сөзінен басқа *қадау* термині де орын алуы керек.

#### 4. **жұлыгыш** [жүлігіш]: ұстара. қырынатын пышақ.

Көне түркі тілінде *йүлигү* «ұстара» [19; 421] сөзінің түбірі *йүли*- “жұлу, қырыну” [19; 385] етістігіне келіп тіреледі.

«Кодекс куманикус» кітабында *йүлү*- «йүлүнү, қырыну» етістігі және осы етістіктен жасалған *йүлүчи* «шаштараз», *йүлүгүч* ~ *йүлүнгүч* «ұстара, қырынатын пышақ» [4; 131] сөздері анықталды.

Армян әріптерімен жазылған қыпшақ мәтіндерінде түркі текті *йүлгүч, йөлгүч* «ұстара» [5; 1731] және славян текті *арітва* [5; 132], бритва [5; 327] сөздері кездеседі.

Ал мәмлүкмәтіндерінде *йүлгүч, йүлкүвүч, йүлүвүч* «ұстара» секілді формаларда қолданылады [6; 332].

Парсы тілінен шыққан *ұстара* [*usture*] бүгінгі түркі жазба тілдерінің көпшілігінде орын алғанымен, ағылшын тілінен алынған *жилет* [*gillette*] «сақал алғыш, қырғыш» сөзі Түркия түріктерінің тілінде де кең тараған деуге болады.

Қазіргі қыпшақ жазба тілдеріндегі тат. *бритва* «ұстара» [11; 56] және *қырынғыч* «ұстара» [11; 185], башқ. *остора* немесе *беке* «ұстара, қырынғыш», [12; 454, 71], қырғ. *устара* [13; 787], ноғ. *шаибекки* “ұстара” [7; 407], қыр. тат. *устра* «ұстара» [9; 560] немесе *пеки* [9; 485], ққалп. *пеки* [14; 525], қар. малқ. *жүлгүч* «ұстара; қалта пышақ» [16; 162], құм. *қырынғыс* [17; 353], қарай. *пеки* [8; 199], *устра* ~ *устура* [8; 202] немесе *үлгүч, үлүгүч, йулгуч, йілігидж* [8; 202] сөздері де кездеседі.

Қазақ тілінде парсы тілінен енген және фонетикалық жағынан өзгеріске ұшырап *ұстара* түрінде қолданылатын сөз «қырынғыш, сақал алғыш» мағыналарында қолданылады [10; 293]. Бұл терминмен қоса, тілге *жүлігіш*<sup>2</sup> формасында енгізу қазақ терминологиясы үшін маңызды болмақ.

### **5. жырғақ ~ жырғыш [жыргак ~ жыргыш]: ілмек, темір ілмек.**

Көне түркі тілінде кездесетін *ырғақ* (< \*ыр-) «ілмек, темір ілмек, тоға» [21; 87] және *қармақ* (<қарма- «ұстау, іліп алу») «ілмек, темір ілмек» [22; 226] формалары тарихи және қазіргі жазба тілдерде декездеседі.

Тарихи қыпшақ мәтіндерінің бірі «Кодекс куманикус» кітабында *йыргак* «ілмек, темір ілмек» дегенді білдіреді [4; 133]; мәмлүк мәтіндерінде *ырғақ ~ ырғық* “ілмек” [6; 102] сөзі кездеседі. Армян әріптерімен жазылған қыпшақ мәтіндерінде *чӓнгӓл* [шеңгел] “крюк, крючок, якорь” (5; 371-372) қолданысы кездеседі.

Қазіргі көптеген қыпшақ жазба тілдерінде *ырғақ* «ілмек, темір ілмек» дегенді білдіреді [11; 423], [12; 240], [7; 427], [14; 758], [9; 604], [16; 224], [17; 166] және кеңінен қолданылады.

Қазіргі қыпшақ жазба тілдерінде; қырғ. *ілмек* «ілмек, темір ілмек» [11; 368] және қарай. *кармаһ ~ кармак* «қармақ, ілмек, темір ілмек, сақина» [6; 354], *женғыл ~ чангал ~ чен ~ ченгел* «ілмек, темір ілмек» [6; 194], *канжа* «ілмек, темір ілмек» [6; 308], *hes* “ілмек, темір ілмек” [6; 196] сөздері пайдаланылады.

*Ченгел* (шеңгел) сөзі парсы тілінен кірген [*чӓнгӓл*], ал *канжа* сөзі итальян тілінен енген [*gancio*] сөздер. Бүгінде бұл екі сөз Түркия түріктерінің тілінде кеңінен қолданылады.

Қазақ тілінде *шеңгел*(ченгел) [8; 311] сөзі кеңінен қолданылады. Қазақ терминологиясында көне түркі дәуірінен бері қолданылып келе жатқан және қазіргі көптеген қыпшақ жазба тілдерінде кездесетін *ырғақ* сөзін *жыргак* немесе *жырғыш* түрінде қазақ тіліне қайтадан қолданысқа енгізу ұсынылады.

### **6. отырғыш [отыргыш]: кресло.**

Көне түркі мәтіндерінде кездесетін *олур-* ~ *олтур-* етістігі және бұл етістіктен жасалған *олтургуч, олтургач, отурак* сияқты атаулар тарихи кезең мәтіндерінде де кездеседі.

«Кодекс куманикус» кітабында *олтургуч* «орындық, кресло» дегенді білдіреді [4; 177], *олтур-* “отыру” етістігінен жасалған.

---

<sup>2</sup>Негізі қазақ тілінде *жүлік* «ұры, алдаушы» дегенді білдіреді [20; 626], *жүлі-* «жұлып алу, алу» етістігінің негізінде жасалған және осы тұрғыда *жүлігіш* «ұстара, жұлып алушы» мағыналық қатынасын орнатуға болатын сияқты.

Армян әліпбиімен жазылған қыпшақ мәтіндерінде *олтурғуч* [olturğuç] «сидение, стул, скамья, лавка, скамейка, седалище, престол, трон» [5; 1045], сонымен қатар славян тілдерінен келтірілген *стол ~ столек* [5; 1309] сөздері де қолданылған.

Мәмлүкқыпшақ мәтіндерінде *олтурқач* сөзі кездеседі және «орындық, кресло» деген мағынаны білдіреді [6; 204]. 206].

Қазіргі қыпшақ жазба тілдерінде; тат. *тайангыч* «орындық, кресло» [11; 303], *урындык* «орындық» [11; 361] және орыс тілінен енген *кресло* [11; 171], башқ. *ултырғыс* «орындық» [12; 657], қырғ. *олтурғуч* «орындық, табуре» [13; 590], ноғ. *олтырғыш* «орындық, табуре, кресло» [7; 245] және *стул* «орындық» [7; 309], қыр. тат. *отургыч* «орындық» [9; 481], *стул* «орындық» [9; 269] және *скемле* «орындық» [9; 511], ққалп. *отырғыш* «орындық, кресло» [14; 503] және *стул* [14; 588]; қар. малқ. *шиндик* «орындық, табуретка» [16; 366], *сыртлышиндик* «арқалы орындық, кресло» [16; 344] және *таянчак шиндик* «кресло» [16; 366], құмық. *қолтуқ* «кресло» [17; 266], қарай. *олтуруш* «орындық, кресло, табуретка» [8; 199], *ескемле ~ искемле ~ скемле* «орындық, искемле, табуретка» [8; 196], кресла «кресло» [8; 198] және сандалие «орындық» [8; 200] қолданыстары бар екені анықталды.

Қазақ тілінде *орындық* «орындық, отыратын зат» [10; 213] және орыс тілінен енген *стул* «орындық» [10; 245] сөздерімен қатар соңғы кезде *кресло* «орындық» сөзі кең тараған.

Қазақ терминологиясында *орындық* сөзін қарапайым орындық мағынасында қолданып, *кресло* сөзінің орнына *отырғыш* терминін назарға алу ұсынылады.

## 7. тұлық [тулук]: балкон.

Француз тілінен шыққан *балкон* сөзі бүгінгі түркі жазба тілдерінің көпшілігінде кеңінен қолданылады. Бұл сөз қазіргі қыпшақ жазба тілдеріне орыс тілі арқылы енген.

Тарихи қыпшақ мәтіндерінің бірі «Кодекс куманикус» кітабында *тулук* «балкон» мағынасында қолданылады [4; 253] және армян әліпбиімен жазылған қыпшақ мәтіндерінде украин тілінен алынған *ганок* [5; 532] және *хор* [хор] [5; 868] сөздері «балкон» мағынасында қолданылған.

Қазіргі қыпшақ жазба тілдерінде «балкон» сөзі үшін; тат. *балкон* [11; 43], башқ. *балкон* [12; 60], *сарлақ ~ сарзақ* [12; 500], ноғ. *балкон* [7; 69], қыр. тат. *балкон* [9; 11], ққалп. *балкон* [14; 82] және *шардәре* «балкон» [14; 727], қарай. *софа* «балкон» [8; 204], қырғ. *балкон* [23; 93], құм. *балкон* [17; 59], қаз. *балкон* [24; 83] сөздері қолданылады.

*Тулук* сөзінің шығу тегін *тол-* етістігімен байланыстыруға болады. «Кодекс куманикус» кітабында кездесетін және «балкон» деген мағынаны

білдіретін бұл терминді қазақ терминологиясына енгізу арқылы қайта жаңғырту ұсынылады.

### **Қорытынды**

Қазақ тілі лингвистикалық деңгейде көне түркі және тарихи қыпшақтардың елеулі іздерін алып жүрсе де, әртүрлі діни, мәдени, саяси және қоғамдық қатынастар нәтижесінде араб, парсы, орыс сияқты шет тілдердің ықпалында дамыды. Басқа түркі жазба тілдеріндегідей қазақ тілінде де көптеген кірме лексикалық бірлік бар.

Бүгінде мемлекеттік бағдарламалардың басшылығымен тілді жетілдіру, тазарту, кеңінен тарату бағытында саналы қадамдар жасалуда. Бұл бағытта Халықаралық қазақ тілі қоғамы, Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты сияқты көптеген мекемелер мен жоғары оқу орындары әсіресе қазақ тілін оқыту, лексикология мен терминология сынды салалардағы зерттеулермен айналысады. Осы зерттеулердің бір бөлігін құрайтын терминологиялық зерттеулер арқылы кірме сөздердің орнына қазақ тілінің ішкі көздерін пайдалану арқылы балама жасау әдісіне басымдық беру басты назарға алынуда.

Осы тұрғылас зерттеулерге үлес қосу үшін дайындалған бұл мақалада «Кодекс куманикус» және армян әліпбиімен жазылған қыпшақ мәтіндерінде кездесетін төменде келтірілген терминдердің қазақ тіліндегі кірме сөздердің орнын басуарқылы қолданыс аясын жаңарту туралы ұсыныстар берілген:

**қыпты** [қыпты]: қайша.

**қадау**[қадау]: шеге, үлкен шеге.

**жүлігіш**[жүлигіш]: қырынатын пышақ, жилет, ұстара.

**жырғақ~ жырғыш** [жыргак ~ жырғыш]: ілмек, темір ілмек.

**отырғыш** [отыргыш]: кресло.

**тұлық** [тулук]: балкон.

«Кодекс куманикус» және армян әліпбиімен жазылған қыпшақ мәтіндері қазақ терминологиясына үлес қосатын негізгі тарихи дереккөздердің ішінде ерекше орын алады деп ойлаймыз. Көктүрік дәуірінен бастап бүгінгі күнге дейін жалғасқан түркі жазба тілдері өзінің тарихи тамырынан нәр алып, басқа мәдениеттермен, шет тілдерімен етене араласа отырып, бүгінгі тілдік қалыбына ие болды. Қазіргі кезеңде қазақ тілінде бекітілетін терминдерді қазақшалау, ұлттық терминқорды жетілдіру барысында тарихи мәтіндерді зерделеу өте маңызды болмақ.

Көне түркі мәтіндері	<i>bağna</i> “баспалдақтың әр басқышы”	<i>şātū</i>	<i>üzeñü</i>
Кодекс куманикус	<i>ağınğıç ~ ağınğıç</i>		
Армян әліпбиімен жазылған қыпшақ мәтіндері	<i>añğič ~ aňgič ~ anğič</i> [aŋğič ~ aŋğič ~ aŋğič]		
Мәмлүк қыпшақ мәтіндері	<i>ağınğaç, ançık ~ aŋğič</i>		<i>merdemen</i> ~ <i>merdimen</i> ~ <i>mertemen</i> ~ <i>nardivan</i> ~ <i>nerdüiven</i>
Татарша	<i>baskıç</i>		
Башқұртша	<i>başkıç</i>		
Қырғызша	<i>baskıç</i>		
Ноғайша	<i>baskış</i>	<i>şapıraş</i>	
Қарақалпақша	<i>baskıç</i>		
Қарашай-малқарша	<i>bashiç</i>		
Құмықша	<i>batğıç</i>		
Қырымтатарша	-		<i>merdiven</i>
Қарайша	<i>başıç ~ baskıç ~ baskıç</i>		
ҚАЗАҚША	<i>basqyş, baspaldaq</i>	<i>satı</i>	
ҰСЫНЫС	<i>ağynğyş</i> [ağınğış]		

### “қайшы” мағынасында қолданылған терминдер

Кодекс куманикус	<i>kıptı</i>			
Армян әліпбиімен жазылған қыпшақ мәтіндері	<i>χiptı</i> [χiptı]		<i>maças</i> [maças]	
Мәмлүк қыпшақ мәтіндері	<i>kıbtı ~ kıptı ~ kıptu</i>	<i>karçı</i>	<i>kırklıç</i>	<i>sındı ~ sındu</i>

Татарша	<i>kayçı</i>	
Башқұртша	<i>қайсы</i>	<i>қırққи</i>
Қырғызша	<i>kayçı</i>	
Ноғайша	<i>kanşı</i>	<i>kırlık</i>
Қарақалпақша	<i>gayşı</i>	<i>qırqlıq</i>
Қарашай-малқарша	<i>kıptı</i>	
Құмықша	<i>kayçı</i>	
Қырым татарша		<i>makas</i>
Қарайша	<i>kıptı</i>	

ҚАЗАҚША	<i>qaişy</i> [kayşı]	
ҰСЫНЫС	<i>qıpty</i> [kıptı]	

### “шеге” мағынасында қолданылған терминдер

Кодекс куманикус	<i>kadav ~ hadak</i>		
Армян әліпбиімен жазылған қыпшақ мәтіндері	<i>χadaχ</i> [ħadaħ]		
Мәмлүк қыпшақ мәтіндері		<i>mıh</i>	<i>ırnak</i>
Татарша	<i>kadak</i>		
Башқұртша	<i>hañak ~ kazak ~ kazav</i>	<i>sige, yephe</i>	
Қырғызша	<i>kadoo</i>	<i>çege</i>	<i>mık</i>
Ноғайша	-	<i>şüy</i>	<i>mık</i>
Қарақалпақша	-	<i>şege</i>	
Қарашай-малқарша	<i>kadav</i>	<i>çüy</i>	
Құмықша	<i>mıx</i>		
Қырымтатарша	-		<i>mıh</i>
Қарайша	<i>kadaħ ~ kadav</i>	<i>cvek ~ çiviy ~ çüy</i>	<i>mıh ~ mık</i>



ҚАЗАҚША	-	<i>şege</i>
ҰСЫНЫС	<i>qadav</i> [kadav]	

**“ұстара, қырынғыш” мағынасында қолданылған терминдер**

Көне түркі мәтіндері *yüligü*

Кодекс куманикус *yüligüç ~ yülüngüç*

Армян әліпбиімен жазылған қыпшақ мәтіндері *yülgüč, yölgüč* *brıtva* *arıtva*

Мәмлүк қыпшақ мәтіндері *yülgüç, yülküvüç, yülüvüç*

Татарша *kırınğıç* *brıtva*

Башқұртша - *oštora* *beke*

Қырғызша - *ustara*

Ноғайша - *şaşbeki*

Қарақалпақша - *peki*

Қарашай-малқарша *cülgüç*

Құмықша *kırınğıs*

Қырымтатарша - *ustra* *peki*

Қарайша *ülgüç ~ ülügüç ~ yulguç ~ yiligic* *ustra ~ ustura* *peki*

ҚАРАЙША - *ustara*

ҰСЫНЫС *jühğış*[jüligiş]

**“ілмек, темір ілмек” мағынасында қолданылған терминдер**

Көне түркі мәтіндері *ırgak* *қармақ*

Кодекс куманикус *yırgak*

Армян әліпбиімен жазылған қыпшақ мәтіндері	-	<i>čängäl</i>		
Мәмлүк қыпшақ мәтіндері	<i>ırǵaқ ~ ırǵıқ</i>			
Татарша	<i>ırǵaқ</i>			
Башқұртша	<i>ırǵaқ</i>			
Қырғызша	<i>ilmek</i>			
Ноғайша	<i>ırǵaқ</i>			
Қарақалпақша	<i>ırǵaқ</i>			
Қарашай-малқарша	<i>ırǵaқ</i>			
Құмықша	<i>ırǵaқ</i>			
Қырымтатарша	<i>ırǵaқ</i>			
Қарайша	-	<i>karmaḡ ~ karmak</i>	<i>cengil ~ çangal</i>	<i>kanca hes ~ çen ~ çengel</i>
ҚАЗАҚША	-	<i>şengel</i>		
ҰСЫНЫС	<i>jyrǵaқ~ jyrǵyş</i> [jurgak ~ jirgıš]			

**“орындық, кресло” мағынасында қолданылған терминдер**

Көне түркі мәтіндері	<i>olturǵuç</i>			
Армян әліпбиімен жазылған қыпшақ мәтіндері	<i>olturǵuç</i> [olturǵuç]	<i>stol ~ stolec</i>		
Мәмлүк қыпшақ мәтіндері	<i>olturqaç, otrak, otraş, otruқ, oturақ, oturǵu</i>			
Татарша	<i>tayangıç</i>	<i>urındık</i>	<i>kreslo</i>	
Башқұртша	<i>ultırǵıs</i>	<i>kreslo</i>		
Қырғызша	<i>olturǵuç</i>			
Ноғайша	<i>oltırǵış</i>	<i>stul</i>		
Қарақалпақша	<i>otırǵış</i>	<i>stul</i>		

Қарашай-малқарша	-	<i>şindik</i>	<i>sırtlı şindik</i>	<i>tayançak şindik</i>
Құмықша	<i>qoltuq</i>			
Қырымтатарша	<i>oturğıç</i>	<i>stul</i>		<i>skemle</i>
Қарайша	<i>olturuş</i>		<i>kresla</i>	<i>eskemle</i> ~ <i>iskemle</i> ~ <i>skemle</i>
ҚАЗАҚША	<i>orundık</i>	<i>stol</i>	<i>kreslo</i>	
ҰСЫНЫС	<i>otyrǵyş</i> [otırgış]			

### “балкон” мағынасында қолданылған терминдер

Кодекс куманикус	<i>tuluk</i>		
Армян әліпбиімен жазылған қыпшақ мәтіндері		<i>çor [hor]</i>	<i>ganok</i>
Татарша	<i>balkon</i>		
Башқұртша	<i>balkon</i>	<i>sarlaқ ~ sarzaқ</i>	
Қырғызша	<i>balkon</i>		
Ноғайша	<i>balkon</i>		
Қарақалпақша	<i>balkon</i>	<i>şardäre</i>	
Қарашай-малқарша	<i>balkon</i>		
Құмықша	<i>balkon</i>		
Қырымтатарша	<i>balkon</i>		
Қарайша		<i>sofa</i>	
ҚАЗАҚША	<i>balkon</i>		
ҰСЫНЫС	<i>tuluq</i> [tuluk]		

## Қысқартулар:

башқ.	: башқұртша
қарай.	: қарайша
қырғ.	: қырғызша
ққалп.	: қарақалпақша
қар. малқ.	: қарашай-малқарша
қыр. тат.	: қырымтатарша
құм.	: құмықша
ноғ.	: ноғайша
тат.	: татарша

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Kasapoğlu Ç.H. “Ermeni Harfli Kıpçak Türkçesi”. *Dil Araştırmaları*. C.10, S.10, 2012. s. 17-81.
2. Arıkan İ. “Ermeni Harfli Kıpçak Türkçesi”. *Modern Türklük Araştırmaları Dergisi*. C.3, S.4, 2006. s. 130-141.
3. Dilsiz M. S. “Türkçede “Merdiven” Anlamına Gelen Sözcükler Üzerine Genel Bir Bakış”. *BUGU Dil ve Eğitim Dergisi*. 4(3), s. 281-297.
4. Grønbech K. *Komanisches Wörterbuch, Türkischer Wortindex zu Codex Cumanicus*. Kopenhagen: Einar Munksgaard. 1942.
5. Garkavets A. N. *Kıpçakskiy Slovar'*. Almatı: Baur. 2018.
6. Toparlı R., Vural H., Karaatlı R. *Kıpçak Türkçesi Sözlüğü*. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 2007.
7. Baskakova N. A. *Nogaysko-Russkiy Slovar'*. Moskva: Gosudarstvennoe Izdatelstvo Inostrannih I Natsinal'nih Slovarey. 1963.
8. Öztürk A. *Karay Türkçesinde İsim*. Erzurum: FenomenYayıncılık. 2019.
9. Useinov S. M. *Rusko-Krımsko-tatarskiy Slovar'*. Simferopol: Izdatel'skiy Dom “Tezis”. 2007.
10. *Kazak Türkçesi Sözlüğü*. (Çev. Hasan Oraltay, Nuri Yüce, Saadet Pınar). İstanbul: Türk Dünyası Araştırmaları Vakfı Yayınları. 1984.
11. Ganiyev F., Ahmetyanov R. ve Açıkgöz H. *Tatarca-Türkçe Sözlük*, Kazan-Moskova: İnsanYayınevi, 1997
12. Özşahin M. *Başkurt Türkçesi Sözlüğü*. Anakara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 2017.
13. Yudahin K. *Kırgız Sözlüğü Cilt I-II*. Ankara: Ankara Üniversitesi Basımevi. 1998.

14. Baskakova N.A. *Karakalpaksko-Russkiy Slovar'*. Moskva: Gosudarstvennoe Izdatelstvo Inostrannih Natsional'nih Slovarey. 1958.
15. Nemeth G. *Kumuk ve Balkar Lehçeleri Sözlüğü*. (Çev. Kemal Aytaç). Ankara: Kültür Bakanlığı Yayınları.
16. Tavkul U. *Karaçay-Malkar Türkçesi Sözlüğü*. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 2000.
17. Pekacar Ç. *Kumuk Türkçesi Sözlüğü*. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 2011.
18. *Qazaq Edebi Tili Sözdüğü*. (Ed. K. Kuderinova, O. Jubayeva, M. Jolşayevavd. Almatı. 8. Cilt. 2011.
19. Ercilasun A.B., Akkoyunlu Z. *Divanu Lugati't-Türk*. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 2014.
20. *Qazaq destürlü madeniyetining ansiklopedik sözlüğü*. Almatı: Sözdik-Slovar. 1997.
21. Caferoğlu A. *Eski Uygur Türkçesi Sözlüğü*. İstanbul: Edebiyat Fakültesi Basımevi. 1968.
22. Arat R.R. *Kutadgu Bilig*. Ankara: Türk Kültürünü Araştırma Enstitüsü. 1979.
23. Cumakunova G. *Türkçe-Kırgızca Sözlük*. Bişkek: Kırgızistan-Türkiye Manas Üniversitesi Yayınları. 2005.
24. *Oxford Qazaq Dictionary: қазақша-ағылшынша және ағылшынша-қазақша сөздік*. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» корпоративтік қоры, 2023. – 1368 бет.

**Р. СЫЗДЫҚТЫҢ АХМЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ОРНЫ ЖӘНЕ  
А.БАЙТҮРСЫНҰЛЫНЫҢ ТЕРМИНЖАСАМДЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ  
ЖӨНІНДЕ  
THE ROLE OF R. SYZDYK IN THE SCIENCE OF AKHMETOLOGY  
AND THE TERMINOLOGICAL PRINCIPLES OF A. BAITURSYN**

*Гүлғайша Сағидолда\**

21 ғасырдағы жаһандану үдерісі әлемдік өркениеттер ықпалдастығын арттырып, технологиялық жетістіктерді адамзат баласының қолдану мүмкіндігін кеңейткенімен, ұлттық құндылықтардың, атап айтқанда, тіл, жазу, дін, діл, ұлттық сана-сезім, рухани мәдени мұралардың жойылу немесе түбегейлі өзгеріске түсу қатерін тудырып, дінаралық, мәдениетаралық қайшылықтарды тереңдетуде. Осындай жағдайда түркі әлемінің барлық саладағы интеграциясын жеделдету, жалпытүркілік ортақ тамырдан нәр алып, тарамдалатын 40 шақты түркі халықтарының әр қайсысының ұлттық рухани-этномәдени құндылықтарын түркі өркениетінің құрамдас бөліктері ретінде әлемдік деңгейде насихаттау, жалпытүркілік тарихи-рухани ортақтықты түркі әлемінің бірегейлігінің коды ретінде сақтап қалу және өскелең ұрпақ санасына сіңіру мәселелері аса өзекті.

Қазіргі әлемдік және аймақтық тұрақсыздық кезеңінде Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Түркия, Өзбекстан, Әзірбайжан мемлекеттерінің бірлігін нығайту, интеграциялық үдерістерді одан әрі дамытып, «түркі факторын» халықаралық қатынастарға әсер ете алатындай факторға айналдыру – түркі мемлекеттері арасындағы тиімді және сындарлы диалог алаңдарының жіті назарындағы өзекті мәселелер болуда [1].

Түркі әлемінің интеграциясы идеясының тарихи бастауында И. Гаспаралы, С. Жантурин, Ю. Ақчура, А. Гусейнзаде, А. Агаоғлу, Г. Ибрагимов, А.-М. Топчубашев, М. Бигеев, Ш. Сыртланов, С. Максуди, Мұстафа Шоқай және т.б. түркітілдес елдердің көрнекті өкілдері тұрады. Түркизм идеяларын негіздеуге атақты түркологтар Х.-С. Ходжаев, Б. Чобанзаде, С. Асфендияров елеулі үлес қосты [2, 123-130 б.].

Түркі мемлекеттерінің өзара ынтымақтастығы мен ықпалдастығы Кеңес Одағы ыдыраған сәттен-ақ Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан,

---

\* филология ғылымдарының докторы, профессор. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Қазақстан)

Өзбекстан, Әзірбайжан Республикалары мен Түркия мемлекетінің ішкі және сыртқы саясаттарындағы түркі векторының өзегі етіліп, жаңаша сипатқа ие болды. Түркі интеграциясының 90-жылдарды қамтитын алғашқы кезеңінде Түркияның саяси, идеологиялық, экономикалық және мәдени ықпалы басымырақ болса, 2000-жылдардан басталған екінші кезеңде Қазақстанның саяси, қаржылық, ұйымдастырушылық, мәдени-гуманитарлық рөлі арта бастады [3, 27-30 б.]. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың бастамасымен Түркі кеңесі, Түркітілдес елдердің Парламенттік Ассамблеясы (Түрк ПА), Түркі сауда-өнеркәсіп палатасы, Түркі мәдениетінің халықаралық ұйымы (ТҮРКСОЙ), Түркі академиясы, Түркі мәдениеті және мұрасы қоры тәрізді түркіаралық ынтымақтастықтың институционалдық құрылымдарының құрылды. 2021 жылы қараша айында Ыстамбұл қаласында өткен Түркі республикалары басшыларының кезекті Саммитінде Түркі кеңесінің «Түркі мемлекеттер ұйымы» болып өзгеруі және ұйымға Өзбекстан мен Түркіменстанның мүше болуы түркі әлеміндегі заманау интеграциялық үдерістерге тың серпін берді. Қазіргі кезде түркі мемлекеттері арасындағы саяси-экономикалық жақындасу мәдени және ақпараттық компоненттермен толықтырылып, интеграциялық процестер түркі республикаларының біртұтас күшке айналуына ықпал етуде [4, 147-151 б.].

XXI ғасырдағы түркі әлемінің интеграциясын жеделдету ең алдымен б бірдей түркітілдес мемлекеттердің тіл саясаты мен ұлттық идеологиясында мемлекеттік тілге қатысты сындарлы жаңа міндеттерді алға тартып отыр.

Түркітілдес мемлекеттердің тіл саясатындағы басты бағыт – жазу жүйесін латын графикасына көшіру жолындағы реформалармен тығыз байланысты болып келеді. Бұл мәселеде Түркияның әліпби реформасына қатысты іс-тәжірибесін және түрік тілін дамытудағы қол жеткізген айтулы жетістіктерін, түрік тілінің статусын халықаралық деңгейге көтеру бағытында жүзеге асырылып жатқан іс-шараларды посткеңестік түркітілдес республикалардың тіл саясаттарында алға қойылып отырған сан түрлі міндеттердің шешімін табуда назарға алудың маңызы зор. Мұнда латын әліпбиіне негізделген мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту (Әзірбайжан), жазу жүйесінде орын алып отырған «кирилл-латын» екіұдайылықтан арылу (Түркіменстан, Өзбекстан); қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын жетілдіру (Қазақстан) мәселелерін түркітілдес мемлекеттердің тіл саясатындағы басты міндеттер қатарына жатқызуға болады.

XXI ғасырда түркі интеграциясын жеделдетуге қатысты алға қойылып отырған маңызды міндеттердің бірі – түркі тілдерінің ғылыми терминологиясын біріздендіру, соның негізінде ортақ терминологиялық қор құру.

Түркі тілдерінің терминдер жүйесін жақындастыру, ортақ терминдер қорын молайту бүгін ғана көтеріліп отырған мәселе емес. Мәселен, 1924 жылдың маусым айында сол кездегі Қазақстанның астанасы Орынборда өткен «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің бірінші съезінде» терминологияны дамыту мәселелері де сөз болды. Оған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төрекұлұлы, Е.Омарұлы, Т.Шонанұлы бастаған бүкіл Алаш зиялылары мен Ишанғали Арабайұлы бастаған қырғыз оқығандары қатысты. Съезд бекіткен қағидаттардың бірі қазақ терминологиясына қатысты болды: «Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түрік халықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер, жалпы, түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздер жатырқамай алынсын» деген қағидат қабылданды. 1926 жылы 26 ақпан мен 6 наурыз аралығында Баку қаласында өткен «Бірінші Бүкілодақтық түркология съезінде» қаралған мәселелердің бірі түркі тілдерінің терминологиясы (пән сөздерінің жүйесі) болған еді. Бұл съезде терминология мәселелеріне арналған баяндаманы Қазақстан тарапынан А.Байтұрсынұлы жасады. Қазақ зиялылары бұл бағыттағы жұмыстарын жалғастыра алмады. Бакудегі түркология съезінен кейін, көп ұзамай, 20-жылдардың аяғына қарай Алаш зиялылары қуғындала бастады. Олардың түркі халықтарының өзара термин алмасу мәселесін жолға қоюға бағытталған жұмысы 30-жылдардан кейін жалғасын таппай қалды[5, 147-151 б.].

Термин шығармашылығының отызыншы жылдардан тоқсаныншы жылдарға дейінгі кезеңінде терминдерді біріздендіру мәселесі кеңестік тіл саясатының мүддесіне сай орыс тілі негізінде ұлтаралықтандыру бағытында жүргізілді. Мұнда көзделген басты мүдде жалпысоветтік терминологиялық қор құру болғандықтан, КСРО көлеміндегі терминологиялық жұмыстарды бір орталықтан басқару ісі басты мемлекеттік орган әрі ғылыми мекеме ретінде Мәскеудегі Ғылыми-техникалық терминология комитеті тарапынан үйлестірілді. Нәтижесінде Одақ құрамында болған көптеген халықтардың тілдерінің терминологиялық қорында орыс тілімен ортақтандырылған терминдер үлесі 70-80 пайызды құрады.

Түркі терминқорын жақындастыру мәселесі тек КСРО ыдырап, тәуелсіз республикалар құрылғаннан кейін ғана қайта көтеріле бастады. 1996-1997 жылдары Халықаралық қазақ-түрік университетінде түркітілдес елдердің терминологиясының мәселелеріне арналған мәжіліс өтті. Бұл жиынға Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Татарстан, Башқұрстан, Қарақалпақстан елдерінің тілші-ғалымдары қатысты. Ғалымдар көптілді терминологиялық салыстырмалы сөздіктерін жасауға келісіп, бұл бағытта біраз жұмыс істелгенімен, басталған іс аяғына толық жетпей қалды[5, 147-151 б.].

2011 жылы Астанада өткен «Түркітілдес елдердің терминқорын қалыптастыру тәжірибелері» атты Халықаралық конференцияда жасаған баяндамасында белгілі түрколог М. Закиев ғылымның барлық салалары



бойынша көптілді терминологиялық сөздік жасау үшін жазба әдеби тілі қалыптасқан түркі тілдерінің терминдерлерінің әлеуетін қажетке жарату керектігіне тоқталған болса, С.А. Садыкова эзербайжан терминологиясын түркі тілдеріне ортақ және басқа тілдерден енген терминдер деп топтай отырып, ортақ терминдер санын арттыруда түркі тілдерінің өзара тәжірибе алмасуының маңыздылығын атап көрсетеді [6].

Қазіргі таңда түркі мемлекеттері арасындағы ғылыми ықпалдастықты арттыру мақсатында көтеріліп отырған терминологияны біріздендіру мәселесі түркі тілдерінің тарихи және қазіргі кезеңдегі даму үдерісіндегі терминжасам үлгілерін ортақтастыруды, көптілді терминологиялық сөздіктер жасауды кешіктірмей қолға алуды талап етеді. Бұл мәселеде А.Байтұрсынұлының өткен ғасырдың 20-шы жылдары ұсынған тілтанымдық ұстанымдары мен терминжасамдық концепцияларын басшылыққа алудың маңызы зор.

Осы орайда А. Байтұрсынұлының ақталуы мен А. Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, ұлттық білім-ғылымымыздың көшбасшысы екенін таныту, ең алдымен, академик Р.Сыздық есімімен тығыз байланысты екенін айтпай кетуге болмас, сірә. А.Байтұрсынұлының мұрасы туралы емес, ұлы тұлғаның есімін айтудың өзі «саяси қате» саналатын тұста, яғни 1970-80 жылдары «А. Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, оның бұл қызметі ХХ ғасырдың 10 – жылдарынан басталады» деген тұжырымды алғаш рет айтқан да, бүгінде «Ахметтану» деп аталатын ғылыми саланың іргетасын қалап, мақсат-міндеттерін айқындап берген де академик Р.Сыздық болды.

Р. Сыздық «Ахметтану қалай басталды?» («Ана тілі» газеті, 1991, 6 маусым.), «Ахметтану: бүгіні мен болашағы» (Қазақ әдебиеті. 1993, 12 қараша), «А.Байтұрсынов және қазақ жазуы» (Қазақстан жоғары мектебі. 1997, №2) мақалалары арқылы А. Байтұрсынұлының қазақтың тілтану, әдебиеттану, әдістеме ғылымдарының негізін салушы ретіндегі орнын бағамдап берді. А.Байтұрсынұлының қазақ тілін зерттеудегі және оқу – ағарту жолындағы жасаған еңбектерінің жүйелілік сипатын Р.Сыздық: **«А.Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» дүниеге келген, екінші, сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылысын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, мұны орындау үшін «Тіл – құралды» жазған, төртінші, тілді дұрыс қолдана білу тәртібін көрсетуді көздеген, бұл үшін «Тіл жұмсарды» ұсынған, бесінші сауат аштыру, қазақ тілін оқыту әдістемесін жасауды міндетіне алған, бұл үшін «Баяншы» мен «Әліп-би астарын» жазған»** деп танытады [7].

Қазақ халқының мәдени өмірінде ХХ ғасыр басынан бері аса көкейкесті проблемалар болып келе жатқан қазақ жазуы мен терминологиясының өзегін А.Байтұрсынұлының ғылыми концепциясы құрайтыны туралы Р. Сыздық былай дейді: «А. Байтұрсынұлының ғылыми концепциясы – әр тілді өз өз табиғатынан шығарып сипаттау. Жалпы лингвистикалық мектептің негізі бір болғанымен, көптеген таным-принциптерінде Ахаң қазақ тіл білімінің өзгешеленетін тұстарын дұрыс көрсетті. Байтұрсыновтың тіл туралы ғылым саласындағы баға жетпес тарихи мәнді қызметінің бірі – оның терминдер түзіп бергендігі десек, мұнда да ғалым нағыз шығармашылықтың классикалық үлгісін көрсетті» [8].

А. Байтұрсынұлының терминжасамдық концепциясы туралы белгілі Ахметтанушы ғалым М.Джусупов былай дейді: «А.Байтұрсынұлының термин жасау процесінде негіз тұтқан ұстанымдары мыналар: 1) терминнің оқушыға түсініктілігі; 2) терминнің ана тілі негізінде жасалуы; 3) көпшілік түсінбейтін, бірақ қолданыста бар арабша, парсыша терминдерді қолданданыстан шығау; 4) қажет болған жағдайда жат тілдің терминін де қолдану (Еуропа және араб, парсы тілдерінен). Демек А. Байтұрсынұлы өзінің терминжасамдық концепциясында жат тілдік бірліктерден жасалған терминдердің қазақ тілінде қолданылуының қажеттілігін жоққа шығармайды» - дейді [9, 49 б].

Қазақ терминологиясының қағидаттарын арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырған Ш.Құрманбайұлы 1924 жылы Орынборда өткен «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің бірінші съезінде» Елдес Омаровтың ұсынған қағидаттары «сол кезде термин мәселесінің басы-қасында жүрген А.Байтұрсынұлының тікелей басшылығымен жасалғандығын» айта келіп, А.Байтұрсынұлының термин жасау қағидаттарына: 1) термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу; 2) ондай сөздер қазақ тілінде болмаған жағдайда оларды туыстас тілдерден алу; 3) жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертілуі керек; 4) қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтін барлық өзге тілдердің сөздері дәл қазақтың айтуына сәйкес өзгертілуі керек деген ұстанымдарды жатқызады[10].

А. Байтұрсынұлы бұл қағидаттардың жалпы түркі терминологиясы үшін де маңызды екенін 1926 жылы Бакуде өткен «Бірінші Бүкілодақтық түркология съезінде» жасаған баяндамасында былайша түйіндейді: «Этим путем каждый из нас, разгрузив свой язык от балласта чужих слов и отчистив его от засоренности влиянием чужого языка, сделали бы доступными произведения своей печати и своей народной массе и другим тюркским народностям [11].

«А. Байтұрсынұлы қазақ терминологиясын жасаған кезде ғылыми мектептер, ғылыми терминдер қалыптаспаған еді. Сондықтан А.Байтұрсынұлы алдында екі үлкен мәселе тұрды: а) қазақ тіл білімінің, әдебиеттанымының, тілді оқыту әдістемесінің ұғымдарын анықтау; ә) сол

ұғымдарды терминдермен таңбалау. Мұнда А. Байтұрсынұлы жат тілдердегі терминжасамдық үлгілерді қазақ тіліне көшіріп өткізбеді, олардың ғылыми-әдістемелік бағытын зерттеді, жетістіктеріне талдау жасады, яғни қазақша терминжасамдық шығармашылығында қазақ тілінің сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік, стилистикалық ішкі және сыртқы мүмкіншіліктерін толық пайдаланды. Тек осындай көзқарастың нәтижесінде А. Байтұрсынұлы жасаған терминдер нағыз ұлттық сипатта болып шықты» – дей келе, М. Джусупов және Қ. Ибрайымовтар А. Байтұрсынұлының тілтанымдық терминдері тіл білімінің барлық салаларында (фонетика, лексикология, морфология, синтаксис, стилистика, фонология, сөзжасам т.б.) қолданылып, моно стильдік те, поли стильдік те (нақты ғылыми, ғылыми-әдістемелік, ғылыми-публицистикалық, ресми) қызмет атқаратынын айтады. «А. Байтұрсынұлы жасаған терминдер қазіргі заманғы тілтаным ғылымының биік талаптарына жауап береді, себебі олар терминология теориясының – салалық терминология, метатіл, терминдер номенклатурасы т.б. ұғымдарына толық сәйкес түсіп жатады»-деп баға береді [9, 36 б].

А. Байтұрсынұлы жасаған қазақ тіл білімі саласының терминдерінің өміршеңдігі туралы Р.Сыздық: «осы күні қазақ тілі грамматикасына қатысты қолданылып жүрген *«зат есім», «сын есім», «етістік», «есімдік», «одағай», «үстеу», «бастауыш», «баяндауыш», «жай сөйлем», «құрмалас сөйлем», «қаратпа сөз»* деген сияқты сан алуан терминдердің баршасы А. Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жаңғырту, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар. Мұны бұлардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан өміршеңдігі айқындайды»-дейді [7].

А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін термин жасауда ұтымды пайдаланудың озық үлгісін көрсетті. Ғалым жасаған терминдерде сөзжасамның семантикалық (*жұрнақ, жалғау, буын, рай, мүше, әдіс* т.б.), морфологиялық (*жақша, көсемше, есімше, жалғаулық, есімдік, демеу, жалғау, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш және т.б.*), синтаксистік (*дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем, т.б.*) тәсілдері кеңінен қолданылады.

Сөзжасамның бұл тәсілдері тек қазақ тіліне ғана емес, барлық түркі тілдеріне тән болғандықтан түркі терминжасам үдерісінде ортақтықтар молынан кездеседі.

Қазіргі түркі тілдерінің морфология саласында қолданылатын терминдерге көз салсақ, олардың А. Байтұрсынұлы ұсынған терминжасамдық қағидаттармен толығымен сәйкес келетіні, тіптен, кей

жағдайларда бірнеше түркі тілдері арасында тұлғалық-мағыналық тұрғыдан ортақ терминдердің орын алатыны байқалады. Мәселен, қаз. *қос сөз* // қырғ. *кош сөз* // өзб. *қўшма сўз*; қаз. *қысқарған сөз* // қырғ. *қысқарған сөз* // әзірб. *qısalđılmıř söz* // түрік. *kısaltılmıř söz* // түркім. *ғысгалдылан сөз* // өзб. *қисқартирилған сўз*; қаз. *туынды сөз* // қырғ. *туунду сөз*; әзірб. *törəmə söz* // түрік. *türemiř kelime*; түркім. *ясама сөз* // өзб. *ясама сўз*; әзірб. *söz birləřməsi* // түркім. *сөзлер бирикмеси* // өзб. *сўз бирикмаси*; қаз. *қос сөз* // қырғ. *кош сөз* // өзб. *қўшма сўз*; қаз. *көптік* // қырғ. *көптүк* // түркім. *көплүк* // өзб. *кўплик*; қаз. *зат есім* // қырғ. *зат атооч*; қаз. *сын есім* // қырғ. *сын атооч*; қаз. *сан есім* // башқ. *һан* // ққалп. *san* // қырғ. *сан атооч* // түркім. *сан* // өзб. *сон*; қаз. «шылау» мәнін беретін қырғ. *байламта* // әзірб. *bađlayıcı* // түрік. *bađlaç* // түркім. *баглайжы* // өзб. *тенг боғловчи* және т.б. терминдер түбір - негіздері, ұғымдық-мағыналық және терминжасамдық тәсілдері тұрғысынан келгенде жалпытүркілік ортақтықтың қазіргі түркі терминологиясындағы сақталу, ары қарай қатарласа дамуын көрсететін болса, енді бірқатар терминдер түркі тілдері сөздік құрамының араб-парсы кірме қабатындағы ортақтықтарға негізделеді. Мысалы: қаз. *зат есім* — башқ. *исем* // әзірб. *isim* // түрік. *isim*; қаз. *сын есім* — башқ. *сифат* // әзірб. *sifət* // түрік. *sifat* // түркім. *сыпат* // өзб. *сифат*; қаз. *етістік* — әзірб. *fel* // түрік. *fiil* // өзб. *феъл*; қаз. *шырай* — башқ. *дәрәжә* // ққалп. *dáreje*; қаз. *үстеу* — әзірб. *zərf* // түрік. *zarf*, ал башқ. *рәуеш* // ққалп. *ráwıř* // өзб. *равиш*; қаз. *еліктеуіш* — әзірб. *təqlidi (sözler)* // түрік. *taklidi (sözler)* // тақлидий (сўзлар) және т.б. Мұндай ортақтықтар түркі тілтаным ғылымының морфология саласының метатілін қалыптастыру және терминдер номенклатурасын жасау барысында түркі тілдері арасында терминологияның бірізденуіне алып баратын терминалмасым үдерісі орын алғанын айғақтайды.

Қорыта айтқанда, қазіргі түркі тілтаным ғылымының терминологиялық аппаратында орын алып отырған бірізділік А.Байтұрсынұлының қазақ және түркі терминологиясына қатысты қағидаттарының өміршеңдігін көрсетеді, сонымен қатар түркі тілдерінің салалық терминологиясын біріздендіруде түркі тілдеріне ортақ лексикалық қор мен ортақ терминжасам модельдерінің әлеуеті ерен екенін танытады.

Қазақ тілі	Қырғыз тілі	Әзірбайжан Тілі	Түрік тілі	Түрікмен тілі	Өзбек тілі
біріккен сөз	бирикме	<i>birləřmə söz</i>	<i>bitiřik (söz)</i>	бириген сөз	бирга қўшилған (сўз)
қос сөз	кош сөз	<i>qořa (söz)</i>	<i>çift (söz)</i>	гоша, жүбт	қўшма сўз
қысқарған сөз	қысқарған сөз	<i>qısalđılmıř</i>	<i>kısaltılmıř</i>	ғысгалдылан	қисқартирилған (сўз)

		(söz)	(söz)		
түбір сөз	уңгу сөз	əsas, kök	kök	дүйп сөз	ўзақ
туынды сөз	туунду сөз	törəmə (söz)	türemiş kelime	ясама сөз	ясама (сўз)
сөз тіркесі	сөздердүн айкалышы	(söz)birləşm əsi	takım	сөзлер бирикмеси	сўз бирикмаси
көптік	көптүк	чәм, чәм саж	çoğul	көплүк	кўплик
зат есім	зат атооч	isim	isim	ат	от
сын есім	сын атооч	sifət	sıfat	сыпат	сифат
сан есім	сан атооч	say	sayısifatı	сан	сон
есімдік	ат атооч	əvəzlik	zamir	чалышма	олмош
етістік	этиш	fel	fiil	ишлик	фешл
үстеу	тактооч	zərf	zarf	хал	равиш
шылау	байламта	bağlayıcı	bağlaç	баглайжы	тенг боғловчи
еліктеуіш сөздер	окшогон сөздөр	təqlidi sözlər	taklidi sözler	өйкүнме, меңзетме сөзлер	таклидий (сўзлар)
одағай	сырдык сөз	nida	ünlem	үмлүк	ундов сўз

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Өзбекстан президенті Шавхат Мирзиёевтың Егемен Қазақстан газетіне берген сұхбаты. Жарқын болашақты бірге құрамыз // Egemem Qazaqstan. №231 (302110). – 4 Желтоқсан, 2021.

2. Телебаев Г.Т.Тюркская интеграция: история осмысления и инициативы Елбасы // Вестник ҚазНУ. Серия философии, культурологии и политологии. №2 (76), 2021. – 123 – 130 б. <https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/>

3. Иембекова М.О. Қазақстан және түркі әлеміндегі ықпалдасу үдерісі // Білім –Образование. № 4, 2011. – 27– 30 б.

4. Парубочая Е Ф. Интеграция тюркского мира на современном этапе // Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2016, № 6(68): в 2-х ч. Ч.1. – С.147-151. <https://www.gramota.net/materials/3/2016/6-1/>; [cyberleninka.ru](http://cyberleninka.ru)

5. Құрманбайұлы Ш. Терминдерді біріздендіру түркі тілдері арасында жүйелі жүргізілуі тиіс // <https://anatili.kazgazeta.kz/news/7894%206>
6. Түркітілдес елдердің терминқорын қалыптастыру тәжірибелері. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.- Астана, 2011.
7. Сыздық Р.Ұлттық білім-ғылымымыздың көшбастары //Қазақстан мектебі, 1998. № 6.
8. Сыздық Р.Ахметтану: бүгіні мен болашағы // Тіл және ұлттық мәдениет.- Түркістан, 2005.-316б.
9. Джусупов М., Ибраймов Қ. Ахмет Байтұрсынұлы: Ғылымтаным. Терминжасам. Стилистика.-Алматы: «Әлем», 2015.-215бет.
10. Құрманбайұлы. Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. Астана, 2004.
11. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы. 1992, 425-бет.

# XXI ҒАСЫРДАҒЫ ТАТАР ТІЛІ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ

## DEVELOPMENT OF THE TATAR LANGUAGE TERMINOLOGY IN THE 21st CENTURY

*Ольга Николаевна ГАЛИМОВА\**

### **Аңдатпа**

Мақалада әскери, биологиялық және компьютерлік терминдер жүйесін мысалға алына отырып XXI ғасырдағы татар тілі терминологиясының дамуы қарастырылады. Терминологиялық сөздіктердегі ақпарат көлемі жыл сайын артып келе жатқаны анықталды. Бұған сөздіктердің көп тілді болуы, тіркелген терминдер санының өсуі, түсіндірмелер мен қосымша ақпараттың енгізілуі ықпал етеді. Татар тілінің терминологиялық қоры төл термин жасау және кірме терминдерді қабылдау процестері нәтижесінде белсенді түрде толығып жатқаны анықталды.

**Кілт сөздер:** татар тілі, терминология, терминологиялық сөздіктер, кірме және калькаланған терминдер.

### **Abstract**

The article on the example of military, biological, computer terminological system examines the development of the Tatar language terminology in the 21st century. It has been established that the amount of information in terminological dictionaries is growing every year, which is facilitated by the multilingualism of dictionaries, an increase in the number of fixed terms, the inclusion of interpretations and other information. It was revealed that the terminological fund of the Tatar language is actively replenished due to the processes of primordial term formation and borrowing.

**Key words:** The Tatar language, terminology, terminology dictionaries, borrowed and traced terms.

### **Кіріспе**

Белгілі болғандай, терминология мәселелері бүгінде тіл білімінде ең өзекті мәселелердің бірі болып саналады [40; 145–146]. В.И. Сифоров пен Т.Л. Кандакидің терминология мәселелері тек ұлттық-тарихи мәселе ғана емес, сонымен қатар дүниежүзілік ғылым тарихы, адамзат өркениеті тарихы және халықтар арасындағы өзара түсіністікті іздеу жолдарына қатысты халықаралық мәселе болып табылатынын айтады [35; 47]. Еуропа кеңесі терминологияны тіпті XXI ғасырдың негізгі проблемасы ретінде таниды [44;

---

\* Татарстан Республикасы Ғылым Академиясы Г. Ибрагимов атындағы Тіл, әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, Olga\_77@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2316-2611

140].

Жаһандану мәселелеріне байланысты терминологияны ұлттық және жаһандық деңгейде дамыту процестеріне назар аударылады. Татар ғалымы М. Хайруллин жаһандану мен халықаралық терминологияның дамуын зерттей отырып, жаһанданудың татар тіліне кері әсерін тигізетінін, сонымен қатар халықаралық терминдердің тілге енуіне жол бермеу мүмкін еместігін атап өтеді. Екінші жағынан, терминдердің көптеген тілдер үшін ортақ болуы белгілі бір дәрежеде пайдалы әрі қажетті факт деп есептейді [47; 44, 46].

Терминологияны ұлттық деңгейде дамыту дегеніміз – ғылымның барлық салаларында ұлттық терминология қалыптастыру дегенді білдіреді [44; 140].

«Татар тіліндегі салалық терминология өз ұлттық дәстүрлері негізінде қалыптасқан» [41; 271]. Оның терминологиялық сөздіктер жасауда да бай тәжірибесі бар. Алғашқы терминологиялық сөздіктердің Қ. Насыйри есімімен байланысты екені белгілі. 1890 жылы оның *«Истиляхате жәғгърафия»* («География терминдері») атты еңбегі басылып шыққан. Сонымен қатар, 1892 жылы шыққан *«Русша-татарша ләгат»* («Орысша-татарша сөздік») еңбегіне қосымша ретінде ғылым терминдері мен кірме сөздердің сөздігін де ұсынған.

1894 жылы жарық көрген *«Гөлзар вә чәмәнзар, яғъни үләнлек вә чәчәклек»* («Шөптер мен гүлдер бақшасы») кітабында «аталған өсімдіктердің орысша және латынша атауларының» сөздігі берілген. Ғалым терминологияны татар тілі негізінде дамыту, халықтың ана тілі сөздерін термин ретінде пайдалану қажеттігін дәлелдеп, өз еңбектерінде татар сөздерін термин ретінде қолдану мүмкіндіктерін көрсеткен.

Қ. Насыйридың осы салада бастаған жұмысы туралы көптеген еңбектерде жан-жақты жазылған [46; 101, 11:41; 271–272: 14; 179–180].

Татар терминологиясының дамуында екі өрлеу кезеңін көрсетуге болады: 1) ХХ ғасырдың 20–30-жылдары; 2) ХХ ғасырдың 90-жылдары. Әр екі жағдайда да қозғаушы күш ретінде экстралингвистикалық факторлар әрекет етеді. Мысалы, ХХ ғасырдың 90-жылдарындағы даму «Татарстан Конституциясында татар тілінің мемлекеттік тіл ретінде белгіленуі, оның қоғамда қолдану аясын кеңейту, ұлттық сананың өсуі, қоғамның демократиялануы, ұлттық мектептердің дамуы, жоғары оқу орындарында пәндерді татарша оқыта бастау және жалпы ұлттық білім беру жүйесіндегі өзгерістер, сондай-ақ “Татарстан Республикасы халықтарының тілдерін сақтау, үйрену және дамыту бойынша мемлекеттік бағдарлама” қабылдануымен [41; 271] байланысты болған.

Бұл жылдары ғалымдардың мәліметінше, 15-тен астам сөздік жарық көрген [14; 186–187]. Бұл өрлеу ХХІ ғасырда да жалғасын тапты: 2000-жылдардың басында шыққан сөздіктер сол даму процесінің нәтижесі болып табылады.

ХХІ ғасыр — ғылымдардың жедел дамыған, интернет желісін кең көлемде пайдаланатын, ақпарат алмасудың артқан дәуірі. Бұл, өз кезегінде, терминологияға да әсер етті. Қазіргі кезеңдегі терминология дамуының




айкын ерекшелігі — оның қарқынды өсуінде. Ғылымдардың ұсақ салаларға тармақталуы, бір немесе бірнеше ғылым тоғысында жаңа салалардың пайда болуы қазіргі салалық терминдердің өзіндік дара түрде қалыптасуына алып келуде.

Жаңашылдықтар жаңа терминологиялық сөздіктер құруды, жеке ғылымдардың сөздіктерін жаңартуды, пайда болған жаңа атауларды жинақтап, жүйелеуді талап етеді. Сонымен қатар, «2014–2022 жылдары Татарстан Республикасының мемлекеттік тілдері мен басқа да тілдерін сақтау, үйрену және дамыту» мемлекеттік бағдарламасы аясында жұмыстарды басып шығару терминологияны жүйелеуге және дамытуға елеулі үлес қосты.

Бүгінгі таңда татар тілінде 20-дан астам ғылым және шаруашылық саласы бойынша терминологиялық сөздіктер құрастырылған (сызбаны қараңыз).

Татар тіліндегі терминологиялық сөздіктер (ғылым салалары бойынша) төмендегідей салаларды қамтиды:



XXI ғасырда сөздік терминологиясы тіркелген, бірақ жылдар бойы даму мен өзгерістерге ұшыраған, байыған ғылыми салалардың атауларын да, ғылымның жаңа тармақтары атауларын да жинайды. Мысалы, математика терминдері алғаш рет «Орысша-татарша атаулар сөздігі: физика, математика, астрономия бойынша» (1931) сөздігінде берілген, одан кейін Х. Халиков, И. Алексеева, З. Ишаевтың «Элементар математика терминдері жинағы» (1935), И. Алексеева, Х. Халиковтың «Орысша-татарша математикалық терминдер сөздігі» (1949), В.З. Закиров, З.Г. Мортазинның «Орысша-татарша математикалық терминдер сөздігі» (1970), авторлар ұжымы жасаған

«Математикадан орысша-татарша анықтамалы сөздік» (1997) және «Математикалық терминдердің орысша-татарша анықтамалы сөздігі» (2013), Л.Л. Салехова, Н.К. Тұқтамышовтың «Математика: орысша-татарша-ағылшынша терминологиялық сөздігі» (2014) тіркелген. Биология терминдерін М. Қорбан редакциясында шыққан «Табиғат және биология терминдері» (1935), авторлар ұжымы жасаған «Орысша-татарша биология терминдері сөздігі» (1972, 1985), «Биологиядан орысша-татарша анықтамалы сөздік» (1998), сондай-ақ «Табиғат әліппесі» сериясында 6 кітап болып шыққан «Орысша-татарша, татарша-орысша биология терминдері сөздіктері» (1996–2001), Г. Саберованың «Татарша-орысша-латынша өсімдік атаулары сөздігі» (2002) және Э. Сафиананың «Татарша-орысша-латынша құс атаулары сөздігі» (2018), О. Галимованың «Балық атауларының татарша-орысша-латынша анықтамалы сөздігі» (2019), И. Сабитова мен Г. Саберованың «Өсімдік атауларының татарша-орысша анықтамалы сөздігін» (2020) табуға болады. Соңғы сөздіктер оқырманға биология ғылымының арнайы тармақ атауларын ұсынады.

Ғылымның жаңа салаларының терминдерін жинақтап, ХХІ ғасырда басылып шыққан сөздіктер арасында төмендегілерді айтуға болады: Ж. Сөлейманов, Ә. Ғалимжановтың «Информатика бойынша орысша-татарша сөздігі» (2001), Ж. Сөлейманов, Ә. Ғалимжанов, М. Вәлиевтің «Информатика және ақпараттық технологиялар терминдері: ағылшынша-татарша-орысша анықтамалы сөздігі» (2006), А.Ә. Тимерханов, Ф.И. Таһирова, Р.Т. Сәфәровтың «Ағылшынша-орысша-татарша компьютер терминдері сөздігі» (2015); Ф. Хәкимжанов, Р. Шакиржанов, З. Хәбипова, М. Минһажевтің «Орысша-татарша мұнай өнеркәсібі сөздігі» (2004); Т. Якуповтың «Орысша-татарша биохимиялық атаулар сөздігі» (2000), М. Ғиләжев, С. Мортазина, Ф. Ғаффарованың «Агрохимия және топырақтану терминдерінің орысша-татарша анықтамалы сөздігі» (2003); Н. Ғарифуллиннің «Менеджмент: Орысша-ағылшынша-татарша анықтамалы сөздігі» (2010), «Кәсіпкерлік, менеджмент, маркетинг және сауда ісі: Орысша-ағылшынша-татарша анықтамалы сөздігі» (2006, 2014).

ХХІ ғасыр сөздіктері туралы сөз болғанда, татар халқының көне кәсібі (егіншілік, мал шаруашылығы, тоқымашылық, тігіншілік, арашы, теміршілік, зергерлік, құрылыс жұмыстары, оқу-оқыту, сауда-саттық, киіз етік басу, шал байлау және басқа да) салаларымен байланысты атауларды жинақтаған сөздіктерге де үлкен назар аударылып жатқанын айту қажет. «Көптеген халықтарға бұл кәсіптердің белгілі болуы, оларға қатысты кәсіби лексиканың түсініктілігі оның терминологиясын жалпы халық лексикасына жақындатқан» [41; 271]. Бүгінгі күні осы топтағы атаулардың сирек қолданылатыны байқалады, сондықтан оларды сөздіктерге тіркеп қою қажеттілігі туындайды. Р.К. Рәхимованың экспедицияларда жүріп, татар тілдері арасында жинап, зерттеп құрастырған «Татар зергерлік кәсібінің лексикасы мен сөздігі» (2002), «Татарша-орысша тоқымашылық және тігіншілік атаулары сөздігі» (2018) [21, 22] осы мақсатқа қызмет етеді.

Жалпы алғанда, ХХІ ғасырдың бірінші ширегінде басылған

терминологиялық сөздіктердің саны, біздің есептеуіміз бойынша, 30-дан астам болады. Олардың арасында үш тілде жасалған түсіндірмелі сөздіктер де бар. Бұл сөздіктердің пайдаланушыға көбірек және толық ақпарат беретінін көрсетеді.

Терминологияның даму бағыттарын анықтау үшін, енді қалыптасып келе жатқан терминология, әдетте, «ескі» терминологияның даму кезеңдерін қайталайды деп айтуға болады. Осы тұрғыдан алғанда, құрамында бабалық терминдер, яғни прототерминдер көп болатын әскери терминология мен биология терминологиясы, әсіресе оның зоология саласы, салыстырмалы түрде жаңа болған компьютер терминологиясы қарастырылды. Бұл әртүрлі уақытта пайда болған терминдік жүйелердің қазіргі даму кезеңіне тән ортақ және ерекшелік тұстарын айқындауға, сондай-ақ терминология дамуының жалпы тенденцияларын анықтауға көмектеседі.

Салыстыру үшін әртүрлі жылдары шыққан бірдей салалық атаулар сөздіктеріне назар аударылды. Мысалы, «Қысқаша орысша-татарша әскери терминдер сөздігі (толмач)» (1926) сөздігінде 1860-тан астам термин және терминологиялық сөз тіркестері, Р. Мұғиновтың «Орысша-татарша әскери терминдер сөздігі» (2000) сөздігінде 8000-нан астам бірлік, Р. Сафаровтың «Татарша-орысша әскери лексика сөздігі» (2000) сөздігінде 1000-нан астам сөз берілген. Сан жағынан алғанда үшінші сөздікте артықшылық жоқ, бірақ ол татар халқының мақал-мәтелдерінде, ескі әдебиетте, тарихи романдарда кездесетін әскери сөздерді жинақтауымен ерекшеленеді. Бұл еңбекте ғана, мысалы, «арсенал» сөзінің қайнар көздердегі қару-жарақ қоймасы баламасын, «арьергард» сөзіне сәйкес келетін татар дастандарында кездесетін «аркавил» сөзін, «жауынгерлік айқай» мағынасына ие «әвер» сөзін табуға болады.

Орыс тіліндегі «разведка» (барлау) сөзінің баламалары ретінде авторлар орыс тілінен алынған «разведка», татар тілінің өз құралдары арқылы жасалған «күзетшілік» сөздерін ұсынады. «Қысқаша орысша-татарша әскери терминдер сөздігі (толмач)» (1926) еңбегінде «мишень» сөзінің татар тіліндегі баламасы көрсетілмейді, ал Р. Мұғинов пен Р. Сафаровтың сөздіктерінде «мәрә» / «мәрәй» сөздері беріледі. Бұл татар тілінің өз тіл байлығы, ежелден сақталып қалған лексемалардың зерттелуі, жалпы терминологияның көптеген аспектілерін қарастыру нәтижесі болып табылады.

Әскери терминологияда шетел сөздерінің көлемі аз емес. Татар тілінің әскери лексикасын терең зерттеген Р. Сафаров орыс және еуропа кірме терминдерінің XVIII–XIX ғасырдың басында, ал араб және парсы кірме терминдерінің X ғасырдың басында енгенін, ең көне кірме терминдердің қытай мен ежелгі парсы тілдеріне жататынын айтады [31; 90-91]. Бүгінгі күні де әскери терминологияда, экстралингвистік факторларға байланысты, кірме терминдердің саны артатыны байқалады, олар да татар тілінің сөздіктеріне кірген. Мысалы, тілге енген "дрон", "коптер", "квадрокоптер" және басқа сөздер. Бұқаралық ақпарат құралдарында сондай-ақ *пилотсыз очкыч*

"пилотсыз ұшақ", *пилотсыз квадрокоптер* "пилотсыз квадрокоптер", *пилотсыз очу аппаратлары* "пилотсыз ұшу аппараттары", *пилотсыз очу системасы* "пилотсыз ұшу жүйесі" сөз тіркестері қолданылады [20].

Биология терминологиясы күрделі жүйені құрайды және көптеген терминдерді біріктіреді. Татар терминологы Ф. Фасеев осы саланың объектілерінің көптігі жұмысты қиындататынын, дайын терминдерді табу мүмкін еместігін, сондықтан кірме терминдерді қабылдап, калькалар жасау қажеттігін айтады. Бұл салада терминдерді тәртіпке келтіру және биологиядағыдай нақты ғылыми унификация қажет екенін атап өтеді, оның практикалық маңызының үлкен екеніне баса назар аударады. Ғалым татар терминологиясы туралы еңбегін ХХ ғасырдың 60-жылдарында жазған. Мұнда ол бұрын шыққан сөздіктерді талдай отырып, орысша-татарша қарапайым аударма сөздігінің жетіспейтінін, ал орысша-латынша-татарша түсіндірмелі және суретті сөздіктердің қажеттігін айтады. Ф. Фасеевтің татар тіліндегі биологиялық терминологияны унификациялау жөніндегі берген бағыты бүгін де маңызды болып табылады және соңғы жылдары шыққан сөздіктерде жүзеге асырылуда.

Айтқанымыздай, биология терминдері сөздіктері көп. Оларда терминдердің саны төмендегідей өзгеріп отырады: «Табиғат және биология терминдері» (1935) сөздігінде 5250-ге жуық атау тіркелген, «Орысша-татарша биология терминдері сөздіктерінде» (1972, 1985) 6700 шамасында атау, «Биологиядан орысша-татарша түсіндірмелі сөздікте» (1998) 10 000-ға жуық атау бар. Бұл сөздіктерде биологияның әртүрлі бөлімдеріне қатысты терминдер мен терминологиялық сөз тіркестері тіркелген, ал «Табиғат әліппесі» сериясында шыққан «Орысша-татарша, татарша биология терминдері сөздіктерінде» (2001) жеке бөлімдердің – ихтиология, герпетология, орнитология терминдері жинақталған. Балықтар, жер-суды мекендейтін жануарлар, жылантәрізділер кітабында 1000-нан астам атау, (оның 500-ден астамы ихтионим), құстар кітабында 1400-ден астам атау келтірілген (оның 1200-ден астамы орнитоним). 2018 және 2019 жылдары шыққан Э. Сафинаның түзген «Татарша-орысша-латынша құс атаулары сөздігіне» және О. Ғалимова түзген «Балық атауларының татарша-орысша-латынша түсіндірмелі сөздігіне» 1700-ден астам орнитоним және 1800-ден астам ихтионим жиналған. Бұл сөздіктердің татар тіліндегі терминологиясы үшін маңызы тағы да сол: оларда классификация терминдері (отряд, тұқымдас, туыс атаулары) жүйеленіп берілген, ал бұл салада татар тілінде шатасулар байқалған еді, диалектілерде қолданылған атаулар терминдер категориясында көрсетілген (барлығы 279 диалектизм; 113 – диалектілік орнитоним, 166 – ихтионим), осылайша диалектілік атаулар жеке бөлініп көрсетілген. Жалпы, айтылған екі сөздікке 3500-ден астам зоология термині жиналған.

Өсімдік атаулары сөздіктерінде де терминдердің санының артуы байқалады: Г. Саберованың «Татарша-орысша-латынша өсімдік атаулары сөздігінде» (2002) 1700 сөз болса [43], И. Сабитова мен Г. Саберованың «Өсімдік атауларының татарша-орысша түсіндірмелі сөздігінде» (2020) 1900

сөз берілген [29] (кестені қараңыз).

Осылайша, 2018–2020 жылдары шыққан үш сөздікте биологияның бірнеше саласынан 5400-ге жуық атаулар жүйеленіп берілген. Сондай-ақ, бұл сөздіктер ғылымның белгілі бір салаларының атауларын тереңдетіп зерттеу нәтижесінде құрастырылғанын да айта кеткен жөн.

Биология терминдері сөздіктеріндегі бірліктердің саны туралы кесте:

Сөздік атауы	«Табиғат және биология терминдері». 1935	«Орысша-татарша биология терминдері сөздігі». 1972	«Орысша-татарша биология терминдері сөздігі». 1985	«Биологиядан орысша-татарша түсіндірмелі сөздік». 1998	«Табиғат әліппесі. Құстар». 2001	«Татарша-орысша-латынша құс атаулары сөздігі». 2018	«Табиғат әліфбасы. Балықтар. Қосмекенділер. Жорғалаушылар. 2001»	«Балық атауларының татарша-орысша-латынша түсіндірмелі сөздігі. 2019»	«Татарша-орысша-латынша өсімдік атаулары сөздігі. 2002»	«Өсімдік атауларының татарша-орысша түсіндірмелі сөздігі. 2020»
Бірліктер саны	5250	6700 шамасы	6700-ден астам	10 000	140 0	1700	1 000	1800	1700	1900

Сөздіктерде терминдердің көбеюі күтілген құбылыс, өйткені ғалымдардың айтуынша, жаңа объектілерді атау үшін тілде жаңа сөздер күн сайын пайда болады немесе таныс сөздер жаңадан қолданыла бастайды. Зерттеулер көрсеткендей, жаңа сөздердің бір бөлігі кірме терминдерден тұрады. Мысалы, балықшылық лексикасында кірме атаулар 41%-ды құрайды, сондай-ақ татар орнитологиялық лексикасында да кірме терминдер айтарлықтай көп. Шет тілдерден алынған сөздер, әдетте, жаңа құбылыстарды, заттарды немесе татар халқына әлі таныс емес жаңа жануар түрлерін атауға пайдаланылады. Мысалы, «Табиғат әліппесі» сериясынан шыққан сөздіктерде ауха, вырезуб, паляя, луфарь, лялиус сияқты атаулар тіркелген болса, «Татарша-орысша-латынша құс атаулары сөздігі» мен «Балық атауларының татарша-орысша-латынша түсіндірмелі сөздігі» кітаптарында кариама, зонострихия, люрик, якана, юнко, бишир, дианема, дискус, дорас, уару сияқты атаулар ұсынылған. «Tatarica онлайн-энциклопедиясында» да жануарлар туралы жазғанда көптеген шет тілдерден алынған сөздер пайдаланылады (моноплакофор, ахатина, вальват, монодакна), бірақ олар әлі сөздіктерге тіркелмеген [7; 1689].

Зоология терминдерінде де атаулардың орыс тілінен кальктануы жиі кездеседі. Мысалы, лягушкорот – *бакаавыз*, кулик-сорока – *шөлди-саескан*, бананоед – *бананашар*, остронос – *очлыборын*, синеглазка – *зәңгәркүз*, львиноголовка – *арысланбаш* сияқты атаулар тіркелген. Сонымен қатар,

зоонимдердің түр компонентімен жасалуы да байқалады: *нурбалык, зебра балык* [6;100, 61], *атбалык* [2; 23], *ташучы кош, үлән шөлдіе* [33; 136, 141] сияқты атаулар да кездеседі. Бұл әдіс зоология терминдерін жасауда өнімді болып келеді.

Екінші жағынан, татар әдеби тілінде бұрыннан қолданылып келген сөздердің терминологиялық мағына алуы, диалектизмдердің терминологиялық жүйеге кіріп кетуі де байқалады. Мысалы, араб тілінен алынған *былбыл* сөзі әдебиетте «сандугач» мағынасында және сүйікті адамға арналып қолданылатын сөз ретінде пайдаланылып келген. «Татарша-орысшалаатынша құс атаулары сөздігі» бойынша, ол «былбыл құстар отбасынан сойыршақ үлкендіктегі шағын ғана сайрағыш құс» мағынасында және орысша «бюльбюль» орнитонимінің эквиваленті ретінде беріледі. *Мелтәй* диалектизмі *менёк* сөзін алмастырады. Бұлар туған тілдің лексикалық байлығын пайдаланудың айқын көрінісі болып табылады.

Зоология терминологиясында жануарлар атауларының қабаттары бүгінгі таңда жаңа түрлердің атаулары есебінен де кеңейіп жатыр. Олар екі не одан да көп компоненттен тұрады. Мысалы, «Табиғат әліппесі» сериясындағы орысша-татарша терминологиялық сөздіктерде *ләкләк* сөзі астында ақ ләкләк, Шығыс Азия ләкләғы, үлкен тұмсықты ләкләк, ашық ауызды ләкләк, қара ләкләк, ал *акула* сөзі астында алып акула, кит тәрізді акула, тікенекті акула, мойынды акула, плащты акула, поляр акуласы, қарапайым акула деген атаулар берілген. «Татарша-орысшалаатынша құс атаулары сөздігі» (2018) шығарылымында *ләклак* сөзі астында Африка ашық ауызды ләкләғы, кит бастық ләкләк, король ләкләғы, марабу ләкләғы сияқты орнитонимдер, ал «Балық атауларының татарша-орысшалаатынша түсіндірмелі сөздігі» (2019) басылымында акула сөзі астында зебра акуласы, қара ауызды акула, жеті саусақты акула, аллигатор акуласы, кішкентай акула, күрек акула сияқты ихтионимдер көрсетілген [6; 15–22].

Информатика және компьютер технологиялары терминологиясы – жаңа қалыптасып келе жатқан терминологиялардан бірі. Дегенмен, компьютер дәуірі болғандықтан, жаңа болуына қарамастан, бүгін пайда болған терминдер тез арада тілге еніп, татар тілді қолданушылар тарапынан белсенді түрде қолданылуда. Мамандардың айтуынша, компьютер технологиялары мен информатика терминологиясы татар тілінде 1990-жылдары қалыптаса бастады. Осы жылдары алғашқы татар редакторлары, мәтін корректорлары, морфологиялық талдаушылар, мамандардың татарша-орысша интерфейсті автоматтандырылған жұмыс орындары пайда болды [37; 61]. Бұл арнайы атауларды жасау, жүйелендіру мәселесін көтерді.

Татар тілінде, айтқанымыздай, осы сала атауларын жинақтаған бірнеше сөздік бар. Олардың алғашқысына Ж. Сөлейманов пен Ә. Ғалимжановтың «Информатика бойынша орысша-татарша сөздік» (2001) 2000-нан астам сөз [36], ал «Ағылшынша-орысша-татарша компьютер терминдері сөздігіне» (2015) 3000-нан астам сөз енгізілген [3].

Белгілі болғандай, ұлттық тілдерде компьютер терминологиясы қазіргі таңда кірме терминдер мен калькалар арқылы кеңейіп жатыр. Жалпы,

әлемнің көптеген тілдеріндегі компьютер терминологиясы ағылшын тіліндегі компьютер терминологиясына қатысты екінші реттік сипатқа ие, терминдер ағылшын тілінен алынып, калькаланады [15; 4]. Орыс тілінде де, оның орыс тілі аумағында қалыптаса бастағанына қарамастан, ағылшын тілінің әсеріндегі терминология екендігі айтылады [19]. Мысалы сканер, монитор, модем, нетбук, мультимедиа, гаджет сияқты терминдер ағылшын тілінен алынған. Татар тілінде терминдер, әдетте, орыс тілінен калькаланады. Мысал ретінде, многопоточность – күпагымлылык, многопользовательский – күпкулланучылы, человеко-лет – кеше-ел сияқты сөздерді келтіруге болады [3; 157, 147]. Сонымен қатар, компьютер терминологиясында басқа терминологиялық жүйелерден алынған тәймә, керенте, тапкырлаучы, тәрәзә, өзеклек, йозак, юл, исемлек, челтәр сияқты атауларды да, жаңа жасалған «волосяная линия» мағынасындағы кылсызык, «анонимайзер» мағынасындағы исем яшергеч сияқты неологизмдерді де көруге болады [3; 138, 139, 114, 126, 157, 146]. Жаңа сөздер туралы сөз қозғалғанда, компьютер технологиялары саласының мамандары кірме терминдер татар тілінің талаптарына, ережелеріне сай келмейді деп [37], тілдің өз құралдары арқылы жаңа атаулар жасауға тырысатынын да айта кету керек. Мысалы, олар компьютер мағынасында жасанды санақ сөзін ұсынған [36; 42]. Бұл сөз кең қолданысқа кірмесе де, сөздіктерге тіркелген [3; 142] және терминдер саласындағы ізденістерді көрсетіп тұр.

Сөздіктерге жасалған талдау осы салада терминологиялық сөзтізбелердің көп екенін және жыл сайын көбірек тіркеліп жатқанын көрсетеді. Мысалы, «хәтер» сөзі (ол анықтаушы компонент ретінде де, анықталушы компонент ретінде де қолданыла алады) негізінде жасалған «ирекле эш хәтере», «туры эш хәтере», «оператив хәтер», «ЭВМ хәтере», «турыдан-туры эш хәтере», «хәтер чыбы», «хәтер күләме», «хәтер модуле», «хәтер сегменты», «хәтерне саклау» сияқты сөзтізбелер, 2015 жылы шыққан терминологиялық сөздіктен көрініп тұрғандай, «хәтер микросхемасы», «хәтер киңәйтү платасы», «хәтер диспетчеры», «компьютер хәтере» сияқты жаңа сөзтізбелермен байыған [3; 151]. «Тычкан» сөзінің де сөзтізбелері көп: «тычкан тәймәсе», «тычкан белән чиртү», «тычкан курсоры», «тычканаслыгы», «тычкан порты», «чыбыксыз тычкан» [3; 156, 65]. Сөзтізбелер негізінен екі-үш компонентті: «китапча урнаштыру», «калыкма тәрәзә», «өстенлекле көйләүләр», «тычканның төп тәймәсе», «кулланучының көйләү параметрлары» [3; 181, 183, 184, 186] және басқалар. Сөзтізбелердің, мысалы, бұрын биология саласында байқалғандай, қысқаруға ұмтылысын да көруге болады: «программалаштыру системасы – ПС», «ясалма интеллект – ЯИ», «даими хәтер жсайланмасы – ДХЖ», «Глобаль мобиль элемент системасы – ГМЭС», «гамәли программалар пакеты – ГПП» [3; 111, 25, 188, 192, 23]. Сөзтізбелердің тағы бір түрін қысқартылған сөзтізбелер құрайды. Қысқартылған сөзтізбелер әлі де қысқа. Алайда, бұл құбылыс біздіңше, қысқартулардың да, мағынаны нақтылау себепті, кеңеюге ұмтылысын көрсетеді. Қысқартулар кірме термин болуы да, татар тіліндегі

терминнің қысқарып жасалуы да мүмкін: «GPS алгыч», «ANSI символары жыелмасы», «CD яздыру тизлеге», «CASE технологиясе», «ЦМД хәтере», «МБ вакыйгасы», «МБИС кушымтасы» [3; 116, 21, 44, 55, 40, 74] және басқалар.

Сонымен, белгілі бір сала терминдерін жинақтаған сөздіктердің саны да, оларға жиналған бірліктердің саны да жыл өткен сайын артып келеді. Сөздіктердегі атаулардың саны көбейіп, ғылым саласына, қойылған мақсатқа және басқа факторларға байланысты болса да, қазіргі уақытта сала терминологиясының көлемі бойынша өскенін де көрсетеді.

Көрсетілген салалардың терминдері бүгінгі таңда әрі кірме, әрі тілдің өз құралдары арқылы жасалған атаулар есебінен байып келеді. Терминдер жасауда дәстүрлі модельдер әлі де белсенді, сондай-ақ әдеби тіл сөздерін терминдеу, диалектілерден сөздер алу үрдісі байқалады. Терминологияны айтарлықтай байытатын бірліктердің рөлін екі немесе одан да көп компоненттен тұратын сөзтізбелер, түрлі атаулар атқарады. Айрықша салаларда қысқартылған сөзтізбелер де жасалады. Бұл құбылыс мағынаны нақтылаудың әлі толық емес екенін, қысқартулардың кеңеюге бағыт алғанын көрсетеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Азбука природы. Птицы. Русско-татарский, татарско-русский словарь биологических терминов [= Табигать элифбасы. Кошлар. Русча-татарча, татарча-русча биология терминнарысүзлеге] / сост.: А.Б. Халидов, В.И. Гаранин. – Казань: Магариф, 2001. – 95 стр.

2. Азбука природы. Рыбы. Земноводные. Пресмыкающиеся Русско-татарский, татарско-русский словарь биологических терминов [= Табигать элифбасы. Балыклар. Жир-су хайваннары. Сөйрәлүчеләр. Русча-татарча, татарча-русча биология терминнарысүзлеге] / сост.: А.Б. Халидов. – Казань: Магариф, 2001. – 79 стр.

3. Англо-русско-татарский словарь компьютерных терминов / сост. А.А. Тимерханов, Ф.И. Тагирова, Р.Т. Сафаров; науч. ред. Д.Ш. Сулейманов, А.А. Тимерханов. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2015. – 239 с.

4. Биологический русско-татарский толковый словарь: ок. 10 000 слов [= Биологиядәнрусча-татарчааңлатмалысүзлек: якынча 10 000 сүз] / авт.: Ф.Г. Ситдиков, Р.К. Закиев, А.Б. Халидов, И.Ш. Макалеев, Р.Х. Файзрахманова, И.И. Рахимов, Ф.Г. Иштирякова; под ред. Ф.Г. Ситдикова, Р.К. Закиева. – Казань: Магариф, 1998. – 656 стр.

5. Бятикова О. Н. Лексика рыболовства в татарском литературном языке. – Казань: ИЯЛИ АН РТ, 2005. – 151 стр.

6. Галимова О.Н. Балык атамаларының татарча-русча-латинча аңлатмалы сүзлеге. – Казан: ТӘҺСИ, 2019. – 204 б.

7. Галимова О.Н. Малаконимы в татарском языке: формирование и развитие // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов, 2024. – Т. 17. Вып. 5. – Стр. 1683–1691.

8. Гарифуллин Н. К. Менеджмент буенча татарча-инглизчә-русча сүзлек



[= Татарско-англо-русский словарь по менеджменту]. – Казан: Казан дәүләт фин.-экон. ин-ты нәшр., 2006. – 62 б.

9. Гарифуллин Н. К. Предпринимательство, менеджмент, маркетинг и торговое дело: Русско-англо-татарский толковый словарь: 1222 термина и 777 слов. статей [= Business, Management, Marketing and Trading: Russian-English-Tatar Explanatory Dictionary: 1222 terms and 777 dictionary entries = Эшмәкәрлек, менеджмент, маркетинг һәм сәүдә эше: Русча-инглизчә-татарча аңлатмалы сүзлек: 1222 термин һәм 777 аңлатма мәкалә] / под общ. ред. Ш.М. Валитова. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2014. – 287 с.

10. Гринёв-Гриневиц С.В., Сорокина Э.А., Молчанова М.А. Терминоведение. Изд. 3-е, испр. и доп. – М.: ЛЕНАНД, 2023. – 500 стр.

11. Закиров В.З., Муртазин З.Г. Русча-татарча математик терминнар сүзлеге [= Русско-татарский словарь математических терминов]. – Казан: Татар. кит. нәшр., 1970. – 204 б.

12. Информатика һәм мәгълүмат технологияләре терминнары: инглизчә-таатрча-русча аңлатмалы сүзлек / Авт.-төз.: Ж.Ш. Сөләйманов, Ә.Ф. Галимжанов, М.Х. Вәлиев. – Казан: Мәгариф, 2006. – 383 б.

13. Краткий русско-татарский словарь военных терминов: (толмач) / Штаб РККА. Управление по исследованию и использованию опыта войн. – М.: типо-хромолитограф. «Искра революции», 1926. – 176 с.

14. Лексикология татарского языка: в 3-х т. – Казань: ИЯЛИ, 2022. – Т 2. – 392 с.

15. Лобанова М.А. Структурно-семантические особенности современной компьютерной терминологии (на материале испанского языка): автореф. дисс. к. филол. н. – Екатеринбург, 2009. – 19 с.

16. Математикадан русча-татарча белешмә-сүзлек [= Русско-татарский словарь-справочник математических терминов] / төз. И.Г. Галәветдинов, Г.Г. Гафуров, В.З. Закиров, М.З. Хөснетдинов; И.Г. Галәветдинов ред. – Казань: Мәгариф, 1997. – 208 б.

17. Математика: русско-татарско-английский терминологический словарь / сост. Л.Л. Салехова, Н. К. Туктамышов. – Казань: Изд-во Казан. ун-та, 2014. – 122 с.

18. Математический русско-татарский толковый словарь: ок. 2000 терминов [= Математикадан русча-татарча аңлатмалы сүзлек: як. 2000 термин] / авт. -сост.: Л.И. Галиева, И.Г. Галяутдинов, М.З. Хуснетдинов, И.Б. Гарипов, Ф.Г. Мухлисов; под общ. ред. Л.И. Галиевой, И.Г. Галяутдинова. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2013. – 376 стр.

19. Мокрогуз Е.Д. Компьютерная терминология // Universum: Филология и искусствоведение: электрон. научн. журн., 2015. – № 8 (21). URL: <http://7universum.com/ru/philology/archive/item/2568> (мөрәжәгать вакыты: 15.10.2024).

20. Письменный корпус татарского языка. URL: <https://search.corpus.tatar/index.php?of=search/search.php> (мөрәжәгать вакыты: 20.10.2024).

21. Рәхимова Р.К. Татар ювелирлык эше лексикасы һәм сүзлеге. – Казан, Фикер, 2002. – 192 б.

22. Рәхимова Р. К. Татарча-русча тукучылык һәм тегүчелек атамалары сүзлеге = Татарско-русский словарь лексики ткачества и швейного дела [= Татарско-русский словарь лексики ткачества и швейного дела]/ фәнни ред. О.Н Галимова. – Казан: ТӘҺСИ, 2018. – 208 стр.

23. Русско-татарский нефтепромышленный словарь: более 27 000 слов [= Русча-татарча нефть сәнәгатесүзлеге: 27 000 нәнартыксүз /сост. Ф.С. Хакимзянов, Р.А. Закирзянов, З.Г. Хабипова, М.Н. Мингазов; под общ. ред. Ф.С. Хакимзянова, Р. А Шакирзянова]. – Казан: Мәгариф, 2004. – 416 стр.

24. Русско-татарский словарь военных терминов / автор-сост. Р.А. Мугинов.– Казань: Татар. кн. изд-во, 2000. – 151 стр.

25. Русско-татарский толковый терминологический словарь по агрохимии и почвоведению: ок. 3000 слов [= Агрохимия һәм туфрак белеме терминнарының русча-татарча аңлатмалы сүзлеге: якынча 3000 сүз] / сост.: М. Ю. Гилязов, С. Г. Муртазина, Ф. Ф. Гаффарова; науч. ред. И. А. Гайсин. – Казань: Магариф, 2003. – 136 с.

26. Русча-татарча биология терминнары сүзлеге: урта мәктәп өчен [= Русско-татарский словарь биологических терминов: для средней шк.] / төз.: Р.Г. Минибаев, Р.Ш. Гильдеев, Р.Х. Фәйзрахманова, Ә. Х. Гарифуллина, И.Ш. Макалеев, Н.А. Бакеева, Ә.А. Мостафин, О.Ж. Курмаев, М.А. Габбасова; О.Ж. Курмаев жит. – Казан: Татар. кит. нәшр., 1972. – 168 б.

27. Русча-татарча биология терминнары сүзлеге [= Русско-татарский словарь биологических терминов] / төз.: Ф.Г. Ситдинов, Н.А. Бакеева, Ә.Х. Гарифуллина, И.Ш. Макалеев, Р.Х. Фәйзрахманова. – Казан: Татар. кит. нәшр., 1985. – 200 б.

28. Русча-татарча математик терминнарсүзлеге [=Русско-татарский словарь математических терминов] / Төз. И. Алексеев, Х. Халиков. – Казань: Татгосиздат, 1949. – 98 б.

29. Сабитова И.И., Саберова Г.Г. Татарско-русский толковый словарь фитонимов [= Үсемлек атамаларының татарча-русча аңлатмалы сүзлеге]. – Казан: ИЯЛИ им. Г. Ибрагимова, 2020. – 216с.

30. Садыкова З.Р. Зоонимическая лексика татарского языка. – Казань, 1994. – 130 стр.

31. Сафаров Р.Т. Военная лексика татарского языка. – Казан, 2015. – 196 стр.

32. Сафина Э.И. Названия птиц в татарском языке и их лексикографирование. Казань: Дом печати, 2006. – 160 стр.

33. Сафина Э.И. Татарча-русча-латинча кош атамалары сүзлеге. – Казан: ТӘҺСИ, 2018. – 184 б.

34. Сәфәров Р.Т. Татарча-русча хәрби лексика сүзлеге. – Казан: ТӘҺСИ, 2017. – 112 б.

35. Сифоров В.И., Канделаки Т.Л. Методологические аспекты терминологической работы (из опыта КНТТ) // Международный симпозиум «Теоретические и методологические вопросы терминологии». – М., 1979. – Стр. 110–115.
36. Сөлэйманов Ж.Ш. Галимжанов Ә.Ф. Информатика буенча русча-татарча сүзнамә. – Казан: Республика яшьләренәң сәләт фонды, 2001. – 95 б.
37. Сулейманов Д.Ш., Галимянов А.Ф. Система татарских терминов в компьютерных технологиях и информатике. URL: [https://kpfu.ru/staff\\_files/F2123973830/%C3%E0%EВ%E8%EC%FF%ED%EE%E2.pdf](https://kpfu.ru/staff_files/F2123973830/%C3%E0%EВ%E8%EC%FF%ED%EE%E2.pdf) (мөрәжәгать вакыты: 15.10.2024).
38. Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология. Вопросы теории / Отв. ред. Т.Л. Канделаки. – М.: ЛЕНАНД, 2023. – 248 стр.
39. Табигатьһәм биология терминнары сүзлеге / ред. М. Корбан. – Казан, 1935. – 123 б.
40. Таранова Е.Н. Проблематика современного теоретического терминоведения, достижения и недостатки терминологических исследований // Научные ведомости. Серия: Гуманитарные наук, 2011. – № 24 (119). Вып. 12. – Стр. 142–149.
41. Татар лексикологиясе: өч томда/ ред. Г.Р. Галиуллина. –Казан: ТӘҺСИ, 2018. Т. III. 2 кис. – 464 б.
42. Татар теленәң аңлатмалы сүзлеге. Итом: А-В. – Казан, ТӘҺСИ, 2015. – 712 б.
43. Татарча-русча-латинчаүсемлекатамаларысүзлеге [= Татарско-русско-латинский словарь названий растений] / авт. -төз. Г.Г. Саберова; ред. Ф.А. Ганиев. – Казан: Фикер, 2002. – 96 б.
44. Ткачёва Л.Б. Терминология как результат взаимообусловленности филологических и технических наук и её востребованность в современных условиях // Омский научный вестник, 2009. – №2 (76). – Стр. 139-141.
45. Урысча-татарча атамалар сүзлеге: I сер. (физика, математика, астрономия). [= Русско-татарский терминологический словарь: Сер. 1. (физика, математика и астрономия)]. – Казан: Татгосиздат, 1931. – 876 б.
46. Фасеев Ф.С. Татар телендә терминология нигезләре. – Казан: Татар. кит. нәшр., 1969. – 200 б.
47. Хайруллин М.Б. Глобальләштерү һәм халыкара терминология үсеше // Татар теленәң терминологиясен камилләштерү проблемалары. – Казан, 2006. – Б. 43–46.
48. Элементар математика терминнары жыентыгы: алгебра, арифметика, геометрия, тригонометрия [= Сборник терминов по элементарной математике: алгебра, арифметика, геометрия, тригонометрия]/ төз. Х. Халиков, И. Алексеев, З. Ишаев. – Казан: Татгосиздат, 1935. – 82 б.
49. Якупов Т.Р. Русча-татарча биохимик атамалар сүзлеге [= Русскотатарский словарь биохимических терминов]/ Н.З. Хазипов жит. – Казан, 2000. – 12 б.

# КӨНЕ ТҮРКІ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНДАҒЫ КІРМЕ ТЕРМИНДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ҰСТАНЫМ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТҮРКІ ЖАЗБА ТІЛДЕРІНДЕГІ ЖАҒДАЙ

## ATTITUDES TOWARDS BORROWED TERMS IN OLD TURKIC TERMINOLOGY AND THE SITUATION IN MODERN TURKIC WRITTEN LANGUAGES

*Хүсейін ЙЫЛДЫЗ\**

### **Аңдатпа**

Түркі тілі пайда болғаннан бүгінгі күнге дейін әр кезендекөршілес тілдермен сөз алмасып отырды және бұл сөздердің көпшілігінде негізгісөздерден гөрі терминдік сипаты басымболып келді. Көне түркі тілінің көктүрік, көне ұйғыр және қарахан тармақтарында шет тілдерден енген бұл жаңа терминдерге қарсы үш әдіс қолданылды: сөзбе сөз алу, түріктендіру және тілдің сөздік қорын пайдаланып, жаңа термин жасап шығару. Бұл үш әдіс қазіргі түркі жазба тілдерінде де қолданылғанымен, әдістердің қолданылу жиілігінде айтарлықтай айырмашылықтар бар екені түсінікті.

**Түйін сөздер:** көне түркі тілі, қазіргі түркі жазба тілдері, терминология, қарыздау әдісі, түріктендіру, жаңадан жасау.

### ***Abstract***

From the beginning of the Turkish language until today, words have been exchanged with foreign languages from time to time, and it is seen that most of these words have the characteristics of terms rather than the main basic words. The Kopturk, Old Uighur and Karakhanid branches of Old Turkic applied three methods against these new terms from foreign languages: *borrowing*, *Turkification* and *creation*. Although these three methods continue to be used in Modern Turkic written languages, it is understood that there are significant differences in the frequency of their application.

**Keywords:** Old Turkic, Modern Turkish written languages, terminology, borrowing, Turkification, creation.

### **Кіріспе**

Түркілердің тарих сахнасына шыққан кезінен бастап орын алған географиялық, діни және мәдени ортадағы өзгерістер түркі тіліне де әсер етіп, алғашқы жазба деректерден бері сөздікқорында өзгерістер мен дамулар

---

\* Орду университеті Ғылым және әдебиет факультеті Түрік тілі мен әдебиеті бөлімінің доценті, филология ғылымдарының докторы, Орду/Түркия, turkbilimci@gmail.com, huseinyildiz@odu.edu.tr, ORCID: 0000-0002-8055-7946

орын алған. Ғұндардан бастап Түркістан жерінде өмір сүрген түркілердің ең ежелгі көршілері болған қытайлар, соғдылар, тоқарлар сияқты халықтармен тілдік қарым-қатынастар орнаған. Оның табиғи нәтижесі ретінде тілдер арасында сөз алмасу процесі жүріп отырды. Тарихтың ағымы жалғасқан сайын Түркістан өңірінде өмір сүрген түркілердің тілінде бұл жолы алдымен моңғолдардың, бірнеше ғасырдан кейін орыстардың саяси үстемдігіне байланысты тілдік өзгерістер орын алған; ал батысқа қоныс аударған түркілердің тілінің өзгеріске ұшырауына парсылар, арабтар мен гректер әсер еткен. Соңғы екі ғасырда бүкіл әлемде болып жатқан технологиялық дамуға байланысты неміс, итальян, француз және ағылшын тілдерінің ықпалы түркі тіліне де әсерін тигізіп келеді. Түркі тіліндегі бұл ықпалдарда көршілік (қытай, соғд, тоқар, парсы, грек және т.б.), саяси үстемдік (моңғол, орыс және т.б.) және діни (санскрит, араб және т.б.) факторлар маңызды рөл атқарған. Бұл зерттеуде алдымен шетел тілдерімен қарым-қатынас нәтижесінде көне түркі тіліне енген жаңа терминдерге қатысты ұстанымдары қарастырылады, содан кейін заманауи түркі жазба тілдеріне шетел тілдерінен енген жаңа терминдерге қатысты жағдай сарапталып, кейбір тұжырымдар айтылып, сараптама беріледі.

## **1. Көне түркі тіліндегі кірме терминдерге қатысты ұстанымдар**

Көне түркі кезеңі түркі тілінің белгілі алғашқы жазба деректерінен басталып, шамамен 600 жылға созылып, моңғол шапқыншылығына дейінгі уақытты қамтиды. Бұл кезең жалпы алғанда VII ғасырдан IX ғасырға дейін көктүрік тілімен, IX ғасырдан XIII ғасырға дейін ескі ұйғыр тілімен, ал XI ғасырдан XIII ғасырға дейін Хақания түрікшесімен жазылған мәтіндер арқылы сипатталады. XI ғасырдан XIII ғасырға дейінгі кезеңде бір жағынан ескі ұйғыр тілі, екінші жағынан хақания түрікшесі қатар қолданылғаны – назар аударуға тұрарлық жағдай.

Көнетүркі тіліне ескі ұйғыр және Хақания түріктері кезеңінде де жаңа терминдер еніп отырған.

Йенс Вилькенстің «*Eski Uyurcanın El Sözlüğü (Handwörterbuch des Altuigurischen: Altuigurisch – Deutsch – Türkisch)*» (Ескі ұйғыр тілінің сөздігі) атты сөздігінде 18 түрлі тілден енген сөздер қарастырылады [1]: араб тілі, бактрий тілі, қытай тілі (кеш ортақытай тілі), парсы тілі (орта парсы тілі, жаңа парсы тілі), үндіарий тілі (орта үндіарий), үнді-еуропа тілі, иврит, иран тілі (орта иран тілі), моңғол тілі (орта моңғол тілі), парфия тілі, сақа тілі (ежелгі хотан сақа тілі, хотан сақа тілі, кеш хотан сақа тілі, тумшық сақа тілі), санскрит, соғды тілі (христиан соғды тілі, манихей соғды тілі), сирия тілі, таңғұт тілі, тибет тілі, тоһар тілі (прототоһар тілі А, тоһар тілі А, тоһар тілі В), грек тілі.

Осман Фикри Серткаяның «*Dîvânü Lügati't-Türk*»-те кездесетін әрбір сөз түркі тіліне тән бе? немесе Кашқари Махмұдтың «*Dîvânü Lügati't-Türk*»-індегібөтен тілдерден енген сөздер [2] атты мақаласында қытай тілінен енген 71, моңғол тілінен 57, үнді тілінен 9, хотан және хотан сақа тілінен 26, кеншек және қашғар тілінен 28, тоһар тілінен 6, соғды тілінен 21, грек тілінен 5, парсы тілінен 30, тибет тілінен 3 және араб тілінен 2 сөз анықталғаны айтылады. Ал Хендрик Бошкотеннің «*A Dictionary of Early Middle Turkic*» [3] атты сөздігінде көрсетілген шетел тілдеріне қатысты қысқартулар саны 21: неміс тілі, арамей тілі, араб тілі, қытай тілі, армян тілі, парсы тілі (орта парсы тілі), хорезм тілі, иран тілі, итальян тілі, латын тілі, литва тілі, венгр тілі, моңғол тілі (орта моңғол тілі), орыс тілі, санскрит, соғды тілі, тәжік тілі, тибет тілі, тоһар тілі, украин тілі және грек тілі (орта грек тілі).

Вилькенс пен Бошкотеннің сөздіктеріндегі деректер көнетүркілердің қай халықтармен тілдік қарым-қатынаста болғанын және осы арқылы сөз алмасқанын көрсетуге маңызды ақпараттар береді. Расында, екі сөздікте де ортақ болған 10 тілден алынған сөздердің бар екенін айтуға болады: араб тілі, қытай тілі, парсы тілі, иран тілі, моңғол тілі, соғды тілі, санскрит, тибет тілі, тоһар тілі және грек тілі.

Көнетүркілердің тіліне тілдік қарым-қатынастар негізіндеенген сөздерге қарағанда, олардың басым көпшілігі терминдер екені байқалады. Бұл терминдердің құрылымын зерттегенде, көне түріктердің қолданған төрт түрлі әдісі туралы айтуға болады.

#### **а. Тікелей сөзбе сөз алу әдісі**

Сөзді тікелей сөзбе сөз алу — бұл сөздің бастапқы тілдегі (БТ) нұсқасының өзгеріссіз алынып, мақсатты тілде (МТ) қолданылуы. Түркиятүрікшесіненмысалретіндеағылшынтіліненалынған*check-ir*сөзінкөрсетугеболады.

Ежелгі түркі тілінде кейбір кірме терминдер бастапқы тілдегі нұсқасын сақтап, тікелей алынып қолданылған.

БТ. aaa → МТ. aaa

#### **1-кесте. Ежелгі түркі тілінде сөздерді тікелей алу мысалдары**

<b>Бастапқытіл (алынған тіл)</b>	<b>Мақсатты тіл (ежелгі түрікше)</b>
Соғды: m'nyst'n	<i>manistan</i> 'монастырь'
Соғды: t'n	<i>tan</i> 'дене, мүшелер'
Соғды: p'şyk ~ b'şyk	<i>başik</i> 'гимн'
Парфия: amwardišn	<i>amvardiṣn</i> 'медитация'
Парфия: kādōš	<i>kadoš</i> 'қасиетті'
Ежелгі парсы: paṛīg	<i>parig</i> 'сиқыршы'

## в. Қарыздау (өңдеу) әдісі

Қарыздау (өңдеу) әдісі — бастапқы тілдегі сөздің мақсатты тілде біраз уақыт өзгеріссіз қолданылып, кейіннен сол тілде жасалған жаңа сөзбен алмастырылуы нәтижесінде қолданыстан шығуы. Түркия түрікшесінде ағылшын тілінен алынған *computer* және *printer* сөздерін мысал ретінде келтіруге болады. Бұл сөздер бастапқыда қолданылғанымен, кейіннен олардың орнына сәйкесінше *bilgisayar* (компьютер) және *yazıcı* (принтер) сөздері жасалып, орныққан.

Ежелгі түркі тілінде де кірме терминдердің бір бөлігі бастапқыда өзгеріссіз қолданылып, кейіннен қарыздау жолымен орындарын жаңа жасалған сөздерге қалдырғаны байқалады.

БТ. aaa → МТ. aaa → МТ. bbb

### 2-кесте. Көнетүркі тіліндегі қарыздау (өңдеу) әдісі мысалдары

Термин	Бастапқы тіл (алынған тіл)	Мақсатты тіл (көне түркі)
Ораза	Скрт. <i>upavasatha</i> > Согд.: $\beta w s n d y \sim \beta w s ' n t y \sim \beta w s ' n t k$	<i>vusante</i> ‘ораза’   Fasten    <i>oruç</i> НА 849 <i>baçag</i> ~ <i>baçak</i> ‘ораза’   Gebot, Fasten (Skt. <i>upavāsa</i> )    <i>emir</i> , <i>oruç</i> , <i>perhiz</i> (Skt. <i>upavāsa</i> ) НА 134 <i>aşirvat</i> ‘дұға’   Lobpreis, Segensspruch, Segen    <i>övgü</i> , <i>hayır dua</i> , <i>iyi dilek</i> , <i>kutsama</i> НА 78
Дұға	Скрт. <i>āśirvāda</i> > <i>ToharB</i> : <i>āśirvāt</i>  Араб.: <i>du‘ā</i>  Моңғ.: <i>su</i> , <i>suu</i>  <i>Орта нарсы</i> : <i>wihēzišn</i>	<i>dua</i> ‘дұға’   Gebet    <i>dua</i> НА 249 <i>süü</i> / <i>suu</i> ‘дұға’   <i>talih</i> , <i>şans</i> , <i>hayır dua</i> (vgl./krş. Мо.) НА 639 <i>wihezišn</i> ‘дұға’   Gebet, Bitte    <i>dua</i> , <i>rica</i> НА 851 <i>alkış</i> ‘дұға’   <i>alkış</i> Glückwunsch, Gratulation, Segen, Segenswunsch, Benediktion    <i>iyi dilek</i> , <i>kutlama</i> , <i>hayır dua</i> НА 31 <i>kut</i> ‘дұға’   <i>kalın kutun</i> mit viel Segen    <i>çok hayır dua ile</i> НА 322; <i>kut alkış</i> (c) Gnade und Segen    <i>rahmet ve hayır dua</i>

Термин	Бастапқы тіл (алынған тіл)	Мақсатты тіл (көне түркі)
Өсиет (кеңес)	<i>Скрт.</i> upadeśa > <i>Тоһар</i> A: upadeś	<p>HA 428</p> <p><i>ötüg</i> ‘дұға’   Gebet    dua HA 544</p> <p><i>upadeş / upedaşa</i> ‘кеңес’   Belehrung, Unterweisung (auch eine von den zwölf Klassen der buddh. Literatur)    үгіт, насихат, түсіндіру, үйрету, дәріс беру (Будизм әдебиетінің он екі түрінің де бірі) HA 800</p> <p><i>videş</i> ‘кеңес’   Unterweisung, Instruktion, Belehrung    talimat, öğretim, direktif, uyarı, öğüt HA 844</p> <p><i>ärig</i> ‘кеңес’   Ermahnung, Anordnung, Rat, Ratschlag    öğüt, nasihat, emir, tavsiye; Erziehung    terbiye, eğitim, yetiştirme HA 115</p> <p><i>känjäs</i> ‘кеңес’   Rat    öğüt (→ <i>käniş</i>) HA 357</p> <p><i>ögüt</i> ‘кеңес’   Ratschlag, Rat, Empfehlung    öğüt, tavsiye, öneri HA 529</p> <p><i>sav ~ s(a)v</i> ‘кеңес’ ‘öğüt’   Rat    öğüt HA 591</p> <p><i>üt</i> ‘кеңес’   Ermahnung, Anordnung, Rat, Ratschlag    öğüt, emir, tavsiye, nasihat; Erziehung    eğitim, terbiye HA 830</p>
	<i>Орта моңғ.</i> : upadis	

### с. Түркілендіру

**Түркілендіру** – бұл бастапқы тілдегі сөздің фонетикалық құрылымын ескере отырып, оны түрік тілінің дыбыстық жүйесіне бейімдеу. Мысалы, қазіргі **Түркия түрікшесінде** ағылшын тіліндегі *show* және *jacket* сөздері түркілендірілген:

- *Show* сөзіндегі /s/ және /h/ дыбыстарының тіркесуі, сондай-ақ /w/ дыбысының болмауына байланысты түрікшеге *шоу* ретінде бейімделген.
- *Jacket* сөзінің [ˈdʒakıt] ағылшынша дыбысталуын түрік тілінің /tʃ/ және /k/ дыбыстық заңдылықтарына сәйкес *секет* ретінде өзгерткен.



Бұл тәсіл көнетүркі тілінде де байқалған. Бастапқы тілдегі сөздер түркі тілдерінің дыбыстық ерекшеліктеріне бейімделіп, олардың өз мәдениетіне үйлестірілген.

БТ. aaa<sup>1</sup> → МТ. aaa<sup>2</sup>

### 3-кесте. Көне түркі тілінде түркілендіру мысалдары

Бастапқы тіл (алынған тіл)	Мақсатты тіл (көне түркі)
Санскрит: kand-ana ( <i>caṅḍana</i> ) > Согды: cntn > Қытай: 旅檀 ( <i>zhantan</i> )	<i>çintan</i> ‘сандаал ағашы’
Қытайтілі: 公主 ( <i>gongzhu</i> )	<i>kuñçiu</i> ‘ханшайым’
Қытайтілі: 將軍 ( <i>jiangjun</i> )	<i>sañun</i> ‘генерал’
Санскрит: ṛṣi > Согды: rz’у	<i>arji</i> ‘монах’
Санскрит: deśita > Тоһар В: deśit ~ teśit	<i>dejit</i> ‘тәубе’

### d. Жасап шығару

**Жасап шығару** – бұл бастапқы тілдегі сөздің түпнұсқасынан тәуелсіз түрде түркі тілінде бар сөздер немесе жаңа түбірлер мен жұрнақтар көмегімен қайтадан жасалуы. Мысалы, Түркия түрікшесінде ағылшын тілінде *mobile phone* немесе *cellular phone* сөздері қолданылғанымен, түрік тілінде *cep telefonu* деп аталатын жаңа сөз жасалды. Мұнда *mobile* немесе *cellular* сөздеріне балама ретінде *cep* сөзі таңдалған.

Көне түркі тілінде де осындай жаңадан жасалған терминдер кездеседі, онда жаңа ұғымдарды білдіру үшін бұрынғыдан белгілі сөздер мен жұрнақтар қолданылып, жаңа мағына үстелген.

БТ. aaa → МТ. bbb

### 4-кесте. Көнетүркі тіліндегі жасап шығару мысалдары

Термин	Бастапқы тіл (алынған тіл)	Мақсатты тіл (көне түрік)
<b>iftira</b>	?	<i>çaşut</i> ‘жала’ <i>çaşı</i> ‘жала’ <i>yala</i> ~ <i>y(a)la</i> ‘жала’ <i>yañku</i> ‘жала’ <i>yoñag</i> ‘жала’
<b>niyet</b>	?	<i>barıg</i> ‘ниет’ <i>eşlâşmâk</i> ‘ниет’

Термин	Бастапқы тіл (алынған тіл)	Мақсатты тіл (көне түрік) <i>köñül b(ä)lgüsi</i> ‘ниет’
--------	----------------------------	--

МАНАСТЫР ұғымының қолданылуын зерттеу көне түркі тіліндегі жаңа терминдердің алыну жолдары туралы жеткілікті түсінік береді деп ойлауға болады.

### 5-кесте. Көне түркі тіліндегі «манастыр» ұғымы

Термин	Дереккөз тілі (анықтама тілі)	Мақсатты тіл (көне түркі)
манастыр	Санскрит: āraṇyāyatana>Тоғрабұш: āraṇyātan ~ araṇyatan, салыстырмалы Мо: aranyadan	<b>aranyadan / ar(a)nyadan / aranyatana</b> <b>‘manastır’   Kloster, Einsiedelei</b>    монастырь немесе шегінуорны НА 57-58
Санскрит: vihāra>Соғды: βγ’r Моңғ: buqar	buhar ‘манастыр’	<b>buhar</b> : Санскриттің <i>vihāra</i> сөзі нентуындап, соғды тіліндегі <i>βγ’r</i> рарқылы ескертілген. Бұл сөз <i>монастырь және ступа</i> (Буддалық храм) мағыналарын білдіреді.
v(i)rhar / virhar / v(i)rh(a)r ‘манастыр’	Монастыр	<b>v(i)rhar / virhar / v(i)rh(a)r ‘manastır’  </b> <b>Kloster    manastır; Stūpa, Schrein,</b> <b>Heiligtum    Stūpa, türbe,</b> <b>kutsal yer</b> (салыстыру) (→buhar) НА 846
Сирия: ‘wmr’>Соғды: gwmr’	gumra ‘манастыр’	<b>gumra ‘монастырь   Kloster   </b> <b>manastır</b> НА 275
Соғды: m’nyst’n	manistan ‘манастыр’	<b>manistan ‘монастырь’   Kloster   </b> <b>manastır</b> НА 467
Санскрит: *saṅghasthāna	saṅgastan ‘манастыр’	<b>saṅgastan ‘монастырь’   Kloster   </b> <b>manastır</b> НА 583
Санскрит: saṅghārāma>Соғды: snkr’ m- >Тоғрабұш A/B saṅkrām ~ Тоғрабұш A saṅkrām / saṅgrām, салыстырмалы Мо: sangram	sāṅrām ‘манастыр’	<b>sāṅrām ‘монастырь’   Kloster   </b> <b>manastır; Stūpa    Stūpa</b> НА 598
Қытай: 寺 si	si ‘манастыр’	<b>si ‘монастырь’   Kloster    manastır</b> НА 612
Мо: sūme	sūmä / sūm ‘манастыр’	<b>sūmä / sūm ‘монастырь’   Kloster   </b> <b>manastır</b> НА 637
<b>Қосарланған түрлер</b> v(i)rhasāṅrām	sisāṅrām	<b>Kloster<sub>2</sub>    manastır<sub>2</sub></b> НА 612 манастыр (Санскр: <i>vihāra және saṅgharāma</i> ) НА 846

## Метафорикалық түсіндіру

Nomordosi	Dharma-Palast (яғни, будда монастыры)	оқытусарайы (яғни, будда монастыры) НА 496
sögütlük	ағаштары бар орын (монастырь)	теректердің орналасқан жері, ағаштармен толтырылған жер (монастырь) НА 622
toyinsız	монахсыз, монахсыз (монастырь)	монахсыз, монахы жоқ жер (монастырь) НА 736
yaılıklığı	қорғаны бар (монастырь)	павильондармен, үлкен залдармен жабдықталған (монастырь) НА 880

## Қатар қолдану

tagaranyadan	таулы монастырь	таулы монастырь НА 659
tag ar(a)nyatanoron	таулы монастырь	таулы монастырь НА 659
tagbuhar	таулы монастырь	таулы монастырь НА 659
tagsum	таулы монастырь	таулы монастырь НА 659

## 2. Қазіргі түркі жазба тілдеріндегі жаңа терминдерді қабылдауға қатысты жағдайы

Қазіргі түркі жазба тілдеріне қараған кезде түрік тілінің түрлі салаларында жаңа терминдердің қалыптасуының жалғасып жатқанын оңай байқауға болады. Бұл жағдайды айқын көрсету үшін Эмине Гүрсой-Наскалидің редакторлығымен дайындалған *Türk Dünyası Gramer Terimleri Kılavuzu* [4] (*Түркіәлемі грамматикалық терминдер сөздігі*) сөздігіне талдау жасауға болады. Осы сөздіктен бес грамматикалық термин ретінде сөйлем, баяндауыш, бастауыш, етістік және қосымша терминдері таңдалған кезде келесідей кесте жасалады.

### 6-кесте. Қазіргі түркі жазба тілдеріндегі грамматикалық терминдерге мысалдар

	sentence	predicate	subject	verb	affix / suffix
	предложение	сказуемое	подлежащее	глагол	аффикс / суффикс
<b>ТТү.</b>	<i>cümle</i>	<i>yüklem</i>	<i>özne</i>	<i>fiil</i>	<i>ek</i>
<b>Алт.</b>	<i>ermek</i>	<i>aydılaaçı</i>	<i>baştaaçı</i>	<i>glagol</i>	<i>gojulta</i>
<b>Әзәр.</b>	<i>cümlä</i>	<i>xäbär</i>	<i>mübtäda</i>	<i>fe'l</i>	<i>şäkilçi</i>
<b>Башқ.</b>	<i>höyläm</i>	<i>xäbär</i>	<i>eyä</i>	<i>qılm</i>	<i>yalğaw affiks</i>
<b>Ғағау.</b>	<i>cümlä</i>	<i>predikat</i>	<i>subyekt</i>	<i>işlik</i>	<i>afiks</i>
<b>Хак.</b>	<i>predlojeniye</i>	<i>habarlas söyleeçî</i>	<i>söyleeçî</i>	<i>glagol</i>	<i>hozım</i>
<b>К.-М.</b>	<i>aytm</i>	<i>hapaрçı</i>	<i>başçı</i>	<i>etim</i>	<i>affiks calğaw</i>
<b>Қаз.</b>	<i>сөйлем</i>	<i>баяндауыш</i>	<i>бастауыш</i>	<i>етістік</i>	<i>қосымша</i>

					жұрнақ аффикс
Құм.	<i>cumla</i>	<i>skazuyemoye</i>	<i>iyesi</i>	<i>glagol</i>	<i>koşımça</i>
		<i>xabarlık</i>		<i>işlik</i>	<i>affiks</i>
Қрғ.	<i>süylöm</i>	<i>bayandooç</i>	<i>ee</i>	<i>etiş</i>	<i>müçö</i>
Ноғ.	<i>yıyma</i>	<i>*habarlawış</i>	<i>*iye</i>	<i>glagol</i>	<i>kosımşa</i>
			<i>podlejaşçeye</i>		<i>affiks</i>
Өзб.	<i>gap</i>	<i>kesim</i>	<i>ega</i>	<i>fe'l</i>	<i>qoşımça</i>
	<i>cumla</i>				<i>affiks</i>
Шор	<i>*erbek</i>	-	<i>*aydılım</i>	<i>glagol</i>	<i>*affiks</i>
Тат.	<i>cömlä</i>	<i>xäbär</i>	<i>iyä</i>	<i>fiğil'</i>	<i>quşımça</i>
Түркм	<i>sözlem</i>	<i>habar</i>	<i>eye</i>	<i>işlik</i>	<i>goşulma</i>
.					<i>affiks</i>
Тув.	<i>tomak</i>	<i>söglekçi</i>	<i>kol söс</i>	<i>kılığ sözü</i>	<i>ko'jumak</i>
Ж.Ұйғ	<i>cümlä</i>	<i>xävär</i>	<i>igä</i>	<i>peil</i>	<i>qoşımçä</i>
.					

6-кестеге сәйкес «**sentence / сөйлем**» ұғымы үшін қазіргі түркі жазба тілдерінде 3 негізгі термин қолданылады:

1. **жүмле / жүмлә / жумла / жөмлә**
2. **ермек / ербек**
3. **сөйлем / һөйләм / сүйлөм / сөзлем**

Бұл терминдерден **жүмле** және **сөйлем** төрт түрлі жазба тілінде қолданылса, **ермек** тек екі жазба тілінде кездеседі. Ал басқа терминдер, яғни **айтым, предложение, йыйма, гап, томак** тек бір жазба тілінде кездеседі. Бұл терминдердің түбірлеріне қарай, **жүмле/cümle** термині **арабша, предложение** термині **орысша**, ал қалған терминдер шығу тегі жағынан түрікше пайда болған.

6-кестеде «**predicate / баяндауыш**» ұғымы үшін де 3 негізгі термин қолданылады:

1. **хабар / хабаглас / хабарчы / хабарлавыш / хәбәр / хабарлық / хәвәр**
2. **баяндавыш / байандооч**
3. **сөғлекчі / сөлеечі**

Бұл терминдердің ішінен **хабар** тоғыз жазба тілінде қолданылады, ал **баяндауыш** пен **сөғлекчі** екі тілде ғана кездеседі. Басқа терминдер, яғни **aydılaaşı, kesim, предикат, сказуемое, yüklem** тек бір жазба тілінде пайдаланылады. Бұл терминдердің түбірлеріне қарай, **haber** термині **арабша, предикат** және **сказуемое** терминдері **орыс тілі арқылы енген**, ал қалғандары **түрікше** болып келеді.

6-кестеге сүйене отырып, «**subject / бастауыш**» ұғымы үшін екі негізгі термин қолданылатынын көреміз:

1. **ıye / ıyä / ıyesi / ee / ega / eyä / eye / igä** термині сегіз жазбатілде,
2. **baştaacı / başcı / бастауыш** термині үш жазба тілде қолданылады.

Осыдан басқа қалған **özne / mübtäda / субъект / söyleeçî / подлежащее/ aydılm / kol söс** терминдері бір жазба тілде қолданылады. Бұл терминдерден **mübtäda** араб тілінен, **субъект** және **подлежащее** орыс тілінен, қалғандары түркі тілдерінен жасалған.

6-кесте бойынша **‘verb / етістік’** ұғымы үшін бес негізгі термин бар және олар өз ішінде топтастырылады. Басқаша айтқанда, тек қана бір жазба тілде қолданылатын термин жоқ:

1. **fiil / fe'l / fiğil' / peil** және **глагол** терминдері бес жазба тілде қолданылады;
2. **etim / етістік / etiş** және **işlik / işlik** терминдері үш жазба тілде кездеседі;
3. **kılığ sözü / qılım** терминдері екі жазба тілде қолданылады.

Бұл терминдердің ішінде **fiil** араб тілінен, **глагол** орыс тілінен алынған, қалғандары түркі тілдерінен жасалған.

6-кестеге сәйкес, түркі жазба тілдерінде **‘affix – suffix / аффикс - суффикс’** ұғымы үшін үш негізгі термин қолданылғанын көруге болады:

1. **қосымша / koşumça / gojulta / goşulma / ko'jumak / qoşımça / qoşumçä / quşımça / hozım** терминдері он жазба тілде қолданылуда;
2. **affiks / afiks** терминдері тоғыз жазба тілде қолданылады;
3. **yalğaw / жалғау** терминдері екі жазба тілде кездеседі.

Одан басқа төрт термин (ек, жұрнақ, müçö, şäkilçi) бір ғана жазба тілде тіркелген.

Бұл терминдерден **affiks** орыс тілі арқылыенген, **müçö** парсы тілінен, **şäkilçi** араб тілінен алынған, қалғандары түркі тілдерінен жасалған.

### Қорытынды

Көне түркі тіліндегі кірме терминдерді зерделеу барысында терминжасамның негізгі төрт әдісі қолданылғаны көрінеді: сөзбе сөз алу, қарыздауәдісі, түркілендіру және жасап шығару (балама) әдістері. Алғашқысынан басқа үш әдісте түркі тіліне сәйкестендіру қағидасы қабылданған. Ең көп термин алынған тілдер ретінде санскрит, соғды тілдері және қытай тілін атап өтуге болады. Кейін оларға моңғол тілі де қосылған. Ислам дініне өту үдерісінің нәтижесінде араб және парсы тілдерінен де түркі тіліне кірме терминдер енген болса, соңғы үш ғасырдағы саяси және технологиялық дамуларға байланысты үнді-европа тілдерінен де бірқатар

терминдер алына бастаған. Сонымен қатар түркі тілдері қай аймақта қолданылғанына қарамастан, терминжасамда әрдайым тілдің ішкі мүмкіндіктерін қолдануды басты назарға алғанын көруге болады. Сол себепті көне түркі тілінде қолданылған терминжасам әдістерінің кейбірі бүгінге дейін жеткен. Грамматикалық терминдер арасында «ермек», «сөйлем», «баяндауыш», «сөглекчі», «ійе», «етістік», «бастауыш», «ішлік», «қосымша», «жалғау» терминдерінің бірнеше жазба тілде сақталуы осының дәлелі. Алайда «жүмле», «хабер», «фиил», «глагол» сияқты терминдердің жиі қолданылуына да назар аудару қажет. Бұл терминдер ендігі орнығып, жазба тілдер арасындағы байланысты жеңілдететін деңгейде болғанымен, жаңа термин жасау барысында сөзбе сөз алу әдісінен басқа жолдарды қолдану және түркі тілінің түп тамырларынан нәр алатын жаңа терминдер жасау тілдердің болашағы үшін маңызды болмақ.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Wilkens, Jens Wilkens (2021). *Handwörterbuch des Altuigurischen Eski Uygurcanın El Sözlüğü (Altuigurisch – Deutsch – Türkisch, Eski Uygurca – Almanca – Türkçe)*. Göttingen: Universitätsverlag Göttingen.
2. Sertkaya, Osman Fikri (2009). 'Dîvânü Lügati't-Türk'te Geçen Her Kelime Türkçe Kökenli midir? Veya Kâşgarlı Mahmud'un Dîvânü Lügati't-Türk'ünde Yabancı Dillerden Kelimeler'. *Dil Araştırmaları*, 5: 9-38.
3. Boeschoten, Hendrik (2022). *A Dictionary of Early Middle Turkic (by with the Editorial Assistance of J. O'Kane)*. Brill: Leiden-Boston.
4. Gürsoy-Naskali, Emine (1997). *TürkDünyasıGramerTerimleriKılavuzu*. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları.

# ҚЫРҒЫЗ-ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН КЕЙБІР ҰҚСАС ТЕРМИНДЕР ТУРАЛЫ

## ON SOME SIMILAR TERMS USED IN KYRGYZ AND KAZAKH LANGUAGES

*Ысмайыл КАДЫРОВ\**

### **Аңдатпа**

Бұл мақалада термин жасаудың, оларды біріздендірудің маңызы, терминді ана тілінің сөздік қорынан табу мүмкін болмаған жағдайда, түркі тілдес халықтардың қорынан іздеу, сондай-ақ терминологияда түркі тектес тілдердің терминдерді ортақ қолдануы мәселелері қарастырылған. Түркі халықтарының әрқайсысы өз терминдерін жүйелеу арқылы тілдік тұрғыдан бір-біріне жақындай түсуді көздейді.

**Түйін сөздер:** қонақ, мейман, ауру, дерт, індет, дірілдеу, тапшылық, шүйбілшек, бейбелшек, ту, жалау, байрақ, асаба.

### **Abstract**

This article discusses the importance of term creation and standardization, as well as the practice of borrowing terms from Turkic languages when a suitable equivalent cannot be found in the native lexicon. It also examines the shared use of terms among Turkic languages in terminology systems. The article emphasizes how the systematic organization of terminology by each Turkic nation contributes to linguistic closeness among them.

**Keywords:** guest, visitor, illness, ailment, epidemic, vibration, scarcity, tassel, fringe, flag, banner, pennant, toastmaster.

Қырғыз бен қазақ – ежелден көрші болып, малын бірге жайып, қоян-қолтық өмір сүрген бауырлас елдер. Тілдері де бір-біріне өте жақын, бұл

---

Қырғызстан Республикасы Президентіне қарасты Мемлекеттік тіл және тіл саясаты жөніндегі ұлттық комиссияның жанындағы Қырғыз энциклопедиясы және терминологиясы орталығының Терминология және ономастика бөлімінің басшысы, Терминология комиссиясының мүшесі, Қырғыз Республикасының мәдениетіне еңбек сіңірген қайраткер, И. Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университетінің құрметті профессоры, kadyrov.termin@gmail.com

жақындық әлі күнге дейін аудармашысыз-ақ еркін сөйлесіп, түсінісуге мүмкіндік береді. Сондықтан терминологияда да екі тілге ортақ терминдеріміз, сөздеріміз көп.

Қырғыз терминологиясының негізін қалаушы Қасым Тыныстанов пен қазақ терминологиясының бастауында тұрған Ахмет Байтұрсынұлы – қос халықтың ғылымының да, терминологиясының да қалыптасуында ерекше орын алатын тұлғалар. Олардың еңбектерінің қырғыз-қазақ филологиясының дамуын елестету мүмкін емес.

Бүгінгі ғылыми конференцияның Ахмет Байтұрсынұлының үзеңгілестері, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академиктері, филология ғылымдарының докторлары Әбдуәли Қайдар мен Рәбиға Сыздықтың 100 жылдығына арналып өтуі – маңызды оқиға. Өйткені бұл ғалымдар жалпы түркі терминологиясының өзекті мәселелерін қамтитын көрнекті еңбектерімен түркі тілдес халықтардың, түркі тілінің дамуына бір кісідей үлес қосқанын сенімді түрде дәлелдеді. Сондықтан бұл ғалымдардың атқарған жұмыстары бізге үлгі.

Қырғызстанның ғалымдары мен қырғыз тілі қоғамы 1924 жылдан бастап терминология мәселесімен айналысып келеді. Терминология комиссиясы алғашында Қырғыз ғылым академиясының құрамында құрылып, жүйелі жұмыс істеген болса, қазір Қырғыз Республикасы Президентіне қарасты Мемлекеттік тіл және тіл саясаты жөніндегі комиссияның жанында қызмет атқарады. Терминология комиссиясының термин жасау қағидаттарының бірі – терминнің синонимін ана тілінің қорынынан іздеу, ал егер ана тілінде терминнің мағынасын дәл жеткізетін атау табылмаса, оны туыстас тілдерден іздеу.

Өткен ғасырдың басында араб және парсы тілдерінен, кейін орыс пен еуропа тілдерінен, яғни интернационалдық терминдерді қабылдау қарқынды жүріп, туыстас тілдер бір-бірінен едәуір алыстап кеткен. Әйтпесе бұған дейінгі ғасырларда қырғыз, қазақ, өзбек, қарашай-балқар, кабард, шешен, абхаз, адыгей, әзербайжан, алтай, гагауз, дарғын, ингуш, қалмақ, қыпшақ, қарақалпақ, құмық, моңғол, ноғай, осетин, тува, түркімен, ұйғыр, хақас, чуваш, якут сияқты халықтар бір-бірін еркін түсініп, тілмашсыз-ақ сөйлескен [14].

Кеңес Одағы құрамындағы әрбір республикаға әртүрлі әліпби енгізіліп, орыс лексикасына көбірек бейімделу нәтижесінде жалпы түркі тілдес халықтар қолданған кейбір терминдер ұмытылып, архаизмге айнала бастады. Сондықтан термин жасау барысында ана тіліндегі сәйкес атау табылмаса, туыстас халықтардың терминдерін тереңінен меңгеріп, ана тілдің байырғы ресурстарына жүгіну қажет. Туыстас халықтардың ортақ тамырдан шыққан терминдерін семантикалық, морфологиялық, синтаксистік әдістер арқылы меңгеру және калькалау жолдары оң нәтижелер береді. Осылайша, ана



тілімізді дамыту, жетілдіру және түркі халықтарын бір-біріне жақындатудың жолдарын табуға болады деп есептеймін.

Әр халықтың өзіне тән диалектілік ерекшеліктері бар, бұл сол халықтың орналасқан аймағына, жағдайына және мәдениетіне байланысты қалыптасады. Туыстас халықтардың тілдерінде де айырмашылықтар бар, бірақ бұл айырмашылықтар олардың өзіндік ерекшелігін сақтап қалуына ықпал етеді. Егер барлық туыстас халықтардың сөздері бірдей болса, олар өз алдына бөлек халық болмай, бір ғана ұлт ретінде қарастырылар еді. Сонымен қатар, туыстас тілдерде жалпы мағынаға ие, бірақ жазылуы немесе айтылуы белгілі жағдайларға байланысты сәл өзгеше болатын сөздер көп. Түркі тілдерінде мұндай ортақ сөздер өте жиі кездеседі. Мысалы:

- **Природа** – жаратылыш, табиғат;
- **Народ** – эл, калк, калайык, журт, улут;
- **Объявление** – жарыя, кулактандыруу, жар, шардана;
- **Житель** – жашоочу, тургун;
- **Фурункул, чирей** – чыйкан, сыздоок.

Тағам атауларына қатысты сөздерге мысалдар: **өрүк, жүзүм, алма, дарбыз, сарымсак, буудай** және басқалары. Мұндай сөздер түркі тілдес халықтардың әрқайсысында өздерінің үндестік заңдарына сәйкес өзгеше айтылғанымен, мағынасы бірдей. Әсіресе қырғыз және қазақ тілдерінде мағынасы толық сәйкес келетін сөздер өте көп. Бұл тілдердің жақындығын және мәдени байланыстарының тереңдігін көрсетеді.

2024 жылдың 19 сәуірінде Бішкекте «**Терминология мен ономастика – қоғам мен уақыт**» атты халықаралық ғылыми конференция өткіздік. Конференцияға Қазақстан ғалымдары да қатысты. 20-дан астам баяндама жасалып, онда түркі тілдес халықтардың ортақ терминдерін кеңінен пайдалану мәселесі жан-жақты талқыланды.

Қырғыз Республикасының Үкіметі 2020 жылдың 1 қазанындағы №510 қаулысымен «**Қырғыз Республикасында 2021-2025 жылдары мемлекеттік тілді дамыту және тіл саясатын жетілдіру бағдарламасын**» қабылдаған болса, Қазақстан халқы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысымен бекітілген «**Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын**» жүзеге асыруда. Бұл қырғыз және қазақ халықтарының ана тілдерін дамыту бағытында белсенді жұмыстар жүргізіліп жатқанын көрсетеді.

Енді қырғыз және қазақ халықтарында бірдей мағынада қолданылатын кейбір сөздер (атаулар, терминдер) туралы сөз қозғайық.

Қырғыз-қазақ тілдерінде *адам, жаз, жайдары, жайдақ, бүтүн, бүтүндөй, казан, кайда, кыска, от, сегиз, сызык, убакыт* және тағы басқа көптеген сөздер бірдей айтылады. Ал бірақ қырғыздарда «*ысык*» деп айтылса, қазақтарда «*ыстық*» дейді. Қырғыз тілінде «*ырымчыл*» десе, қазақ тілінде «*ырымшыл*» дейді. Әрине, бір-бірінен түп-тамырынан айырмашылығы бар сөздер де бар. Мысалы, қырғызша *мечта – кыял*, ал қазақша *арман*. Екеуі екі түрлі мағына беретін терминдер.

Орысша-қырғызша сөздікте [1], орысша-қазақша сөздікте [3] *гость – конок, мейман*. Қырғыз тілінің түсіндірме сөздігінде [5; 9] *конок* – жол жүріп бара жатқанда тоқтап кеткен жолаушы, ал *мейман* [5; 206] – қонақ, құрмет көрсетілетін адам деп жазылған. *Мейманхана* – жол жүріп кеткендер үшін арналған үй-жай. Бұлардың мағынасы толық ашылмаған. Шынында *мейман* – күндіз немесе кешке келіп, құрмет көрсетіліп кеткен адам болса, ал *конок* – тоқтап, түнеген адам екен. Қазақ бауырлар мейманхананы *қонақ үй* деп дұрыс атаған. Біз *мейманхана* деп дұрыс қолданбай жүрсек те, ендігі бұл термин халыққа жақсы сіңіп кеткеннен кейін өзгерту қиынға соғар деп ойлаймын.

Мұндай сөздердің бірі – *болезнь*. Бұл термин орысша-қырғызша сөздікте [1]: *болезнь – оору, ноокас, сырқоо*. Орысша-қазақша сөздікте [3] – *болезнь – ауру, науқас, қасте, дерт, сырқат*. Ал Қырғыз тілінің синонимдер сөздігінде *оору, дарт, илдет, кесел, сырқоо, ноокас* деген сөздер синоним ретінде беріледі. Бұған қосымша, біз білетін басқа да синонимдер бар. Олар: *дартман, табы жоқ, бейтап, тұмау, чикерт, састумоо, сезгенүү* және тағы басқалары.

Мұндай синонимдер орыс тілінде де бар. Мысалы, *болезнь – недуг, заболевание, хворь, хвороба, недомогание, беда* және тағы басқа. Орыс тілінің түсіндірме сөздіктерінде бұлардың әрқайсысына түсіндірме беріліп, әрбір аурудың қандай сатыда екені айтылған, жоқ дегенде “*тоже же, что болезнь*” деп синоним екенін нақты көрсеткен. Ал Қырғыз тілінің сөздігінде бірі екіншісі арқылы түсіндіріліп келеді. Мысалы, *дарт – оору, илдет, кесел; илдет – оору, дарт; кесел – сырқоо, оору, дарт, илдет; бейтап – табы жоқ, сырқоо, оору* және тағы басқа. Бір ғана жерде *тумоо, сасык тумоо* – суық тигеннен болған ауру, *ылаң* – малдың жұқпалы ауруы деп көрсетілген.

Ал енді шын мәнінде, *оору* – адамның ауруы, *ылаң* – малдың ауруы, *илдет* – өсімдіктердікі емес пе? Орыстар болса бәрін де *болезнь* деп атай береді. Бұл жаңа нәрсе емес. Бірақ қазіргі кезде бір-бірімен шатастырып, бәрін де *оору* немесе адамның ауруын *илдет* деп атайтындар көбейіп кетті. Сондықтан біз *болезнь* деген терминді нормативтік құжаттарда, жалпы қолдануда заттық мағынасында *оору*, ал малда – *ылаң*, өсімдіктерде – *илдет* деп қана қолдануымыз керек. Оның басқа синонимдерін аурудың деңгейіне қарай ақын-жазушылар, ғалымдар шығармаларында, еңбектерінде қолдана берсін.

Техникада *вибрация* деген термин бар. Орыстың өзі: *вибрация* – механикалық тербелістер (қатты денелердің тербелісі), - деп түсіндіреді. Орысша-қазақша сөздікте *вибрация* [3] – *теңселу, дірілдеу, тербелу* деп берілген. Ал физика бойынша шыққан сөздіктерде бұл терминді *сілкіну, тітіреу, дірілдеу* деп әртүрлі қолданған. Терминком бұрын (15 жыл бұрын) *тітіреу* деп қабылдаған. Түсіндірме сөздікте *сілкіну* сөзі *сілк* деген сөзден алынған. Ал *тітіреу* *тербелуге, қалтырауға* жақын. Бұл терминнің орыс тіліндегі *дрожание – қалтырау, колебание – тербелу, сотрясение – тітіреу* деген синонимдерін ескерсек, онда *вибрацияны дірілдеу* деп алғанымыз дұрыс болар. Осы терминге ұқсас медицинада *тремор* деген термин бар. Ол адамның денесінің немесе кейбір бөліктерінің тітіреуін білдіреді. Мұны бір ғана терминмен айту мүмкін емес. Ол жүйке жүйесінің белгілі бір органының бұзылуынан пайда болған ауру, оны қолдың қалтырауы, еріннің дірілдеуі, дененің тітіреуі, бастың қалшылдауы, дауыстың қарылдауы деп контекстке қарай бірнеше түрде алу қажет.

*Дефицит* (лат. Deficit «жетпейді», deficio «тапшы болу, кедейлену») – тапшылық; бір нәрсенің жетіспеушілігі. Бұл экономикалық термин ретінде бір нәрсенің еркін айналымда жетіспеушілігін білдіреді. Дефициттің негізі ұсыныс пен сұраныстың артып кетуімен байланысты. Орысша-қырғызша сөздікте [3] дефициттің екі мағынасы келтірілген: 1. *Дефицит* (зиян), (шығын; кірістен шығыстың артып кетуі). 2. Тартыш, кемчилдік, жетішсіздік (жетіспеушілік, тапшылық). Сонымен қатар, Атаулар сөздігінде (2010) *тартыштық, тартыш*, Заңнама сөздігінде (2014) *таңсықтық, тартыштық*, Салық сөздігінде (2018) *таңсықтық* деп берілген. Түсіндірме сөздікте *таңсық – рекостный: сильно желаемый* деп жазылған. Қазақша-орысша сөздікте *таңсық – рекостный*: қатты қаланған деп беріледі. Демек, бұл термин қазақ пен қырғызда бірдей түсініледі. *Тартыштық* – жетіспеушілік, кемшіліктер, тапшылық. Демек, егер нәрсе жоқ болса – ол *таңсық*, ал бар бірақ өте аз болса – ол *тартыш*. Сондықтан да біз дефицитті – *тартыштық* деп бір ғана нұсқасын қабылдауымыз керек.

Медицинадағы осындай терминдердің бірі – *фаланга*. Бұл Орысша-қырғызша сөздікте [1] – *шыйбылчак, бейбелчек*, медициналық сөздіктерде – *фаланга, шыйбылчак, бейбелчек* деп алынған. Ал Түсіндірме сөздікте *шыйбылчак* [5; 725] – 1. Аша тұяқты жануарлардың тұяғы мен бақайының арасындағы бөлігі. 2. Аша тұяқты жануарлардың шұбарғысының бақайдан төменгі бөлігінің бір жақ асты. *Бейбелчек* [5; 228] – аяқтың саусақтарының сүйектері. Қол мен аяқ саусақтарының қаңқасын құрайтын қысқа, түтік тәрізді сүйектері деп нақты жазылған. Демек, семантикалық мәні бойынша *бейбелчек* адамға, ал *шыйбылчак* аша тұяқты жануарларға қатысты айтылады екен. Енді бұларға ғылыми зерттеу жүргізудің қажеті жоқ. Тек халық не деп атағанын нақты білсек болғаны.

Сөзсіз барлық мағынасы тең алынатын сөздер де көп. Мысалы, *трещина* деген терминді үш мағынада қолдануға тура келеді – *жарака*, *кесилуу*, *жик* (*бузулуу*). Мысалы, “трещина на стенах” – “дубалдын жаракасы”, “трещина губы” – “эриндин кесилиши”, “в их отношениях появилась трещина” деген сөз тіркесінде “жарака” да, “кесилуу” де жарамсыз, оны “алардын арасына жик түштү”, немесе “алардын мамилеси бузулду” деп қолданғанымыз дұрыс болады.

Тағы бір көп айтылып жүрген термин – *туу*, *желек*, *асаба*, *байрақ*. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздікте [8] «знамя» – ту, жалау, «флаг» – жалау, «штандарт» – байрақ деп берілген. Ал, «стяг» деген термин мүлдем алынбаған. Бұлар орыс және басқа тілдерде бунчук, флюгель, прапор, кумач, хоругвь, вымпел, стяг, орифлема, штандарт, знамя, флаг және басқа синонимдермен айтылады. Алғашқыда жылқының немесе топоздың құйрығын ағаштың ұшына байлап, 15–18 ғасырларда татар-моңғол шапқыншылығында, Осман түркітерінде биліктің белгісі ретінде қолданылып, бунчук деп аталыпты. Кейін бұл «штандарт» мағынасына өтеді. Міне, осыны қырғыздар түпөк, байрақ деп атаған екен. Міне, тіл – жанды процесс деген осы. Уақыт өте келе өзгеріп, бунчуктан бүгінгі ту деген атауға дейін қолдану ауқымы (діни, кемеде, әскери және т.б.) бойынша түрлі атауларға ие болған. Түсіндірме сөздікте: «Ту – әскери бөлімнің, бірлестігінің, мемлекеттің, қандай да бір ұйымның ж.б. эмблемасы ретінде саналатын, белгілі бір немесе бірнеше түсті, бетінде жазуы, әшекейлері және т.б. бар, ағашқа бекітілген мата. *Желек* – түрлі формадағы және түрлі түстегі матадан таяқшаға немесе ұзын ағашқа байланған, бір нәрсенің белгісі, символы ретінде қолданылатын байрақ, тілек мата. *Байрақ* – желек, туу. *Асаба* – туу, желек асылатын ағаш... Желектің, туының ағашы мен шүберегі біртұтас ұғым ретінде қабылдануының нәтижесінде жалпы алғанда желекті (ту емес) білдіреді», - деп берілген. Орысша-қырғызша сөздікте «знамя» – туу, «флаг» – желек, «стяг» – туу, «асаба», «штандарт» – *штандарт*, *желек*, *туу* деп алынған. Қырғызша-орысша сөздікте «асаба» – флаг, «байрақ» – флаг, «желек» – флаг, «туу» – знамя, «стяг» деп берілген. Терминком бұрын «знамя» – туу, *байрақ*; «флаг» – желек деп қабылдаған (Атоолар сөздігі, 2010). «Юридикалық сөздікте» (2014) «флаг» – желек, «флагшток» – асаба, «штандарт (флаг) Президента» – *Президенттің штандарты (байрағы)* деп алынған. Б.Кыштообаев «Әскери терминдер мен түсініктердің орысша-қырғызша түсіндірме сөздігінде» «знамя» – *байрақ*, «флаг» – туу; К.Усенбеков және басқаларның әзірлеген «Әскери терминдер мен түсініктердің орысша-қырғызша сөздігінде» «знамя» – туу, «флаги» – желек, туу, *байрақ*, «стяг» – асаба деп алынған. Кейінгі ПМ-нің сөздігінде «флаг» – 1) желек; 2) туу деп алынған. Көрсіңіздер ме, осы қарапайым терминдер бойынша қаншама шатасу орын алып келеді.

*Туу* негізінен мемлекеттің, оның әскери күшінің атрибуты ретінде тиісті жерде бір ғана нұсқада жасалып, ұзын сапқа бекітіліп, сабының басы

ұшталған металл, *шашы*, *түпөк* тағылып, қымбат бағалы матадан жасалады екен. Мұны «Туу түбінде тұрып» деген қырғыз фольклорын еске алсақ, знамяны – *туу* деп қана алғанымыз дұрыс. Ал флаг – бұл кішірейтілген ту, яғни үстелге қоюға шығарылған нұсқасы екен. Демек, флаг – *желек*, стяг – *асаба*, штандарт – *байрақ*.

Қарашайлар мен балқарлар өткен ғасырдың басында Орталық Азияға қоныс аударған кезде *көпчүлүк*, *чыгарма*, *кемчилик* «көпшілік, шығарма, кемшілік» деген сөздерді қазақ және қырғыз тілдерінен өздерінің тілдеріне қабылдағанын атап өткен [13; 10].

Қазіргі уақытта қырғыз тілінде *ардагер* термині кеңінен қолданысқа енген. Бұл сөз айтылуға оңай әрі «*ветеран*» терминінің мағынасын толық ашып береді. Бұл терминді қырғыз терминологтары қазақ тілінен қабылдағаны айқын байқалады. Ал орыс тіліндегі «*награда*» термині орысша-қазақша сөздікте және Қазақ Совет энциклопедиясында да «*наград*, *наградталған*» деп жазылған. Қазақ бауырларымыз осы терминді соңғы уақытта түркі тілдес халықтардан, әсіресе қырғыз тіліндегі “*даража*, *кадыр-барк*, *ардақтуу*, *сыйлуу*” деген сөздердің мағынасына үндес “*мартаба*, *мартабалуу*” сөздерімен байланыстырып, “*марапатталған*” деп алғандары қуантады. Мұндай қабылдаулар туыстас халықтардың бір-біріне жақындығын сақтау үшін маңызды болмақ.

### **Қорытынды**

Осылайша, бауырлас қырғыз-қазақ тілдеріндегі ортақ терминдерді біліктілікпен қолдану терминнің мазмұнын нақты ашып береді, термин жасау барысында кейде қиын мәселені шешуге жағдай туғызады деп сеніммен айта аламыз. Түркі тілдес халықтардың ортақ лексикалық қорын құру үшін түпкі тегі бір, мағынасы жақын терминдерді бірдей қолдану бауырлас халықтарды жақындастырудың тиімді жолы болып табылады. Бұл принцип жаңа терминдер жасау кезінде бауырлас халықтардың сөздік қорларын пайдалану арқылы жүзеге асырылуы керек. Демек, жалпы терминдерді қайтадан жаңғырту қазіргі уақыттың талабына сай болуы тиіс.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Орусча-қыргызча сөздүк. Түзүүчү К.К.Юдахин. – Бишкек, 2019. – 1136 б.;
2. Кыргызча-орусча сөздүк. Түзүүчү К.К.Юдахин. – Бишкек 2015. – 1092 б.;
3. Орусча-казакча сөздүк., 1-том, – Алматы, 1978. – 574 б.;
4. Х.Махмудов, Г.Мусабаев. Казакча-орусча сөздүк. Алматы, 1989;
5. Кыргыз тилинин түшүндүрмө сөздүгү. – Бишкек, 1-том. – 800 б. 2-том. – 800 б. 2016;

6. Вл.Даль. Толковый словарь. М.:1978;
7. С.И.Ожегов и Н.Ю.Шведова. Толковый словарь русского языка. М.: 1999;
8. Казакча-орусча, орусча-казакча терминологиялык сөздүк. Аскер иши. 11-том. – Алматы, 2014. – 568 б.;
9. Юридикалык атоолордун жана башка түшүнүктөрдүн орусча-кыргызча сөздүгү. – Бишкек, 2014. – 532 б.;
10. Атоолордун (терминдердин) орусча-кыргызча сөздүгү. Бишкек, 2010. – 256 б.;
11. Б.Кыштообаев. Аскердик терминдердин жана түшүнүктөрдүн орусча-кыргызча түшүндүрмө сөздүгү. – Бишкек, 2015. – 944 б.;
12. К.Усенбеков, Б.Абылгазиев, Ы.Кадыров, А.Айтмаматова. Аскердик терминдердин орусча-кыргызча сөздүгү. – Бишкек, 2017. – 364 б.;
13. И.М.Отаров. Очерки карачаево-балкарской терминологии, – Нальчик, 1987. – 96 б.
14. Ысмайыл Кадыров. Тил. Котормо, Терминология. – Бишкек, 2023. – 182 б.

# ЎЗБЕК ҰЛТТЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ДАМУ ЖОЛЫ

## ON THE DEVELOPMENT OF UZBEK NATIONAL TERMINOLOGY

*Мурадқасим Болбекович АБДИЕВ\**

### **Андатпа**

Бұл мақалада өзбек ұлттық терминологиясының даму кезеңі және сол бағытта атқарылған жұмыстар баяндалған. Бұл ретте ұлттық терминологияны одан әрі жетілдіруге қатысты пікірлер мен ойлар жайлы да сөз қозғалады.

**Түйін сөздер:** тіл, термин, ұлттық терминология, маман, сала, жетілдіру, ғылыми-техникалық, салалық терминдер, сөздік, лексика, ұлттық құндылықтар.

### **Annotation**

The article deals with the structural features of a paragraph, which is one of the important syntactic parts of speech. In particular, due to the fact that the paragraph is separated from the syntactic apparatus by its linguistic features, it is believed that it should be studied as a unit that forms a separate level of speech.

**Key words:** speech unit, sentence, sentence, complex syntactic apparatus, paragraph, levels, paradigmatic relations, syntagmatic relations, hierarchical relations, language and speech units, language structure, language sign, language unit, level concept, justification of levels, syntactic derivative.

### **Кіріспе**

Белгілі болғандай, өзбек әдеби тілі көне жазу дәстүріне ие. Сондықтан оның лексикасы бай әрі алуан түрлі. Ежелден бері өзбек тілінің сөздік құрамы халықтың материалдық және мәдени тарихымен тығыз байланысты және ғасырлар бойы байып келеді. Онда халықтың әлеуметтік өмірі, тұрмыс-салты, кәсібі, көзқарастары, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы түсініктерді бейнелейтін лексикалық қабаттар мен оның құрамдас бөліктері болып табылатын терминологиялық жүйелер жетіліп келеді. Махмұд Қашқари, Махмуд аз-Замахшари, Алишер Науаи сияқты ғалымдардың шығармаларында ана тіліміздің байлығына қатысты сөздер мен терминдер берілген. Сондықтан соңғы жылдары, нақтырақ айтқанда, ана тілімізге мемлекеттік тіл мәртебесінің берілуі мен тәуелсіздіктен кейін оның қолдану саласының кеңеюі салдарынан терминологиялық жүйелерін зерттеу

---

\* Өзбекстан Республикасы Шароф Рашидов атындағы Самарқанд мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

кажеттілігі туындап отыр. Қазіргі кезеңде өзбек тілінің кәсіптік, диалектілік, ғылыми-зерттеу және терминологиялық мәселелеріне қызығушылық артып келеді. Нақты ғылымдар, жаратылыстану ғылымдары, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар, ауыл шаруашылығы сияқты салалар бойынша терминологиялық жүйелерде маңызды зерттеулер жүргізілді. Көптеген ғылыми салалар бойынша орысша-өзбекше, өзбекше-ағылшынша-орысша, өзбекше және басқа тілдердегі бірқатар сөздіктер құрастырылып, басылып шығарылды.

Ғылым мен техника дамуымен, халық шаруашылығы, өндіріс және ақпараттық технологиялар саласында пайда болған жаңалықтардың нәтижесінде ана тіліміздің лексикасы, әсіресе, терминологиялық жүйелері өзгерістерге ұшырауда. Бұл жағдай тілдің коммуникативтік функциясының қоғам өмірімен және дамуымен тығыз байланысты екенін толық растайды. Себебі қоғамдағы әрбір өзгеріс, жаңалық пен даму тілде өз көрінісін табады.

Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарында Ташкент, Самарқанд, Баку сияқты қалаларда өткен тіл-емле құрылтайларында жәдидшілер тіл және емле мәселелерімен қатар, терминология мәселелерін де талқылап, оларды қолдану жөнінде ұсыныстар берген. Мысалы, "Қызыл Өзбекстан" газетінде "Тіл, термин мен емле" деген рубрика ашылып, онда терминдерді таңдау және оларды қолдану жөнінде пікірталастар үнемі жарияланып тұрды. Бұл бағытта Абдурауф Фитрат, Махмудхожа Бехбудий, Абдулла Авлоний, Ашурали Зохирий, Эльбек, Боту, Абдурашидхон Муннаваров, Абдулла Қодирий сияқты жәдидшілер жетекшілік етті. Олар көптеген терминологиялық сөздіктер құрастырып, жариялады. Нәтижесінде қолданылып жүрген арабша және парсыша сөздер мен терминдердің орнына өзбекше баламалары жасалып, қолдануға енгізілді. Қазіргі кезде *ishchi* «жұмысшы», *o'qituvchi* «оқытушы», *o'quvchi* «оқушы», *tuzqaymoq* «мұзқаймақ» сияқты сөздер жәдидшілердің еңбегімен халықтың тілдік қорына енді және орнықты. Өкінішке орай, кеңес үкіметі кезінде зиялыларымыздың жаппай қудалануы олардың бастаған құнды жұмыстарын аяқтауға мүмкіндік бермеді.

1925-40 жылдары жергілікті халықты бір аймақтан екінші аймаққа күшпен көшіру нәтижесінде диалектілер арасындағы айырмашылықтар біртіндеп жоғала бастады. Көшпелі шаруашылықтың әсерінен жер аударылған халықтың көпшілігі өздерінің кәсібін, қолөнерін белгілі бір деңгейде жоғалтып алды. Халқымыздың маңызды құндылықтарының функционалдық ауқымы тарылды. Өзбек халқының тілінде болған жүз мыңдаған сөз бен терминдер ұмытылып барады, және оның «қолдаушы» түсініктерінің бірі «Өзбек тілі лексикасы», «Өзбек әдеби тілі лексикасы» деген жасанды түсінік болды деп айтуға болады. Себебі бұл терминдер халықтың барлық сөздік қорын емес, тек сұрыпталған, бәрі үшін норматив ретінде қабылданған, емле мен түсіндірмелі сөздіктерде көрініс тапқан сөздерді ғана назарға алды. Егер қазіргі түрік немесе орыс, неміс, француз



тілдерінің нормативті (нормативтік) емле сөздіктерінде көрініс тапқан сөздер санын сол тілдердің диалектілеріне тән сөздер мен терминдердің санымен салыстырсақ, соңғыларының саны төрт-бес есе көп екенін көруге болады. Еуропа халықтары мәдениет шекарасына XVI ғасырда қадам басқан болса, біздің халықтың мәдениеті кемінде бірнеше мыңжылдық тарихқа ие. Демек, ресми сөздіктерде көрініс таппаған сөздер мен терминдеріміздің саны еуропалықтардікінен ондаған есе көп болса, бұл көп емес деп айтуға болады.

XX ғасырдың 30-90 жылдарында жарық көрген түрлі «Орысша-өзбекше», «Өзбекше-орысша» екі тілде және салалық түсіндірмелі сөздіктер мен анықтамалықтар мүлде басқа мақсаттарда — лингвистикалық ұлттық құндылықтарды қалпына келтіру және насихаттау үшін емес, ғылыми ұғымдарды, негізінен, орыс тілінде өзбек ғылымы мен халқы арасында кеңінен тарату үшін шығарылған болатын. Осылайша, өзбек халқының мыңдаған жылдық тілдік байлықтары біртіндеп ұмытылып кетті. Әлеуметтік өмір мен шаруашылық саласындағы өзгерістер нәтижесінде жүздеген кәсіп, олармен байланысты заттар, қару-жарақ, құралдар, технологиялық процестерді білдіретін сөздер/терминдер тілдік қолданыстан шығып қалды.

Совет кезіндегі тіл білімі саласында термин мен терминологияның ғылыми-теориялық негіздерін жасауға тілтанушылар В.В. Виноградов, Г.О. Винокур, Н.А. Баскаков, А.А. Баскаков, А.А. Реформатский және басқа ғалымдар үлкен үлес қосты. Бұл ғалымдардың еңбектерінде термин мен терминологияның теориялық мәселелері, олардың анықтамалары және басқа да бірқатар маңызды сұрақтар өз көрінісін тапты. Сонымен қатар, А.М. Щербак, В.И. Литвинов және басқа ғалымдар терминологияның бірқатар салаларын зерттеу бойынша маңызды жұмыстар атқарды.

Мәлім болғандай, 1959 жылдың мамыр айында өткен бұрынғы Одақтық терминологиялық кеңестің ғылыми терминология кеңесі ғылыми терминологияның теориялық негіздерін жасауда үлкен рөл атқарды. Кеңес материалдары «Терминология мәселелері» (1961) түрінде жарияланған, онда терминнің ғылыми-лингвистикалық анықтамасы, терминдердің функционалды мағынасы ашылып көрсетілген және терминтану саласының түрлі аспектілеріне арналған жұмыстар туралы бай материалдар берілген. Сонымен қатар, 1967 жылы Ленинградта (қазіргі Санкт-Петербургте) өткізілген ғылыми-техникалық терминдердің лингвистикалық мәселелеріне арналған кеңес материалдары терминология мамандары үшін маңызды болды. Сондай-ақ, бұрынғы Кеңестік Ғылым академиясы жанындағы Ғылыми-техникалық терминология комитетінің (ФТТК) ғылыми-техникалық терминдер саласында зерттеу жүргізу жолдары, терминдерді ретке келтіру туралы нұсқаулар мен кеңестері де терминтанушылар үшін маңызды нұсқаулық болып қызмет етті.

Шетелдік ғалымдардың терминология саласындағы жүргізген зерттеулері, терминология бойынша жасалған отырыстардың материалдары

және Ғылыми-техникалық терминология комитетінің нұсқаулықтары түркі тілдерінде терминологиялық зерттеулер жүргізуде, ғылыми терминология жүйесін құруда маңызды теориялық дереккөз ретінде қолданылып келеді.

Өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап өзбек тіл білімінде жаңа даму жолы басталды. Бұл кезеңде өзбек тіл білімінің барлық бөлімдері — грамматикалық құрылыс, фонетика, лексика, терминология, диалектология сияқты салаларымен бірге теориялық тіл білімінде де ірі зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Өзбек терминологиясы бойынша зерттеулер жүргізген өзбек тіл білімі ғалымдары ғылыми-практикалық мәселелерді шешіп, көптеген жұмыстарды атқарды. У.Турсунов, С. Ибрагимов, О. Усмон, Қ. Зокиров, Х. Жамолхонов, Н. Маматов, С. Ақобиров, С. Усмонов, Р. Доняров, Х. Дадабойев, Х. Шамсиддинов, Н. Қосимов, А. Қосимов, А. Мадвалиев, Н. Махкамов, А. Собиров, И. Йолдашев, М. Абдиев сияқты ғалымдардың еңбектерінде өзбек терминологиясының түрлі мәселелері қарастырылған. Әлішер Науаи атындағы Тіл және әдебиет ғылыми-зерттеу институтында Терминология бюллетенінің бірнеше саны жарияланды. Институттың Терминология бөлімінде терминология мәселелеріне арналған бірнеше монографиялар мен ғылыми мақалалар жинақтары басылып шықты. Кандидаттық және докторлық диссертациялар дайындалды. Әр түрлі салаларға арналған түсіндірме сөздіктер құрылды. Бұл жұмыстарда өзбек тілі терминологиясының көптеген қырлары — оның қалыптасу жолы, жасалуы, түрлі ғылыми салаларда терминдердің қолданылуы және терминологияның басқа да өзекті мәселелері туралы маңызды пікірлер айтылған. Сонымен қатар, терминология саласындағы кемшіліктердің салдарынан туындаған түсініспеушіліктер мен ақпарат алмасудағы қиындықтар талданып, оларды жою бойынша ұсыныстар берілді. Бір терминнің түрлі нұсқада көрінуі, түрлі «киімдер» киюі тыңдаушылардың адасуына әкеліп соғатыны нақты дәлелдермен көрсетілген. Терминдердің ғылым, техника, мәдениет, өндіріс және басқа салалардағы ұғымдарды анықтайтын бір мағыналы сөздер екенін, олардың эмоциялық бояулардан ада болуы керектігі — бұлардың барлығы терминнің негізгі сипаттамалары екендігі атап көрсетілген.

Өзбек тіл білімінде жоғарыда көрсеткеніміздей, бірқатар жұмыстар жасалған. Тәуелсіздік кезеңінде бұл жұмыстардың одан әрі қарқын алуына байланысты бірнеше маңызды мәселелер жүзеге асырылды. Дегенмен, ұлттық терминологиямызды одан әрі жетілдіру бойынша әлі де атқарылуы қажет жұмыстар баршылық.

Басқа тілдердегідей, өзбек тілі терминологиясының материалдарын жүйелі түрде тұрақты зерттеу және талдау қажеттілігін талап ететін мәселелер көп. Ол үшін бірқатар міндеттерді атқаруымыз керек.

Біріншіден, әр саланың терминдерін кешенді түрде зерттеуді жолға қоюды дәуір талап етуде.

Екіншіден, салалық терминологияға қатысты сөздер мен терминдерді жинап, олардың түсіндірме сөздігін құрастыру және жариялау.

Үшіншіден, ұлттық терминологиямыздың теориялық мәселелерін одан әрі жетілдіріп, оны жаңа пікірлер мен идеялар арқылы толықтыру қажет.

Төртіншіден, терминдерді қолданудағы кейбір түсініксіз жағдайларды сала мамандарымен бірге тілшілер анықтап, айқындау жұмыстарын жүргізуі қажет болады.

Бесіншіден, Министрлер Кабинеті жанындағы Атамашынулық комитетінің жұмысын жандандыру керек. Қажет болған жағдайда, салаларға қатысты терминдердің баламаларын жасау үшін өндіріс орындардағы мамандардың қатысуымен көшпелі семинар-тренингтер ұйымдастыруды жолға қою керек.

Алтыншыдан, қоғамымыздың қай саласы болсын, шет тілдерінен енген сөздер мен терминдер, міндетті түрде мамандар тарапынан талқыланып, Атамашынулық комитетінің рұқсатымен ғылыми немесе өндірістік процестерде қолданысқа енгізілуі керек. Егер осы процесті жолға қоймасақ, жақын болашақта өзбек тілі басқа тілдердің қысымында қалып қоймайтынына ешкім кепілдік бере алмайды.

Жетіншіден, барлық жоғары және орта арнайы оқу орындарының қызмет түріне қарамастан, оқу жоспарларына «Өзбек тілінің салалық қолданысы» арнайы курсы міндетті пән ретінде енгізу қажет. Қазіргі таңда бұл пән тек санаулы жоғары оқу орындарында ғана оқытылуда.

### **Қорытынды**

Қорыта айтқанда, ана тіліміздің сөздік байлығының бір бөлігі болып келетін ұлттық терминологияның келешегін, ана тіліміздің тазалығы мен дамуын қамтамасыз ету әр зиялының міндеті екенін ұмытпауымыз керек. Демек, ана тілдің болашағын ойлаған әр адам жоғарыдағы мәселелерді жақсылап түсініп, қабылдауы қажет.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Абдиев М. Соҳавий лексиканинг систем таҳлили (Самарқанд вилояти касб-ҳунарлари материаллари асосида). –Тошкент: Абдулла Қодирий номидаги “Халқ мероси “ наشريёти, 2004.
2. Абдиев М. Термин ва терминология масалаларининг ўрганилиши\\ Терминология ва терминография масаларию Илмий анжуман материаллари. 2011 йил, 23- 24 февраль. –Самарқанд: СамДУ, 2011, 35 -39 бетлар.
3. Абдиев М. Терминологияни такомиллаштиришга доир мулоҳазалар \\Нутқ маданияти ва ўзбек тилшунослигининг долзарб масалалари мавзусида Халқаро илмий- амалий анжуман материаллари.-Андижон, 2022, 40- 45 бетлар.

# ҚАЗІРГІ БАШҚҰРТ ТІЛІНІҢ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ТЕРМИНОГРАФИЯСЫ

## ХӘЗЕРГЕ БАШҚОРТ ТЕЛЕНЕҢ ТЕРМИНОЛОГИЯҢЫ ҺӘМ ТЕРМИНОГРАФИЯҢЫ

*Гульназ Нурфаезовна ЯГАФАРОВА\**

### **Аңдатпа**

Мақалада қазіргі башқұрт тілінде қалыптасқан терминтану жайлы мәліметтер беріледі. Башқұрт терминологиясының қалыптасу тарихы мәселелері қарастырылып, зерттеуді қажет ететін жаңа терминологиялық салалар көрсетіледі, башқұрт тілінде термин жасаудың негізгі тәсілдері анықталады.

**Түйінді сөздер:** түркітану, башқұрт тілі, терминология, терминология, термин шығармашылығы.

### **Abstract**

The article provides information about terminology that has developed in the modern Bashkir language to date. Issues of the history of the formation of Bashkir terminography are considered, new terminological areas that require development are indicated, and the main methods of term formation in the Bashkir language are identified.

**Keywords:** Turkology, Bashkir language, terminology, formation of terms.

### **Кіріспе**

Әдеби тіл нормаларын қалыптастыруда терминология ерекше маңызды рөл атқарады, себебі әдеби тіл қоршаған әлемдегі заттар мен құбылыстарды атауда тіл тасымалдаушыларының барлық қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті болуы тиіс және тілдің барлық стильдерін, соның ішінде ғылыми сөйлеу стилін қамтуы қажет. Әдеби мәртебеге ие әрбір тіл өзінің

---

\* Ресей Ғылым Академиясы Уфа федералдық ғылыми-зерттеу орталығының Тарих, тіл және әдебиет институты Тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, e-mail: rishrinat@mail.ru, ORCID: 0000-0003-4363-2940

терминологиялық жүйелерін жасап, олардың құрамын үздіксіз толықтырып отырады.

Башқұрт терминологиясының қалыптасуы ғасырлық тарихқа ие. Ұлттық мәдениет пен филология ғылымының көрнекті өкілдері (М. Өметбаев, З. Шакиров, М. Ғафури, Д. Юлтый және тағы басқалар) башқұрт әдеби тілі терминологиясын қалыптастыруға елеулі үлес қосты.

1919 жылы Башқұрт Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы құрылғаннан кейін, башқұрт тіліне орыс тілімен қатар екінші мемлекеттік тіл мәртебесі берілген соң, БАКСР аумағында башқұрт әдеби тілінің кедергісіз қызмет етуін қамтамасыз ету үшін түрлі терминологиялық сөздіктерді жасау бойынша жүйелі жұмыстар басталды. Башқұрт лексикографиясының алғашқы нормативтік әзірлемелері 1922 жылы БАКСР Халық ағарту комиссариаты жанынан құрылған Академиялық орталық қызметкерлеріне тиесілі. Мәселен, 1924 жылы Г.Ф. Вильданов құрастырған іс жүргізу терминдерінің сөздігі жарық көрсе, 1926 жылы Н. Тағировтың авторлығымен түсіндірме башқұрт сөздігі басылып шықты.

1930 жылы БАКСР Халық ағарту комиссариаты жанындағы Академиялық орталық таратылғаннан кейін термин шығармашылығы және терминология мәселелерімен Башқұрт кешенді ғылыми-зерттеу институты айналыса бастады (кейіннен – Башқұрт ұлттық мәдениеті ғылыми-зерттеу институты, қазіргі уақытта – Ресей ғылым академиясының Уфа федералды зерттеу орталығының Тарих, тіл және әдебиет институты). Осылайша, жүз жылдан астам уақыт бойы башқұрт тілінің сөздік құрамын термин жасау, бекіту және лексикографиялау мәселелерімен Тарих, тіл және әдебиет институтының Тіл білімі бөлімі мамандары айналысып келеді. Олардың жұмысының нәтижесінде әртүрлі типтегі және түрдегі сөздіктер жасалды.

### **Башқұрт тілі терминологиясының және терминографиясының дамуы**

Башқұрт терминтануы мен терминографиясының мәселелері ежелгі дәуірден (ежелгі түркі жазба дәстүрінен) ХХІ ғасырдың басына дейін Г.Г. Қағармановтың монографиясында зерттелген [1]. Автор өз кітабында ХХ ғасырдағы терминологияның қалыптасуын сипаттайтын бірнеше уақыт кезеңін бөліп көрсетеді: 1) 1920-1940 жж., 2) 1950-1970 жж., 3) 1980-1990 жж. және ХХІ ғасырдың басы. Бірінші кезең башқұрт тіліндегі ғылыми терминологияның пайда болу уақыты, терминологиялық жүйелерді қалыптастырудың қолайлы әдістерін іздеу кезеңі ретінде сипатталады. Екінші кезең – терминологиялық жүйелерді әзірлеу саласында жинақталған тәжірибені бекіту және сынақтан өткізу уақыты. Соңғы кезең жалпылаушы, ғылыми негізделген лексикографиялық еңбектердің пайда болуымен ерекшеленеді.

Нақтырақ айтқанда, 1930-40 жылдары өсімдіктер атаулары, математика (1932), физика (1934 және 1935), химия (1934), медицина, гистология,

элеуметтік-экономикалық және философиялық ғылымдар, сондай-ақ башқұрт тілі бойынша сөздіктер жарық көрді (1935). Лексикография саласындағы шағын топтағы Тарих, тіл және әдебиет институтының тіл мамандарының мақсатты жұмысының арқасында өткен ғасырдың 1950 жылдарына қарай ғылыми терминологияның негізгі бағыттары қалыптасып, башқұрт тілінің ғылыми стилі жасалды.

1950-1970 жылдар сөздіктердің жаңа толқынының пайда болуымен ерекшеленеді. Бұл кезеңде екі тілден құралған сөздіктер жасалды: орысша-башқұртша және башқұртша-орысша физика (1949), математика (1949), химия (1950), ботаника, география, зоология (1952), астрономия (1954), құқық (1956), ауыл шаруашылығы (1961), әдебиеттану (1965) бойынша сөздіктер жарық көрді. Бұл жылдардағы басылымдардың көпшілігі танымал башқұрт тілі маманы Т.Г. Байышевтің авторлығымен немесе редакторлығымен дайындалғанын атап өткен жөн. Башқұрт тілінің қызметінің кеңеюі және оның қоғам өмірінің барлық салаларына белсенді түрде енуі кезінде осындай жоғары деңгейде орындалған терминологиялық анықтамалықтардың шығарылуы уақыт талабы және қоғам сұранысына жауап болды.

1980-1990 жылдары екі тілді сөздіктерді шығару жалғасын тапты, ал олардың тізімі жаңа лексикографиялық басылымдармен толықты. Бұл кезеңде юриспруденция (1980), ботаника, адам анатомиясы мен физиологиясы (1981), математика (1982), физика, элеуметтік-саяси ғылымдар (1984), орнитология (1986), ауыл шаруашылығы (1987), медицина және гигиена (1990), тіл білімі (1991), фольклор (1993, 1999), математика (1993), юриспруденция (1994), этнография (1994, 2000), құқық (1994, 1996), этика (1996), бейнелеу өнері, музыка, ботаника (1997), Башқұртстанның омыртқалы жануарларының атаулары (1998), ара шаруашылығы (1999) бойынша сөздіктер жарық көрді.

XXI ғасырдың басында терминологиялық сөздіктерді жасау жұмысы ерекше жандана түсті. Бұл 1999 жылдың ақпан айында қабылданған Башқұртстан Республикасының «Башқұртстан Республикасындағы халықтар тілдері туралы» заңының қабылдануымен тікелей байланысты болды. Сол уақытта Тарих, тіл және әдебиет институтының директоры, көптеген жылдар бойы институттың тіл білімі бөлімін басқарған З.Г. Ураксин өз сөздерінің бірінде мақтанышпен былай деп атап өтті: «Башқұртстан халықтары тілдері туралы» заң қабылданғаннан кейін 2-3 жылдың ішінде Тарих, тіл және әдебиет институтының тіл білімі бөлімінің қызметкерлері әртүрлі салаларға арналған 20-дан астам терминологиялық сөздікті дайындап, баспаға тапсырды: экология, сәулет және құрылыс, дене шынықтыру мен спорт, педагогика, психология, этномәдениеттану және т.б. [2; 348]. Расында да, XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында екі тілді сөздіктер мен анықтамалар жарық көрді. Олардың қатарына дефектология, қоғамдық-саяси ғылымдар,

ауыл шаруашылығы (2001), ара шаруашылығы (2001, 2008), тілдерді оқыту әдістемесі (2001, 2009), ботаника (2002, 2011), тіл білімі, педагогика және психология (2002), мифология (2002, 2010, 2011, 2015, 2019), этнолингвистика мен этномәдениеттану лексикасы (2002, 2003, 2006, 2012), техника, юриспруденция (2003), сәулет-құрылыс терминдері сөздігі (2004), офтальмология (2004), сауда мен қоғамдық тамақтану қызметкерлеріне арналған сөздік (2005), халық медицинасы (2005), мал шаруашылығы (2006), кітапхана, баспа және ақпарат қызметкерлеріне арналған сөздік (2006), әскери лексика, орман шаруашылығы, медицина, экономика (2007), туыстық салт-дәстүр лексикасы (2008), астрономия, экология, эстетика, сызу (2008), музыка, этика, дене шынықтыру мен спорт, табиғаттану, мәдениет қызметкерлеріне арналған сөздік, сауда, кәсіпкерлік және сыртқы экономикалық қызмет, дипломатия (2009) бойынша сөздіктер жатады. 1990-2007 жылдары шыққан көптеген басылымдар Башқұртстан Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор З.Г. Ураксиннің редакциясымен жарық көрді, ал олардың авторлары мен құрастырушылары – Ресей Ғылым академиясының Уфа ғылыми орталығының Тарих, тіл және әдебиет институты тіл білімі бөлімінің қызметкерлері.

Соңғы он жылда башқұрт тіл білімінде сөздік жұмысы негізінен этнолингвистика және лингвокультурологиялық салада жүргізілді, сондықтан нақты терминологиялық сөздіктер салыстырмалы түрде аз көлемде жарық көрді. Шығарылғандардың арасында киім-кешек және әшекейлер лексикасына арналған сөздік (2015) және кітаптану саласына арналған сөздік (2016) бар.

Сондықтан, ХХІ ғасырдың басына қарай, башқұрт терминографиясы ғылымның барлық салаларын қамтитын арнайы сөздіктердің үлкен санымен ұсынылды, олар башқұрт әдеби тілін құру, дамыту және жетілдіру негізі болды. Г.Г. Кагармановтың әділ пікірі бойынша, башқұрт тілінің терминология саласының деңгейі туралы ең айқын куәлік – 1996 [3] және 1997 [4] жылдары екі тілде шығарылған «Башкортостан» қысқаша энциклопедиясы, онда барлық ғылыми білім салаларының сипаттамасы мен түсіндірмелері бар, демек, ғылыми метамазмұн әзірленген. Осылайша, қазіргі заманғы башқұрт терминологиясы мен терминографиясының болашағы тілдің қоғамдық функцияларын және қолдану салаларын дамыту мен кеңейтуде маңызды рөл атқарады, сондай-ақ оны ғылым тілі ретінде ұсыну және таратуда маңызды орын алады [1; 229]. Толық «Башқұрт энциклопедиясының» орыс тілінде (2005-2011 жж.) [5] және башқұрт тілінде (2014-2018 жж.) [6] жеті томда шығарылуы осы ойды толықтай растап, башқұрт тілінің негізгі терминологиялық базасының қалыптасқанын айқындайды.

Терминологиялық сөздіктерде тіркелген лексика кейіннен аударма және түсіндірме сөздіктерінде өз орнын тауып, тілдің лексикалық байлығына ажырамас бөлік ретінде қосылады. Айта кету керек, жарияланған барлық орысша-башқұртша (1948, 1954, 1964, 1994, 2002, 2005, 2007), башқұртша-орысша (1958, 1996) және түсіндірме (1993, 2004, 2011-2018) сөздіктерді Тарих, тіл және әдебиет институтының лексикографтары дайындаған. Әрбір келесі басылым сөздік қорын айтарлықтай толықтырумен, лексикалық материалды өңдеудің сапасын едәуір жақсартумен, сондай-ақ сөздердің анықтамаларын кеңейту немесе нақтылаумен ерекшеленеді.

Башқұрттану саласындағы маңызды оқиға 1993 жылы Мәскеуде жарық көрген екі томдық «Башқұрт тілі түсіндірме сөздігі» болды, оны талантты лексикограф А. Г. Бийшев басқарды [7]. Бұл сөздік мақалаларының негізінде Тарих, тіл және әдебиет институтының тіл білімі бөлімінің қызметкерлері 2011-2018 жылдары «Китап» баспасында 10 томдық «Академиялық башқұрт тілі сөздігін» дайындап шығарды [8]. Бұл сөздіктің ерекшелігі – ол нормативті тіркеуші типтегі аударма сөздіктер қатарына жатады [9], оның мақсаты – башқұрт тіліндегі барлық қолданыстағы лексиканы қамту, соның ішінде көркем, ғылыми-популярлық, оқу-әдістемелік және публицистикалық әдебиетте кездесетін сөздер.

Осылайша, қазіргі уақытта башқұрт терминологиясы тілдің барлық көптүрлілігін қамтитын лексикографиялық еңбектердің айтарлықтай корпусына ие; негізгі терминологиялық қабаттар әзірленген деп айта аламыз. Дегенмен, адамның өмір сүру әрекетінде пайда болған жаңа салаларға атаулар енгізу қажеттілігі туындап отыр. Мысалы, компьютерлік терминологияны, химиямен, медицинамен, генетикамен және тұрмыстық техникамен байланысты барлық нәрселерді әзірлеу және жетілдіру қажет: олардың атаулары негізінен орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы қабылданған ағылшын тіліндегі кірме сөздер болып табылады: миксер, тостер, термос, смартфон, плеер және т.б. Мысалы, 1990-2000 жылдары пайда болған ұялы телефонды бастапқыда «*кәрәзле телефон*» деп атаған, бұл сөз орыс тіліндегі атаудан калькаланған болатын, Стерлитамак қаласында, мысалы, ұялы байланыс салоны дәл осылай аталған: «*кәрәзле бәйләнеш салоны*». Кейінірек бұл сөз «*кесә телефоны*» («қалта телефоны») дегенмен ауыстырылды, дәл осылай түрік тілінде де «*сер telefonu*» деп аталады.

Компьютерлік терминология біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналып, өзінің терминологиялық жүйесін жасау қажеттілігін туындатады. Башқұрт тілінде компьютерлік терминдерге арналған жұмыстарды Уфа федералды зерттеу орталығының Тарих, тіл және әдебиет институтының Тіл білімі бөлімінің Лингвистика және ақпараттық технологиялар зертханасының лингвисттері жасаған (қазіргі уақытта – Қолданбалы лингвистика және диалектология бөлімінде). Алайда, өкінішке орай, жаңа терминдердің көпшілігі тиісті қолдануға енген жоқ, мысалы



*diskйөрөткөс* «дисконоситель», *төрткө* «курсор» сияқты сөздер. Сонымен қатар, компьютерлік лексика қалыптасуының басында түркі тілдес халықтар арасында терминологияны қалыптастыру жұмысын түріктер, өз тілдерінің құралдары арқылы әрбір сөзге балама табуға тырысып, ең сәтті жүзеге асырған сияқты: *bilgisayar* «компьютер» (сөзбе сөз. «білім есептегіш»), *bellek* (сөзбе сөз. «жад») немесе *kalembellek* (сөзбе сөз. «қарындаш-жад») «флешка», *yazıcı* «принтер» (сөзбе сөз. «жазушы»), *çikti* «басып шығару» (сөзбе сөз. «шығып кетті») терминдері қазіргі түрік тілінде кең қолданыс тапқан. Түрік лингвистері арнайы «Шетелдік сөздерге баламалар анықтамалығы» («Yabancı Sözlere Karşılık Kılavuzu») атты жинақ жасаған, онда жаңа терминдер ұсынылып, қоғамның талқылауына шығарылады [10]. Башқұрт тілінде мұндай жұмыстар негізінен энтузиаст-ғалымдардың күш-жігерімен жүзеге асырылады, олар жаңа ұғымдардың атауларын ұсынады. Мысалы, 2021-2022 жылдары осы мақаланың авторы Башқұртстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Терминология комиссиясы бекіткен «Башқұртстан Республикасының тілдері туралы» заңды жүзеге асыру бойынша жобамен қолдау тапқан «Үш тілді англо-орыс-башқұрт онлайн жоғары білім терминдерінің сөздігі: әзірлеу және енгізу технологиялары» жобасына қатысып, аталған терминологиялық жүйені жасауға атсалысты. Жұмыс нәтижелері, Башқұртстан Республикасының Үкіметі жанындағы Терминология қызметі бекіткеннен кейін UNIdictionary сайтында жарияланды [11].

Белгілі болғандай, терминология жасау мәселесі бірнеше аспектіні қамтиды: 1) термин және пәндік сала; 2) термин және оны білдіретін ұғым; 3) термин және көпмағыналы сөздер; 4) термин және диалектілік, синонимиялық, стилистикалық нұсқалардан таңдау; 5) терминнің сөздік тұрғыда берілуі. Терминнің нақты бір заттық және ұғымдық салалармен байланысын анықтау, белгілі бір термин үшін бірімәнді семантика орнатылатын ерекше терминологиялық өрісті бөліп көрсетуге байланысты. Ұғымды білдіру үшін бар терминдердің (диалектілік, синонимиялық, стилистикалық) ішінен бір терминді таңдау мәселесінде, термин жүйелерін әзірлеушілер көбінесе ең көп қолданылатын, мағынасы бойынша жалпы, экспрессивті емес, стилистикалық және эмоционалды бейтарап сөзді таңдайды, өйткені бұл функцияны синонимиялық қатарлардың доминанттары орындайды, себебі олар қажетті бейтараптыққа ие. Сонымен қатар, термин жүйелерінде синонимдер-екілік сөздер де кездеседі, олардың кейбірі төл сөздермен қатар кірме сөздер арқылы пайда болады, сондықтан кейде бір сөздер терминге айналса, басқа сөздер жалпы тілдік нормаларға айналады (*котоп* – полюс, *имтихан* – экзамен және т.б.). Көптеген дублеттер термин жүйесінде бірдей қолданылады, бір жағынан, ғылыми мәтіндерде тавтологиядан аулақ болуға көмектеседі: *ялғау* – аффикс, ал екінші жағынан, мағынаны түсінуді қиындатады: *рәуешлек һүззәр* – *модаль һүззәр* – *мөнәсәбәт һүззәр* «модаль сөздер», бірақ қажетті жағдайда семантикалық нюанстарды нақтылауға көмектеседі.

Ақырында, терминге адекватты сөздік қалыптастыру, оны бірден тілде қолданысқа енгізу, кеңінен тарату – терминологиямен айналысатындардың барлығын толғандыратын мәселе болып табылады. Бұл мәселе, барлық уақытта өзектілігін жоғалтпай, бірнеше жолмен шешіледі. Біріншіден, кез келген тілде, соның ішінде башқұрт тілінде де, терминология жасау тек қана орныққан, жалпы қабылданған сөзжасам канондарына сәйкес жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта бастапқы сөздер (бастапқы номинация) туралы мәселе принципті түрде қарастырылмайды, бірақ зерттеушілер, соның ішінде А.Т. Қайдаров [12], бірнеше рет атап өткендей, түркі тілдеріндегі бір буынды түбірлердің әр үлгісіндегі дыбыстық тіркестердің теориялық тұрғыдан мүмкін болатын өзгерістері 50%-ға да іске асырылмаған (бұған толығырақ қараңыз: [13; 124-150]). Қазіргі уақытта башқұрт тілінде жаңа сөздер деривация арқылы (*сканер* – *сканерлау* «сканерлеу», *цифрлы* «цифрлы»), сөз қосу (*веб-әзерләүсе* «веб-әзірлеуіш»), сөз тіркестерін лексикализациялау (*бирелмәләр базаны* «деректер базасы»), калькалау (*мәғлүмәт серверы* «ақпараттық сервер», *карау тәзрәһе* «көру терезесі»), негізінен орыс тілінен және оның арағайындығымен басқа еуропалық тілдерден қарыздау арқылы қалыптасады. Ұсынылған терминдердің кейбірі сәтті шығып, тілде оңай қалыптасады (*йәнһаксы* «телохраниль», *йәнһүрәт* «мультифильм», *бозбармак* «сосулька»), ал кейбіреулері тіл пайдаланушыларының қолдауын таппайды, мысалы, Н.Ф. Суфьянова ұсынған *койолма* «заливка», *үткелек* «прихожая», *ярым ойок* «получулки» сияқты сөздер тілде орныққан жоқ. Қала мен ауылдардағы жарнамаларда пайда болған *бөзрәхана* «шаштараз», *дарыухана* «дәріхана», *кәһүәхана* «кофейня» деген сөздер де кеңінен қолданылмайды, орыс тіліндегі нұсқалары жиі пайдаланылады.

Осылайша, терминдерді жасаушылардың қорында тілдік құралдардың жеткілікті көп мөлшері бар. Алайда термин жасау – реттелетін сала, сондықтан белгілі бір терминдерді қолданудағы синонимиядан аулақ болу үшін мемлекеттік деңгейде терминологиялық мәселелерді реттеу жұмыстары жүргізіледі. Башқұртстан Республикасында Терминология комиссиясы құрылды (ол әр түрлі аудандардың, елді мекендердің, қала аудандарының терминология қызметтерін біріктіреді), бұл комиссия алғашында БАКСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумында, кейін Башқұртстан Республикасының Министрлер кабинетінде құрылған, қазіргі уақытта – Башқұртстан Республикасының Үкіметі жанында жұмыс істейді. Терминология комиссиясының қызметіне жаңа терминдер мен терминологиялық тіркестерді жасау, реттеу, талқылау, қарастыру және бекіту жатады. Комиссия түрлі жылдары белсенділік танытты. Комиссияның ең жемісті қызметі 90-шы жылдардың соңына келеді, сол кезде жаңа терминдер белсенді түрде әзірленіп, танымалдылыққа ие болды, республикадағы баспасөзде арнайы терминологиялық айдарлар немесе бағаналар пайда болды, мысалы «Башкортостан», «Йәшлек» газеттерінде, «Ватандаш» журналында. Бұл кезеңде араб тілінен енген қоғамдық-саяси терминдер, мысалы *фиркә* «партия», *йәмғиәт* «қоғам» терминдері, қайта енгізілді, олар советтік кезеңде

Құран тілінің ықпалынан арылу мақсатында айналымнан алынып, орнына орыс тілінен алынған сөздер енгізілген болатын. Алайда, орысизмге тым көп ену, башқұрт мәтіндерінде ұлттық бірегейлігін жоғалтуға әкеліп соқты, ғылыми мәтіндер шетелдік сөздермен толтырылғанда ғылыми құндылығын жоғалтты. Осылайша, лексикологтар дабыл қақты, мысалы, белгілі филолог А.И. Харисовтың [14] негізделген сыни мақалалары пайда болды, онда орыс тілінің сөздерін шамадан тыс қолдануға қарсылық білдірілді, мысалы, бұрын араб тіліндегі *дәулет* орнына «*государство*», *хөкүмәт* орнына «*правительство*» деген сөздер қолданылған. Нәтижесінде, қоғамдық-саяси терминология саласындағы арабизмдердің бір бөлігі лексикалық нормаға қайта оралып, қазіргі уақытта тек осы сөздер қолданылуда.

### Қорытынды

Жалпы алғанда, башқұрт терминографиясы, ғасырлық қалыптасу тәжірибесінен өтіп, бүгінгі таңда халықтың өмірінің түрлі салаларын қамтитын едәуір кең лексикографиялық басылымдар тізіміне ие. Әрбір жарияланған сөздік теоретикалық негіздемемен сүйемелденіп, материал тиісті монографияларда, диссертациялық жұмыстарда толық түсіндірілді, сондықтан башқұрт терминологиясының даму деңгейі мен ауқымы дәл осы терминографиялық еңбектер арқылы бағалануы мүмкін. Бірқатар талантты башқұрт лексикологтарының және терминологтарының еңбектерінің нәтижесінде, маңыздылығын ешқашан жоғалтпайды, себебі қоршаған шындық үнемі жаңа заттар мен ұғымдармен толықтырылады, олар дереу жаңа атауға ие болуды талап етеді. Қазіргі башқұрт әдеби тілінің терминологиялық деңгейі қалыптасты. Ол Башқұртстан Республикасында мемлекеттік тіл ретінде орыс тілімен қатар башқұрт тілінің де іс жүргізуін қамтамасыз етеді. Бұл ғылыми білім саласының қолданылуы, дамуы, уақыт өте келе сақталуы, танымал болуы және жас ұрпаққа жеткізілуі әрбір башқұрт тілі өкілінің туған тілге, туған мәдениетке деген мұқият қарым-қатынасымен тікелей байланысты.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Каһарманов Ғ.Ғ. *Башкорт терминологияһы. Тарихи-лингвистик тасуирлау тәжрибәһе.* – Өфө: Гилем, 2002. – 235 бит.
2. Ураксин З.Ғ. *Һүз һәм һүзлектәр // Башкироведение: К 75-летию со дня рождения академика АН РБ Г.Б. Хусаинова.* – Уфа: Гилем, 2004. – С. 374-349.
3. Башкортостан. Краткая энциклопедия / Гл. ред. Р. З. Шакуров. — Уфа, 1996. — 672 с.: илл.
4. Башкортостан: Кыскаса энциклопедия. Урыссанан тулыландырылған һәм төзәтелгән тәржемәһе / Баш мөхәррир Р. З. Шәкүров. — Өфө, 1997. — 696 б., һүрәттәре менән.

5. Башкирская энциклопедия. В 7 т. / Гл. ред. М. А. Ильгамов. Т. 1 (А —Б). — Уфа, 2005. — 624 с.: илл.: карт.; Т. 2 (В —Ж). — Уфа, 2006. — 624 с.: илл.: карт.; Т. 3 (З —К). — Уфа, 2007. — 672 с.: илл.: карт.; Т. 4 (Л —О). — Уфа, 2008. — 672 с.: илл.: карт.; Т. 5 (П —С). — Уфа, 2009. — 575 с.: илл.: карт.; Т. 6 (С —У). — Уфа, 2010. — 543 с.: илл.: карт.; Т. 7 (Ф —Я). — Уфа, 2011. — 664 с.: илл.: карт.
6. Башкорт энциклопедияһы: 7 томда / Баш мөх. М. Ә. Илһамов. – Өфө: Башкорт энциклопедияһы, 2014-2018.
7. Башкорт теленең һүзлеге. 2 томда / Ә. Ғ. Бейешев һ. б. I том (А — М). — М., 1993. – 862 б.; II том (Н-Я). – М., 1993. – 814 б.
8. Академический словарь башкирского языка: в 10 томах / под ред. Ф. Г. Хисамитдиновой. – Уфа: Китап, 2011-2018.
9. Ягафарова Г.Н. *Новейшая тюркская лексикография (о новом типе толковых словарей)* // Северо-Восточный гуманитарный вестник. – Якутск: ИГиИПМНС СО РАН, 2019. – № 1(26). – С. 77-85. DOI: 10.25693/SVGV.2019.01.26.010.
10. Yabancı Sözlere Karşılıklar Kılavuzu. URL: <https://sozluk.gov.tr/Türk Dil Kurumu Sözlükleri> (дата обращения: 10.09.2024)
11. UNIdictionary URL: [www.uni-dict.com](http://www.uni-dict.com) (дата обращения: 10.09.2024)
12. Кайдаров А.Т. *Структура односложных корней и основ в казахском языке*. – Алма-Ата: Наука, 1986. – 328 с.
13. Ягафарова Г.Н. *Ономаσιологический анализ лексики современного башкирского языка*: Дисс. ... д-ра филол. наук. – Казань, 2018. – 450 с.
14. Харисов А.И. *Выступление* // Вопросы терминологии: (материалы Всесоюзного терминологического совещания / АН СССР, Ин-т языкознания. – М., 1961. – С. 127-128.

## ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ САЛАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕР ТҮЗУ ТӘЖІРИБЕСІ

### THE TURKIC ACADEMY'S EXPERIENCE IN COMPILING SPECIALIZED TERMINOLOGICAL DICTIONARIES

*Айнұр Рысбекқызы МАЕМЕРОВА\**

#### **Аңдатпа**

Түркі Академиясы түркі мемлекеттері арасындағы үздіксіз дамып келе жатқан қарым-қатынастарды тілдік тұрғыдан қолдау және өзара түсіністік пен ынтымақтастықты тереңдету мақсатында «Түркі тілдерінің терминологиялық сөздіктері» жобасын қолға алды. Осы жоба шеңберінде ағымдағы жылы түркі тілдерінің экономикалық, әскери және тіл білімі салалары бойынша терминологиялық сөздіктер жарыққа шықты. Мақалада Түркі Академиясының салалық терминологиялық сөздіктері сараланып, сөздіктерді түзу тәжірибесі айқындалады.

**Түйін сөздер:** экономикалық терминдер, әскери терминдер, тіл білімі терминдері, салалық терминологиялық сөздіктер, түркі тілдері, Түркі Академиясы.

#### **Abstract**

The Turkic Academy has launched the project “Terminological Dictionaries of Turkic Languages” to support the ever-evolving relations among Turkic states from a linguistic perspective and to foster deeper mutual understanding and cooperation. As part of this initiative, terminological dictionaries in the fields of economics, military affairs, and linguistics were published this year. This article distinguishes the thematic terminological dictionaries produced by the Turkic Academy and outlines the methodology used in their creation.

**Keywords:** economic terms, military terms, linguistic terms, terminological dictionaries, Turkic languages, Turkic Academy.

#### **Кіріспе**

---

\* Түркі Академиясының сарапшысы, филология ғылымдарының докторы, a.mayemerova@gmail.com, ORCID: 0000-0001-8225-1441

Түркі мемлекеттері арасындағы үздіксіз дамып келе жатқан қарым-қатынастарды тілдік тұрғыдан қолдау және өзара түсіністік пен ынтымақтастықты тереңдету, түркі терминологиясының қазіргі жағдайын бағамдау және ортақ терминологиялық қор қалыптастыру мақсатында Түркі Академиясы 2023 жылы «Түркі тілдерінің терминологиялық сөздіктері» жобасын қолға алды.

Түрік тілі құрымы мен түркі мемлекеттеріндегі тіл білімі институттары түркі тілдерінің грамматикалары, аударма сөздіктері тәрізді салаларда маңызды зерттеулер жүргізіп, түрлі жобаларды жүзеге асыруда. Соңғы жылдары ғаламторда осы бағыттағы ресурстар да қолжетімді болып, түркі әлемі зерттеушілері мен ғылыми мекемелері арасындағы ынтымақтастық күшейе түсті. Дегенмен қазіргі таңда түркі тілдері арасындағы кешенді терминдік сөздіктер саны көп емес. Бұл жерде түркі тілдерінің терминологиялық сөздіктерін түзудің алғашқы тәжірибесі ретінде Түрік тілі құрымы 1997 жылы жариялаған Емине Гүрсой Наскали басшылығында дайындалған «Түркі әлемі грамматикалық терминдер сөздігін» [1] атап өту керек. Бұдан бөлек Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанында құрылған Аударма орталығы 2004-2015 жылдар аралығында университет студенттері үшін саны шамамен 500-ден 4000-ға дейінгі терминдерді қамтитын қазақша-түрікше-орысша салалық он екі сөздік дайындағанымен, бұл сөздіктер көпшілік қауымға қолжетімді емес. 2013 жылы Түрік тілі құрымы мен Түркияның Ақпараттық технологиялар қоғамының мұрындық болуымен құрылған «Түркі әлемі ортақ ақпараттық технологиялар терминдері жұмыс тобы» алты (әзербайжан, қазақ, қырғыз, өзбек, түрік, түрікмен) түркі тіліндегі 1200 ақпараттық технология термині бойынша жұмыс жасады [2, 3]. Сонымен қатар Түркі Академиясында 2018 жылы түркі тілдерінің термин жасамы бойынша тәжірибе алмасу, ортақ термин қор қалыптастыру мақсатымен «Түркі тілдерінің термин жасамы» атты жоба негізінде әзербайжан, қазақ, қырғыз, өзбек, татар және түрік мамандардың ұжымдық ғылыми еңбегі жарияланды [4].

Түркі Академиясы түркі тілдері арасындағы терминдерді біріздендіріп, бір жүйеге келтіру, ортақ терминдерді анықтау, түркі тілдері арасындағы тілдік бірлікті насихаттау, жалпы түркі ғылым тілдерінің дамуына үлес қосу мақсатымен түркі тілдерінің көп тілді терминологиялық сөздіктерін дайындау бастамасын қолға алды. Бұл сөздіктер түркі тілдерінің бірегей сөздік қорын, тілдік ерекшеліктерін және түрлі салалық терминдерін салыстырмалы түрде көрсетеді.

Түркі тілдерінің терминологиялық сөздіктері сериясы экономика, медицина, тіл білімі, әскери іс, ауыл шаруашылығы, қоршаған орта, мәдениет және өнер, саясат, құқық, көлік және тағы басқа кең ауқымды салаларды қамтиды. Бұл сөздіктер түркі мемлекеттеріндегі Ғылым академияларына қарасты тіл білімі, тіл мен әдебиет институттарының өкілдері және сала мамандарының тікелей қатысуымен әзірленді. Осылайша Әзербайжан, Башқұртстан, Қазақстан, Қарақалпақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Татарстан,

Түркия, Түрікменстанның ұлттық терминдерге жауапты ресми мекеме өкілдері алғаш рет кешенді терминологиялық жобаға қатысып, жұмыс істеді.

Терминологиялық сөздіктер жобасына Әзербайжан Ұлттық Ғылым академиясы Несими атындағы Тіл білімі институты қызметкерлері (ф.ғ.д., профессорлар Саялы Садыкова, Шебнем Хасанлы-Гарибова), Әзербайжан Мемлекеттік экономика университетінен (э.ғ.д., профессор Расим Хасанов), Баку Еуразия университетінен (ф.ғ.д., профессор Икрам Касымов), РҒА Уфа Федералдық ғылыми-зерттеу орталығының Тарих, тіл және әдебиет институтынан (ф.ғ.к., доцент Зиннур Сиразитдинов), А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтынан (терминология бөлімінің меңгерушісі ф.ғ.к., доцент Сәрсенбай Құлманов), Қарақалпақ мемлекеттік университетінен (ф.ғ.д., профессор Шамшеддин Абдиназимов, доцент Қожаахмед Толыбаев), Қырғыз-түрік Манас университетінен (PhD Негизбек Шабданалиев), Өзбекстан ҒА Өзбек тілі, әдебиеті және фольклор институтынан (ф.ғ.к., доцент Гулам Исмаилов), Татарстан Ғылым академиясы Ғалымжан Ибрагимов атындағы Тіл, әдебиет және өнер институтынан (ф.ғ.к., доценттер Альфия Булатова, Фериде Тагирова, Ринат Сафаров), Түркиядан Ұлттық қорғаныс университетінен (PhD Өмер Фарук Кожатепе), Анкара Қажы Байрам Вели университетінен (профессор Фиген Гүнер Дилек), Түркі Академиясының сарапшылары (Академияның вице-президенті болған Ерхан Түрбедар, PhD Айнұр Маемерова), Түрікменстан Ғылым академиясы Мақтұмқұлы атындағы Тіл, әдебиет және қолжазбалар институтынан (ф.ғ.к. Режепмухаммед Гелдиев) мамандар қатысуда.

Түркі Академиясы жоғарыда атап өтілгендей 2023 жылы бастаған терминологиялық сөздіктер жобасы бойынша ағымдағы жылы «Түркі тілдерінің экономикалық терминдері сөздігі», «Түркі тілдерінің әскери терминдері сөздігі» және «Түркі тілдерінің тіл білімі терминдері сөздігін» жарыққа шығарды.

Түркі әлемінің жаһандық бәсекелестік ортаға және осыған байланысты барлық салалардағы инновацияларға ілесіп отыруы өте маңызды. Экономикалық, әскери және тіл білімі терминдері сөздіктерінде негіз тіл ретінде ағылшын тілі алынып, осы тілде дайындалған терминдер тізімі қолданылды. Мысалы, «Түркі тілдерінің экономикалық терминдер сөздігінде» экономика саласындағы ғылыми мақалалар, монографиялар, халықаралық баяндамалар мен сөздіктер негізінде банк ісі, қор нарығы, бизнесті басқару, қаржы, макроэкономика, микроэкономика, есеп, сақтандыру, халықаралық сауда, салық саласы және экономикалық теория сияқты экономиканың негізгі салаларында ең жиі қолданылатын 5000 термині сұрыпталып алынды. «Түркі тілдерінің әскери терминдер сөздігінде» құрлық, әуе және теңіз күштеріндегі әскери тактика, әскери топография, әскери бұйрық, әскери шендерге қатысты жиі қолданылатын 5000 термин іріктеліп алынды. «Түркі тілдерінің тіл білімі терминдері сөздігінде» тіл білімінің түрлі салаларында қолданылатын 5000 термин сұрыпталды.

Түркиялық мамандар ағылшын тіліндегі терминдер негізінде жұмыс істесе, қалған түркі елдерінің мамандары ағылшын тіліндегі терминдердің орыс тіліндегі баламаларын негізге алды. Әзербайжандық мамандар ағылшын, орыс және түрік тіліндегі терминдерді негізге алып отырды. Осылайша ағылшын тіліндегі әліпби ретімен жазылған негізгі тізіммен бірге орыс тіліндегі тізім де қоса берілді. Тоғыз түркі тіліәліпби ретімен орналастырылып, бір ұғымнынатауы болатын терминдердіңәр тілдегібаламасын көріп салыстыруға және бағамдауға болады.

Түркітілдеріндесалалықтерминдержүйесі кәсіби және ғылыми қарым-қатынас қажетіне сай қалыптасқанымен, бірізділік байқалмайды. Терминдер жүйесі белгілі себептерге байланысты әр тілде сол тілдің ішкі сұранысына сай дамуда. Салалық сөздіктерде жаңа ұғымдар мен жаңа терминдер қамтылғандықтан, жобаға қатысқан мамандар кейбір жағдайда сол терминнің аудармасынұсынды. Бұл тұрғыдан жаңа терминдерге баламасы бар түркі тілдері басқа туыстас тілдерге өзара термин алмасу мүмкіндігін береді.

Экономикалық терминдер сөздігінде *unemployment, inflation, gross domestic product* тәрізді жалпы экономикалық терминдер; *General Agreement on Trade in Services (GATS)* сияқты халықаралық сауда келісімі атаулары; *SWIFT code, foreign exchange* сияқты халықаралық банк ісі терминдері; *shoe leather cost* тәрізді тұрақты сөз тіркестері; *stock index option, shorting* тәрізді биржа терминдері; *technology entrepreneurship, sustainable agriculture, yettie, smart economies* сияқты жаңа ұғымдар мен терминдер қамтылды.

Әскери терминдер сөздігінде *escalation, gas bomb, gunpowder, national defence* тәрізді жалпы әскери терминдер; *global maritime distress and safety system, global navigation satellite system, global positioning system* сияқты халықаралық жүйе атаулары; *hotbed of war, in the open, naked bullet, overwar* деген әскери салада қолданылатын тұрақты сөз тіркестері; *naval war college* сияқты әскери білім беру орталығы атаулары; *eyes front! forward march! order arms! parade rest!* тәрізді әскери бұйрықтар; *inter continental ballistic missile, laser guided weapon, logistics coordination center* тәрізді жаңа ұғым мен терминдер; *first officer, flag officer, intelligence and counter intelligence officer* тәрізді әскери шен атаулары; *h-hour, D-day, lieutenant commander, petty officer* тәрізді НАТО терминдері қамтылды.

Тіл білімі терминдері сөздігінде *sentence, phonemicsystem, pronoun, transliteration, zetacism* тәрізді жалпы тіл білімі терминдері; *Common European Framework of Referencefor Languages (CEFR), International Phonetic Alphabet (IPA)* сияқты халықаралық бағдарлама мен жүйе атаулары; *slip of the tongue* сияқты тұрақты сөз тіркестері; *linguistic anthropology, sociostylistics, sociophonetics, systemic functional grammat* тәрізді жаңа терминдер берілді.

Түркі Академиясының бастамасымен дайындалған салалық терминдер сөздіктерінің 1) түркі тілдеріндегі салалық терминдерді салыстырмалы түрде көрсетіп; 2) қолданыстағы және жаңа терминдердің түркі тілдеріндегі баламасын ұсынып; 3) түркі тілдеріндегі терминдерді біріздендіру және термин алмасу үшін ортақ терминологиялық қорәзірлеуге негіз болады деп сенеміз.



Жалпытүркілік терминқорды қалыптастыру бағытында ғылыми ізденістері бар әзербайжандық терминолог-ғалым Саялы Садыкова «Түркі тілдерінің ортақ терминқорын қалыптастыру – түркі тілдерінің қазіргі ғылым, салалық кәсіп тілін өзара дамыта отырып, ортақ ғылым, кәсіп тілін қалыптастырудың маңызды қозғаушы күші. Осы арқылы түркі тілдері өзара сөздік қорын қалпына келтіруге жол ашады. Термин жасау ісінде тәжірибе алмасудың құралы – түркі тілдерінің көптілді терминологиялық және де басқа сөздіктерін жасау» деп келтіреді [5, 111].

Академик Шерубай Құрманбайұлы «...туыстас тілдерден алынған терминдердің қабылдаушы тілдің морфологиялық, дыбыстық ерекшеліктеріне сай келетінін немесе соған бейім тұратынын да айту керек. Сондықтан олар тілге жатсынбай қабылданып, оңай сіңіп кете алады.» деп атап өткендей [6] түркі тілдерінде ортақ терминдерді жасау ісіне жұмыла кірісуге толық негіз бар дей аламыз.

Осы бағытта атқарылған және болашақта істелетін жұмыстар негізінде түркі тілдерінің өзара түсінісу деңгейі артып, ғылыми және мәдени ынтымақтастықты тереңдетіп нығайтуға болатыны еш күмәнсіз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Gürsoy-Naskali E. *Türk Dünyası Gramer Terimleri Kılvauzu*. – Ankara: TDK Yay., 1997. – 190 s.
2. <https://www.tbd.org.tr/calisma-gruplari/turk-dunyasi-ortak-bilisim-terimleri-calisma-gruplari/tanitim/>
3. <https://www.bilisimdergisi.org.tr/s159/pdf/112-129.pdf>
4. *Түркі тілдерінің терминжасамы: ұжымдық зерттеу* (Ш.Құрманбайұлы, М.Закиев, Х.Дадабаев, Ш.Х.Акалын, Ч.Джумагулов, С.Садыгова, Е.Әбдірәсілов). – Астана: «Ғылым» баспасы, 2018. – 372 б.
5. *Түркітілдес елдердің терминқорын қалыптастыру тәжірибелері*. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Астана, 2011.
6. *Терминдерді біріздендіру* // <https://anatili.kazgazeta.kz/news/7894>

# АКАДЕМИК ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАРДЫҢ ТЕРМИНОЛОГИЯҒА ҚАТЫСТЫ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

## ACADEMICIAN ABDUALI KAIDAR'S CONCEPTS ON TERMINOLOGY

*Аягүл Даниярқызы ОМАРОВА\**

### **Андатпа**

Мақалада академик Әбдуәли Қайдардың қазақ терминологиясына қосқан үлесі үш түрлі тақырып төңірегінде қарастырылады: біріншісі, академиктің терминологияға қатысты ұсынған қағидаттары; екіншісі, Әбдуәли Қайдардың терминжасамға тікелей әсер ететін фактор ретінде қарастыратын «Адам», «Қоғам», «Тіл» үштұғыры; үшіншісі, ғалымның түркі халықтарына ортақ терминология құру жайлы ойлары.

**Түйін сөздер:** Әбдуәли Қайдар, терминология, терминжасам, түркі халықтары, психолінгвистика, қағидаттар.

### **Annotation**

The article examines the contribution of academician Abduali Kaidar to Kazakh terminology in three different directions: the first is the principles proposed by the academician in terms of terminology; the second is the trinity of "man", "society", "language", which Abduali Kaydar considers as a factor directly influencing the formation of terminology; the third is the scientist's ideas about creating a common terminology for the Turkic peoples.

**Keywords:** Abduali Kaidar, terminology, terminology formation, Turkic peoples, psycholinguistics, principles.

### **Кіріспе**

Академик Әбдуәли Қайдардың қазақ тіл біліміне, сондай-ақ түркологияға қосқан үлесі орасан зор екені күллі зиялы қауымға белгілі. Академик Рәбиға Сыздық ғалымның тіл біліміндегі басты 3 сала бойынша атқарған еңбегін ерекше атап көрсетеді. Оның алғашқысы – қазақ тіліндегі сөздердің түп-төркінін көрсететін этимологиялық талдаулары мен сол саланың теориясы. Екіншісі – фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер. Бұл саладағы ізденіс нәтижесін ғалым «Қазақтар: ана тілі әлемінде» атты төрт

---

\* А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Терминология орталығының кіші ғылыми қызметкері, awonai\_jany@mail.ru

томдық еңбегінде көрсетеді. Үшіншісі – академиктің тіл саясатына қатысты қоғамдық қайраткерлігі.

Біз Рәбиға Сыздықтың бұл тізіміне Әбдуәли Қайдардың **қазақ терминологиясына сіңірген еңбегін** қосар едік. Ғалым қазақ терминологиясындағы проблемаларды атап қана қоймай, оларды шешудің жолдары мен қағидаттарын да ұсынған:

*1-қағидат: Егеменді ел, тәуелсіз мемлекеттің басты белгілерінің (атрибуттарының) бірі – мемлекеттік тіл десек, оның негізгі тіректерінің бірі – терминологияны жан-жақты дамытуға, реттеуге, қалыптастыруға, кеңінен қолдануға сол мемлекеттің өзі қамқорлық жасауы керек [1, 348].*

*2-қағидат: Қазақ тілі терминологиясының жақсы дәстүрлерін жалғастыра, өскелең өмірдің биік талап-талғамына сай жүз беріп отырған бұқаралық үрдістің тіл үшін тиімді де қажетті жақтарын саналы түрде пайдалану [1, 348].*

*3-қағидат: Салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану [1, 349].*

*4-қағидат: Термин шығармашылығында бұдан кейін туысқан түркі тілдерінің (әсіресе терминология дәстүріне бай жазба тілдердің) озық тәжірибелерінен, терминдік өрнек-үлгілерінен, оңтайлы да үйлесімді сөз жасау модельдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалану [1, 352].*

*5-қағидат: Тіліміз үшін қажет, бірақ дәл баламасы жоқ, аударуға келе бермейтін интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау [1, 353].*

*6-қағидат: Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген термин-атауларды мүмкін болғанынша қазақша аударып қолдану; аударуға келмейтіндерін бұрынғыдай сол қалпында емес, қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау [1, 354].*

*7-қағидат: (қысқартылған терминдер мен атаулар жайында): Салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша (сөз араластырылып та) кеңестік-интернационалдық термин-атаулардың үлгісімен қысқартып қолдануды заңдастыру [1, 348].*

*8-қағидат: Күн санап толассыз туындап жатқан терминдік ұғымдарға тілімізден дәл балама іздеуде де, термин-атауларды жаңадан жасауда да жалпы терминдерге тән талаптарды сақтай отыра, дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау [1, 348].*


*9-қағидат: Тілімізге қабылданатын терминдер мен атаулардың мағыналық, тұлғалық жағынан жақындарын өзара топтастырып, салыстыра отырып, лексикалық байлығымызды салалық жүйе бойынша жіктеп, саралап пайдалану [1, 357].*

Яғни, бұл жерде ғалым бір салада термин жасаған маманның екінші салада осы терминнің қандай атауды білдіретінін, қалай қолданылатынын

білмейтіндігі салдарынан дублеттік жарыспа варианттардың көбейіп жатқаны туралы айтады. Оның басты себебі «термин жасаушы мамандардың бірлесе істеудің орнына өз бетінше әрекеттенуі басым» екенін көрсетеді. Шын мәнінде, сала мамандары бірігіп жұмыс істеу арқылы терминологиядағы біраз мәселелердің шешілетіні сөзсіз.

*10-қағидат: Тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин-атаулардың сандық және сапалық ара салмағын табиғи қалыпта сақтаудың жолдарын іздестіру [1, 357].*

Ғалым бұл қағидаттың «ана тілімізді сақтауға аса қажет» екенін ескертеді. Яғни, кірме терминдердің, төл терминдердің, тілімізге бейімделіп жасалған терминдердің статистикасын шығару аса маңызды. Соңғы бірнеше жылда Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ғылыми-практикалық орталығы бекітілген терминдердің мониторинг жұмыстарын жүргізіп, терминдердің құрылымының (туынды, күрделі, тіркесті, сипаттамалы, қысқартулар), шығу тегінің (ұлт тілі негізінде жасалған терминдер, кірме терминдер, ұлт тіліне икемделіп алынған терминдер, гибрид терминдер, жалғау-жұрнағы ғана ұлттық болып келетін терминдер) үлес салмағын, салалық терминологиялық сөздіктерде тіркелуін, термин нұсқаларының терминологиялық нормаларға сәйкестігінің статистикасын анықтап, сандық көрсеткіштерін шығарып келеді. Бұл терминжасамның, терминологиялық процестің динамикасын бақылау үшін өте керек әрекеттер болып табылады.



Сурет 1.1971-2014 жылдар аралығында бекітілген қоғамдық ғылымдар терминдерінің шығу тегі бойынша үлес салмағы  
Жалпы термин саны – 14 000


*11-қағидат: Терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу[1, 358].*

Әбдуәли Туғанбайұлының аталған қағидаттары Елдес Омарұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы қағидаттарымен жанасып жатқанын байқауға болады. Әбдуәли Қайдар бұл қағидаттарды осыдан 30 жылға жуық уақыт бұрын жазса да, олар әлі күнге дейін өзектілігі мен проблемалылығын жоғалтпай келеді.

3-қағидатқа қатысты мысал келтіріп көрейік. Мәселен, бұрын «мұражай» болып бекітілген «музей» сөзінің 2014 жылы «музей», бұрын «мұрағат» болып бекітілген «архив» сөзінің 2017 жылы «архив» болып қайта бекітілуі –соның дәлелі.

Әбдуәли Қайдар әсіресе Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдары қазақ тілінің нағыз қиын-қыстау кезеңінде қасынан табыла білді, проблемаларды көтеріп, оларды шешудің жолдары мен тәсілдерін ұсынып отырды. Терминология саласы да ғалым қаламынан тыс қалмады. Ғалымның терминологияны тілді сақтаудың ұштағанына енгізуі де бекер емес еді. «Бұл, ең алдымен, ана тілінің негізін құрайтын компоненттердің ұштағаны – жазу (ұрпақты байланыстыратын алтын көпір), ономастика (жердегі ескерткіштер) және терминология (тілді байыту көзі, тілді жаңарту)» дейді ғалым.

«Өркениет өріне қанат сермеп, егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып отырған қазақ халқының – «ұлттық тіл», «әдеби тіл», «ғылым тілі», «мемлекеттік тіл» деген салалардан тұратын мәртебелі тілінің замана талабына сай жаңарып, өркениет өрісі мен үрдісіне сәйкес өзгеріп, толығып, дамып отыратын сезімтал да сергек, өміршең де өзекті арнасы – осы терминология» дей отырып, [1, 359]ғалым терминнің жасалуы мен дұрыс бағытта дамуын «Адам», «Қоғам», Тіл» үштұғырымен байланыстырады.



Сурет 2.«Адам», «Қоғам», Тіл» үштұғыры

Академик «Адам», «Қоғам», Тіл» үштұғырын бір-бірімен байланыстыра келе, олардың ішіндегі ең маңыздысы тіл иегері, яғни адам екені жайлы қорытынды жасайды.

Қоғамдық өмірде болып жатқан сан алуан өзгерістер адамның санасына тікелей әсер етеді: ойын өзгертеді немесе жаңаша көзқарас қалыптастырады. Болашақта бұл мәселені психолінгвистика саласымен байланыстыра зерттеуге болады. Яғни, бір әлеуметтік жағдайды бір қоғамдағы сан алуан


адамдар әртүрлі қабылдауы мүмкін. Бұл қоғамдағы жағдайды әркімнің әртүрлі қабылдауына, бағалауына байланысты.

Ғалым «Адам» тұғырына қатысты мынадай проблемаларды көрсетеді:

1. «Термин табиғаты – нәзік құбылыс, ол жапа-тармағай жабылып, асар салу арқылы орындалатын көпшілік қолды іс емес» [1, 361] – термин жасаушылар тарапынан келетін олқылықтар.

2. Терминді пайдаланушылардың терминнің нәзік табиғатын түсінбеуі: «қоғам мүшелерінен терминдік процесті өзінің тарихи-элеуметтік негізі бар, өркениетке беттеген ел үшін болашағы зор жаңа да келелі құбылыс деп тануды талап ететін мәселе» [1, 361] – терминді пайдаланушылар тарапынан кететін олқылықтар.

Сондай-ақ тіл иегерін ғалым екі түрге бөледі және олардың ішіндегі алғашқы түрінен аулақ болу керектігі жайлы ой қозғайды.



Сурет 3. Ә. Қайдардың тіл иегерлерін жіктеуі

Ғалымның осы пікірлерін негізге ала отырып, терминология мен психоллингвистиканы байланыстыра зерттеудің маңыздылығын атап айтамыз. Психологияға жақындығының арқасында психоллингвистика лингвистикалық білімнің басқа салаларына қарағанда адамға тіл иегері ретінде қарайды. Терминология мен психоллингвистиканың байланысы терминдер мен мамандандырылған лексиканың адам санасында қалай қабылданатынын, өңделетінін және есте сақталатынын зерттеуден тұрады. Сөйлеуді қабылдауға, өңдеуге және өндіруге байланысты психикалық процестерді зерттейтін психоллингвистика адамның терминдерді, әсіресе кәсіби және ғылыми салаларда қалай қабылдайтынын және қолданатынын түсінуге көмектеседі. Терминологияны психоллингвистикалық тұрғыдан зерттеу мынадай қадамдардан тұруы керек деп ойлаймыз:

1. Терминдерді меңгеру процесін зерттеу: адамдардың мамандандырылған терминологияны қалай үйренетінін, қандай когнитивтік механизмдерді қолданатынын және жас ерекшеліктері, тәжірибе және когнитивтік қабілеттердегі айырмашылықтардың бұл процеске қалай әсер ететінін зерттеу.

2. Терминдерді қабылдау мен өңдеуді талдау: қабылдаудан түсінуге және есте сақтауға дейінгі әртүрлі кезеңдерде терминдердің қалай қабылданатынын және өңделетінін зерттеу. Бұл кезеңде терминдерді қабылдау кезінде мидың белсенділігін талдау үшін нейролингвистика әдістерін қолдануға болады.

3. Терминдерді түсінудегі мәнмәтіннің ролін зерттеу: мәтіннің (мысалы, кәсіби немесе ғылыми) терминдерді түсінуге және түсіндіруге қалай әсер ететінін талдау.

4. Эмоционалды және ассоциативті факторлардың әсерін бағалау: эмоционалды байланыстардың, жеке тәжірибелер мен көзқарастардың терминдерді қабылдау мен есте сақтауға қалай әсер ететінін зерттеу. Бұл қандай терминдерді оңай меңгеруге және есте сақтауға болатындығын түсінуге көмектеседі.

5. Әртүрлі деңгейдегі адамдардың (аялық біліміне, жас ерекшелігіне т.б. байланысты) терминдерді өңдеу жылдамдығы мен дәлдігінің қалай ерекшеленетінін зерттеу. Бұл терминологияны қолдануды қандай факторлар жеңілдететінін немесе қиындататынын түсінуге көмектеседі.

6. Тіл мен мәдениеттің терминдерді қабылдауға әсерін талдау: тіл мен мәдени айырмашылықтардың терминологияны қабылдау мен түсінуге қалай әсер ететінін зерттеу. Бұл әсіресе халықаралық терминология, аудармалар және екітілді қауымдастықтар үшін өте маңызды.

Болашақта бұл бағыттағы зерттеулердің терминология саласына жақсы нәтижелер бере алатынына сенеміз.

Ғалымның «Терминжасам процесінде жаңаша көзқарасқа байланысты, мен туысқан жақын тілдердің өз басына жеке-жеке отау тігіп, өзімен-өзі болудан гөрі, бірінің озық тәжірибесінен бірі пайдаланып, бірлесе, кеңесе отырып, ортақтаса шешуді ұсынған болар едім. Күні кеше ғана терминология саясаты туысқан түркі халықтарынан халықаралық терминдерді көбірек қабылдау арқылы ортақ «интернационалдық қор» құруды талап етіп келгені белгілі. Бүгінгі үрдіс пен бағдар басқаша болса керек»[1, 367] деген пікірі негізінде туысқан түркі халықтарының ортақ терминологиялық базасын жасау керек деген ой туады. Сол кезде түркі халықтары өз тілінде баламасы табылмаған терминнің дұрыс нұсқасын туысқан тілдерден таба алу мүмкіндігі оңай әрі тиімді жолмен іске асар еді. Электрондық ресурстар дамыған ХХІ ғасырда түркі халықтарына ортақ қолжетімді терминологиялық база жасақтай алсақ, оның пайдасы мен маңызы зор болары сөзсіз.

Кеңес одағы тарағаннан кейін бірнеше онжылдық өтсе де, түркі халықтары жақындасудың орнына, керісінше, бір-бірінен алшақтап бара жату үдерісінен сақтануымыз қажет. 1996 жылы Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде өткен конференция барысында да бұл мәселе көтерілген еді. Бұл жайында Дандай Ысқақұлы: «Мәселені жан-жақты талқылау барысында түркітілдерінің салыстырмалы терминологиялық сөздігін құрастыру жөнінде шешім қабылдады. Қызу қолға алынған жұмыстың барысында келесі жылы

қоғамдық ғылымдардың бірнеше салалары бойынша он түркі тілінің салыстырмалы терминологиялық сөздіктері жасалды. Келесі жылы түрікше, қазақша, орысша, ағылшынша жасалынған грамматика, әдебиет, т.б. терминдері өмірге келді» [2, 115] деген болатын. Бірақ, өкінішке орай, жұмыс ары қарай жүргізілмей, біраз мәселелер сол шешілмеген қалпында қалып қалды. Түркі халықтарына ортақ терминология жасаудың маңызы сол жиында көтерілгенімен, бұл мәселе әлі күнге дейін жіті қолға алынбай келеді. Бұл жайында академик Өмірзақ Айтбайұлы: «Бүкіл түркі жұртының болашағы, мәдениетінің сақталып, өсіп-өркендеуі белгілі бір деңгейде ортақ терминологиясын, ортақ ғылым тілін қалыптастыруға байланысты. Бұлай болмаған жағдайда, олар бөлшектеніп, бірте-бірте дамыған мәдениеттерге сіңіп, жұтылып кетуі ықтимал. Осындай үлкен мақсат жолында әрбір түркі елінің іргелі мемлекетке айналып, тұтас түркі әлемін қалыптастыру үшін түркі тектес жұрағаттарымыздың парасат биігінен көрінетініне сеніміміз мол» [3] десе, академик Шерубай Құрманбайұлы мынадай пікір айтады: «Түркиядан өзге халықтардың көпшілігі жалпы кеңестік термин қор қалыптастыру бағытын жетпіс жыл бойы ұстандық, енді жалпы түркілік термин қорымызды молайтып, түркі әлемінің өз ғылыми кеңістігіндегі қарым-қатынасымызда түркі тілдерінің қолданысын кеңейтуге, ғылыми ынтымақтастығымызды нығайтуға бағытталған жұмыстарымызды бірлесіп атқаратын уақыт жетті деп ойлаймын» [4].

Бұл ойды өткен ғасырдың басында-ақ Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатов бастаған зиялы қауымның бастағаны да баршамызға белгілі. Сондықтан Алаш көсемдері бастап, қазақ зиялылары қостаған бұл өзекті мәселені нәтижелі қорытындыға жеткізу күн тәртібіндегі мәселе болуы керек.

Төменде көрсетілген кесте бойынша қазақ тіліне түрік тіліндегі «Kaunakça», «Bilgisayar», «Terim», «Taraуıcı», «Yazıcı» терминдерін тіл заңдылығына сай икемдеуге болатынын, керісінше, түрік тілі қазақ тілінен «тақырып», «сарын», «тікүшақ», «бейімделу» секілді терминдерді ала алатынын көруге болады. Әрине, бұл секілді мысалдар басқа түркі тілдерінде де кездеседі.

Қазақ тілінде	Түрік тілінде
тақырып	tema
библиография	kaunakça (ақпарат көзі)
сарын	мотиф
термин	terim
тікүшақ	helikopter
компьютер	bilgisayar (ақпаратты есептеуіш)
бейімделу	adaptasyon



сканер

тағауісі (тарау)

принтер

уазісі (жазушы)

Осы бағытта 2023 жылдан бастан А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында ««Түркі әлемінің» қазақ және түрік тілдеріндегі лингвокогнитивтік негіздері мен терминдену үдерістерін салыстырмалы зерттеу» гранттық жобасы негізінде түркі тілдерінің ортақ терминжасам тетіктерін табуға бағытталған зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

### **Ұсыныстар:**

1. Бекітілген терминдерге мониторинг жұмыстарын жалғастыру;
2. Түркі халықтарына ортақ терминологиялық база әзірлеу;
3. Терминологиядағы адам-қоғам, адам-тіл қатынасын психолінгвистика, әлеуметтік лингвистика, когнитивтік лингвистика тұрғысынан зерттеу.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. –520 бет.
2. Ысқақұлы Д. Түркілік ортақ термин негіздері. Монография. – Алматы: «Таңбалы» баспасы, 2014. – 160 бет.
3. Айтбайұлы Ә. Тілтірес. –Алматы, 2014. – 315бет.
4. Құрманбайұлы Ш. Түркі тілдерінің терминжүйелерін тіларалық біріздендіру мәселелері. «Терминологиялық хабаршы», 2012, №1, 19-бет.

## Ә. ҚАЙДАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚАҒИДАТТАРЫ

(мәдениет және өнер халықаралық терминдері негізінде).

### PRINCIPLES OF FORMATION OF KAZAKH TERMINOLOGY BY A. KAYDAR

(based on the international terms of culture and art)

*Гульжан Созакпаевна СУЛЕЕВА \**  
*Айнұр Жакыпалиевна МАШИМБАЕВА \**

#### **Андатпа**

1990 жылдан басталатын кезең қазақ терминологиясы үшін жаңа кезең десе болады, себебі осы кезде терминологиямызды ұлт тілінде қалыптастыру, халықаралық терминдерді қазақшалау ісі қарқынмен жүзеге аса бастады. Осы уақытқа дейін орыс және шет тілдерінен өзгертпей терминдер қабылдасақ, ендігі жерде қоғам термин қалыптастырудың жаңа қағидаттарын талап етті. 90- жылдардан бастап түрлі салалар бойынша жазылған ғылыми еңбектер мен сөздіктер ұлттық негізде термин жасау ісіне бет бұрыла бастағанының дәлелі бола алады. Заман талабына сай қазақ терминологиясын қалыптастырудың жаңа қағидаттары дүниеге келді. Ол тілші ғалым, академик Ә. Қайдардың 11 қағидаты. Төл терминологиямызды қалыптастыру және туыстас түркі тілдерінен және туыстығы жоқ тілдерден термин қабылдау қажеттігі туындады және де бұл қағидаттардың алаш зиялылары ұсынған қағидаттармен мазмұндас екендігі байқалады.

**Түйін сөздер:** терминология, ұлттық терминология, халықаралық терминдер, қағидаттар, алаш зиялылары

#### **Annotation**

The period beginning in 1990 is a new stage for Kazakh terminology, since it was at this time that the formation of our terminology in the language of the nation and the Kazakhization of international terms began to be actively carried out. Until now, if we take terms unchanged from Russian and foreign languages, then now society demanded new principles of terminology formation. Scientific papers and dictionaries written in various fields since the 90s indicate that the creation of terms is increasingly being addressed on a national basis. New principles of formation of modern Kazakh terminology have appeared. These are the 11

---

\* Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, [Suleeva71@mail.ru](mailto:Suleeva71@mail.ru), ORCID:0000-0001-9928-5402

\* Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, [mashimbaeva81@mail.ru](mailto:mashimbaeva81@mail.ru), ORCID:0000-0002-3670-403X

principles of corresponding scientist, academician A. Kaydar. There was a need to form our own terminology and adopt terms from related Turkic languages and languages that do not have kinship, and it is clear that these principles are meaningful with the principles proposed by the Alash intelligentsia.

**Keywords:** terminology, national terminology, international terms, principles, Alash

### **Кіріспе**

Қазақстанның егемендік алып, тәуелсіздікке қолы жеткен шақта тіліміздегі барлық сөздерді жаппай аудару ісі басталды. Тіл, тілдің мәртебе алуы айналасындағы мәселелер де осы сұрақтың ілгерілеуіне өз ықпалын тигізбей қойған жоқ. Мұндай оңды шара ұлттық терминологиямызды ұлт тілінде қалыптастыруымызға деген қажеттіліктен туындағаны анық. Қазақ тілінде ұғымдар мен атауларды беруге деген әрекет шынайы ұмтылыс, жай қызығушылық түрінде болсын әр түрлі деңгейде жүзеге аса бастағандығы белгілі. Сонымен бірге мемлекет ішіндегі түрлі салалар бойынша жасалған өзгерістер тілде, соның ішінде, терминологияда қамтылмай қалмады емес. Нақтылай айтқанда, елімізде болып жатқан әлеуметтік-қоғамдық құрлымымыздағы өзгерістердің ықпалы ұлттық терминологияда да өзгерістерін енгізуге жетеледі. Осындай өзгерістер барысында дамыған елдер тәжірибесін қолдану - ұлт тілінде жасалған терминдер қатарының басым болуы керектігіне, халықаралық терминдердің үлесін азайту қажеттігіне көз жеткізді.

### **Ә. Қайдар және терминологиялық зерттеулер**

Кеңестік дәуірде жалпы терминология мәселесіне, оның ішінде ұлттық негізде термин жасау ісіне дұрыс көңіл бөлінбеген болса, 90-жылдардан бастап бұл мәселенің дұрыс жолға қойыла бастағанын байқауға болады. Оған ғылымның түрлі салалары бойынша жазылып, қорғалған кандидаттық, докторлық диссертациялар мен салалық терминологиялық сөздіктер дәлел бола алады. Атап айтсақ, Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. 1998 ж., докт. дисс., Ақаев С. Терминнің тілдік және танымдық сипаты. 2002 ж., докт. дисс., Күркебаев Ш. Өсімдік мүшелері мен олардың құрылым-құрлысына қатысты терминдер. 1994 ж., Әбдірәсілов Е. Лингвистикалық терминдердің семантикалық қатынастары. 1999 ж., Дәулетов Е. Қазақ тіліндегі мемлекеттік құрылыс терминологиясының қалыптасуы. 1999 ж., Исақова С. Қазақ тіліндегі психология терминдерінің лингвистикалық мәселелері (лингвистикалық зерттеу), 2001 ж., канд. дисс., К. Қабатаева, Х. Досмұхамедұлы еңбектеріндегі қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік терминдер. 2002 ж., канд. дисс. және т.б. көптеген ғылыми зерттеулер. Бұл еңбектерге дейін де сала терминдері бойынша қорғалған кандидаттық диссертациялар бұрынғы бағыттар бойынша жазылғанымен, терминологиядағы белгілі бір ұғымдардың қалыптасып, мәселелердің көтерілуіне алғышарт бола алғандығын айтып өту керек. Демек, терминологиядағы өзгерістерге түрткі болған қозғаушы күштердің бірі –

жаңа бағыттағы және қордаланып қалған терминологиядағы өзекті мәселелер бойынша жазылған ғылыми-зерттеу еңбектер. Бұл зерттеулерде де халықаралық терминдердің айналасындағы мәселелер жанама түрде болса да қамтылды.

1933 жылы сол кезеңдегі одақтың астанасы болған Мәскеуде академик С.А. Чаплыгин мен Д.С. Лоттенің ұсынуымен КСРО ҒА-ның техникалық терминология комиссиясы құрылды. Сол жылы мемлекеттік терминологиялық комиссиясы Қазақстанда да құрылып, оның төрағасы болып көрнекті ғалым, профессор Қ. Жұбановтың тағайындалғанын білеміз. Бұл кезде Мемтерминкомның төрт бюллетені басылып, онда бірнеше ғылым салалары бойынша бекітілген терминдер тізімі мен термин мәселесіне арналған мақалалар жарияланған. Бұдан кейін 1937 жылдан 1945 жылға дейін терминком жұмысының тоқтап қалғаны тарихтан белгілі. Терминолог ғалым Ш. Құрманбайұлының деректеріне сүйенсек, 30-жылға дейін алаш зиялыларының аз ғана тобының жасап, қолданысқа енгізіп кеткен терминдерінің оннан бір бөлігін соңғы 60 жылда бүкіл зиялы қауымның жасамағандығын айтады [1, 5]. Әрине, бұл кезеңде терминком заман ағымына лайық жұмыс жүргізгенін ұмытпау керек. Яғни, тіліміз термин жасаушы емес, дайын терминдерді қабылдаушы тілге айналып кеткен заман еді. Ал, еліміз егемендікке қолы жеткен жылдардан бастап Мемтерминкомның да жұмысы жақсара бастады, жаңа ізденістер пайда бола бастады деуге болады. Оған дәлел – күнделікті мерзімді басылым беттерінде көпшілік талқысына ұсынылып отырған жаңа атаулар, 2002 жылдан бері тоқсанына бір рет шығып тұратын Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссия бюллетені «Терминологиялық хабаршы». Хабаршыда негізінен түрлі сала мамандарының ұсынған терминдері, терминология мәселелеріне байланысты ғылыми мақалалар және де ең негізгісі сала мамандары мен көпшілік қауымның талқысынан өтіп, бекітілген терминдер жарияланады.

Тәуелсіздік жылдарында ғылымның түрлі саласына, әсіресе қоғамдық-әлеуметтік салаға қатысты халықаралық мәндегі терминдердің тілімізге енгендігі мерзімді басылымдардан, басқа да ақпарат көздерінен көрініс табуда. Олардың бірқатары ұлт тіліндегі терминдерге мән беріп жатқан кезеңде сол қалпында қазақ тіліне аударылып, қазақ тіліндегі қолданысқа сіңіп, қалыптасып үлгерсе, бірқатарының екі сынары да қолданылып, ал бірқатары сол шет тілінен енген нұсқасында қолданылып жүр. Бұл да бір жағы халықаралық терминдердің тілімізге кірігу, қабылдану үдерісінің әлі де жалғасып келе жатқандығын байқатса, екінші жағынан бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда халықаралық, шет тілі терминдерін алуға деген сыни көзқарастың, сұрыптап алу үдерісінің толық болмаса да қалыптаса бастағандығының көрінісі. Аталған екі ерекшелікке де тіліміздің қолданысындағы сөздерден нақтырақ мысалдар келтіре кетудің артықтығы жоқ. Мысалы, *композитор* сөзі *сазгер*, *мелодия* – *әуен*, *презентация* – *тұсаукесер*, *мода* – *сән*, *музей* – *мұражай*, *статуя* – *мүсін* т.б. түрінде қолданылып жүрсе, *оранжировщик* – *оранжировкасын жасаушы*, *өңдеуші*,

*реставрация – қайта өңдеу, қалпына келтіру, шедевр – жауһар, үздік туынды,* т.б. терминдерінің екі сыңары қолданылып, ал *дирижер, партер, амфитеатр, премьер, балкон, нота, драма, пейзаж, натюрморт* т.б. сияқты сөздер өзге тілдегі нұсқасын тілімізде сақтап қолданылып жүр. Бір сөзбен, халықаралық терминдердің тілімізге енуі жаңа бағытты, жаңа қағидаттарды негізге алғанымен, кейбір терминдердің аударылмай, бұрынғы қағидаттар ықпалынан шыға алмай отырғандығын байқауға болады.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, өз ана тіліміз қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болған заманда терминология саласы да тың өзгерістерді талап етті. Яғни, жаңа қоғам талабына сай жаңа бағыттағы қағидаттарды тіліміз қажет етті. Сол себепті де белгілі тілші ғалым, академик Ә. Қайдар қоғам, уақыт жүктеп отырған жауапкершілікті сезініп, қазақ терминологиясының қағидаттарын кезең талабына сәйкес ұсынды. Академик Ә. Қайдардың ұсынған қағидаттары 1993 жылы «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» деген атпен жеке кітапша болып шықты. Ғалым осы қағидаттарды ұсынуын былай деп түсіндіреді: «Егер терминология «шаруашылығымыз» тіл табиғатына, замана талабына сай жүріп жатса, іштей қобырап, қисыны кетіп, көрінгенге көз түрткі болмаған болар еді. Ол 70 жылдан кейін тығырыққа тіреліп отыр. Сондықтан көптің бірі ретінде осы мәселеге өз көзқарасымызды білдіріп, пікірімізді ортаға салуды жөн көрдік. Осыған орай, біз, терминология саласында қолданылып жүрген принциптер бола тұрса да, өз тарапымыздан оларға балама ретінде он бір принциптің жобасын ұсынып отырмыз және олар бұрынғы қалыптасқан дәстүрдің де, жүз беріп отырған жаңа үдерістің де тиімді жақтарын қамтыды ғой деп ойлаймыз»[2, 4-5].

Ғалымның біраз уақыттан бері осы салада жүргізілген жұмыстардың дұрыс жолға қойылмағандығын, уақыт талабына сай қағидаттарды дүниеге келтіретін мезгілдің келгенін айтып отырғанын байқаймыз. Академик Ә.Т. Қайдардың ұсынған он бір қағидатының халықаралық терминдерге қатысты айтылған пункттеріне қысқаша тоқталып өтейік. Халықаралық терминдер сөз болатын қағидаттар, негізінен бесінші және оныншы.

5-принцип: (бұрынғы принциптің жаңаша баяндалуы): Тіліміз үшін қажет, бірақ дәл баламасы жоқ, аударуға келе бермейтін интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау.

10-принцип: Тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин-атаулардың сандық және сапалық арасалмағын табиғи қалыпта сақтаудың жолдарын іздестіру.

Ғалымның жоғарыда аталған халықаралық терминдерге қатысты қағидаттарында «интернационалдық терминдер» деген ұғымның өзін айқындап алу қажет дейді. Ол: «Тіл-тілдердің арасында ортақ интернационализмдер болмаса, немесе аз болса, ғылым дамымайды, ғылыми қарым-қатынас үзіледі деу бекер. Жер жүзіндегі терминдік ұғымдардың бәрін шет тілі сөздері арқылы емес, өз тілінің негізінде меңгеріп ғылым мен техниканы дамытып отырған қытай, жапон т.б. халықтарды біз жақсы

білеміз. Демек, ортақ интернационализмдердің қажеттігі ең алдымен елдің саяси-әлеуметтік жағдайына, даму дәрежесіне, оларға деген сұраным мен қажеттікке, әр тілдің өз мүмкіншілігіне байланысты екен»- дейді [2, 21-22].

Яғни, ғалым халықаралық терминдерді, дәл баламасы болмаған жағдайда тіліміздің ұлттық ерекшелігіне сәйкестендіріп қабылдауды ұсынады. Дегенмен, ғылым мен техникасы, экономикасы дамыған елдерді атай отырып, халықаралық терминдерсіз де өсіп-өркендеуге болатындығын айтады.

Ғылыми қағидаттар мамандар талқысына ұсынылғаннан кейін, қағидаттарға қатысты өз пікірін білдірген ғалымның бірі - профессор Ө. Айтбайұлы. Бұл жөнінде ғалым былай дейді: «Біз профессор Ө. Қайдаровтың бұл «..жаңаша көзқарасын» негізінен қуаттай отырып қайсыбір тұстардағы өзіміздік топшылауларымызды да ортаға сала кеткенді жөн көріп отырмыз. ... Біз қазақ тілінде термин жасаудың он бір емес, шынтуайтына келсек, жеті принципі бой көрсететінін байқаймыз. Тілдік материалдар осы жеті принцип шеңберіне топтай беретін тәрізді. Әңгіме бұл принциптердің санында емес, мәнінде ғой.» [3, 22].

Тілші ғалым Ө. Айтбайұлы да бұл мәселеге қатысты өз көзқарасын білдіре отырып, академик Ә. Қайдардың қағидаттарын «жеті принцип шеңберіне топтап» көрсетеді: «біз, ең біріншіден, қазақ тілінде термин жасаудың А. Байтұрсынұлынан бастау алған ұлттық тіл негізіне бет түзеген ғылыми көзқарасты байқаймыз. Екіншіден, осы үдеріске сүйенген нақты ұсыныс-тұжырымдарды қолға ұстап отырмыз. Үшіншіден, тұңғыш рет орыс тілінен енген интерминдер тағдыры не болмақ деген жалғанкөпшілдіктен арылар түріміз бар. Төртіншіден, салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша қысқартып пайдалануды заңдастыру керек. Бесіншіден, көп жылғы тәжірибе негізінде қалыптаса бастаған шарттылықты мойындау қажет. Алтыншыдан, тіліміздегі лексикалық байлығымызды сала бойынша саралап, ұлттық және интернационалдық терминдердің сандық, сапалық салмағын табиғи қалыптастыру. Жетіншіден, терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу» [4].

Ғалым осы он бір қағидаттың жетеуін қалдырғанды дұрыс деп есептейді.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде ұсынылған он бір қағидатқа қатысты пікірін білдірген терминолог ғалымдардың бірі- профессор Ш. Құрманбайұлы. Ғалым өзінің «Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары» атты монографиясында академик Ә. Қайдардың ғылыми қағидаттарын талдай келіп, былай дейді: «Біз Әбекең ұсынған қағидаттардың ішінен 3,4,5 қағидаттарды терминология дамуының негізгі қағидаттарының қатарына қосуға болады деп санаймыз. Ал қалған (1, 2, 6, 7, 8, 9, 10, 11) пункттерде аталып көрсетілген мәселелер терминологияны дамытуда, жетілдіруде жалпы басшылыққа алынып, негізгі қағидаттарды жүзеге асыруға бағытталған терминологиялық жұмыстарды жүргізу кезінде ескерілуге тиіс. Дәлірек айтқанда, академик Ә. Қайдар жеке қағидат ретінде көрсеткен мәселелердің бірқатарын терминологиялық қызметке

(терминологическая деятельность) басшылық жасаудың тиімді жолдары, терминологиялық жұмыстарды республика көлемінде үйлестіру мен ұйымдастырудың тетігі ретінде тану керек те, енді бірқатарын термин шығармашылығын дамытудың әдіс-тәсілдері деп білген орынды болар деген ойдамыз»[5, 137].

Ғалым өз еңбегінде әрбір қағидатқа жеке тоқталып, нақты тұжырымдармен талдау жүргізген. Берілген он бір қағидаттың үшеуін (3, 4, 5) қазақ тілінде терминология қалыптастырудың негізгі қағидаттары бола алады деп санайды. Ғалымның пікірінше, академик Ә. Қайдар ұсынған қағидаттар нақты ұсыныстардан тұратын, терминологияға қатысты маңызды мәселелерді дер кезінде көтеріп отырған, ұлттық терминологиямызды қалыптастыруда маңызы бар құнды еңбек болып табылатындығын айтады.

Аталмыш еңбекте ғалым қазақ терминологиясы дамуының әр түрлі кезеңдеріндегі басшылыққа алынған терминологияны дамыту қағидаттарына тоқтала келіп, өз тарапынан алдағы уақыттағы қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттарын ұсынады. Қазақ терминологиясын дамыту мен жетілдіруде негізгі екі қағидат басшылыққа алынып, терминологиялық жұмыстар негізінен осы бағытта жүргізілуі қажет деп санайды. Атап айтсақ, **бірінші қағидат:** Ұлттық терминқор қалыптастырудың ішкі көзі қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдерін барынша ұтымды пайдалану.

Бұл қағидат - бұған дейін ұсынылған Е. Омарұлының бірінші қағидатында, А.Байтұрсынұлының баяндамасында, Ә. Қайдардың үшінші қағидатында сөз болған, төл терминологиямызды қалыптастырудағы негізгі қағидат болып табылады.

**Екінші қағидат:** Терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі болып табылатын өзге тілдерден термин қабылдау.

- а) туыстас түркі тілдерінен термин қабылдау;
- ә) туыстық жақындығы жоқ тілдерден термин қабылдау.

Бұл қағидат та жоғарыда аты аталған ғалымдардың қағидаттарында сөз болған және осы қағидатпен мазмұндас болып келеді. Туыстық жақындығы жоқ тілдерден термин қабылдау, яғни орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа шет тілдерінен терминдерді тіліміздің ерекшелігін ескере отырып, қазақ тілінің заңдарына сәйкестендіріп қабылдау. Бұл мәселеге қатысты ғалымның өзі былай деген: «Өзге тілдерден сөз қабылдамай, сөз алмасу, термин алмасу процесіне мүлде тосқауыл қойып тастау мүмкін де, қажет те емес. Тілдер арасындағы сөз алмасу қашанда болған, бола да береді. Шет тілдері терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі ретінде орнымен пайдаланылса дұрыс, ал ұлт тіліндегі термин шығармашылығын шектеп, өзге тілдерден термин қабылдауға жаппай жол беріп қарап отыру - шарасыздық» [5, 152].

Әрине, саяси-экономикалық, ғылыми-мәдени байланыстарымыз бен өркениеттің даму деңгейіне байланысты шет тілдерінің сөздері терминқорымызды толықтырудың сыртқы көзі болып қала береді.

Сөз болып отырған кезеңде мәдениет пен өнер саласына қатысты халықаралық терминдердің тілімізге енуі негізінен бұрынғы қалыптасқан қағидаттардың негізінде жасалып келе жатқанын көруге болады. Осы сала терминдерінің басым көпшілігі аударылмай, орыс тілінде қалай айтылып, жазылса қазақ тілінде де сол қалпында қолданылып жүр. Оны мынадай мысалдардан байқаймыз: *гармония, акцент, альбом, фаянс, фуэте, эпизод, трио, штатив гастроль, хореография, эстетика, тушь, марка, салон, модерн, абонемент, трагедия, партия т.б.*

Мәдениет пен өнер саласына қатысты халықаралық терминдердің ішінде дұрыс аударылып, дәл балама тапқандары да, дұрыс баламасы табылмай, тілімізде қалыптасып кете алмай отырғандары да кездеседі. Мысалы: *персонаж – кейіпкер, амбиция – кеудемсоқтық, шедевр – жауһар үздік туынды, браво – бәрекелді, торс – кеуде, мольберт – таған, ширма – қалқа т.б.*

Жоғарыда аты аталған, бүгінгі күнгі Мемтерминкомның бюллетені «Терминологиялық хабаршы»- терминология саласына қатысты өзекті мәселелерді қамтып отыратын, тілімізде пайда болып жатқан жаңа, бекітілген, бекітуге ұсынылған терминдерді жария етуші бірден-бір басылым. Басылымға 2002 жылдың 27 мамырында ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, тіркеу куәлігі берілген. Хабаршының редакциялық алқасы елімізге белгілі тілші, әдебиетші ғалымдар мен қоғам қайраткерлері. Осы басылымда негізінен терминология мәселесіне қатысты ғылыми мақалалар мен бекітілген терминдер және түрлі ғылыми орталықтардың мамандар талқысына ұсынған терминдері, ұсыныстар, пікірлер жарияланады. Терминологиялық хабаршыда мәдениет пен өнерге қатысты мынадай бекітілген терминдер бар: *гравер –нақысшы, миниатюрный –кішігірім.* Сонымен бірге, мамандар талқысына ұсынылған мәдениет пен өнерге қатысты халықаралық терминдер де жарияланған: *тембр –әуез, мелодия –әуен, мелодичный –әуенді, мелодичность –әуенділік, барокко –барокко, изобразительное искусство –бейнелеу өнері, пародия – еліктеп келемеждеу, комедийный жанр –комедия жанры, пауза –кідіріс т.б.*

Сонымен, тәуелсіздікке қолымыз жеткеннен кейін тілімізде соның ішінде, терминология саласында едәуір өзгерістердің жүзеге асып жатқандығын аңғаруға болады. Соның ішінде халықаралық терминдерге қатысты көзқарастардың өзгеріске ұшырағанын, оған деген ғалымдардың көзқарастары да жаңа бағыттардағы зерттеулермен ұштасып отыр. Оған екінші жағынан, халықаралық терминология төңірегіндегі әлемдік тәжірибедегі ғылыми-зерттеу еңбектер мен әр түрлі пікірлер де негіз болып отыр. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ терминологиясы, қазақ терминтану саласындағы халықаралық терминдер мәселесі осы өзгерістерге бет бұрумен, мән берумен, ұлт тілінде халықаралық терминдердің көбін болмаса да біршамасын аударып қалыптастырып алумен ерекшеленеді.

Терминология жасаудың жаңа қағидаттары ұсынылғанымен, кейбір терминдердің бұрынғы қағидаттар ықпалынан шыға алмай отырғанын байқауға болады. Дегенмен, бірқатар сала терминдері алаш зиялыларының



ұстанған ұстанымдарынегізінде, қазіргі қоғам талабына сай жасалып жатқандығына күмән келтіре алмаймыз. Осыған байланысты болашақта ұстанатын ғылыми негізделген бағытымызды белгілеуіміз қажет. Өзге тілдерден термин қабылдаудан гөрі өз ана тіліміздің негізінде термин қалыптастыру қажеттілігі жөнінде айтқан алаш зиялылары және қазіргі кездегі ғалымдар пікірімен кейбір орыс ғалымдарының да пікірі үндес келеді. Осы мәселеге орай ғалым И.Н. Волкова: «... чрезмерное увлечение иноязычными заимствованиями в ущерб своеязычным неизбежно ведет к обособлению специальной терминологии, делая ее практически недоступной для неспециалистов», - дейді [6, 75]. Яғни, кез-келген ұлт тілін пайдаланатын сол елдің халқы екенін ескере отырып, ұлт терминологиясын әрбір тілдің ана тілі негізінде қалыптастыруға басты көңіл бөлу қажет екендігі, кірме терминдердің қарапайым адамдарға түсініксіз болатындығы сөз болып отыр.

Ғалымдар арасында ғылыми мәтіндерде кездесетін сөздер – терминдердің жалпы тілді қолданушыларға түсінікті болуы қажет деген және осы термин сөздер ғылыми мамандарға түсінікті болса жеткілікті деген екіге бөлінетін пікірлер мен ұстанымдар ағымы қазіргі ғалымдар арасында да кеңінен өріс алып отыр. Алайда, ғылымның халық, оны танып білетін, оқып-үйренетін көпшілік үшін жасалатынын ескерсек, терминдер де сол ұлт тіліне, терминологиясына түсінікті болуы қажет екендігі дау туғызбайды. Сондықтан алаш зиялылары ұстанған ұстанымдар да, жоғарыда ғалым И.Н. Волкова көрсеткен пікір негізі де орынды.

Тілімізде тек ұлттық терминология қалыптастырамыз деп шет тілдерінің сөздерінен қашқақтап, біржақтылыққа бой алдырмау жағын да, әрі тілімізге келмейді деп өз тіліміздің ішкі мүмкіндіктерін, сөз, термин жасау қабілетін терең пайдаланбай қалу жағының тіліміздің дамуына үлкен ықпалы бар екендігін де ұмытпау қажет.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Құрманбайұлы Ш. Терминком және қазақ терминологиясының болашағы // Егеменді Қазақстан. – 2002. – ақпан.
2. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 42 б.
3. Айтбайұлы Ә. Терминжасамның қайсыбір қалтарыстары // Терминология: теория және тәжірибе. – Астана: Б. б., 2001. – 131 б.
4. Айтбайұлы Ә. Қазақ тілінде термин жасау жолдары мен принциптері хақында // Астана ақшамы. – № 92. – 2002. – 11 шілде.
5. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. – Алматы, 2004. – 205 б.
6. Волкова И.Н. Стандартизация научно-технической терминологии. Москва, 1984. – 152 с.

# АКАДЕМИК Ә. ҚАЙДАР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛТАНЫМЫНЫҢ ЖАҢА ҰҒЫМДЫҚ КЕҢІСТІГІ

## ACADEMICIAN A. KAYDAR AND THE NEW CONCEPTUAL SPACE OF THE COGNITIVE KAZAKH LINGUISTICS

*Эльмира ОРАЗАЛИЕВА\**

### **Андатпа**

Қоғамдық ғылымдармен, психофизиология мәселелерімен, логика-пәлсапа заңдылықтарымен, тарих-этнография деректерімен үйлесімді одақ құрған қазақ лингвистикасы тілдің шығу тегін, табиғатын, қызметін саралау мақсатында «адам», «ойлау», «таным», «халық», «қоғам» сияқты ұғымдардың бірлігіне жүгінді. Нәтижесінде адамзат тілін зерттеудің өзгеше сатылары негізделіп, тек тілтанымдық «этюдтер» (Ә. Қайдар) ғана емес, маңызды теориялық ілімдер де топталып, қазақ тіл білімінің зерттеу шеңбері кеңейіп, өзге лингвистикалық бағыттармен қатар когнитивтік негізде өрілген қағидалардың да әлемдік жетістіктермен қатарласа дамуына мүмкіндік туды. Оның айқын айғағы ретінде тілдік фактілердің таным категорияларымен сабақтасуын, жекеленген лексикалық бірліктерді зерттеуде тарихи таным әдістерінің қолданылуын атауға болады. Бұл мақалада қарастырылатын академик Ә. Қайдардың ғылыми зердесімен тоғысқан тілтанымдық ұғымдар кеңістігі де сол құрылымдық грамматика мәселелері мен адамзат эволюциясының даму заңдылықтарының ұштасуын, интра және экстралингвистикалық мәселелердің күн тәртібіне қойылуын әрі адамдық фактордың жан-жақты өзектелуін өзгеше деңгейге көтерген ізденістер қатарын құрайды.

**Түйін сөздер:** этнос болмысы, тіл әлемі, этномәдениет, тарихи таным, халық жадысы, этностың ұлттық бейнесі, этностық таным, ұлттық сана

### **Abstract**

Harmoniously combined with social sciences, problems of psychophysiology, laws of logic and philosophy, as well as sources of history and ethnography, Kazakh linguistics in matters of the emergence of language, its nature and functioning successfully addresses such concepts as "man", "thought", "cognition", "people", "society". As a result, not only linguo-cognitive "sketches" (A. Kaidar) are formed, but also important theoretical concepts are structured. Thus, the research field of Kazakh linguistics is expanding. And along with world experience in studying the cognitive direction, its own evolution of the cognitive Kazakh linguistics is formulated. Evidence of this can be the productive interweaving of

---

\* Назарбаев Университеті Қазақ тілі және түркітану департаментінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, [elmira.orazaliyeva@nu.edu.kz](mailto:elmira.orazaliyeva@nu.edu.kz), ORCID: 0000-0002-3428-1950

the facts of language and cognition, the use of historical knowledge methods in the study of lexical units. This article examines linguo-cognitive concepts at the junction of the union of structural grammar and the evolution of human development. On the scientific agenda, intra- and extralinguistic factors find a subtle connection, actualizing anthropocentric judgments.

**Keywords:** nature of ethnicity, world of language, ethnoculture, historical knowledge, people's memory, national image of ethnicity, ethnic knowledge, national consciousness

### **Кіріспе**

Қазақ тіл білімінің танымдық бастауы тіл табиғатын жан-жақты зерделеген ғылыми еңбектермен қатарласа қалыптасқандықтан, оның теориялық бірліктері мен ұстанымдары да, бағыт-бағдары мен ұғымдық кеңістігі де жүйелі дамудың нәтижесін айғақтады. Тіл болмысын, оның қызметін адамзат атаулының тұрмыс-тіршілігімен, таным-қабылдауымен, пайым-түсінігімен байланыстыра зерделеу арқылы өзектелген бұл сала алғашқыда пәлсапа мәселелерінің тілдік тұжырымдарға етене араласуымен өзгешеленсе, одан кейінгі кезекте тілдің құрылымдық жүйесіне баса назар аудару әрекеттеріне ұласты. Нәтижесінде пішін мен мазмұн бірлігінен тұратын тілдік құралдар жиынтығы күрделі де универсалды құбылыс ретінде жеке салалық және салааралық зерттеулерге арқау болды. Бүгін тіл ғылымының даму өрісі пәнаралық сабақтастықпен, адамның ішкі-сыртқы әлемін түсіну талпынысымен, жасанды интеллект әлеуетін іске қосу қабілетімен және салыстырыла-салғастырыла зерттелетін тіл әлемінің қыр-сырын жоғары да саналы материялармен біріктіру мүмкіндіктерімен ерекшеленіп отыр.

XX ғасырдың бас кезінен бастап дүниеге келген тіл туралы жалпы ұстанымдар бүгінгі күні қазақ тіл білімінің маңызды салаларын қалыптастырып, тың лингвистикалық ізденістер мен зерттеулердің жүргізілуіне мүмкіндік берді. Әлемдік тұжырымдармен тоғыса, оларды жан-жақты дәйектей әрі өзіндік үрдіспен дәлелдей дамып келе жатқан қазақ «тілтану» жүйесі тіл ғылымын соны пікірлермен, адамзат тіліне әсер етер экстратанымдық деректермен толықтыруға септігін тигізді. Қоғамдық ғылымдармен, психофизиология мәселелерімен, логика-философия заңдылықтарымен, тарих-этнография деректерімен үйлесімді одақ құрған қазақ лингвистикасы тілдің шығу тегін, табиғатын, қызметін саралау мақсатында «адам», «ойлау», «таным», «халық», «қоғам» сияқты ұғымдардың бірлігіне жүгінді. Академик Р. Сыздық: «Қоғам өмірімен етене қабысқан тіл – сөйлеу тәжірибесі, оның лексикасы сол қоғамның тыныс-тіршілігіне орай әр алуан тематикалық серияларға бөлініп, бірқатарының мағыналары өзгеріп, енді бірсыпырасы тұрақталып, терминденіп жатады. Қысқасы, лексиканың белгілі бір топтары сол қоғамның сол дәуірдегі мазмұн-мәнін көрсететіндей дәрежеде қызмет етеді» [1; 141],- деп

көрсеткендей, тілдің дамуы тек оның ішкі мүмкіндігі арқылы ғана емес, оған сырттан әсер етуші өзге фактілердің ықпалымен де айқындалатындықтан, аталған ұғымдардың бірлікте зерттелуі бүгінгі тілтанымдық ұстанымдардың соны бағыттарын анықтауға себепкер болды. Нәтижесінде адамзат тілін зерттеудің өзгеше сатылары негізделіп, тек тілтанымдық «этюдтер» (Ә. Қайдар) ғана емес, маңызды теориялық ілімдер де топталып, қазақ тіл білімінің зерттеу шеңбері кеңейіп, өзге лингвистикалық бағыттармен қатар когнитивтік негізде өрілген қағидалардың әлемдік жетістіктермен қатарласа дамуына мүмкіндік туды. Оның айқын айғағы ретінде тілдік фактілердің таным категорияларымен сабақтасуын, жекеленген лексикалық бірліктерді зерттеуде тарихи таным әдістерінің қолданылуын, құрылымдық грамматика мәселелері мен адамзат эволюциясының даму заңдылықтарының ұштасуын, интра және экстралингвистикалық мәселелердің күн тәртібіне қойылуын әрі адамдық фактордың жан-жақты өзектеле бастауын келтіруге болады.

## Негізгі бөлім

### 1. Ә. Қайдар және этнотанымдық терминдердің қалыптасуы

«Тілдің кез келген тарихи кезеңінде оның әр бөлшегі динамикалық тепе-теңдікте бола тұра, өз бойында лингвистикалық, әлеуметтік, психологиялық және өзге де факторлардың ықпалын сезінеді. Олардың басым көпшілігінің құпиясы әлі толық ашылмаған» [2; 75] делінгендей, қазақ тілтаным ғылымының дүниеге келуі мен теориялық сараптамадан өтуін дәйектейтін фактілер қатарында, біріншіден, жалпы тіл ғылымының даму негіздерін; екіншіден, жеке тілдік ізденістердің жүзеге асу жолдарын атаған орынды, өйткені ішкі сезім мен білімнің, тану мен қабылдаудың, біліктілік пен әлемдік тәжірибенің тоғысуынан құралған бұл тұжырымдар әрі субъективті, әрі объективті ұстанымдарға сүйене қалыптасып отырды. «...Құбылыс – көп, сөз – аз» [3; 92] деп белгілі ғалым Қ. Жұбанов атап көрсеткендей, жалпы тілдік деректер адамның қатысымдық әрекетін, ойлау жүйесін анықтау мақсатында талданып, оның жалғасын құраған тарихи ізденістер жеке тұлғалық, халықтық әрі жалпыадамзаттық мәліметтерді толықтыруға ат салысатындықтан, бүгінгі тіл ғылымы адам мен қоршаған әлем заңдылықтарын танып қабылдауға ұмтылатын, тілдік фактілерді сол танымдық үдерістің ұшқыны деп қарастыратын сала ретінде ұғынылады.

Халықтық рух, идея, мәдениет проблемаларынан бастау алған тіл мен халық ұғымдарының сабақтастығы бүгінгі күні өзіндік зерттеу нысанын, ұстанымдарын, ережелері мен әдістемелік негізін айқындаған тіл білімінің саласы ретінде танымал. «Бүгінгі таңда *қазақ этнолингвистикасы* ғылыми негізі қалыптаса бастаған, жан-жақты ізденіс нәтижесінде өзіндік ерекшелігі мен үрдісі айқындалып келе жатқан, дербес те перспективті ғылым саласы ретінде танылып отыр», -деп белгілі ғалым, академик Ә. Қайдар атап өткендей, қазақ этнолингвистикасы «*этнос болмысы*» мен «*тіл әлемін*» [4; 9] үйлесімділікпен ұштастырған ғылымдар қатарын құрады. «*Этнос болмысы*» деген ұғымның таңдалу себебін зерттеуші екі түрлі принципке сүйене

түсіндіреді: 1) «...біз этностың жеке мәселелерін емес, оның тұтас бейнесін, барша болмысын анықтағымыз келеді; 2) этнос туралы толық мағлұмат тек оның тіл қазынасында ғана сақталады. Этностың шынайы болмысын басқа (мәс., этнология, антропология, археология, этнография т.б.) ғылымдар дәл этнолингвистикадай айқындай алмайды» [4; 11]. Этнолингвистикалық зерттеулер халықтық арналардан сусындай отырып, ұлттық сана, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілік, тарихи қалыптасу сияқты ұғымдардың ішкі сырын ашумен ғана шектелмей, мәдени өркендеу, әдеби өрлеу, қоғамдық-саяси даму секілді этникалық айқындағыштардың да негізгі шарттарын түсіндіруге мүмкіндік береді, сол себепті «Тіл тарихы мен халық тарихының байланысы – екі жақты байланыс. Тілдің тарихын сол тілді жасаушы, қолданушы және оның иесі – халықтың тарихымен, сол халықпен бірге жасасып келе жатқан оның тілінің тарихымен байланысында зерттеу соншалықты қажет» [5; 20]. Халық тілінің ерекшелігіне мән беру, оның қоғамдағы орнын бағалау, тіл мен ұлттық даму арасындағы ажырамас бірлікті сараптау мақсатында ғалымдардың бұл мәселеге әр кезде көңіл бөліп, тіл ғылымының түп қазығын содан өрбітуі сондықтан болар. Ғалым Ж. Манкеева: «тілдің танымдық, мұрагерлік қызметі негізінде сан ғасыр құпиясын бойына сақтаған этнотілдік деректерді сан ұрпақ ана тіліміздің қорына мәңгілікке сақталатын сарқылмайтын қазына, адамзат тарихының қоймасы» [6; 91],- деп танитындықтан, халықтың арман-мақсатын, өмір-тіршілігін, қалыптасуы мен дамуын айқындар құралдар қатарында тілдің атқарар қызметі орасан зор.

Кейінгі жылдары қарастырылып жүрген маңызды лингвистикалық мәселелер қатарында сана, тіл, мәдениет ұғымдарының байланысы, әлемнің тілдік бейнесі туралы түсінік, тілдің қоғамға және қоғамның тілге әсері, әртүрлі тілдердің ассоциативті сөздіктерінің жасалуы секілді бағыттар мен олардың ұстанымдарын атаған орынды. Кезінде Л. В. Щерба бізді қоршаған әлемнің қалыпты жағдайда тұрып әртүрлі тілдерде әр басқа пайымдалатындығын ескерте келе, әр тілдің өзіндік танымы мәдени, этникалық өзгерістер арқылы айқындалатындығына тоқталған еді [7]. Тілдің дамуы негізінде адамның әлем туралы, оның өмір сүру шарты хақында көзқарасы, ілім-білімі қалыптасады десек, аталмыш ілімдер жиынтығы когнитивтік тіл білімінде «тіларалық әлем», «әлемнің тілдік көрінісі», «ғаламның тілдік бейнесі», «әлемнің тілдік моделі немесе үлгісі», «дүниенің тілдік суреті» деген бірқатар ұғымдардың өзектелуіне алып келді. Ә. Қайдар талдауларына арқау болған «*тіл әлемі*» де сол үрдістің бастауын айқындады десек, артық болмас. «Этнос туралы осыншама мол деректер мен мағлұматтарды тек тіл ғана өз бойына сыйғызып, сары майдай сақтап, шашпай-төкпей ұрпағына жалғастыра алады. Осы қасиетіне байланысты тіл феноменін – «*тіл әлемін*» этностың өзін танып-білудің қайнар көзі, біліктіліктің кәусар бұлағы десек, артық айтқандық емес... этностың дүниеге келуіне ұйытқы болған да – тіл, рухани-мәдени өмірінің өзегі де, өзін-өзі танып-білудің өлшемі де – сол тіл т.т. « [4; 11],- деген Ә. Қайдар сөзіне

жүгінер болсақ, тіл – барша адамзат атаулының маңызды қарым-қатынас құралы, ұлттық табиғатын, өсу-өркендеу жолын танытушы құндылығы.

Қазақ тіл білімінде алғаш рет «этностық таным» мәселесін көтере отырып, ғалым Ә. Қайдар халық пен тіл ұғымдарының ортақ мүддесін «этностың шығу тегін, қауым ретінде қалыптасу процесін ғана емес, сонымен қатар, оның тілінде қалыптасқан деректер арқылы болмысын (яғни рухани, мәдени өмірін, салт-дәстүр, тіршілік-тірлік көздерін, ұлттық дүниетаным мен менталитетін т.б.) паш ете» [4; 10] білумен сабақтастырды. Тілдік зерттеулерін «тілтанудың» [4; 117] ғылыми-теориялық сипатын анықтауға бағыттаған ғалым халықтың «тұтас бейнесін» «тіл қазынасы» [4; 11] арқылы сомдау қажеттегіне ерекше назар аударды. Автор «етнос болмысын» әрі «этностың ұлттық бейнесі», «тарихи тұлғасы» және «ол туралы реальды шындық» тұрғысынан әрі оның «өмір-тіршілігінің айнасы... тілі арқылы қалыптасып, жадында сақталып, ұрпақтан нәсілге мирас болып ауысып келе жатқан бай рухани-мәдени қазынасы» ретінде қарастырды. Нәтижесінде ғалым халық ұғымын «таным», «қазына», «қор», «жады» сияқты когнитивті терминдердің көмегімен түсіндіре келе, тілдік талдауларына образды суреттемелерді, танымдық ұстанымдарды, экстралингвистикалық уәждерді арқау етті.

Ә. Қайдар қабылдауындағы «тіл әлемі» – бұл «етнос болмысына қатысты мыңдаған, тіпті миллиондаған мағыналық бірліктер жиынтығы, синтезі», сондықтан он ғалым глоттогенез бен этногенез [36; 51] мәселелерін шешуге көмектесетін «этностың өзін танып-білуінің қайнар көзі», – деп. ұғынды. Халық тілін анықтау, оның қоршаған әлеммен сабақтастығын саралау, соның негізінде танымдық қордың тілдік табиғатын жүйелеу «етнос болмысының» құрамды бөліктерін кең көлемде зерттеуге мүмкіндік беретіні сөзсіз. «Әрбір халықтың болмысы мен дүниетанымы, этникалық мәдениеті мен рухани өмірі қай кезде, қандай жағдайда болсын, белгілі бір географиялық кеңістікте көрініс» табатындықтан әрі «нақтылы тарихи дәуірлердің жемісі болып саналатындықтан» [4; 140], автор тілдік құралдар арқылы жасалатын «бағалы мағлұматтар мен құнды деректерді түгел сөйлету» керектігін ескер те отырып, олардың «өзіне тән бояу-нақышы мен бейнелі де көркем түрде суреттеу» амалдарын да назардан тыс қалдырмау қажет деп. тұжырымдады.

Тіл мен халық ұғымдарының ара қатынасын танымдық ұстанымдарға сүйене байланыстырған ғалым «тіл әлемінің» құдіретін алдымен «сол тілі жаратушы, сол тіл де сөйлеуші халықтың» [4; 50] тыныс-тіршілігімен, әдет-ғұрпымен, салт-санасымен сабақтастыра дәйектеді, сол себепті «Этнос тілінде тек оның өзі туралы ғана емес, өзі жасап келе жатқан табиғи ортасы мен қоғамдағы қарым-қатынастары туралы да, жан дүниесі, жүрек сыры, қуануы мен сүйінуі, ренжуі мен күлуі, түс көруі, ұққаны мен түйгені, танымы мен талғамы, барлық тағы құбылысты өзінше бағалап-бағамдауы – бәрі-бәрі, біле білсек, өз тілінде өрнегін тауып, өзіне-өзін

*көрсететін айна іспеттес»* [4; 11] деген қағиданы ұстанды. Ә. Қайдар қазақ этнолингвистикасының ұстанымдарын жіктеу кезінде лексикалық бірліктердің мән-мағынасын ашумен қатар, «қазақ этносының өз болмысын, барлық тағы объективті дүниені өзінше танып-білуін» [4; 19] де, сол арқылы танымдық заңдылықтардың маңызын да өзектеді. Ғалымның айтуына қарағанда, «...халықтың барлық өмір-тіршілігі, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени, рухани байлығы болса, ең алдымен, сол халықтың ана тілінен өз өрнегін табады да, асыл қазына болып қалыптасып, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады» [4; 140], бұл өзгешелікті зерттеуші «тіл атаулының бәріне тән объективті заңдылық, ортақ қасиет» тұрғысынан бағалады.

Осыған орай, «...*тарихи лексикология* тіл тарихына, сол тілде сөйлеуші этностың бастан кешірген қоғамдық формациялары мен басып өткен ұзақ өмірлік жолына қатысты тілдік фактілердің шығу тегін, қалыптасу кезеңдерін, туыстас тілдердің қатарынан алатын орнын, басқа тілдерге қатыстығын ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеуді мақсат етеді» [4; 50] деп автордың өзі атап көрсеткендей, тіл ғылымының тарихи аспектісі бүкіл этникалық сұрыпталудың экстралингвистикалық болмысын дәйектеуге мүмкіндік беретіні сөзсіз.

## **2. Ә. Қайдар қолданысындағы мәдени танымдық терминдер кеңістігі**

Лингвистикалық мәдениеттану бағыты – тіл білімінің пәнаралық байланысын айқындайтын салалардың бірі. Оның зерттеу нысанын тіл мен мәдениет арақатынасы анықтайды. Ғалым Р.Сыздық дәйектегендей, «Тіл мәдениеті» - кең ұғымды білдіретін термин. Бұл – күнделікті тіл тәжірибесінің ең қажетті тұсы. Тіл мәдениеті дегенімізге сөздерді дұрыс қолданудан, ауызша сөйлегенде қазақ тілінің табиғи дыбыс заңдылықтарын сақтап, құлаққа жағымды етіп айта білуден бастап, қатесіз сауатты жазуға дейінгі сан түрлі міндеттер жатады» [8;11]. Тілші Ж.А. Манкеева «Тіл мен мәдениеттің байланысы тіл білімінің қазіргі лингвомәдениеттану саласында ерекше мәнге ие. Бұл екі фактордың тоғысуы нәтижесінде пайда болған тілдік деректер ұлт мәдениетін немесе ұлт тарихын, халықтың қоғамдық өмірін бейнелеп қана қоймай, ана тілінің сөздік қоры байлығының көрсеткіші ретінде де танылады» [6; 90],- деп көрсеткендей, тілді мәдени өркендеудің, ұлттық қалыптасудың құралы деп қарастыру лингвистикалық зерттеулердің шеңберін кеңейтуге, олардың экстратанымдық функцияларын анықтауға, адам тіршілігінің сан қилы қырларын саралауға мүмкіндік береді, сондықтан лингвомәдени ізденістер адамзат атаулының жалпы нормаларын ұлттық дәстүр, этнопсихологиялық әдет-ғұрып ұғымдарымен ұштастыра талдаудың тың амалдарын ұсынуға көмектеседі.

Мәдениеттің тілдері бір-біріне ұқсай бермейді. Мәдениеттің пәлсапалық негіздерін зерттеген М. С. Каган оған «көптілді, полиглотты» құбылыс деп анықтама берген [9]. Оның себебін автор мәдениеттің табиғи болмысынан, алуан түрлі хабарлар мен мәліметтерді сабақтастырған ерекшелігінен іздеді.

Осыған орай, ғалымдар тіл мен мәдениет арақатынасын бүтін мен бөлшектің қарым-қатынасы деп таныған, олар, бір жағынан, тіл мәдениеттің құрамды бөлігі әрі қаруы бола алады, екінші жағынан, ол өзіндік дербестігі бар құрал ретінде де таныла алады, оған дәстүрлі лингвистика мәселелері, атап айтқанда, тілдің құрылымдық жүйесі, таңбалық сипаты т.б. дәлел деген тұжырым жасады. К. Леви-Строс тілді мәдениеттің жемісі, маңызды бөлшегі әрі өмір сүру шарты деп атаған, өйткені тілдің мәдени-этникалық сипаты тек тілдік бірліктер арқылы танылып келеді. «Мәдениет» ұғымының аясында алуан түрлі мәселелерді қарастыра отырып, ғалымдар олардың орталық нүктесі, тоғысар негізі ретінде адамның өмір сүру ерекшелігін, қалыптасу, даму әрекетін сұрыптады. Мәдениет адамзат өмірін ұйымдастырып, дамытатын арнайы тәсілдер жиынтығы; қоғамның дамуын сипаттайтын тарихи деңгейі; белгілі-бір адам әрекетінің қалыптасу негіздері; ұлттар мен этностардың тарихи дәуірлеуінің сипаттамасы; қоғамдық, этикалық нормалардың даму деңгейі және т.б. болып табылса, лингвистикалық мәдениеттанудың зерттеу нысанын адам санасына әсер етер тарихи шарттар мен оларды айқындау тәсілдері құрады.

Адам арнайы құндылықтар әлемінен нәр ала қатысымдық құрылымдарды қолдана отырып қана, қоршаған ортаны қабылдау және ол туралы білім жинақтау қабілеттеріне ие болады. Белгілі бір тарихи ортаға бағытталу арқылы дәстүрлі де құнды құрылымдар мен қатысымдық бірліктерді тоғыстыратын адамның сана әрекеті мәдениеттің негізін айғақтайды. Таным арқылы адам белгілі бір тарихи-мәдени ұстанымдарға негізделген шынайы өмірге араласуға мүмкіндік алады. Мәдениет тілін меңгере отырып, кез келген адам сол аксиологиялық жүйенің ғана емес, этномәдени қоғамдастықтың да мүшесіне айналады, өйткені ғалым Ә. Қайдар атап өткендей, «*мәдениет*» жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл *ұлттық менталитетті*, ғасырлар бойы қалыптасқан *ұлттық сана*, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым» [4; 13] деп қабылданады.

Мәдениет халықтық таным мен антропологиялық ұстанымның өзегін құрай отырып, «әрбір этносқа тән белгілі бір табиғи-әлеуметтік ортаға сәйкес қалыптасатын құбылыс» [4] деп танылатындықтан және «...өмір-тіршілік салты да, ортақ тіл, ортақ дүниетаным, ортақ психология т.т. – осының бәрін біз этнос мәдениетінен таба алатындықтан», мәдениеттің екі түрлі ерекшелігін атауға болады: *этникалық мәдениет пен ұлттық мәдениетті*. Бұл ретте этникалық мәдениет ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын көне қабаттардың бірі деп танылады, сондықтан оған тұрмыс-салт, дәстүр, ғұрып, ауыз әдебиеті үлгілері т.б. жатады. Ғалым Ә.Қайдар «*Этномәдениет – өркениеттің дамуына тән ерекшеліктердің бірі*» [10; 141],- деп тұжырымдады. «*Мәдениет*» - *ауқымы кең, мазмұны терең ұғым. Оған этникалық қауымның болмысына, өмір-салтына тән барша рухани және материалдық құндылықтары жатады. Әрбір ұлт мәдениеті өз бастауын сол ұлттың этникалық іргетасы болып қаланған көне ру-тайпаларының*



*қалыптасу қайнарларынан алып, біртіндеп ұрпақтан-ұрпаққа рухани мұра болып жалғасатын құндылықтарынан қалыптасады...*» [10; 141] деген пікірді ұстана отырып, тілші этнолингвистика көлемінде этникалық мәдениеттің негізін құрайтын элементтерге зер салады, олардың әрқайсысын халықтың дамуын айқындайтын тұрақты көрсеткіштер ретінде қарастырады. Ұлттық мәдениетке келсек, этникалық мәдениеттің негізінде қалыптасатынына қарамастан, ол жазу мен білім жүйелеріне қатысты сұрыпталып, қоғамның әлеуметтік-саяси әрі технологиялық дамуында, әдебиеті мен өнерінде, пәлсапасы мен ғылымында көрініс табатындықтан, ғалымдар бұл ұғымды «белгілі бір елде, мемлекетте тіршілік ететін адамдардың рухани өмірін сипаттайтын символдар, наным-сенімдер, құндылықтар, өзін-өзі ұстау нормалары сияқты ерекшеліктерден құралған күрделі құрылым» [11; 5],- деп сипаттайды.

Ғалымдар халықтық және ұлттық мәдениеттердің арақатынасын анықтай отырып, «этникалық мәдениет халықтық тілдің, өнерге негіз болар көріністер мен бейнелердің қайнар көзі болатындықтан, консервативті қалыпты ұстанатын әрі өзгерістерге ұшырай қоймайтын құбылыс ретінде, ал ұлттық мәдениетті, керісінше, өзге мәдениеттермен тығыз қарым-қатынаста даму салдарынан өз бастауын да сол байланыстардан алатын, үздіксіз толығы, өзгеру арқылы қалыптасатын ұғымдық бірлік деп тұжырымдайды. Нәтижесінде зерттеушілер біріншісі өз даралығын сақтауға ұмтылса, екіншісі жалпыға ортақ мәдени тұтастықты дамытуға бағытталады деген көзқарасты ұстанады. Демек, этникалық сана мен мәдениет негіздерін айқындайтын өзгешеліктер адамның туа бітетін қасиеттерімен қатар арнайы бір ортада не қоғамда қалыптасатын белгілері мен ұстанымдары арқылы жетіліп отыратындықтан, мәдени дамудың басты алғышарттары қатарында тілдік қатынас қағидаттарының аталуы заңдылық деп танылады. Тілдің қалыптасып дамуы адам қоғамымен тығыз байланысты, сондықтан тілдік фактілердің тарихи тұрғыдан зерттелуі саяси-әлеуметтік, ұлттық-мәдени алғышарттарға зер салудан басталады. Кез келген ұғымды қалыптастыратын орта мен этникалық қауымдастықтар екенін ескерсек, адам санасында туындайтын алуан түрлі мәдени танымдық бірліктер, бір жағынан, қоғамдық даму мен өзгеру үрдістерін танытса, екінші жағынан, этнопсихологиялық өзгешелікті көрсетері анық.

Тіл білімінің тарихпен байланысын Ә. Қайдар халықтың ұлттық қалыптасуымен, мәдени өркендеуімен, әлеуметтік саралануымен ажырамас бірлікте қарастырды, сол себепті тілші еңбектерінде тілдің лексикалық жүйесі де, морфологиялық құрылымы да, синтаксистік қызметі де – бәрі ұлттық мәдени сананың дамуымен қатарласа, қоғамдық құбылыстармен сабақтаса анықталды. Кез келген тілді оның халықтық сипатымен, тарихи өрлеуімен айқындау қажеттігін ғалым өз зерттеулерінің негізгі нысаны етті. Тілдің номинативтік мағынаны білдіретін лексикалық бірліктерден құралатынын басшылыққа ала отырып, тілші сөз төркінін гомо- және

гетерогенді фактілерге сүйене талдау қажеттігін басшылыққа алды. Ғалымның ғылыми-теориялық қорытындылары, тілтанымдық зерттеулері қазақ тілінің мәртебесін көтерер, әлемдік деңгейдегі өзіндік лингвистикалық мектебінің мақсат-міндеттерін айқындар, азаматтық-рухани болмыстың ұлттық парызбен, мәдени таныммен сабақтасатын ерекшеліктерін дәлелдейтін құнды еңбектер қатарын құрайды. Нәтижесінде академик қолданысындағы «*тарихи таным*» «ұлағатты да, күрделі де, жауапты, жадыгерлік ұғым» [10; 4] ретінде бағалауға мүмкіндік беретін терең пәлсапалы ізденістер жиынтығы деп қарастырылды.

«Әрбір халық өзін-өзі дана санайды. Бұл – заңды да түсінікті құбылыс. Өйткені, этностың халық болып қалыптасуының өзі дамудың барлық деңгейінен өтіп, санасы өсіп, дүниетанымы кеңейіп, рухани марқаюына, даналар мен білікті-білгірлердің талғам-танымына, ой-өрісіне, даналығына тікелей байланысты» [12; 4] деген тұжырым арқылы тілші барша халықтардың этникалық ерекшеліктерін тоғыстыра отырып, қазақ тіл білімінде, шын мәнінде, ұлттық әрі әлеуметтік танымның тілдік негіздерін дәйектеді. Зерттеулерін «таным», «көзқарас», «қор», «сана», «дүниетану», «жады», «зерде» ұғымдарымен байланыстыра айғақтаған Ә. Қайдар қазақ лингвистикасын жаңа логика-философиялық арнаға бағыттаумен қатар, тіл ғылымында ерекше танымдық үрдістің негізделіп орнығуына тікелей әсер етті. «*Халық даналығының*» түп мақсаты – зердемізді ашып, ұлттық санамызды саралау, ментальдық қасиетіміз бен ғасырлық салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды терең біліп, дүниетанымызды кеңейте түсу» [12; 5] болып табылатындықтан, авторлық ізденістердің маңызды бөлігін халықтық танымның құрамды бөліктерін сұрыптау, олардың «*даналық қорға*», ұрпақтан ұрпаққа жетер «*бай қазынаға*», «*рухани мирасқа*» айналу жолдарын айқындау мәселелері құрады. Ә. Қайдар оларды «өзінің түп негізіне жеке бастың рухани табысы, әр замандағы даналардың қоғамдық өмірге деген көзқарасы, өзіндік танымы» [12; 4] деп сипаттай келе, тіл мен тілдік деректердің қалыптасуындағы «*адам факторын*» [12; 41] жоғары бағалады, ал «*даналық қорды*» екі жақты процестердің «ұйытқысы» деп айқындады. Оның бірін авторлық пайымда «көненің көзіндегі болған... ескі дүние» құраса, екіншісіне «замана талабына сай жаңғыратын, жаңа ұғым-түсініктермен толығын» жаңару процесі жатқызылды, сондықтан зерттеушінің ғылыми танымынан бастау алып, халықтың жәдігерлік рухына жол тартқан даналық ұғымдары да жаңғыра отырып толығын қазынаның көзі болары ақиқат. «*Елдің жадысы*», «*қоғам жадысы*», «*халық жадысы*» [12; 6] сияқты тіркестерді ерекше асқақтатқан Ә. Қайдар еңбектері, шын мәнінде, қазақ тілтанымның жаңа ұғымдық кеңістігін айғақтады.

### **Қорытынды**

Тіл мен қоғам ұғымдарының тығыз байланыста дамып отыратындығына жете мән берген ғалым тілдің әлеуметтік сипатын оның тарихи қалыптасуымен, әртүрлі қоғамдық формациялардан өту ерекшелігімен

сабақтастырған, осыған орай, тілдер байланысын немесе «тілара контакт» мәселелерін Ә.Қайдар жалпы генезис проблемаларымен ұштастыра зерттеу керектігін өзектеген. Осыған орай, тілші кез келген ассимиляция процесіне не болмаса қарым-қатынас нәтижелеріне «бір жақты, бір бағытта ғана болатын» емес, «екі жаққа бірдей ықпал жасайтын» өзгерістер деп қарау қажеттігін дәлелдеді. Лингвистикалық тұжырымдамалардың аса құнды желісін ғалымның тарихи және тарихи-салыстырмалы зерттеулері құрады. Тілдік бірліктердің түптөркінін, алғашқы түркілік элементтердің рухани болмыс-бітімін, ұлттық танымның негізін сұрыптаған еңбектерге ғалымның «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» (1969), «Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері» (1988), «Структура односложных корней и основ в казахском языке» (1986), «Қаңлы: тарихи шежіре» (2004), «Халық даналығы. (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу)» (2004), «Қазақ қандай халық?» (2008) сияқты жұмыстарын жатқызуға болады.

Қазақ тіл білімінің қазіргі даму сипатын жан-жақты айқындау тіл ғылымын жаңа ізденістермен, теориялық ілімдермен, қайталанбас идеялық мазмұнмен толықтырған ғалымдардың еңбектері арқасында мүмкін болып отыр. Уақыт пен заман талабына сай, тілді жоғары адамзаттық құндылық ретінде бағалау, оны антропологиялық танымның, этникалық қалыптасудың құралы деп сипаттау Ә. Қайдар зерттеулеріне негіз болар өзгешеліктер қатарын құрайды. Тарихи, салыстырмалы, экстралингвистикалық зерттеулердің негізінде ғалым жеке ұлттық құндылықтарды жалпыадамзаттық аксиология ұғымдарымен шебер ұштастырған. Тіл тарихын тереңнен зерделеген тілші қабылдауында тілдік бірліктер жалқы мен жалпының үйлесімді жалғасы, этногенездік әрі жаһандық пәлсапаның нәтижесі деп танылуда. Ғалымның «ұлт – тіл - таным» мәселелерінің сабақтастығынан бастау алған ғылыми идеясы тіл ғылымының, оның теориялық ілімдерінің басты өзегін құрап отыр. «...этностың дүниеге келуіне ұйытқы болған да – тіл, рухани-мәдени өмірінің өзегі де, өзін-өзі танып білудің өлшемі де – сол тіл т.т. Осының бәрі «тіл әлемінен» табылады. «Адамтану», «Қоғамтану», «Табигаттану» деп аталатын ғылыми салалардың қалыптасуына негіз болатын да, біле білсек, осы «тіл әлемі» [4; 11] деген автор пікірі де соны айғақтайды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 616 б.
2. Леонтьев А.А. Язык, речь, речевая деятельность. – М.: URSS, КомКнига, 2005. – 216 с.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы. «Ғылым», 1999. - 581 б.

4. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 304 б.
5. Аханов К. Тіл білімінің негіздері.- Алматы, «Санат», 1993. – 496 б.
6. Манкеева Ж.А. Қ.Жұбановтың ғылыми мұраларының академиялық танымы хақында. // «Жұбанов тағылымы» VI Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Ақтөбе- 2005 – 530 б. – 90-93 бб.
7. Щерба Л.В. Избранные работы по языкознанию и фонетике. Т.1 – Ленинград: Изд.Ленинградского университета, 1958. – 182 с.
8. Сыздық Р. Қазақ теледидарының тіл мәдениеті қандай? //Тіл және қоғам. – 2 (4), 2005. – 9 – 17 бб.
9. КаганМ.С. Философия культуры. – СПб., 1996.
- 10.Қайдар Ә. Қаңлы. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2004. – 610 б.
- 11.Поволяева А. Язык – составная часть культуры. // [http:// finoved.Madistudio. Com/? Idm = 41&op = main & idcont = 116](http://finoved.Madistudio.Com/?Idm=41&op=main&idcont=116). – С. 1-9.
- 12.Қайдар Ә. Халық даналығы [қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу]. – Алматы: Тоғанай Т., 2004. – 560 б.

## **ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ САЛАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ИГЕРІЛУ ЖАЙ-КҮЙІ**

### **MODERN TECHNOLOGIES AND THE STATE OF ADOPTION OF INDUSTRY-SPECIFIC TERMINOLOGY IN CONTEMPORARY TURKIC LANGUAGES**

*Айзат Жаксылыковна САГЫНБЕКОВА \**

#### **Аңдатпа**

Бұл мақалада білім берудегі заманауи технологиялардың қазіргі түркі тілдеріндегі салалық терминдердің игерілу процесі қарастырылады. Түркі тілдерінің дамуы мен олардың заманауи технологиялық жетістіктерге бейімделуі, сондай-ақ жаңа терминдерді қалыптастырудағы қиындықтар мен оларды шешу жолдары талданады. Мақалада түркі тілдеріндегі салалық терминдердің игерілуі мен олардың болашақтағы дамуына қатысты ұсыныстар айтылады. Заманауи технологиялардың түркі тілдеріне әсері, салалық терминдердің игерілуі және олардың тілдік қордағы орны да талқыланады. Сонымен қатар, өз тәжірибемнен алынған кәсіби –техникалық колледж студенттеріне қазақ тілі мен әдебиеті сабағында, кәсіби қазақ тілі

---

\* Екібастұз политехникалық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, педагогика ғылымдары магистрі, [ajzatsagynbekova@gmail.com](mailto:ajzatsagynbekova@gmail.com)

сабағында пайдаланған жаңа технологияның ерекшеліктері туралы айтатын боламын.

**Түйін сөздер:** түркі тілдері, заманауи технологиялар, салалық терминология, терминдерді игеру, сандық технологиялар, жаңа сөздердің қолданысы.

### **Abstract**

This article discusses the process of adopting industry-specific terminology in contemporary Turkic languages in the context of modern technologies in education. The development of Turkic languages and their adaptation to modern technological advancements, as well as the challenges in forming new terms and the ways to address them, are analyzed. The article also offers suggestions regarding the future development of industry-specific terminology in Turkic languages. The impact of modern technologies on Turkic languages, the adoption of industry-specific terminology, and their place in the linguistic system are discussed. Furthermore, I will share the characteristics of the new technology used in my own experience in teaching professional and technical subjects, as well as the use of the Kazakh language and literature in vocational technical colleges.

**Keywords:** Turkic languages, modern technologies, industry-specific terminology, term adoption, digital technologies, usage of new words.

### **Кіріспе**

Қазіргі таңда ғылым мен технологияның дамуы әлемнің барлық саласына ықпал етіп, түрлі жаңа салалық терминдердің пайда болуына себепші болып отыр. Әсіресе, ақпараттық технологиялар медицина саласында, білім саласында, экономика саласында және де басқа салаларда пайда болған жаңа ұғымдарды өз тілдерінде бейімдеу мәселесі өзекті болуда. Бүгінгі таңда «технология» ұғымы педагогикалық әдебиеттегі ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Технология ұғымының дидактикалық ұғымдармен байланысы сан алуан: оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы, тәрбие технологиясы, даму технологиясы, модульдік технология, топтық оқыту технологиясы түрінде болады.

«Технология» грек тілінен енген және екі сөзден тұрады: «техне»-өнер, шеберлік және «логос»-білім, оқу, ғылым деген мағыналарды білдіреді. Сондықтан «технология» терминін қазақ тіліне «өнер туралы ғылым» немесе «шеберлік туралы ғылым» деп аударуға болады. Бүгінгі таңда ғылым мен техниканың қарқынды даму нәтижесінде жаңа салалық терминдер пайда болуда. Бұл үрдіс түркі тілдерінде де байқалып, оларды игеру мен қалыптастыру маңызды мәселеге айналуда. Қазіргі түркі тілдеріндегі терминологияның қалыптасуының деңгейі заманауи технологиялардың қолдануымен тікелей байланысты екеніне көз жеткіздік [1; 36].

## **Заманауи технологиялар және терминологияның қалыптасуы**

Ғылым мен техниканың дамуы адамның мүмкіншілігін, іс-әрекетін ары қарай дамытуды қажет етті. Яғни өндірістік, ақпараттық электрондық технологиялар пайда бола бастады. Осыған орай технология өндірістік және әлеуметтік болып бөлінеді. Оқыту технологиясы әлеуметтік технологияға жатады. Оның басты материалымен түпкі нәтижесі ретінде тұрады. Бір жағынан қарағанда, оқыту технологиясы – жаңа заманға бет бұрған оқыту жүйесі болса, екінші жағынан, оқыту технологиясы дегеніміз – мұғалім мен оқушының, оқытушы мен студенттің арасындағы ықпалдастық, білім беру мен білім алу арасындағы ерекше дидактикалық қарым-қатынастың заңдылықтарын зерттейтін ғылыми пән болып табылады.

Заманауи технологиялар қоғамдағы барлық салаларға, соның ішінде тіл және терминология саласына да әсерін тигізуде. Қазіргі таңда жаңа технологиялардың дамуымен бірге әртүрлі салаларда жаңа терминдер пайда болып, тілге еніп отырады. Бұл процесс терминологияның қалыптасуында және дамуының негізгі факторларының бірі болып табылады. Жаңа технологиялар – жаңа түсініктер мен ұғымдарды алып келеді. Бұл жаңа терминдерді құру және бекіту қажеттілігін тудырады. Мысалы: компьютерлік технологиялардың дамуы «бұлттық есептеу», «жасанды интеллект» сияқты жаңа терминдерді өмірге әкелді. Заманауи технологиялардың ықпалымен халықаралық терминдер мен неологизмдер тез таралады. Ағылшын тілі осы тұрғыда басты рөл атқарып, көптеген жаңа ұғымдар алдымен ағылшын тілінде қалыптасып, кейін басқа тілдерге, соның ішінде түркі тілдеріне де енеді.

### **Терминологияның қалыптасуының негізгі кезеңдері**

Терминнің пайда болуы бірнеше сатыдан өтеді. Терминнің бастапқы кезеңінде ол жаңа ұғымды сипаттайтын арнайы сөз тіркесі ретінде қолданылады.

Жаңа термин көпшілікке танымал болған сайын, ол ресми түрде термин ретінде қабылданады және стандартталады.

Терминнақты бір салада кеңінен қолданылады және жалпыға ортақ түсінікке айналады.

Заманауи технологиялар мен терминологияның тығыз байланысы – қазіргі заманның маңызды құбылыстарының бірі. Тіл мамандары мен ғалымдардың негізгі міндеті – жаңа технологиялармен бірге пайда болатын терминдерді тиімді игеру және оларды тілімізге дұрыс қалыптастыру екені белгілі.

### **Қазіргі түркі тілдеріндегі салалық терминдердің игерілу жай-күйі**

Ғылыми-техникалық процесс жаһандану мен ақпараттық технологиялардың [4; 12] дамуына және қалыптасуына айтарлықтай әсер етті. Түркі тілдерінде көптеген салалық терминдер халықаралық және ағылшын тілдерінен алынған кірме сөздер арқылы қалыптасуда. Бұл процесс жаңа ұғымдар мен құбылыстарды тез және тиімді түрде енгізуге мүмкіндік

береді,бірақкейбір жағдайда тілдің өзіндік ерекшеліктері мен ұлттық нақышын жоғалту қаупін туғызады.Салалық терминологияны дамытуда ұлттық тілдің мүмкіндіктерін барынша пайдалану үрдісі байқалуда.Түркі тілдерінде жаңа терминдерді қалыптастыруда тілдің ішкі ресурстарын,яғни сөзжасамдық тәсілдерді қолдану тәжірибесі артып келеді.Мысалы, қазақ тілінде жаңа ұғымдарды білдіру үшін төл сөздерден туынды сөздер жасау немесе бұрыннан бар сөздерге жаңа мағына беру арқылы терминдер жасау әдісі жиі қолданылады.Қазіргі түркі тілдеріндегі салалық терминдердің игерілу жай-күйі күрделі және көпқырлы процесс екенін көрсетіп отыр.Бұл процесс жаһандану мен ұлттық ерекшеліктерді сақтауды талап етеді. Салалық терминологияны дамытуда түркі тілдерінің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып,бірлізділік пен стандартталуды қамтамасыз ету маңызды болып отыр.

### **Салалық терминдерді игерудің келешегі**

Салалық терминдерді игерудің келешегі –бұл қазіргі тіл білімі мен салалық коммуникацияның маңызды мәселелерінің бірі.Түркі тілдері,оның ішінде қазақ тілі технологиялық және ғылыми прогресстің арқасында күн сайын жаңа салалық терминдермен толықтырылып отырады.Салалық терминологияны дұрыс игеру және қолдану бірқатар артықшылықтар береді. Ғылыми және техникалық коммуникацияны жетілдіруді қалыптастырады. Салалық терминологияны игеру арқылы ғылыми зерттеулер мен техникалық құжаттамалар ана тілінде қолжетімді әрі түсінікті болады. Сонымен қатар,ғылыми ақпараттың жылдам таралуына және отандық ғалымдар мен мамандардың кәсіби деңгейінің артуына ықпал етеді. Салалық терминдерді ана тілінде игеру және қолдану оқушылар мен жас мамандардың оқу процесін жеңілдетеді.Осы арқылы оқушылар мен жас мамандар күрделі ғылыми және техникалық ұғымдарды өз тілінде түсініп,оларды практикада тиімді пайдалана алады.

### **Тілдің бейімделуі мен дамуы**

Қазіргі заманауи технологиялар мен ғылымның дамуы салалық терминдерді үнемі жаңартып отыруды талап етеді.Осыған байланысты тілдер бейімделіп,жаңашылдыққа ұмтылады.Бұл үдеріс тілді байытып,оны жаңа деңгейге көтереді. Келешекте салалық терминдерді игеру жолдары үздіксіз үдеріске айналады.Оның болашағы тілдің өзектілігін сақтап,оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу жолында маңызды рөл атқарады.«Жаңа терминдерді оқыту және олардың қолданыс аясын кеңейту» тақырыбы – қазіргі заманғы тіл білімі мен білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі.Жаңа терминдер – ғылым мен технологияның дамуына сәйкес қалыптасатын сөздер.Терминдер нақты саланың тілін қалыптастырып,білім мен ақпарат алмасуды жеңілдетеді.Сондықтан терминдерді дұрыс меңгеру – мамандардыңкәсіби тілін қалыптастыру негізі болып табылады [2; 21].

### **Терминдерді оқыту әдістемесі**

Жаңа терминдерді тиімді оқыту үшін оқыту әдістемесі маңызды рөл атқарады.Бұл әдістемеге терминдердің мағынасын түсіндіру, олардың

қолданылу аясын көрсету, практикалық мысалдар мен жаттығулар арқылы игерту кіреді. Техникалық білім беретін колледждерде кәсіби қазақ тілі пәнінен мамандыққа байланысты термин сөздерді оқыту – білім берудің негізгі бөлігі болып табылады. Кәсіби техникалық колледждерде студенттерді термин сөздермен таныстырудың ең негізгі мақсаты – олардың болашақ мамандықтарына байланысты салалық терминологияны меңгеру және кәсіби тілде сауатты сөйлеу қабілетін дамыту. Термин сөздер кәсіби қарым-қатынаста, құжаттармен жұмыс жасауда, техникалық әдебиеттерді оқуда түсінуде маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ салалық терминдерді игеру студенттердің білім деңгейін арттырып, кәсіби дағдыларын нығайтып, болашақ жұмыс орындарында бәсекеге қабілетті болуға ықпал етеді. Кәсіби білім беретін техникалық колледждерде заманауи технологиялар және терминдерді меңгерту оқытудың басты ұстанымдарына айналған. Сонымен қатар, сандық технологиялар мен интернеттің дамуы жас мамандарға жаңа терминді оқыту мен үйренуді жеңілдетеді. Онлайн сөздіктер, терминологиялық базалар және оқыту платформалары терминдерді тез және тиімді меңгеруге мүмкіндік береді. Оның дәлелі колледждегі цехтар, лабораториялар мен пәндік оқыту кабинеттері заманауи технологиямен жабдықталғанын тілге тиек еткім келеді. Мысалы: «Дәнекерлеу ісі» мамандығы, «Электрмен қамтамасыз ету» және «Тамақтануды ұйымдастыру» мен «Тау-кен электромеханикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу» мамандықтары бойынша колледж студенттері заманауи техниканың озық үлгідегі түрлерімен білім алуда. Колледж қабырғасынан шықпай-ақ, теорияны практикамен ұштастыра білім алуда. Бұл дегеніміз, еліміздің экономикасына үлес қосатын техникалық білім беру ошақтары әлемдік дәрежеде бәсекеге қабілетті мамандар дайындауына зор мүмкіндік алып отыр дегенді білдіреді.

### **Заманауи технологияларды қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында тиімді пайдалану**

Заманауи технологиялар қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде және кәсіби қазақ тілі пәнін оқытудың әдістемесіне жаңа серпін беру үшін маңызды. Заманауи технологиялар және олардың мүмкіндіктері: интерактивті тақталар, мультимедиялық құралдар, онлайн білім беру платформалары сияқты технологиялардың мүмкіндіктерін қарастыру. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында интерактивті және анимациялық контентті пайдалану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында технологияларды қолдану әдістері:

Оқу-тәрбие үрдісін технологияландыру – білім беру мен тәрбиелеу проблемаларын сапалы жаңа деңгейде шешуге ықпал жасайды. Технологиялық әдіс-тәсілдердің көмегімен оқушылардың таным белсенділігі артып, даму үрдісі жетіле түседі. Білім мазмұнын жаңарту қажеттілігіне сәйкес ең озық технологияларды жүйелі түрде қолдану өркениетті елдер тәжірибесінде біртіндеп іске асырыла бастады. Оқу үрдісін «технологияландыру» мәселесі ХХ ғасырда педагогика ғылымында



шетелдік,отандық ғалымдардың еңбектерінде әр қырынан алынып зерттелді. В. Беспалько, В.К. Дьяченко, В.В.Гузеев, М.В. Кларин, Д. Хогрид, В.М. Монахов, С.М. Құсайнов, Г. Нұрғалиева, Ж. Қараев, Н. Нұрахметов, М. Жанпейісова, Г.Д. Әуелбекова, З. Бейсембаева, С.К. Исламгулова т.б. Қазақстандық және шетелдік ғалымдар ғылым мен тәжірибені ұштастыра зерттеп,жаңа педагогикалық технологияларды тиімді пайдаланудың жолдарын көрсетті.

Оқушылардың ауызекі сөйлеу мен жазу мәдениетіне үйренуі оқыту мен тәрбие жұмыстарының ең маңызды мәселесінің бірі болып саналады.Көркем туынды – сөз өнері болғандықтан, ондағы әдемі,сұлу, кестелі, өрнекті сөздердің алуан түрлерінің қай-қайсысы болмасын оқушылардың ауызша,жазбаша тілін дамытудың қайнар көзі болып табылады.

Сөйлеу мәдениетін дамыту үшін аудиокітаптарды қолдану,әдеби шығармаларды оқытуда анимациялық фильмдер мен электрондық кітаптарды пайдалану өте тиімді болып табылады.Сабақта компьютерлік тестілеу бағдарламалары арқылы оқушылардың білімін тексеру өте қолайлы.Заманауи технологиялар студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал етеді. Мысалы, оқушылар өз шығармаларын онлайн платформада жариялап, басқа студенттер мен оқытушылармен кері байланыс алу мүмкіндігін пайдалана алады.Бұл оқушылардың сабаққа деген белсенділігін арттырады.Сонымен қатар,АКТ арқылы оқушылардың жеке қабілетіне қарай тапсырмаларды бейімдеу мүмкіндігі де өте зор. Мультимедиялық құралдар арқылы әдеби шығармаларды көрнекі түрде түсіндіруоқушылардың қабылдауын жеңілдетеді,сабаққа деген қызығушылығын арттырады.Оқушылар әдеби шығармаларды зерттеп,оны презентация түрінде қорғау мүмкіндігіне ие болады.«Kahoot», «Quizlet», «Google Classroom» платформалары арқылы тест тапсырмаларын тиімді өткізуге болады [3; 61-62].

### **Қорытынды**

Ғылым мен техниканың жедел дамыған ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып,адамның қабілетін,талантын дамыту білім берудің басты міндеті болып отыр.Қарқынды дамыған заманауи технологиялар мен жаһандану үрдісі түркі тілдеріне жаңа салалық терминдерді енгізіп қана қоймай,олардың бейімделуі мен қолданылуына ықпал етуде. Бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек.Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалды.

Терминологияның даму саласы тек ғылым мен білім саласында ғана емес,түркі тілдерінің халықаралық деңгейде беделін көтеруге ықпал етуі

керек. Заманауи технологиялар білім беру саласының барлық бағыттарында тиімді және қолжетімді болуы шарт. АКТ енгізу арқылы білім беру сапасын жақсартып қана қоймай, оқушылардың қызығушылығын арттыруға, олардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға болатынына көз жеткіздік. Бүгінгі таңда мемлекетіміздің барлық білім беру мекемелері жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті, кәсіби деңгейі жоғары мамандарды даярлау бүгінгі заман талабы екенін түсінетін уақыт жетті деп есептеймін.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Айтбаева А. Б. Білім берудегі жаңа технологиялар: оқу-құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 162 б.
2. Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар. Оқу құралы. – Алматы: «Атлас баспасы-2001», 2006. – 176 б.
3. Жұмажанова Т. Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мектеп ұстаздары мен болашақ әдебиетші студенттерге арналған. – Алматы: Білім, 2009. – 288 б.
4. Бейсенбайқызы З. Оқытудың педагогикалық технологиялары. Оқу құралы / Бейсенбайқызы З. – Қарағанды: «Болашақ-Баспа» РББ, 2013. – 155б.

## **ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАРОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ**

### **ABDUALI KAI DAROV AND KAZAKH TERMINOLOGY**

*Жазира Сегізбаевна КОЗЫБАХОВА \**  
*Алиман Керимхановна КУРМАШЕВА \**

#### **Аңдатпа**

Бұл баяндамада қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымы Әбдуәли Қайдаровтың қазақ терминологиясын дамытудағы рөлі мен оның ғылыми қағидалары талқыланады. Әбдуәли Қайдаров терминдердің мағыналық дәлдігіне, ұлттық тіл ерекшеліктерін сақтауға және терминологияны қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына сәйкес дамытуға баса назар аударды. Баяндамада ғалымның терминологияға қатысты 11 негізгі қағидаты қарастырылып, оның қазақ тілінің ғылым мен техника саласындағы қолданылу аясын кеңейтуге қосқан үлесі сарапталады. Сонымен қатар, терминологиядағы саясат пен қоғамның рөлі, мемлекеттік тіл саясатының

---

\* Жамбыл облысы білім басқармасы Тараз қаласы білім бөлімінің Шерхан Мұртаза атындағы мектеп-гимназиясы, Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, zhazira.kozybakhova1985@mail.ru

\* Жамбыл облысы білім басқармасы Тараз қаласы білім бөлімінің Шерхан Мұртаза атындағы мектеп-гимназиясы, Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, nazik\_boti@mail.ru

маңыздылығы және терминдерді стандарттау мәселелері де қамтылған. Қайдардың ғылыми мұрасы қазіргі қазақ терминологиясын жетілдіруге негіз бола отырып, ұлттық тілдің дамуына жол ашады.

**Түйін сөздер:** қазақ терминологиясы, Ә. Қайдар, тіл білімі, зерттеулер.

### **Abstract**

This report discusses the role of the outstanding Kazakh scholar Abduali Kaidarov in the development of Kazakh terminology and its scientific foundations. Abduali Kaidarov emphasized the semantic accuracy of terms, the preservation of the features of the national language, the development of terminology in accordance with the internal laws of the Kazakh language. The report examines 11 basic principles of the scientist related to terminology and analyzes his contribution to expanding the scope of the Kazakh language in science and technology. In addition, the role of politics and society in terminology, the importance of state language policy, and the standardization of terms are highlighted. Kaidarov's scientific legacy is the basis for improving modern Kazakh terminology and opens the way for the development of the national language.

**Keywords:** Kazakh terminology, A. Kaydar, linguistics, research.

### **Кіріспе**

Әбдуәли Қайдаров – қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымы, әсіресе, қазақ терминологиясын дамытуда ерекше үлес қосқан тұлға. Ол ұлттық терминологияның қалыптасуы мен дамуына, қазақ тілінің ғылым мен техниканың тіліне айналуына айрықша назар аударған. Кеңес дәуірінде қазақ тіліне шет тілдерден енген терминдердің басым көпшілігі тікелей аударылып, ұлттық тіл ерекшеліктері ескерілмей қалып отырған кезеңде, Қайдаровтың терминжасам мәселелеріне терең үңілуі маңызды болды. Оның терминологияға қатысты тұжырымдары мен қағидалары қазақ тілінің бай сөздік қоры мен грамматикалық құрылымдарын тиімді пайдалана отырып, жаңа терминдерді қалыптастырудың жолдарын көрсетті.

Бұл баяндамада Әбдуәли Қайдаровтың қазақ терминологиясын зерттеудегі рөлі, оның терминдерге қатысты қағидалары, және қазақ тілінің терминжасамдық әлеуетін қалай пайдаланғаны талқыланады. Сонымен қатар, терминологиядағы саясат пен қоғамның рөлі, тілдік стандарттау мәселелері де қарастырылады.

### **Терминжасам және терминдік қағидалар**

Терминология – кез келген тілдің ғылыми және техникалық прогресстің дамуына сәйкес ұғымдар мен атауларды қалыптастыру процесі. Термин жасаудағы ұлттық сипат дегеніміз – ғылыми, техникалық және мәдени ұғымдарға ұлттық тілдік ерекшеліктерді ескере отырып, атау беру. Қазақ тілінде термин жасау барысында ұлттың тілі мен дүниетанымы, мәдениеті мен тарихи тәжірибесі ескерілмесе, терминдердің тілдік табиғаты бұзылып, тіліне тән емес сөздердің қалыптасуына әкеледі.

Термин жасаудағы ұлттық сипат – кез келген тілдің өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, жаңа терминдер қалыптастырудың негізгі принциптерінің бірі. Бұл тілдің ұлттық болмысы мен мәдениетінің сақталуын қамтамасыз етеді. Егер жаңа терминдер ұлттық ерекшеліктерді ескермесе, онда тіл сыртқы ықпалдардың әсерінен өз табиғи құрылымын жоғалтуы мүмкін. Әр ұлттың тілі оның дүниетанымы мен мәдени құндылықтарын бейнелейді, сондықтан терминология жасауда бұл аспект ескерілмей қалмауы керек.

Қазақ тілі – сөзжасамдық мүмкіндігі мол тілдердің бірі. Әбдуәли Қайдар мен басқа да қазақ тілі ғалымдары қазақ тілінің байырғы сөздік қорын пайдаланып, жаңа терминдер жасау қажеттілігін алға тартқан. Термин жасауда тілдің ішкі ресурстарын пайдалану – тілдің дамуы мен сақталуының басты көрсеткіштерінің бірі.

Термин жасаудағы ұлттық сипатты сақтау үшін шет тілінен алынған сөздердің тікелей аудармасынан немесе транслитерациясынан аулақ болу қажет. Әсіресе, орыс немесе ағылшын тілінен енген терминдерді тікелей қабылдау қазақ тілінің ұлттық сипатына зиян келтіруі мүмкін. Бұл жағдайда терминдер қазақ тілінің фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік заңдылықтарына сәйкес өзгертілуі керек.

Термин жасауда ұлттық мәдениет пен дүниетанымды ескеру өте маңызды. Ұлттың тарихи тәжірибесі, тұрмыс-салты, дүниені қабылдау ерекшеліктері жаңа терминдерді жасауда негізгі рөл атқаруы тиіс. Мысалы, қазақ халқының көшпенді өмір салты, жылқы шаруашылығына қатысты ұғымдар басқа халықтардан ерекшеленеді, сондықтан бұл ерекшеліктерді ескере отырып, жаңа терминдер жасау қажет.

Әлемдегі ғылыми-техникалық прогресс нәтижесінде көптеген халықаралық терминдер әр түрлі тілдерге еніп жатады. Алайда, оларды сол қалпында қабылдай салу орнына, бейімдеп, қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес аудару керек. Бұл тілдің ұлттық ерекшелігін сақтауға көмектеседі. Бұл аудармалар қазақ тілінің лексикалық қорын байытып, жаңа ұғымдарды ұлттық тілдік тұрғыда түсінуге мүмкіндік береді.

Терминологияны қалыптастыруда мемлекет маңызды рөл атқарады. Қазақ тіліндегі терминдер ұлттық ерекшеліктерге сай болу үшін, оларды жасау мен бекітуде мемлекеттік органдар мен мамандардың бірігіп жұмыс істеуі қажет. Бұл ретте, Қазақстандағы Терминкомның (Терминологиялық комиссия) рөлі зор. Мемлекеттік деңгейде термин жасау ұстанымдарын бекіту, оларды қолдану салаларын кеңейту және ғылыми негіздерін жасау терминологияның дұрыс бағытта дамуына ықпал етеді.

Термин жасаудағы ұлттық сипат – тілдің дамуындағы ең маңызды қағидалардың бірі. Ол тек тілдің ғылым мен техникадағы рөлін күшейтіп қана қоймай, ұлттық ерекшеліктерді, мәдениетті, тарихи тәжірибені сақтауға мүмкіндік береді. Қазақ тілінде термин жасау барысында тілді байытып қана қоймай, оны халыққа түсінікті және қолжетімді ету үшін ұлттық тілдік заңдылықтарды барынша ескеру қажет. Ұлттық сипаттағы терминология тілдің болашағы мен ұлттық мәдениеттің сақталуының кепілі бола алады.

Әбдуәли Қайдар халықаралық терминдерді қазақ тіліне бейімдеу мәселесін де көтерді. Оның пікірінше, қазақ тіліне енген халықаралық терминдерді тікелей қабылдай салу тілді шұбарландыруға әкеледі. Сол себепті терминдерді бейімдеп, қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес келетін нұсқаларын табу немесе жаңа балама сөздер ойлап табу қажет. Ол осы бағытта жасалған жұмыстардың маңыздылығын атап өтті.

Ғылыми-техникалық прогресс пен жаһандану заманында әрбір тілдің сөздік қоры халықаралық терминдермен толығып отырады. Халықаралық терминдер – әлемдік ғылым, техника және мәдениет салаларында кеңінен қолданылатын, барлық елдерде танымал ұғымдар мен атаулар. Алайда, оларды ұлттық тілдерге бейімдеп қолдану – тілдің табиғи құрылымын сақтап, оны байытуға ықпал ететін маңызды процесс. Бұл баяндамада халықаралық терминдерді бейімдеудің қағидалары, әдістері мен мәселелері қарастырылады.

Халықаралық терминдерді бейімдеу – терминдерді ұлттық тілдің нормаларына сай өзгертіп, қабылдау процесі. Бұл процесс бірнеше маңызды себептерге байланысты қажет:

1. Ұлттық тілдің «табиғи құрылымын сақтау. Егер халықаралық терминдер сол күйінде қабылданса, тілдің фонетикалық және морфологиялық жүйесі бұзылуы мүмкін.
2. Тілдің өзіндік ерекшелігін сақтау. Халықаралық терминдерді бейімдеу арқылы тілдің ұлттық ерекшеліктерін қорғауға болады.
3. Қоғамға түсінікті болу. Бейімделген терминдер халыққа жеңілірек қабылданады, сондықтан олар тезірек қолданысқа еніп, күнделікті өмірде кеңінен таралады.

Халықаралық терминдерді қазақ тіліне бейімдеудің бірнеше әдістері бар. Әр әдіс тілдің табиғатына, қоғамдық сұранысқа және терминнің мазмұнына байланысты таңдалады.

Транслитерация – шетелдік терминді сол қалпында қабылдап, ұлттық алфавитке сәйкес жазу әдісі. Бұл әдіс көп жағдайда терминдердің бастапқы мағынасын сақтап, түсінікті етуге бағытталған. Бірақ ол терминнің қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес келуін қамтамасыз етпейді.

Транскрипция – халықаралық терминнің дыбыстық құрылымын ұлттық тілге бейімдеп аудару. Бұл әдіс арқылы сөздің дыбысталуы сақталады, бірақ ол ұлттық тілдің фонетикалық заңдылықтарына сай өзгереді.

Калькалау – шетелдік терминнің мағынасын немесе құрылымын аудару арқылы жаңа сөз жасау. Бұл әдіс терминнің мағынасын сол қалпында сақтай отырып, оны ұлттық тілде түсінікті етуге мүмкіндік береді.

Неологизмдер жасау – шетелдік терминдерді ұлттық тілдің сөзжасамдық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жаңа сөздер құрастыру. Бұл әдіс тілдің ішкі ресурстарын тиімді пайдаланып, терминдерді ұлттық сипатта бейімдеуге мүмкіндік береді.

Терминді бейімдеген кезде оның жалпы қоғамға түсінікті болуы маңызды. Қоғамға жеңіл қабылданатын терминдер ғана кеңінен қолданылады және олардың қолданыс аясы жылдам таралады.

Бейімделген термин қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарына сай келуі керек. Бұл сөздің қазақ тілді ортада дұрыс қабылданып, қолданылуына ықпал етеді.

Терминнің бастапқы мағынасын бұзбай, оны дәл жеткізу – терминологиядағы маңызды талаптардың бірі. Халықаралық терминдерді бейімдегенде, оның ғылыми немесе техникалық ұғымды дұрыс бейнелеуін қамтамасыз ету керек.

Тілдің байырғы сөздік қорын, сөзжасамдық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жаңа терминдерді жасау тілдің дамуы үшін аса маңызды. Бұл тілдің ұлттық ерекшеліктерін сақтауға көмектеседі.

Қазақ тіліндегі халықаралық терминдерді бейімдеудің мысалдары

Қазақ тіліне көптеген халықаралық терминдер бейімделіп енген. Олардың кейбірі тікелей алынған болса, кейбірі қазақ тіліне бейімделіп, жаңа мағынада қолданысқа енгізілді.

Сәттібейімделген терминдер:

- жаһандану (глобализация),
- ұялы телефон (мобильный телефон),
- есептегіш (компьютер),
- зияткерлік (интеллектуальный).

Кейбір терминдерді бейімдеу қиындық тудырады, өйткені олардың түсінікті әрі дұрыс жеткізу үшін үлкен лингвистикалық жұмыс қажет. Мысалы:

- бизнес,
- менеджмент,
- логистика.

Бұл терминдерге қазақша балама табу қиын, сондықтан оларды қабылдау кезінде транскрипциялау әдісі жиі қолданылады.

Халықаралық терминдерді қазақ тіліне бейімдеу барысында бірнеше өзекті мәселелер туындайды:

Кейбір халықаралық терминдер қазақ тілінің грамматикалық немесе фонетикалық жүйесіне сай келмеуі мүмкін, бұл олардың қабылдануында қиындықтар туғызады.

Терминдерді бейімдеу процесінде бірізділіктің жоқтығы да мәселе болып табылады. Бір термин әр салада әртүрлі қолданылып, түсініксіздікке әкелуі мүмкін.

Терминдерді бейімдеуде олардың қоғам тарапынан қабылдануы маңызды рөл атқарады. Егер жаңа терминдер халық арасында қолдау таппаса, олар қолданылмай қалуы мүмкін.

Халықаралық терминдерді қазақ тіліне бейімдеу – тілдің дамуы мен сақталуы үшін аса маңызды процесс. Бұл ұлттық тілдің байлығын сақтай отырып, жаһандық ғылым мен техника саласындағы ұғымдарды дұрыс қабылдауға мүмкіндік береді. Терминдерді бейімдеу барысында түсініктілік,

мағыналық дәлдік және ұлттық тілдің ерекшеліктерін сақтау принциптері басты назарда болуы тиіс. Халықаралық терминдердің дұрыс бейімделуі қазақ тілінің заманауи ғылым мен техникадағы ролін нығайтып, оның дамуына серпін береді.

Терминдерді біріздендіру (унификация) – қазақ терминологиясындағы ең маңызды мәселелердің бірі. Әбдуәли Қайдар осы салада әртүрлі салалық терминдердің жүйелілігін қамтамасыз ету қажеттілігіне баса назар аударды. Әр түрлі салада қолданылатын терминдердің бірізді, түсінікті және стандартталған болуы ғылымның дамуы үшін маңызды деп саналды.

Терминдерді біріздендіру – ғылыми, техникалық және басқа да кәсіби салаларда қолданылатын терминдердің жүйелілігін қамтамасыз ету процесі. Бұл процесс терминологияның сапасын арттыру, ұғымдардың анық және түсінікті болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ тілдің тұтастығын сақтап, оның тиімді қолданылуын қамтамасыз етеді. Терминдерді біріздендірудің негізгі мақсаты – әртүрлі салаларда қолданылатын терминдердің ортақ стандарттарға сай болуын қамтамасыз ету.

Терминдердің бірізділігі ғылыми және техникалық ақпараттың дұрыс түсінілуін қамтамасыз етеді. Бұл, өз кезегінде, зерттеулер мен жұмыстардың нәтижелерінің салыстырмалылығын және ғылыми ақпараттың кеңінен таралуын жеңілдетеді. Біріздендірілген терминология әртүрлі елдер мен тілдер арасындағы ғылыми диалогты жеңілдетеді.

Терминдерді біріздендіру тілдің ішкі құрылымын сақтау және дамыту үшін маңызды. Бірізді терминдер ұлттық тілдің лексикалық жүйесін нығайтып, оның қолданылуын оңтайландырады.

Біріздендірілген терминдер қоғамдық түсіністік пен қабылдауды жеңілдетеді. Әр түрлі салаларда бір терминнің бір мағынада қолданылуы, оның тиімді пайдаланылуына және түсінікті болуына ықпал етеді. Терминдердің мағынасы нақты және дәл болуы тиіс. Бір терминнің бірнеше мағынада қолданылуы түсініспеушіліктер мен ақпараттың бұрмалануына әкелуі мүмкін. Сондықтан, терминдердің мағыналары жүйелі түрде анықталуы қажет. Терминдер ұлттық тілдің фонетикалық және грамматикалық заңдылықтарына сәйкес болуы керек. Бұл тілдің табиғи құрылымына сәйкес келуін және оның қолданылуын жеңілдетеді. Терминдер құрылымы мен жазылуы бойынша бірізді болуы қажет. Бұл терминологияның жүйелілігін қамтамасыз етіп, оны түсіну мен қолдануды жеңілдетеді. Терминологияның әр түрлі салаларда бірдей түрде қолданылуын қамтамасыз ету үшін жүйелі тәсілдер қолданылуы керек. Бұл терминдердің әр саладағы мағынасының өзгермеуін қамтамасыз етеді.

Терминологиялық сөздіктер мен глоссарийлер терминдерді біріздендіру үшін маңызды құралдар болып табылады. Олар терминдердің мағыналарын, қолданылу салаларын және жазылу ережелерін анықтайды. Қазақстан Республикасының терминологиялық комиссиясы мемлекеттік тілдегі терминдерді стандарттау және жүйелеу жұмыстарын жүргізеді.

Терминологиялық комиссиялар белгілі бір салада терминдерді зерттеп, оларды біріздендірумен айналысады. Бұл комиссиялар ғылыми және кәсіби ұйымдардың өкілдерінен құралып, терминология мәселелерін шешумен айналысады.

Терминдерді біріздендіру үшін құқықтық актілер мен стандарттар қабылданады. Олар терминдерді жүйелеу мен стандарттау бойынша нақты нұсқаулықтар мен талаптарды белгілейді.

Терминологиялық зерттеулер мен сараптамалар терминдердің мағынасы мен қолданылуын зерттеп, олардың бірізділігін қамтамасыз ету үшін маңызды. Ғылыми зерттеулер жаңа терминдерді жасау және ескі терминдерді қайта қарау бойынша ұсыныстар береді.

Тілдің әр түрлі салаларында және аймақтарында қолданылатын терминдердің әртүрлілігі терминдерді біріздендіру процесінде қиындықтар туғызуы мүмкін. Бұл мәселені шешу үшін аймақтық және салалық ерекшеліктерді ескеру қажет.

Халықаралық терминдердің ұлттық тілге енуі олардың дұрыс бейімделуін және жүйеленуін талап етеді. Халықаралық терминдер ұлттық тілдік контекске сәйкес келмейтін жағдайда терминологияны біріздендіру қиын болуы мүмкін.

Жаңа терминдердің қоғам тарапынан қабылдануы кейде қиындық тудыруы мүмкін. Терминдерді біріздендіру үшін қоғаммен, ғылыми және кәсіби ұйымдармен тығыз байланыста болу қажет.

Қазақстанда мемлекеттік тілдегі терминдерді біріздендіру мақсатында арнайы терминологиялық комиссиялар құрылған. Бұл комиссиялар қазақ тіліндегі ғылыми және техникалық терминдерді жүйелеу және стандарттау бойынша жұмыс істейді.

Көптеген елдер халықаралық стандарттарға сәйкес терминдер жүйесін жасайды. Бұл әлемдік ғылым мен техниканың талаптарына сай болу үшін маңызды. Мысалы, халықаралық ғылыми қоғамдастықтағы терминдер жүйесі ұлттық терминологиямен үйлестіріледі.

Терминдерді біріздендіру – терминологияның жүйелілігін, түсініктілігін және тиімділігін қамтамасыз етудің маңызды құралы. Терминдердің мағыналық дәлдігі, фонетикалық және грамматикалық сәйкестігі, құрылымдық бірізділігі мен жүйелілігі тілдің дамуына және ғылым мен техниканың дамуына үлкен әсер етеді. Терминдерді біріздендірудің әдістері мен принциптерін ескере отырып, ұлттық тілдің байлығын сақтап, оның заманауи ғылым мен техниканың талаптарына сай болуын қамтамасыз ету қажет.

Ғалым терминдердің мағыналық дәлдігін сақтау мәселесін де қарастырды. Оның пікірінше, терминдер нақты ұғымды білдіруі тиіс және олардың мағынасы айқын, түсінікті болуы керек. Мағыналық дәлдіксіз терминология ғылым мен білім беру процесінде қиындықтар туғызады.

Әбдуәли Қайдардың терминдердің мағыналық дәлдігіне қатысты нақты тұжырымдарына мыналар жатады:



1. Мағыналық дәлдік: Термин жасауда ең басты талап – оның ғылыми, кәсіби мәнін нақты әрі дұрыс жеткізу. Ол терминнің аудармасы ғана емес, сол ұғымның терең мағынасын ашатын, дәл баламасын табу маңызды екенін айтқан. Бұл үшін қазақ тілінің мүмкіндіктерін толық пайдалану қажет деп есептеген.

2. Контекстке сәйкес келуі: Әбдуәли Қайдардың айтуынша, терминдер тек лексикалық деңгейде емес, контекстік тұрғыдан да мағыналық дәлдікке ие болуы керек. Ол терминді қолданғанда, оның қолданыс аясындағы ерекшеліктерін ескеру маңызды деп санаған.

3. Ұлттық ерекшеліктерді сақтау: Әбдуәли Қайдардың жоғарыда айтылғандай, термин жасауда ұлттық тілдің ерекшеліктерін сақтауға мән берген. Ол терминдерді шет тілдерінен тікелей аударғанда мағынасы бұрмаланып кетпеуі үшін, қазақ тілінің сөзжасамдық заңдылықтарын ұстануды ұсынған.

4. Ғылыми стандарттылық: Ғалым терминдердің тек бір ғылыми салада емес, барлық салаларда бір мағынаны білдіретіндей жүйелілікті ұстануды талап еткен. Ол тілдің ішкі жүйесін бұзбай, әрбір жаңа терминнің қазақ тілінде дұрыс орнығуын қамтамасыз ету керектігін айтқан.

Әбдуәли Қайдар бұл тұжырымдар арқылы терминологиядағы мағыналық дәлдіктің тек лексикалық деңгейде ғана емес, мәдени, контекстік және ғылыми жүйелілікті де қамтитын құбылыс екенін көрсеткен.

Әбдуәли Қайдар қазақ тілінің бай лексикалық қорын термин жасауға барынша пайдалану керектігін жиі айтқан. Ол қазақ тілінің сөзжасам жүйесінің байлығын ғылыми және техникалық терминологияны дамыту үшін қолдану қажеттілігін дәріптеді. Оның бұл көзқарасы ұлттық тілдің өз ерекшеліктерін сақтай отырып, ғылым мен техниканың барлық салаларында қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Әбдуәли Қайдар қазақ тілінің терминжасамдық әлеуетін тиімді пайдалану мәселесіне үлкен мән берген. Ол қазақ тілінің сөзжасамдық қабілеті мол, әрі терминологияны дамытуға жеткілікті мүмкіндігі бар деп санаған. Ғалымның бұл бағыттағы негізгі тұжырымдары мыналар:

1. Тілдің байлығын пайдалану: Қайдар қазақ тілінің сөздік қоры мен байырғы сөздерді терминжасамда белсенді қолдану керек деп есептеді. Тілдегі түбір сөздер мен туынды сөздердің табиғи дамуын ескере отырып, жаңа терминдер жасауға болады деп санады. Мысалы, қазақ тілінің көп мағыналылық, синонимдік және метафоралық мүмкіндіктерін пайдалану арқылы ғылыми және кәсіби ұғымдарды дәл жеткізуге болатынын көрсеткен.

2. Сөзжасам заңдылықтарын сақтау: Термин жасау кезінде қазақ тілінің сөзжасамдық заңдылықтарын сақтауды маңызды деп санады. Бұл – түбірге жалғау, жұрнақ жалғау арқылы жаңа сөздер туындату, сондай-ақ мағыналық сәйкестік пен дыбыстық үйлесімділікті қамтамасыз ету. Мысалы, шет тілдік терминдерді қабылдағанда, оларды қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп, қазақ тіліне тән грамматикалық құрылымдарды сақтап қолдану керектігін айтқан.

3. Қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін сақтау: Қайдар ұлттық тілдің табиғатын бұзбай, жаңа терминдер жасау керектігін баса айтқан. Оның пікірінше, шетелдік терминдерді тікелей қабылдай салу ұлттық тілдің дамуына кері әсер етеді. Сондықтан, шет тілдерден енген терминдерді қазақ тілінің ерекшеліктеріне бейімдеп, мүмкіндігінше қазақтың төл сөздері арқылы баламасын жасау маңызды.

4. Жаңа сөздерге ашықтық: Қазақ тілінің дамуында жаңа ұғымдар мен концепцияларды жеткізу үшін жаңадан сөздер жасауға немесе ескірген сөздерді жаңғыртуға болатындығын айтты. Ғалым терминологияны дамытуда қазақ тілінің әлеуетін толыққанды пайдаланып, терминжасам процесін шығармашылық тұрғыдан қарастыруды ұсынды.

Әбдуәли Қайдар қазақ тілінің бай сөздік қоры мен грамматикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, бұл тілді ғылыми және кәсіби терминология жасауға толық қабілетті деп есептеді.

Қайдар қазақ терминологиясын дамытудың мемлекеттік және қоғамдық маңыздылығын ерекше атап өтті. Оның ойынша, терминология тек ғалымдар мен лингвистердің жұмысы ғана емес, бұл жалпы қоғамның да қатысуын талап ететін іс. Терминдерді қалыптастыру мен енгізу үдерісі халықпен кеңесе отырып жасалуы керек, өйткені терминология ұлттық сананы қалыптастыруға және дамытуға тікелей әсер етеді.

Терминологияның дамуына мемлекет тарапынан қолдау көрсету маңызды. Тіл саясаты шеңберінде мемлекеттік деңгейде қазақ тілінің мәртебесін көтеру, оны ғылым, білім, техника, заң және басқа да салаларда қолдану үшін арнайы бағдарламалар жасалуы қажет. Терминдерді жүйелеу, стандарттау және жаңа ұғымдарға сәйкес терминдерді жасау мемлекеттік тіл саясатының ажырамас бөлігі болуы тиіс.

Терминологияның қалыптасуы тек ғалымдардың жұмысы ғана емес, қоғамның да тікелей қатысуын талап етеді. Қоғамдағы тілдік белсенділік, әсіресе білім, ғылым және мәдениет саласындағы мамандардың қатысуы терминологияны дамытудың маңызды элементі болып табылады. Бұл процесте мұғалімдер, ғалымдар, журналистер және басқа да сала өкілдері терминдерді дұрыс қолданып, олардың мағынасы мен қолдану аясын түсіндіріп отыруы қажет.

Қоғамда жаңа терминдердің қолданысқа енуі терминнің сәтті жасалғанын немесе қоғамға бейімделгенін көрсетеді. Терминдер тек ғылымда немесе ресми құжаттарда емес, күнделікті тұрмыста да дұрыс қолданылуы маңызды. Терминологиядағы өзгерістерді қоғам қалай қабылдаса, тілдік мәдениет соған қарай дамып, жаңарады.

Терминдерді бірізділікке келтіру – мемлекет пен қоғам арасындағы өзара байланыстың жемісі. Мемлекет жаңа терминдерді ресми түрде бекітіп, стандарттаумен айналысса, қоғам сол терминдерді күнделікті өмірде дұрыс қолдануға үйренуі керек. Терминдерді бір ізге түсіруде түрлі салалардағы мамандардың ұсыныстары мен тәжірибелері ескеріледі.

Терминологияда саяси және қоғамдық факторлардың өзара үйлесімділігі қажет. Бұл – жаңа терминдерді қоғамға енгізу және оларды қабылдауда

туындайтын мәселелерді шешудің бір жолы. Ғалымдар, саясаткерлер және тіл мамандарының ортақ пікірге келуі, терминдерді дұрыс қабылдап, оны қоғамның әр саласында енгізу – үлкен жауапкершілікті талап ететін процесс. Терминдерді енгізгенде қоғамның мәдениеті, дәстүрі және тілі ескеріліп, оларды ұлттық сипатта жасау маңызды.

Әбдуәли Қайдар терминжасам үдерісінде халықтың пікірі мен тілдің ішкі заңдылықтарын үйлестірудің маңыздылығын атап өткен.

Әбдуәли Қайдардың қазақ терминологиясына қосқан үлесі оның ғылыми зерттеулерінде ғана емес, сонымен қатар қазақ тілінің болашағы үшін жасаған практикалық ұсыныстарында да көрініс тапты. Ғалымның ұлттық терминологияны дамытуға бағытталған көзқарастары қазіргі уақытта да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ол ұсынған ғылыми принциптер қазақ тілінің терминологиялық базасын нығайтуға және ұлттық терминологиялық қорды байытуға үлкен ықпал етті.

Қазақ тіл білімінде шарттылық мәселесіне көңіл аударған ғалым-академик Ә.Қайдаров. Ол өзінің «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» деген еңбегінде қазақ терминологиясының принциптерінің бірі ретінде – дәстүр мен шарттылық принципін ұсынады. Ғалым индустардың бас теріні – скальпті сылып алатын скальпельмен оның баламасы ретінде қолданылып жүрген қандауыр қызметтерінің мүлде ұқсамайтынын, ветеран терминінің баламасы ретінде қалыптасқан ардагер сөзінің бастапқы мағынасы мен қазіргі мағынасы және бүгінгі терминдік мағынасы арасындағы алшақтықты сөз ете отырып, «кез келген терминнің төркініне шұқшия қарап, тегін қазбалай берсек, оның лексикалық мағынасы мен бүгінгі терминдік мағынасы арасындағы алшақтық, яғни дәстүрлік қолданыс пен шарттылық айқындала түседі, сөйтіп оның ғылыми дәлдігіне күмән келеді», – дейді.

Ә.Қайдаровтың жасап жатқан этнолинг вистикалық сөздігінің картотекасынан алынған бір топ атауларды әскери термин ретінде пайдалануға болатындығын айтады<sup>145</sup>. Олар мыналар: айдауыл, асауыл, бақауыл, бекеуіл, бегауыл, бұқауыл, барлауыл, ереуіл, ертеуіл, жаса уыл, жортуыл // жортауыл, жандауыл, кептеуіл, кешуіл, қайдауыл, қорға уыл, қарауыл, қырауыл, сасауыл, сайдауыл // сандауыл, сырттауыл, сырғауыл, торғауыл, тексеуіл, тоқтауыл, томауыл, тосқауыл, тыңдауыл, тежеуіл, тұ мауыл, шырғауыл, шыңдауыл, шабуыл // шапауыл, шығауыл т.б. Бұл атаулардың әскери терминологиямыздың құрамына ену қажеттілігі ешбір дау туғызбауға тиіс. Өйткені бұл атаулар терминге қойылатын талаптардың бәріне жауап бере алады. Бір мағыналылық, ықшамдылық сияқты талаптарды орындаумен қоса, терминологиядағы ұғымдар жүйесін бір үлгідегі атаулармен беру арқылы сол жүйенің ерекшелігін көрсету терминология үшін ең қажетті жұмыстың бірі болып табылады. Осы тұрғыдан қарағанда жоғарыдағы атаулардың әскери ұғымдарды жүйелеп беруге айрықша бейімділігі көрініп тұр.

Академик Ә.Қайдаров «...көненің көзіндей сақталып, мағынасы күңгірттеніп, ұмыт болған, қолданыстан қалып, шаң басып жатқан көнерген сөздер

аз емес. Оларды тірілтіп, жаңартып, тіл қажетіне жаратуға әбден болады», – дей келіп, қосын, ләшкер, жасақ, түмен, бұраңғар, ерен, бүйрекші, су, шерік, шеру, иелме, аламан, алай, атарман, шабарман, ондық, жүздік, мындық, жалаңқат, көбе, жебе, жекеауыз, сардар, самқал, сапы, сүмбе, топ, оқшантай сияқты сөз дерді әскери термин ретінде өмірге қайта әкелу керектігін айтады.

Әбдуәли Қайдаров қазақ терминологиясын дамытуда терең ғылыми негізделген қағидаларды ұсынған көрнекті ғалым. Оның терминология саласындағы еңбектері қазақ тілінің ғылыми, техникалық, және кәсіби салаларда қолданылу аясын кеңейтуге зор ықпал етті. Қайдаров ұсынған мағыналық дәлдік, тілдік табиғатты сақтау, ұлттық сипат пен жүйелілік қағидалары қазіргі қазақ терминологиясының негізін құрап, тілдің дамуына маңызды бағыт берді.

Қазақ тілінің бай сөздік қоры мен грамматикалық мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану арқылы ол ұлттық тілдің ғылыми әлеуетін көтеруге ұмтылды. Сонымен қатар, ғалым терминология жасауда қоғамның белсенділігін, тіл саясатының дұрыс бағытталуын және жаңа терминдерді стандарттаудың маңыздылығын атап өтті.

Қайдаровтың ғылыми мұрасы бүгінгі күнде де өзекті, ол қазақ тілін ғылым мен техниканың толыққанды тіліне айналдыруға бағытталған терминологиялық жұмыстарға іргелі негіз болды. Ғалымның терминжасамдағы қағидалары мен көзқарастары қазақ тілін байыту мен дамыту жолында маңызды бағдар болып қала береді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Ш.Құрманбайұлы «Қазақ терминологиясы».
2. Қайдаров Ә.Т. Жаңалыққа жатсынбай, жасампаздыққа жармаспай қазақ тілі терминологиясына жаңашыл көзқараспен қарайық//«Егемен Қазақстан». 1992.
3. Қайдаров Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993.
4. Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас//ҚР ҰҒА Ха барлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1993.
5. Қайдаров Ә.Т. Ғылым тілі және әдеби тіл статусы//Терминдер және олардың аудармалары. – Алматы, Ғылым. 1990.

# АКАДЕМИК Ә.ҚАЙДАР ЖӘНЕ МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ТЕРМИНДЕР

## ACADEMICIAN Á. QAIDAR AND TERMINOLOGY IN SCHOOL TEXTBOOKS

*Айкумис Кабимоллиновна ҚАБДИРАШОВА\**

### **Аңдатпа**

Ұғымға дұрыс анықтама беру – оны ғылыми дәрежеге көтеру. Сөйлеудегі ұғымның өкілі – бұл термин. Демек, термин сөздің анықтамасын бейнелейтін сөз. Белгілі бір тұжырым жаңа қасиеттерге, белгілерге толы болып, жетілген кезде, оны жаңа атпен көрсету керек пе деген заңды сұрақ туындайды. Осындай мәселелерге келгенде ғылыми ұстанымдар мен зерттеулердің орны ерекше болмақ.

Академик Ә.Қайдар – қазақ терминологиясының мәселелері туралы маңызды еңбектер жазған. Бұл мақалада сол еңбектердің маңыздылығын ескере отырып, мектеп оқулықтарындағы терминдерді зерделеубасты назарға алынады.

**Түйін сөздер:** термин, терминология, мектеп оқулықтары, салалық терминология

### **Abstract**

Providing a correct definition for a concept elevates it to a scientific level. In speech, the representative of a concept is a term. Therefore, a term is a word that reflects the definition of a concept. When a particular idea evolves, acquiring new attributes and characteristics, a logical question arises: should it be represented with a new name? Scientific principles and research play a crucial role in addressing such issues. Academician Á. Qaidar has authored significant works on the challenges of Kazakh terminology. This article emphasizes the importance of these works while focusing on the analysis of terminology in school textbooks.

**Keywords:** term, terminology, schooltextbooks, specializedterminology

### **Кіріспе**

Қазақ тіл білімінің бір саласы терминологияның дамуы мен қалыптасу тарихы бар. Оны ғылым мен техниканың өркендеуінен, қоғам өмірінде болып жатқан саяси, экономикалық, рухани, мәдени, тарихи және әлеуметтік өзгерістерден толық ажыратуға болмайды. Білім беруде терминдерді

---

\* Астана қаласы Шерхан Мұртаза атындағы №63 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі, kabdirashova@mail.ru

меңгерту мектептен басталады, мектепте арнайы терминдерді оқыту бағдарламасы енгізіледі. Әр сыныпта меңгерілетін терминдер оқушы жас ерекшелігіне байланысты қамтылады. Мектепте қазақ тіліндегі терминдерге арнайы сағат арналған. Мысалы, қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің ғылымның басқа салалары сияқты өзіндік тілдік ұғымдары мен терминдері бар. Мектепте оқушылар қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша терминдер ұғымын қалыптастырады. Терминдердің негізгі сипаттамалары, қасиеттері, терминдердің мағынасы мен түсінігі қарастырылады. Ұғымға дұрыс анықтама беру – оны ғылыми дәрежеге көтеру. Сөйлеудегі ұғымның өкілі – бұл термин. Демек, термин сөздің анықтамасын бейнелейтін сөз. Белгілі бір тұжырым жаңа қасиеттерге, белгілерге толы болып, жетілген кезде, оны жаңа атпен көрсету керек пе деген заңды сұрақ туындайды.

### **Терминологиялық ұстанымдар**

Қазақ тілі терминдерін меңгертуде А. Байтұрсынов еңбегін ерекше деп атаған жөн. Ғалымның термин жасаудағы еңбегі зор. Тіл мен әдебиетке және жалпы мәдениетке қатысты жүздеген терминдерді жасап, қолдана отырып, қазақ тілінде термин жасаудың үлгісін жасап кетті [1].

А. Байтұрсынұлы метафоризация әдісімен жасаған терминдердің ішінде абстрактілі ұғымдардың шақ, рай, шырай атауларын да кездестіруге болады. Терминтануда ғалымның жалпы көзқарасын қолдана отырып, туындайтын терминдерді екі жолмен іштей жіктеуге болады: олардың бір тобы - жалпы қолданыстағы сөздердің мағынасын метафоралау арқылы, екіншісі - тудыру.

Ғалым қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша термин ұсынды: *зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, сөйлем, қаратпа сөз, қыстырма сөз, леп белгісі, сұрау белгісі* деген т.б. терминдер бүгінгі күні белсенді қолданыста. Олардың барлығы дерлік қазақ сөзінің байырғы мағынасын жаңғырту (түрлендіру) арқылы немесе жаңа тұлғада сөз жасау арқылы пайда болған есімдер, олардың көпшілігі жасанды сөздер. Термин бұл олардың әрқайсысы сілтеме жасайтын лингвистикалық категорияға қатысты, оның жасандылығы мен жасандылығына нұқсан келтірмей. Бұлардың өте сәтті жасалғаны бүгінгі күнге дейін қолданылып келе жатқан өміршеңдігімен дәлелденеді. А. Байтұрсыновтың пікірінше, тілді қолдана білу, сөзден сөз жасай білу-бұл кез-келген адамның қолынан келетін жұмыс емес.

Ахмет Байтұрсынұлы: «Пән сөздері жағынан басынан-ақ қазақ басқалардан бөлек жол тұтынды. Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты. Әдебиет тілі ауылдағы қазақтың қайсысына да (хат білетін, яки білмейтін) болса түсінікті болуын көздейді. Тіл арасына жік түсіп айырылмас үшін жат сөздерді амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды», - [1] деп жазады. Тіл білімінің атасы А. Байтұрсынов ұсынған термин жасау принциптерімен ғалым Ә. Қайдар көзқарасы ұштасып жатыр. Ғалым қазақ тілі терминологиясын жаңаша көзқараспен қарай отырып, өзінің принциптерін ұсынады: Егеменді ел, тәуелсіз мемлекет аталып отырған Қазақстанның бүгінгі жағдайында мемлекеттік тілдің негізгі

тірегінің бірі – терминологияны жан-жақты дамытудың, реттеудің, қалыптастырудың алғы шарттарының бірі – оған деген мемлекеттік қамқорлық.

1. Қазақ тілі терминологиясының жақсы дәстүрлерін жалғастыра, өскелең өмірдің биік талғамына сай жүз беріп отырған бұқаралық үрдістің ұлттық тіл үшін тиімді де қажетті жақтарын орынды пайдалану.
2. Салалық (ғылыми-техникалық, табиғаттық, қоғамдық, саяси әлеуметтік) терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану.
3. Термин шығармашылдығында бұдан кейін туысқан түркі тілдерінің (әсіресе терминология дәстүріне бай жазба тілдердің) озық тәжірибелерінен, термин жасаудың өрнек-үлгілерінен, оңтайлы да үйлесімді сөз жасау модельдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалану.
4. Тіліміз үшін қажет, бірақ дәл баламасы жоқ, аударуға келе бермейтін интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің фонеморфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау.
5. Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген терминдік атауларды мүмкін болғанынша қазақшаға аударып қолдану; аударуға келмейтіндерін бұрынғыдай сол қалпында емес, қазақ тілінің фонеморфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау.
6. Салалық күрделі терминдер мен атаулар қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша (жекелей де, сөз араластырып та) кеңес-интернационалдық термин-атаулардың үлгісімен қысқартылып пайдалануды заңдастыру.
7. Күн сайын толассыз туындап жатқан жаңа терминдік ұғымдарға тілімізден дәл балама іздеуде де, термин-атауларды жаңадан жасауда да жалпы терминге тән талаптарды сақтай отыра, дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау.
8. Тілімізге қабылданған терминдер мен атауларды мағыналық, тұлғалық жағынан жақындарын өзара топтастырып, салыстыра отырып, лексикалық байлығымызды салалық жүйе бойынша жіктеп, саралап пайдалану.
9. Тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин-атаулардың сандық, сапалық салмағын табиғи қалпында сақтаудың жолдарын іздестіру[2].

Терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу; бұл әдетте әліпби мен емле принциптерінің өзгеруіне байланысты қарастырылатын күрделі мәселе, бірақ бұдан былай қоғамның санасын соған дайындап, бейімдеу қажет [2]. Дегенмен, салалық терминологияда осы принциптерді елемеу мен білмеуден бас тартатын кемшіліктер әлі де аз. Тәжірибесіздік пен кәсіби дағдылардың жетіспеушілігі салалық терминдерді

тұжырымдауда кездеседі. Бұлар салалық терминологияда ұйымдаспауды тудырады.

### **Мектеп оқулықтарындағы терминдік қолданыстар**

Мектеп оқулықтарына терминдерді енгізудің белгілі бір мақсаты бар. Оқушылар мектепте ғылыми тіл мен ғылыми стильді меңгереді. Ғылымның қай саласын алсақ та, қалыптасқан ғылыми тілі бар. Бұл ғылыми тіл қолданысқа түскен кезде ғана күшіне енеді. Ғылыми тілдің ерекшелігі - оған ойдың тереңдігі, тілдің өткірлігі мен логикасы қажет. Ойдың дәлелділігіне сүйене отырып, пікір де тұжырымды болады. Сондықтан ғылыми тілді қолдануда ойды нақты, дәлірек білдіру көзделеді. Ғылыми тілде көркем шығармада бейнелеу, суреттеу сияқты әдеби тілге тән әдістер қолданылмайды.

Қазақ тіліндегі оқулықтарда көптеген терминдер бар. Атап айтқанда, 5-сыныптың қазақ тілі оқулығында тіл білімі саласына қатысты терминдер: *әдеби тіл, мәтін, лексика, сөз, мағына, сөздің тура мағынасы, сөздің ауыспалы мағынасы, көп мағыналы сөздер, омонимдер, антонимдер, табу, эвфемизм, дисфемизм, тұрақты тіркестер, мақал-мәтел.*

Қазақ тілі пәніне қатысты терминдерді олардың қалыптасуына қарай, яғни қоса берілген қосымшалардың құрамы бойынша топтастыруға болады:

1) туынды терминдер (бір жұрнақты) : *буын, кідіріс, сегізтармақ, жақсыз, демеулік, септік* т.б.;

2) туынды терминдер (сыңары туынды сөз) *жіңішкелік белгі толымсыз сөйлем, толымды сөйлем, атаулы сөйлем*

3) туынды тіркесім терминдер: *болымсыздық есімдік, сүйірлену, анықталғыш, түйдекті тіркес;*

4) түбірге төрт-бес жұрнақ жалғануы арқылы жасалған туынды терминдер: *толықтауыш, сабақтастырушы, салғастырмалы.*

Терминдердің сөзжасамында сөз тудырушы қосымшалардың қолданылуы бірдей емес. Осыған байланысты қазақ тіліндегі қазақ тілі мен әдебиеті терминдерінің жасалуына қатысатын жұрнақтарды өнімді және өнімсіз жұрнақтарға бөлуге болады.

6-сыныпта терминдерді анықтап, қай ғылым саласына жататындығын ажырат деген тапсырмалар ұсынылады. Әлеуметтік жағдайға, мемлекеттік аралық қатынастарға байланысты қазақ тіліне енген терминдер берілген. 18-жаттығу, 20-жаттығуларда *республика, грамматика, лаборатория, формула* деген көне грек, рим мәдениетінен келе жатқан терминдер; *бюллетень, симфония, кассир, опера, касса, газет* - итальян тілінен енген сөздер; *геометрия, физика, экономика, термометр, телеграф, телефон*, т.б. грек, латын тілдерінен енген сөздер; *чемпион, руль, рельс, клуб, вокзал* – неміс тілінен енген сөздер ұсынылған. Берілген терминдер қазіргі уақытта қазақша баламасы қолданылып жүрсе де, оқулықта халыаралық термин ретінде берілген. *Чемпион, автовокзал* – қазіргі таңда *жеңімпаз, сапаржай* болып қолданысқа енгізілуде.



Тіл білімі терминдері сөз қосу әдісімен жасалады, яғни екі немесе одан да көп түбір сөздер бір дыбыстық құрамға біріктіріліп, бір лексикалық мағына береді. Мысалы: *орфография, морфология, этнографизм* т.б.

9-сынып оқулығында *стиль, ғылыми стиль, ауызекі сөйлеу стилі, ресми стиль, пунктуация, нүкте, сызықша, қос нүкте, үтір, көп нүкте* т.б. лингвистикалық терминдер оқытылады.

Ғылыми стильді меңгерту барысында жаттығу жұмыстары орындатылады. Жаттығу жұмыстарында химия, биология терминдерінің мағыналары түсіндіріледі. Осы сыныпта химия пәні оқытылады. Сондықтан оқулықта кездесетін химия ғылымының терминдерінің кездесуі пән аралық байланыс болып табылады. Терминдер оқушы ұғымына қиын болмайды. Мысалы, оқулықтағы стильді ажырата білу мақсатында 86 - жаттығуда әдебиеттану ғылымының терминдері: *образ, әдеби тек, эпикалық образ, лирикалық образ, драмалық образ, юморлық, трагедиялық, фантастикалық, геройлық образ* т.б. бар. 88 және 89 – жаттығуларда халықаралық химия ғылымының терминдерін кездестіреміз. Мысалы, *период, жасуша, цитоплазма, ядро, прокариоттар, эукариоттар, бактерия* т.б.

Мектеп оқулықтарындағы, оның ішінде 5-сыныптағы қазақ тілі оқулығындағы терминдерді қарастыра отырып, терминдердің көпшілігін Кеңес дәуіріндегі оқулықтарда қолданылған терминдерге қарағанда қазақ тіліндегі баламаны ұсынудың ұтымды жағы деп санауға болады. Мысалы, 5-сыныпта «Жаңа Сөздер» тақырыбы бар. Бұрынғы оқулықтарда "неологизмдер" терминін "жаңа сөздер" ретінде ұсынған жөн. 5-сынып оқулығында кірме сөздер жеке тақырып ретінде оқытылады. Бұл тақырыпқа қатысты да терминдер молынан кездеседі. 172-жаттығуда *обсерватория, телескоп, астрономия* деген сөздер кездеседі. Бұл терминдерді оқыту барысында сөздіктер арқылы мағынасын түсіндіру қажет. осы сыныптағы оқушылардың жас ерекшелігі ескерілуі қажет.

Морфологиялық тұрғыдан қалыптасқан терминдер қазіргі қазақ тіліндегі филологиялық терминдер жүйесінде маңызды орын алады. Бұл сөзжасам терминдік шығармашылықтың негізгі қайнар көзі болып табылатындығымен түсіндіріледі, сондықтан ол қазақ тілінде филологиялық терминдерді құрудың ең өнімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Филологиялық фразалық терминдер екі буынды, үш буынды, төрт буынды, бес буынды, алты буынды. Фразалық терминдердің құрамындағы ерекшеліктерді анықтау үшін әрқайсысына жеке тоқталу қажет.

1. Байырғы қазақ сөздерінен жасалған лингвистика саласының терминдері: *көп нүкте, қолжазба, дауысты дыбыстар, дауыссыз дыбыстар, бітеу буын.*

2. Бір сынары кірме сөз болып келетін терминдер: *қолданбалы лингвистика, шырай категориясы, көптік категориясы, сөзжасамдық тип, т.б.*

3. Екі сыңары да кірме сөздер болып келген тіркесті терминдер: *универсалдық грамматика, аналитикалық (грамматикалық) форма.*

4. Үш сыңары да қазақ сөзінен тұратын терминдер: *сөз тіркестерінің түрлері, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері, дыбыстардың түсіп қалуы, тіл дамуының заңы, буынның түсіп қалуы, құрамды зат есім, жануарлар туралы ертегілер, он бір буынды өлең, қиял гажайып ертегілер, үйлену-салт өлеңдері т.б.*

5-сыныпта кездесетін лингвистикалық терминдердің кірме сөздерден болған терминдер кездеседі: *эвфемизм, дисфемизм, термин, орфография, орафоэзия, лексика* т.б. 5-сыныпта кәсіби сөздер, диалектизмдер оқытылады. Кәсіби сөздер мен диалектизмдерді оқыту барысында терминдер қамтылады.

Терминдер қатарын толықтыратын лексикалық қабаттардың бірі-кәсіби сөздер. Терминдерге ұқсас кәсіби сөздердің аспектісі мынада: екі топтың сөздік қоры белгілі бір кәсіппен, арнайы саламен шектеледі. Осы ұқсастықтарға сәйкес, олар тек бір арнайы лексика аясында қарастырылады. Арнайы лексиканың бір бөлігі екендігі оларды жалпы қолданыстағы сөздерден, аймақтық лексикадан, жаргоннан ерекшелендіретін белгі болып саналады.

Қорыта келгенде, терминдер өз алдына жеке тіл емес, мамандардың пікірінше, тілдің сөйлеу заңдылығына бағынатын сөздер. Терминдер тілдегі сөздерден, тілдік басқа да бірліктерден жасалып, белгілі мағынада қарым-қатынас құралы қызметін атқарады. Терминдер – сөз мағынасының нақтылығын қалыптастырады. Терминдердің жүйелі болуы, тілдің жалпы заңдылығына байланысты.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 445 б.
2. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы.– 1993.

**АКАДЕМИК ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАРДЫҢ ТЕРМИНОЛОГИЯ  
САЛАСЫНДАҒЫ ҰСТАНЫМДАРЫ  
POSITIONS OF ACADEMICIAN ABDUALI KAIDAR IN THE  
FIELD OF TERMINOLOGY**

*Шолпан БАЙСТЕНОВА\**

**Аңдатпа**

Қазіргі тіл білімінде терминология – үнемі дамып, жетіліп отыратын сала. Терминология саласының ұдайы өзгерісте болуы ғылым мен техника саласындағы жаңалықтармен байланысты. Әр жаңалықтың соңында жаңа атау сөздер болатындықтан, терминология олармен толысып отырады. Автор мақалада терминология саласымен қатар термин сөздерде берілетін анықтамалардың да түрлі өзгеріске ұшырайтынын нақты дәлелдермен келтіреді. Сонымен қатар қазақ тіл білімінің көрнекті өкілі Әбдуәли Қайдардың қазақ терминологиясын дамытуға қосқан үлесін талдайды.

**Түйін сөздер:** терминжасам, терминжүйе, лексикалық қабат, терминге тән қасиеттер

**Abstract**

In modern linguistics, terminology is an area that is constantly evolving and improving. The constant change in the terminology industry is associated with innovations in the field of science and technology. Since new nominal words appear at the end of each innovation, the terminology is filled with them. The author provides concrete evidence in the article that, along with the sphere of terminology, terms also undergo various changes in definitions conveyed in words. He also analyzes the contribution of a prominent scientist, representative of Kazakh linguistics Abduali Kaidar to the development of terminology of this language.

**Keywords:** terminology formation, terminology system, lexical layer of language, properties inherent in the term

**Кіріспе**

Қазіргі тіл білімінде әр түрлі білім салаларының арнайы лексикасын лингвистикалық талдауға көбірек көңіл бөлінеді. Арнайы лексика әртүрлі білім салаларының категорияларын, түсініктерін, зерттеу әдістері мен тәсілдерін, процестерін, қасиеттерін, параметрлерін білдіреді. Арнайы лексикада терминдер басым. Терминдер терминжүйелерді құрайтын әртүрлі арнайы атауларды білдіреді. Әр терминжүйе жеке ғылымдар, ғылыми бағыттар, түрлі білім салаларының атаулары туралы ұғымдар жүйесін білдіреді.

---

\* Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының №21 мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, sholpan.baystenova.75@bk.ru

Заманауи лингвистикадағы терминді лингвистикалық категория ретінде зерттеу мен түсінудің негізгі мәселелерінің бірі – оның анықтамасы. А.Н.Баранов «термин» ұғымына лингвистикада берілетін анықтамалардың көптігін оны түсіндірудің тұжырымдамалық тәсілдерінің көптігімен түсіндіреді [1, С.56]. Өз кезегінде, В.М. Лейчик аталған фактіні бұл термин бірқатар ғылымдардың объектісі болып табылатындығын және әр ғылым терминде оның тұрғысынан маңызды белгілерді бөліп көрсетуге тырысатындығымен дәлелдеді.

Айта кету керек, «термин» ұғымына бір нақты анықтама беру қиын. Себебі «термин» ұғымы мағынасы жағынан ауқымды. В.М. Лейчик өз жұмысында «В.П.Даниленко терминнің 19 анықтамасын берді, ал Б.Н.Головин – бұл ұғымның жеті анықтамасы келтіреді» деген [2, с. 20]. Әрбір ғылыми зерттеуде терминнің әртүрлі анықтамалары берілген.

Өз функцияларын орындау үшін терминдер бірқатар қасиеттерге ие болуы керек және белгілі бір талаптарға сай болуы керек. Зерттеу еңбектерінде терминдердің келесі қасиеттерін қарастырады: жүйелілік, контекске тәуелсіздік, дәлдік, халықаралық және стилистикалық бейтараптық.

Терминнің маңызды қасиеттерінің бірі – жүйелілік (немесе бірізділік). Белгілі бір ғылымның терминологиясы – бұл белгілі бір ғылым ұғымдарын білдіретін терминдердің жиынтығы ғана емес, сонымен бірге жүйені құрайды. Терминжүйелерді мақсатты ұйымдастыру терминдердің жүйелілігін анықтайды. Терминология кең мағынада қазіргі әдеби тілдің лексикасының (лексикалық жүйесінің) бөлігі болып табылады, ол ғылым мен техниканың ұғымдары жүйесінің атауларынан, ресми іскерлік сөйлеуден және олардың өндірісте, жалпы қоғамдық өмірде немесе жекелеген салаларда көрініс табуынан тұрады [3, с. 6].

Терминнің келесі қасиеті – контекстен тәуелсіздік. Терминнің бұл қасиетін алғаш рет Д.С. Лотте атады, ол контекстен тәуелсіз дегеніміз термин ешқашан контекстке сай түсінілмейді. Оның анықтамасы дербес, қандай жағдайда да бір мағынаны беруі керек деп дәлелдейді [4, с. 7].

Зерттеушілер терминдер үшін маңызды тағы бір қасиетке оның халықаралықтығын жатқызады [5]. Әр түрлі ұлттардың адамдары мен әртүрлі тілдерде сөйлейтіндердің өзара түсіністігі туралы мәселе өте маңызды. Бұл ғылым, техника және саясат саласында, әдетте, халықаралық байланыста жүзеге асырылады.

Терминнің негізгі қасиеттерінің бірі – оның стилистикалық бейтараптығы (эмоционалдылықтың болмауы). Терминнің маманның назарын аударатын, субъективтілік элементін әкелетін жанама мағыналары болмауы керек.

Терминнің осындай қасиеттерін ұстану, жалпы терминология мәселелері туралы қазақ тіліндегі зерттеудің басы Алаш арыстарынан басталады деуге болады. Алашорда мүшелері арнайы тапсырмамен түрлі ғылым салалары бойынша қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтарды жазып, алғашқы терминологиялық сөздіктерді баспадан шығарды. Осылайша, қазақ

тіліндегі терминжасамның бастауы Алаш қайраткерлерінен басталады. Олардың қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру үшін әрі қарай жалғастырып, қазақ терминологиясының жеке ғылым ретінде қалыптасуына үлес қосқан ғалымдардың бірі – академик Ә. Қайдар.

Ғалым Әбдуәли Қайдар да алаш қайраткерлері сияқты қазақ тілінің сөздік қорын терминжасам ісінде мүмкіндігінше кеңінен пайдалануды қолдады. Бұл ретте қазақ тілінің кәсіби сөздер, диалект сөздер, көнерген сөздер сияқты лексикалық қабаттары да қолданысқа жарауы мүмкін.

Тіліміздегі бұндай лексикалық қабаттардың термин жасауға қосар үлесі туралы, олар арқылы терминологияны ұлт тілінде қалыптастыру туралы тілші ғалымдар айтып жүр. Қазақ терминологиясындағы терминдер қатарынан осы аймақтық лексика, көнерген сөздер мен кәсіби сөздерді аз да болса кездестіруге болады. Әрине олардың терминологиядағы үлесі жалпы қолданыстағы сөздердің үлесінен әлдеқайда аз. Мәселен, аймақтық лексиканың терминологиядағы үлесінің аздығының себебін Ә.Қайдаров басқаларды былай қойғанда тіл мамандарының өз арасында диалектілік лексика мен әдеби тілдің, демек терминологиялық лексиканың арасындағы табиғи алмасуды шектеу, екеуінің арасына сына қағып, алыстату пиғылы байқалатындығынан іздеп, оған қарсылық ретінде «Әдеби тілдегі бар сөздің жергілікті баламасын, дублетін, дыбыстық-морфологиялық, мағыналық варианттарын орынсыз тықпалап, ретсіз қолданудың мәнісі бір басқа да, ең жанды процесс болып саналатын терминология саласында осы байлықтан сарапқа сала отырып, саналы түрде пайдалану екінші мәселе» дейді [6, 12 б.]. Ал терминтанушы Ш.Құрманбайұлы былай түсіндіреді: «Оның ең басты себебі – көбінесе диалектизмдердің әдеби тілде баламасы болуынан деп түсінеміз. Терминдену кезінде таңдауға алдымен әдеби нұсқа ілігеді» деп, терминденген диалекті сөздердің көпшілігінің әдеби тілде қазақша баламалары болмайтындығын, олардың терминдену мүмкіндігіне ие болуының бір себебі сонымен де байланысты болатындығын айтады да, «Екіншіден, мұны аймақтық лексиканың терминологияны байытудың көзі ретінде танылып, оның термин шығармашылығында қажетке жаратылмай келгендігінен деп те түсіндіруге болады» дейді [7, 130 б.].

Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде «шұлдік» сөзі Қостанай өңірінің лексикасы ретінде «диірмен тасының ортасына орнатылған ағаш не темір бөлшек» деген анықтамаға ие. Яғни диірменнің ортасында орналасып, оның айналысын реттеу қызметін атқаратын заттың атауы қызмет бірлігі арқылы жанама уәжділікпен техника саласының «ось» терминіне қазақша балама ретінде алынған. Ал «ось» сөзінің терминдік мағынасы «машина механизмі мен түрлі бөлшектерінің айналасында не сонымен бірге орналасып, айналысын қолдайтын ұзартылған цилиндр формалы бөлшек» екендігі белгілі. Екі бөлшектің қызмет бірлігі аталған сөздің термин ретінде мағыналық жағынан жаңартылып, қабылдануына негіз болған.

Сонымен бірге көнерген сөздердің де техникалық терминологияда өз орны бар. Ә.Қайдаров «көнерген сөздер де тіл байлығының бір көзі» деп,

оларды іске қосу – бір бұлақтың көзін ашумен бара-бар; «көне» деп шошынудың қажеті жоқ. Өйткені сөздің бәрі көне. Оны жаңа қылып ұстау өзімізге байланысты» деген пікір білдіреді [6, 14-15].

Осылайша, ғалым қазақ тілінің терминологиясының мүмкінлігінше төл тіліміздің сөздік қорынан жасалуына ерекше назар аударды. Осы арқылы қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру мәселесіне қомақты үлес қосты деуге болады.

Әбдуәли Қайдар өз зерттеулерінде терминология саласы уақыт талабына сай үнемі өсу, даму үстінде болатынын байқатады. Шындығында да, ХХ ғасыр басында қазақ тілінің сөздік қорын «сарқа пайдаланып» терминжасау жұмысы қарқынды дамыса, одан кейінгі жылдары көптеген атау сөздердің орыс тіліндегі нұсқасының өзгеріссіз қолданылуы мақұлданды. Тәуелсіздік алғаннан бері терминолог ғалымдар да, сала мамандары да термин атауларын барынша қазақыландыру жұмысымен айналысуда. Демек, терминология ғылым саласы ретінде әрдайым өзгеріп, дамып отырады. Бұл туралы академик: «...Өзіндік дәстүрі бола тұрса да терминология мәселесіне қайта оралудың қажеттігін танытып отырған үш түрлі себеп бар» деп, қазақ терминологиясының шешімін таппай жатқан мәселелерінің себебін былай жіктейді:

1-себеп – ғылыми-техникалық прогрестің айнасы ретінде әрбір өркениетті ел терминологияның сақадай сай болуына ерекше мән беріп, замана талабына сәйкес оқтын-оқтын оның бағыт-бағдарын анықтап, үрдісін белгілеп отыруы тиіс; біз де сондай ел санатына жатамыз;

2-себеп – қазақ әдеби жазба тілі – мемлекеттік тілдің негізі, ал терминология мен ғылым тілі – оның жөн арқасы, бүкіл рухани-мәдени өміріміздегі жаңалықтардың бәріне де сезімтал, өзгеріп отыруға өзі де бейім құбылыс; сондықтан да мемлекеттік әдеби тіліміздің бүгінгі күйі мен ертеңгі жағдайы терминологияның даму деңгейімен, реттілігімен, жүйелілігімен, тұрақтылығымен және қолданыс аясының кеңдігімен өлшенеді;

3-себеп – қазақ тілі терминологиясы бүгінде әртүрлі объективті де субъективті жағдайларға байланысты белгілі дәрежеде дағдарысқа ұшырап отыр; қалыптасқан ғылыми принцип терминологиялық процеске бағыт-бағдар беріп, алдында жүрудің орнына, оның артында қалып, термин практикасы аяқасты болып қалды; осының нәтижесінде әркімнің өз білгенінше термин жасау немесе оны ауыстыру, алмастыру тәрізді бейберекет «бұқаралық» әрекетке (анархияға) жол беріле бастады; ал мұндай жаңа үрдістің бел ала бастауына ең алдымен тіліміздегі ұлттық және интернационалдық терминдердің ара салмағындағы табиғи үйлесімділіктің бұзылуы, ескі дәстүрдің біржақты дамуы себеп болып отыр [8].

Бұл пікірімен терминжасаммен әркім өз білгенінше айналысып кеткеніне қынжылған ғалым ұлттық және интернационалдық терминдер арасында табиғи үйлесімдік болуын қолдайды.

Терминологияны «кез келген тілдің даму процесін білдіретін барометрге» теңеген ғалым «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» атты еңбегінде терминжасамның 11 қағидасын атап көрсетеді:

- 1) терминологиялық процесті мемлекет қамқорлығына алу;
- 2) тіл дамуының жаңа үрдісімен санасу;
- 3) қазақ тілінің төл және байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану;
- 4) түркі халықтарының терминжасамдық өнегелі үлгілерінен пайдалану;
- 5) шеттен алынатын терминдерді мүмкін болғанынша қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп алу;
- 6) шеттілдер терминдерін мүмкін болғанынша аударып алу;
- 7) терминдерді қазақ тілі негізінде қысқартып алу;
- 8) термин қабылдауда шарттылық заңдылығын сақтау;
- 9) терминдерді салалық жүйе бойынша жіктеп, сұрыптап алу;
- 10) ұлттық және интернационалдық терминдердің сандық және сапалық арақатынасын табиғи қалыпта сақтау;
- 11) терминдердің емлесін жазу дәстүріне сәйкестендіру [8].

Аталған қағидалар қазіргі терминжасамның заңдылығын анықтап бергендей.

Қорыта келгенде, ғалым Әбдуәли Қайдар терминологияны ғылыми тұрғыдан зерттеу қажеттігін баса айтты. Оның «Қазақ тілінің терминологиялық жүйесі» еңбегінде терминдердің құрылымдық және семантикалық ерекшеліктері тереңінен талданады. Сонымен қатар Ә.Қайдар ұлттық терминологияны дамытуда, терминдердің қолданылуын қазақ тілінің грамматикалық ережелеріне сәйкестендіруге назар аударды. Ол терминдердің мағыналық жағынан ашық және нақты болуын талап етті. Ол терминологияның қоғамдағы, мәдениеттегі рөлін түсініп, ұлттық мүддені алға тартты. Бүгінгі таңда Әбдуәли Қайдардың ғылыми зерттеулері қазақ терминологиясын дамытуда өзекті әрі маңызды рөл атқаруда. Демек ғалымның қазақ терминология ғылымына қосқан үлесі зор.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Баранов А.Н. Введение в прикладную лингвистику. – М.: Эдиториал УРСС, 2001. – С. 360.
2. Лейчик В.М. Терминоведение. Предмет, методы, структура. – М.: Книжный дом «ЛИБРИКОМ», 2014. – С. 264
3. Крыжановская А.В., Симоненко Л.А. Актуальные проблемы упорядочения научной терминологии. – К.: Наукова думка, 2007. – С. 162.
4. Дуксова Н.А. Сопоставительный системный анализ лексики семантического поля «дом/жилье» на материале русского и английского языков. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – М., 2006.
5. Корниевская Т.К. Термин как объект исследования в лингвистике// журнал «Образование и педагогические науки» №5. 2015 – С. 234-235
6. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 42 б.
7. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. – Астана: Елорда, 2002. – 184 б.

8. Қайдар Ә. Қазақ тілінің терминологиялық жүйесі. – Алматы: Ғылым, 2001.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ ТҮРКІ ТІЛІНІҢ БІР ТҮРІ РЕТІНДЕ

### KAZAKH LANGUAGE AS A VARIETY OF TURKISH LANGUAGE

*Ильдар Оскарович ФАТКУЛИН\**

**Андатпа:** Мақалада қазақ тілінің қалыптасу тарихы, диалектілері, қазақ тілінің таралуы, Қазақстан Республикасындағы лингвистикалық сипаттамасы мен мәртебесі қарастырылады.

**Түйін сөздер:** қазақ тілі, түріктер, даму, мемлекет, қалыптасу.

#### **Abstract**

The article examines the history of the formation of the Kazakh language, its dialects, the spread of the Kazakh language, as well as its linguistic characteristics and status in the Republic of Kazakhstan.

**Keywords:** Kazakh language, Turks, development, state, formation.

#### **Кіріспе**

Қазіргі қоғамда тіл қоғамдық және ұлтаралық келісімді қолдауда жетекші рөлдердің бірін атқарады.

Қазақ тілі – түркі тілдерінің бірі. Ол– Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Сондай-ақ, Ресейде, Қытайда, Өзбекстанда, Түркияда, Моңғолияда және т.б. елдерде тұратын қазақтардың ана тілі. Қазақ тілі қарақалпақ, ноғай және қарашай тілдерімен бірге қыпшақ тілдер тобы шеңберінде қыпшақ-ноғай кіші тобын құрайды. Ең жақын тілдер – қырғыз, башқұрт, құмық, қырымтатар, татар, қарашай-балқар.

Қазақ тілі XIV—XVII ғасырларда Алтын Орданың ыдырау дәуірінде қазіргі Қазақстан аумағында көшіп келген туысқан түркі тайпаларының тілі ретінде қалыптасты. Ақыры XVII ғасырдың ортасында қыпшақ-ноғай кіші тобының басқа тілдерінен бөлінді.

---

\* Қазақстан Республикасы ИМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының Ғылыми-зерттеу және редакциялық баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімінің ғылыми қызметкері, ұлтытық қауіпсіздік және әскери іс магистрі, [ooniirir2021@mail.ru](mailto:ooniirir2021@mail.ru), 8 747 926 07 86



Түркі тілдерінің бірі қазақ тілі қыпшақ тобына жатады. Ескірген атаулар – қырғыз-қайсат, қазақ-қырғыз. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, сондай-ақ ТМД-ның басқа Орта Азия мемлекеттерінде, Ресейде, Иранда, Ауғанстанда, ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданында және басқа да елдерде таралған. 1989 жылғы санақ бойынша бұрынғы КСРО аумағында қазақ тілін ана тілі деп санайтын қазақтардың саны шамамен 7890 мың адамды құрады. Қазақстан аумағында орыс тілімен қатар, республикада тұратын түркі этностарының өкілдері, сондай-ақ дүнгендер ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде пайдаланады. Қазақ-орыс қос тілділігі кең таралған (әсіресе қалаларда).

Қазақ тілі 15-16 ғасырларда ортаазиялық қыпшақтардың тілі негізінде қалыптасты. Әдеби Қазақ тілі 19 ғасырдың екінші жартысынан бері бар; оның пайда болуы ақындар мен ағартушылар Абай Құнанбаев пен Иыбрай Алтынсариннің қызметімен, сондай-ақ бай қазақ фольклорының ықпалымен байланысты. Осы уақытқа дейін әдеби қазақ тіліне белгілі бір әсереткен түріктің орта азиялық тілі әдеби рөл атқарды. Әдеби қазақ тілін түпкілікті қалыпқа келтіру 20 ғасырда жүргізілді. 1930 жылға дейінгі жазу араб тілінде, 1930-1940 жылдары латын негізінде, 1940 жылдан бастап кейбір қосымша әріптермен орыс графикасына негізделген. Қазақ тілінде бастауыш және орта мектепте, ал кейбір мамандықтар бойынша (еңалдымен филологиялық) және жоғары мектепте оқыту жүргізіледі. Қазақстанның орыс және орыс-ұлттық мектептерінің бастауыш сыныптарында бұл міндетті пән болып табылады. Қазақ тілінде оқытатын мектептер Өзбекстанда, Қырғызстанда, Ресей Федерациясының Астрахан облысында және басқа жерлерде де бар.

Сәрсен Аманжоловтың пікірінше, қазақ тілінде үшін егізгі диалект бар: Батыс, Солтүстік-Шығыс және Оңтүстік. Батыс және Солтүстік-Шығыс диалектілері ғасырлар бойы жергілікті бытыраңқылық пен жергілікті қазақтардың тайпалық бірлестігі нәтижесінде пайда болды. Қазақ тілінің Оңтүстік диалектісі осы жерлердегі Қоқан хандығының билігі салдарынан бірнеше ғасырлар бойы өзбек тілінің қатты ықпалына ұшырады, бірақ өзкезегінде өзбек және қырғыз тілдерінің жекелеген диалектілеріне әсеретті.

Қазақ ауызекі тілі өзінің қалыптасуы барысында түркі тілдерінің де, басқа тілдердің де ықпалын сезінді. Түркі халықтарының жекелеген тайпалық одақтарға бөлінуімен қазақ қана емес, қарақалпақ және өзбек тілдері де қалыптасқан XV ғасыр оның түпкілікті қалыптасу сәті болып саналады. Халық қазақ тілінің дамуы Половцы тайпалық одағы, Алтын Орда және Үлкен Ноғай Ордасы мемлекеттерінің тарихымен тығыз байланысты. Сонымен қатар, оған Орта Азияда өмір сүрген бірқатар басқа аумақтық құрылымдар мен тайпалар одақтары әсер етті, олар қазақ тілін Иран тілдерінің элементтерімен байытты.

XV ғасырда қазақ тілі ауызша қарым-қатынас және ауызша-поэтикалық шығармашылық салаларына қызмет етті, ал түркі әдеби тілінің ортаазиялық нұсқасы жазбаша түрде қолданылды. XVI-XIX ғасырдың ортасындағы жазбаша тіл ескі қазақ әдеби тілі деп аталады, ол түріктің әдеби дәстүрлері

мен ауызекі тілдің грамматикасы мен лексикасының элементтері негізінде қалыптасады. Бұл әдеби тіл ресми қағаздарда, корреспонденцияларда, көркем және тарихи әдебиеттерде қолданылған. Қазіргі әдеби тіл ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастау алады, оның бастауында ақындар мен ағартушылар Абай Құнанбаев пен Ыбрай Алтынсарин тұрды.

Туысқан түркі (қырғыз, өзбек және т.б.) және шетелдік (орыс, моңғол, араб, иран, Қытай және т. б.) тілдерімен ұзақ байланыстар қазақ тіліне әлсіз әсер етті. Әсерне гiзiнен лексика мен семантикада, шамалы-фонетикада, морфологияда және синтаксисте көрінеді [1].

Қазақ тілін алғашқы іргелі зерттеу П.М. Мелиоранскийге (қазақ-қырғыз тілінің қысқаша грамматикасы, 1894-1897) тиесілі болды; кейіннен М.Б. Балақаев, Қ. Жұбанов, К.М. Мұсаев және басқа да зерттеушілердің еңбектері маңызды мәңгі ие болды.

Ежелгі түріктер арасында жазуды қолданудың алғашқы мысалы-VIII-X ғасырларда болған Орхон-Енисей жазуы.

Орта ғасырларда исламның таралуымен Қазақстан аумағында араб жазуының парсы нұсқасы да тарала бастады. 1929-1940 жылдар аралығында латын графикасы романизация шеңберінде қолданылды. 1940 жылдан бастап 42 әріптен тұратын кирилл алфавиті қолданылып келеді.

Кирилл әліпбиін Моңғолия қазақтары да қолданады, ал Түркияда латын әліпбиі қолданылады. Қытайда тұратын қазақтар бұқаралық ақпарат құралдарында және ішінара білім беру жүйесінде өзгертілген араб графикасын қолдануды жалғастыруда. Араб әліпбиін Иран қазақтары да қолданады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – Тәуелсіздік негіздерінің бірі.

Қазақстан Тәуелсіздікке ие болған уақыт ішінде мемлекеттік тіл жаңа қуатқа ие болды. Қазақ тілін қоғамда мемлекеттік тіл ретінде қалыптасып кележатқан 90-шы жылдар мен салыстыратын болсақ, бүгінгі таңда оның мәртебесі сөзсіз жоғары. Оқыту жүйесінде белгілі біркемшіліктер бар, бірақ мемлекеттік тіл дімеңгерген әртүрлі этностардың өкілдері бойынша жағдайға жалпы қарайтын болсақ, онда сөзсіз динамика бар. Жылдан жылға мемлекеттік тілде еркін сөйлейтін жас орыс тілді балалардың саны артып келеді. Бұл факт уақыт өтіп, қазақ тілі міндетті түрде этнос аралық қарым-қатынас тіліне айналады деп болжауға құқық береді. Барлығы соған қарай жүреді [2].

Қазақстанда 2020-2025 жылдарға арналған тіл саясатын іске асыру жөніндегі мемлекеттік бағдарлама іске асырылуда [3].

Біріншісі – латын әліпбиі негізінде қазақ тілін жаңғырту. Екіншісі – тіл мәдениетін одан әрі арттыру және тілдік капиталды дамыту. Үшіншісі- мемлекеттік тілдің этнос аралыққа тынас тілі ретіндегі рөлін күшейту.

Егер қоғамда, атап айтқанда мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілді насихаттау және іс-шаралар туралы айтатын болсақ, ондабұл, еңалдымен, мемлекеттік тілді үйренуге ынталандыру, қызығушылық тудыру мақсатында өткізілетін оқыту курстары, түрлі конкурстар, олимпиадалар, челленджер.

Жақында мемлекеттік тілді көрнекі жарнамада, жалпыға ортақ пайдаланылатын ақпаратта қолдану туралы заң жобасына түзетулер енгізілді. Яғни, қазір жарнама, қызмет көрсету саласында ең алдымен мемлекеттік тілді, содан кейін орыс тілін міндетті түрде қолдануды ескеру қажет.

Біз бірте-бірте Қазақстандағы мемлекеттік тіл этнос аралық қарым-қатынас тіліне айналатынына барамыз. Қазақ жерінде тұратын қазақ пен қазақ қана емес, орыс пен корей, украин және поляк қазақ тілінде еркін сөйлейтін болады. Бұл қайтымсыз тарихи процесс және біз оған барамыз. Мұндағы ең маңызды нәрсе – мәжбүрлемеу. Қазақстандықтардың санасы біртіндеп өзгеруде. Мемлекеттік тілін кеңінен қолданатын көптеген елдер бұған мысал бола алады [4].

Қазақ тілі өте күрделі – мен бұл туралы әрқашан ашық айтамын, өйткені бұл ең бай тіл. Біріншіден, сіз қарым-қатынастан қорықпауыңыз керек! Айтылу кезінде қателіктер жіберуден қорықпаңыз. Дауыстап оқу керек, артикуляцияны дамыту керек.

Аздан бастау керек – сөйлеуде сөз тіркестерін, қазақ тілінде сөйлеуді, сәлемдесуді, қоштасуды қолдану керек, өз сөзіңізді қазақ тілінің дыбыстарын жаңғыртуға дағдыландыру қажет.

2012 жылы Қазақстанда қазақ тілін латын әліпбиіне кезең-кезеңімен көшіру туралы шешім қабылдағаны белгілі болды. Латын әліпбиіне көшу процесінің басталуы 2025 жылға жоспарланған [5].

2017 жылғы 12 сәуірде Қазақстанның алғашқы Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2017 жылдың соңына қарай ғалымдар мен жұртшылық өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста жаңа қазақ әліпбиі мен графикасының бірыңғай стандартын қабылдау қажеттігін айқындап, осылайша кириллицадан бас тартудың және латын әліпбиін пайдалануға көшудің белсенді кезеңіне бастамашылық етті. Президенттің 2017 жылғы 26 қазандағы Жарлығымен жаңа әліпби бекітіліп, 2025 жылға дейін осы әліпбиге кезең-кезеңімен көшу белгіленді. Кейіннен ауысу 2031 жылға ауыстырылды [6].

Түркі тілдері ішіндегі сөздік қоры үлкен, ең таза тілдердің бірі саналатын қазақ тілінің сөздік қорының 60 пайызын түркілік түбірлі сөздер құрайды. Қазақ тілінің сөздік қорына 160 мыңнан астам сөз есептелген.

*Мақаламызды қорытындылай келе, тарихы тереңнен нәр алған мемлекеттік тіліміз кез келген тәуелсіз елдің негізгі белгілерінің бірі болғандықтан, оны жандандыру, қолданыс аясын кеңейту әрбір қазақстандыққа үлкен жауапкершілік жүктейді. Бұл жауапкершілік Тіл туралы заңда «Қазақстан халқы топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп нақтыланған. Қазақ тіліне деген қажеттілікті арттыруда жүйелі жұмыстар үздіксіз жалғасуы керек.*

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Развитие казахского языка, возрождение национальной культуры и самосознания очень важны для общества – конференция в Алматы. [Электронный ресурс]: <http://www.inform.kz/kaz/article/2135447>

2.«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңы.

3. «Қазақстан Республикасында тіл саясатындағы 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысы.

4. Уроки казахского языка: 20 лет спустя. [Электронный ресурс]: <http://www.parlam.kz/a/site.dep/sadvakasov/news>

5. Козырев Т. Языковой вопрос и гражданская идентичность казахстанцев. [Электронный ресурс]: <http://anatili.kz/?p=7031>

6. Мажитаева Ш., Хан Н. Полиязычная лингвистическая компетенция как средство формирования конкурентоспособного специалиста // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. Научный журнал. М., №08 (55) август 2013. С.287-290

**ӘӨЖ 811.512.1**

**ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ӨЗАРА  
САБАҚТАСТЫҚ  
MUTUAL COOPERATION IN THE FORMATION OF TURKISH  
LANGUAGES**

*Ал-Бухарий КУРБАНОВ \**  
*Әлиайдар ОҢҒАР \**

**Аңдатпа**

Мақалада түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасу кезеңдері, зерттеуші ғалымдар, олардың еңбектері, түркі тілдері арасында тілдік сабақтастық туралы ақпараттар айтылады.

**Кілт сөздер:** түркология, сатылай байланыс, типология, түркі халықтары, салыстырмалы-тарихи тәсіл.

**Annotation**

The article provides information about the stages of development and formation of the Turkic languages, scientists, researchers, their works, and the linguistic continuity between the Turkic languages.

**Keywords:** Turkology, step-by-step communication, typology, comparative historical approach.

Қай халықтың болса да тілі сол халықтың тарихымен тығыз байланысты. Алайда, тілдің фонетикалық даму заңдылығын сол халықтың тарихымен байланыстырып шеше алмаймыз, сондай-ақ грамматикалық формалардың да даму заңдылығы халықтардың тарихи даму заңдылығына бағынбайды. Халық тарихының өзіндік, тіл дамуының өзіндік заңдылықтары бар. Бұл - шындық. Бір халық өзінің ұзақ даму тарихында бірнеше халықтармен қарым-қатынаста болады, бір халық екіншісіне өз ықпалын тигізуі мүмкін. Тіпті кейбір халық өз тілінде сөйлемей, көрші халықтардың тілін қабылдауы мүмкін. Бұған Сібірдегі кеттердің бір кезде түркі тілін қабылдауы дәлел бола алады. Қей халықтар өзінің ана тілін сақтап қалса да, көрші халықтардан көп элемент алып, жіті өзгеріске түсуі де мүмкін. Мысалы, түркі тілдерінің ішінде чуваш пен якуттар монғол тілінде сөйлейтін халықтармен ұзақ араласып, осындай өзгеріске түскен. КСРО-дағы басқа түркі тілдес халықтарға қарағанда өзбектер мен ұйғырлар араб тілінің ықпалына көбірек ұшыраған.

---

\* Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті Ғылым бөлімі маманы,

\* Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2 курс магистранты

Адамзаттың алғашқы даму сатысындағы, балаң кезіндегі тілінің фонетикалық, грамматикалық жүйесі, алғашқы сөздер туралы жалпы түсінігіміз болмаса, нақтылы фактілеріміз жоқ. Бірақ үлкен тайпалар не тайпалар одағының тілін анықтап, тілдік құрылымын дәлелдеп бере алатын материалдарымыз баршылық. Сондықтан да үлкен-үлкен тайпалар тілі және олардың диалектілік, говорлық ерекшеліктеріне сүйене отырып, қазіргі кей диалектілік материалдармен салыстыра қарап, ертеректегі тілдің схемалы макетін (бейнесін, қалыпын) жасауға мүмкіндігіміз бар. Әсіресе түркі тілдері негізінде ондай мүмкіндік молырақ.

Түркі тілдес тайпалар, рулар одағының жазба материалдары эрамыздың V-VI ғасырларына барып тіреледі. Сондықтан да осы дәуірден бастап түркі тілдерінің материалдарын салыстырмалы-тарихи зерттеулерге арқау етуге болады. Осы екі дәуір материалымен салыстыру нәтижесінде түркі тілдерінің әр дәуірдегі даму дәрежесін анықтауға болады. Түркі халықтар тарихына зер салар болсақ, ру мен тайпалар одағы бірде қосылып, араласып жатса, бірде бөлініп шығып, өз алдына отау тігіп жататындығын көруге болады. Түркі тайпалары да нақ осындай, кейде бірігіп, тығыз араласып, тайпалар одағын жасап жатса, кейде жауласып, аралары алшақтап, алыстап кететін болған.

Түркі халықтарының көне тарихына көз жіберетін болсақ, олар бірнеше тайпа және тайпалар одағынан құралған; олар бірде одақтасып бірігіп, отырса, бірде жауласып, араларын алшақтатып отырған. Алтай, Саян таулары мен қазіргі Монғолия жерінде орналасқан түркі тайпалары сөздік қоры мен грамматикалық құрылымы бір, негізі бір тілде сөйлеп қарым-қатынас жасап келсе де уақыттың озуымен байланысты өзіндік ерекшеліктері бар жеке-жеке түркі тілдеріне жіктеле бастайды, бірақ сатылай байланысып, туыстығын сақтайды.

Туыстас тілдердің сатылай байланысуы, алыстауы мен жақындауы сол қауымдағы әрбір халықтың тарихына тікелей қатысты. Алғашқы ру, тайпа, тайпалар одағының қосылуы тарихи-қоғамдық процесс болса, әрбір ру мен тайпалардың қалыптасуы да сондай процесс. Кейбір тайпалар жеке рулардың бірлестігі негізінде құралады да, олардан бірте-бірте қол үзіп кетеді. Осыған орай тайпалар одағы қолданған жалпы тіл де жеке рулар тіліндегі ерекшеліктерді сақтауы да, сақтамауы да мүмкін. М. Қашғари «Сөздігінде» кездесетін тайпалар тіліндегі ерекшелікті осы тұрғыдан түсіну керек. Егер қазіргі түркі тілдерінің о бастағы негізі болып саналатын жалпы түркі тілінің (баба тіліміздің) макеті жасалса (ондай тілдің болған-болмағаны әзірше белгісіз), оның тек басты-басты заңдылықтарына ғана сүйенуге болады. Сондықтан да түркі тілдеріне негіз болған тіл - «жалпы түркі тілі» деген шартты түсінік қана [1].

Қазіргі түркі тілдерінің арасында сатылай байланыс, бір-біріне ілікестігі сақталған. Мысалы, қазақ тілі дыбыстар жүйесі жағынан да, грамматикалық құрылымы жағынан да, сөздік құрамы жағынан да қарақалпақ пен ноғай тілдеріне жақын.

Н. А. Баскаков осы үш тілді түркі тілінің қыпшақ-ноғай тобына қосқан. Бұл үш тіл басқа түркі тілдеріне қарағанда татар, башқұрт тілдерімен

жақынырақ. Татар, башқұрт тілдері де өзара жақын тілдер. Ал қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтары Ноғай ордасынан бөлініп шығып, өз алдарына XIV-XV ғасырларда халық болып қалыптасқаны белгілі. Сатылай байланыс көне дәуірге жақындаған сайын қанатын кеңірек жайып, бірнеше тайпалар одағын қамти береді. Егер Орта Азия халықтары мен Қавказдағы түркі тілдес халықтар бір кездерде түркі тілдерінің батыс хун тобын құрағандығын еске алсақ, басқа дәлелдің керегі болмас.

Жеке түркі тілдерінің қалыптасу дәуірлері әр түрлі. Олардың кейбіреулері ерте қалыптасып, өз іргесін басқалардан бұрынырақ алыстатқан болса, енді біреулері ортақ тіл қауымынан соңғы дәуірлерде (XIV-XVI ғас.) ғана бөлініп шыққан. Бұған түрлі жағдайлар, әсіресе сол халықтың экономикалық жағдайлары себеп болған. Мәселен, ұзақ уақыт көшіп жүрген, мал шаруашылығын кәсіп еткен халықтарда тайпалық тілдердегі ала-құлалықтар тез жойылса (мысалы, қазақ тілі), жермен байланысты, егін шаруашылығын кәсіп еткен (мысалы, өзбек) халықтар тілінде ұзақ уақыт сақталынған. Кей халықтардың этникалық құрамы әр түрлі болып келсе, кейбіреулерінікі тұтас, бірыңғай болады. Бұл жағдайдың да тілдің қалыптасуына, тілдік ерекшеліктердің пайда болуына, сақталуына ықпалы бар. Түрколог ғалымдар түркі тілдерінің даму кезеңдерін белгілі этаптарға бөліп, әр этаптың өзіндік ерекшелігін анықтауға әрекет етіп келеді. Мысалы, Н. А. Баскаков түркі тілдерін дамуы мен қалыптасуына қарай 6 кезеңге бөлген: 1) Алтай дәуірі,

2) Хун дәуірі (V ғасырға дейін),

3) Көне түркі дәуірі (V-X ғасыр),

4) Орта түркі дәуірі, немесе негізгі түркі тайпаларының дамуы мен қалыптасу дәуірі (X-XV ғ. ғ.),

5) Жаңа түркі дәуірі немесе түркі халықтарының қалыптасуы мен даму дәуірі (XV-XX ғ. ғ.),

6) Ең жаңа дәуір, немесе түркі тілдерінің Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі даму дәуірі [2].

Н. А. Баскаковтың бұл пікірін ғалым-дардың көбі қолдайды, бірақ онымен келіспеушілер де жоқ емес. Мәселен, біраз ғалымдар түркі тілдерінің алтай дәуірін мойындамайды. Алайда біз түркі тілдерін қалыптасуын Н. А. Баскаковтың дәуірлеуіне сүйене қарастырамыз.

Түркі тілінің дамуындағы Алтай дәуірі – мерзімі жағынан әлі анықталмаған, ғалымдардың арасында дау туғызып келе жатқан мәселелердің бірі. Тілдерді салыстырмалы-тарихи тәсілмен зерттеп, туыстық жақындығын анықтағанда олардың ортақ белгілеріне сүйену қажет.

Осындай туыстық белгілер түркі-монғол тілдерінің арасында да бар және олар фонетика жүйесінде де, лексика мен грамматикалық құрамында да кездесетіндігін ескере келіп, бір топ ғалымдар «түркі тілдері өз алдына бөлініп шыққанға дейін алтай дәуірі тобында болған» деген топшылау айтады. Олар алтай тілдері тобындағы тілдерден: 1) түркі-монғол тілдері; 2) тунгус-маньчжур тілдері; 3) жапон-корей тілдері бөлініп шықты деген болжамды ортаға салады. Ал Х. Винклер, С.М. Широкогоров, Б. Колиндер,

М. Рясянен, Д. Шинор, А. Дильчар сияқты ғалымдар тіпті алтай тіл бірлестігінен де арыға барып, орал-алтай тіл бірлестігі теориясын ұсынады.

Салыстырмалы-тарихи зерттеулер алтай тілдерінің деректерінде көптеген ұқсас келетін тілдік материалдардың барлығын анықтады. Жалпы алтай тілдері бірлестігінің құрамына енген тілдерде дыбыс үндестігі, екпіннің тұрақтылығы, жалғамалы тіл болуы, сөз алдынан келетін көмекші сөздердің (предлогтардың) болмауы, жыныс(род) категориясының болмауы т.б.

Көпшілік тілшілер алтай тіл бірлестігін анықтауда дыбыстық сәйкестікке көбірек көңіл бөледі. Мысалы, Н.А.Баскаков осындай белгінің бірі ретінде тунгус тіліндегі т дыбысы мен маньчжур тіліндегі с дыбыстарының и дыбысының алдында тұрғанда түркі тілдеріндегі ч, ш дыбыстарымен сәйкес келетіндігін көрсетеді.

Түркі тайпалары Орта Азия мен Қазақстан, Еділ-Дон аралығы мен Кавказ тауларының етектерінде қаншама көшіп-қонып жүрсе де, олардың ту тіккен жері – Сібір өлкесі болатын. «Түрік» сөзі де осы Сібірде қоланылған. А.Н.Гумилевтің көрсетуінше, біздің заманымыздың 439 жылы тобасцилар хундардың қалдықтарын жеңіп, Хэси өлкесін қытайдың Вэй империясына қосқан кезде 500 үйлік хунның князі Ашина жужандарға қашып өтеді де, Алтай тауының оңтүстігіне орналасады, олар жужандар үшін темір қорытады. Қытайлықтар Ашина тобын және оның айналасындағы, қол астындағы халықты ту-кю деп атайды. П.Пелльо бұл қытай сөзін тюрк-ют деп транскрипция жасаған. «Турк» деген сөз «күшті», «мықты», «берік» деген мағына білдірсе, ют морфемасы монғол тілінде көптік мағынаны білдіреді [3].

Көптеген түркі тілдері мен жаңа түркі тілдерінің өзара тарихи байланысы мен туысқандық қарым-қатынасы, өзара жіктелуі жөнінде жазылған әдебиеттер өте мол. Солардың ішінен М. Қашқари, Н. Ильминский, А. Ремюза, А. Мюллер, Н. Аристов, Н. Катанов, Ф. Корш, А. Самойлович, П. Иванов, А.Е. Крымский, В.А. Богородицкий, И. Бенцинг, И. Батманов, С.Малов, Н.Баскаков, М.Рясенен, Ф.Зейналов, К.Сартбаев т.б. жасаған түркі тілдерінің өзара жіктелу кестесін арнап атап өткен жөн. Ол әдебиеттерді пайдалану көпшілік оқушылар үшін оншалықты қиындыққа түспейтін болғандықтан, біз арнайы тоқталып жатпадық. Жоғарыда көрсетілген «Түрік филологиясының негіздері» деген еңбекте көне түркі тілдері мен жаңа түркі тілдерін өзара топтастыру мәселесі осыған дейін жүргізілген зерттеу жұмыстардың бәрін де есепке алып жасалған. Бұның өзі түркі тілдерінің ең соңғысы классификациясы болғандықтан, біз оны оқушылардың назарына ұсынуды лайық көрдік:

1.Ескі түркі тілі (орхон-енисей жазу ескерткіштерінің тілі)

2.Орта түркі тілдері.

Батыс түріктерінің тілі – 1) «Кодекс куманикус» тілі; 2) қыпшақ тілі: а) мамлюк қыпшақтарының тілі; ә) армян қыпшақтарының тілі.

Шығыс түріктерінің тілі – 1) Қараханид түріктерінің тілі (осыған қосымша Жетісу жерінен табылған эпиграфиялық ескерткіштер тілі де келтіріледі); 2)Хорезм түріктерінің тілі; 3) шағатай тілі.



3. Жаңа түркі тілдері. Оңтүстік түркі тілдері – 1) ескі осман тілі; 2) жаңа осман тілі және қазіргі түрік тілі; 3) осман тілінің диалектілері: а) анатоли және рум диалектісі; ә) гагауыз диалектісі; б) қырым османдарының диалектісі; 4) азербайжан тілі; 5) түркімен тілі. Батыс түркі тілдері – 1) каспий группасы: а) жаңа куман тілдері; ә) қырым татарларының тілі; б) құмық тілі; 2) орал группасы: а) Қазан татарлары мен Батыс Сібір өлкесіндегі татарлардың тілі; ә) башқұрт тілі. Орталық түркі тілдері – арал-каспий группасы: а) қазақ тілі; ә) қарақалпақ тілі; б) ноғай тілі; в) өзбек тілінің қыпшақ диалектісі; г) қырғыз тілі. Шығыс түркі тілдері – 1) өзбек тілі; 2) жаңа ұйғыр тілі; 3) сары ұйғырлар мен салар тілі. Терістік түркі тілдері – 1) алтай тілі; 2) абақан, чулум, шор тілдері: а) абақан тілі; ә) чулум татарларының тілі; б) шор тілі; 3) сойон және қарағас тілдері; 4) якут тілі (долған тілі де осы топқа кіреді).

Қазақ тілінің тарихын кезеңдеуде бірінші, қазақ тілінің тарихын (халық тілі, ұлт тілі болып қалыптасу тарихын) түсіндіру үшін, алдымен қазақтың халық болуы, одан кейін ұлт болуы процестеріне тоқталу қажет. Басқа да халықтар тәрізді қазақ халқы да о баста кішігірім этникалық топтардан құралды. Атадан руға, рудан рулар бірлестігіне, рулар бірлестігінен тайпаға, тайпалардан тайпалық одақтарға, тайпалық одақтардан ұлысқа, ұлыстан халыққа айналды.

Екіншіден, қазақ тілінің шығу тегі мен даму кезеңдерін түркі халқының, жалпы түркі тектес тілдердің даму дәуірлерімен бірлікте, соның шеңберінде алып қарастырғанда ғана толық түсінуге болады. Қазақ тілінің тарихын түркі тілдер тарихымен бірлікте алып қарастырған ғалымдар (Н. Баскаков, Ә. Қайдар т.б.) алты дәуірді атап көрсетеді, олар: алтай дәуірі, ғұн дәуірі, көне түркі дәуірі, орта ғасыр түркі дәуірі, жаңа дәуір, ең жаңа дәуір. Алтай дәуірін тап басып айта алмағандықтан, бұл дәуірдің сипаты ашылмай қалды, тек бір білеріміз: бұл дәуірде түркі-моңғол, тұңғыс-маньчжур, корей-жапон тілдері бірлікте болды деген мағлұмат. Кейбір зерттеулерде түркі тілдерінің даму тарихында алтай дәуірінен де әрі шумер дәуірі болғандығы жайлы деректер айтылады. Осы дәуірлердегі қазақ тарихына қатысты тарихи жазба ескерткіштердің, жазу таңбаларының қазақ тілінің халық, ұлт тілі болып қалыптасып, әдеби тіл дәрежесіне жетуінде мәні зор.

Үшінші, қазақ тайпаларының халық болып бірігуі, қазақтың халық тілінің қалыптасуы XV-XVI ғасырларда қазақ тайпаларының қыпшақ қауымынан, ноғай ордасынан бөлініп шығуына, моңғол басқыншылығынан кейін қазақ жерінде патриархтық-феодалдық қатынастың күшейіп, алғашқы қазақ хандықтарының пайда болуына байланысты екені ескерілуі қажет. Ал қазақ халқының ұлт болуы, тілінің ұлт тілі болуы XIX ғ. екінші жартысынан басталатыны, ұлт тілімен бірге ұлттық әдеби тіл қалыптасқанын шатастырмау қажет. Қазақ халқы – ежелгі ұлттардың бірі. Қазақ халқының ертедегі тарихы туралы еліміздің ежелгі тарихында мол мәлімет бар. Мұндай деректер ежелгі парсы және грек тарихында да ұшырайды.

Қорыта келгенде, Қазіргі дүниежүзілік ғылымда түркілердің арғы тегін ғұн немесе сақтар, алтайлықтар дегеннен басқа да болжамдар баршылық. Мәселен, шумермен ұқсастықтары туралы ғылыми болжам (гипотеза). Дегенмен түркі қағанаты кезінен белгілі түркі тілдерінің тарихын түркі қоғамының тарихымен байланысты қарастырып, сол кезеңдердің социолінгвистикалық қалпын анықтау арқылы болашақта да талай тілдік тарихи зерттеулер жүргізілмек. Сонымен қатар адамзаттың тарихында белгілі тарихи кезеңдердің мәнін ашуда түркі тілдерінің тарихына тікелей негіздеп, онымен санасу қажеттігі туатыны анық.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Түркітануға кіріспе: оқу құралы / Ә. Қайдар М. Оразов ; [жауапты ред. Ғ. Әнес]. – 3-бас. .. – Алматы : Арыс, 2004. - 358 б.
2. Түркітану. Тарихи-археологиялық аспект / А. Досымбаева., – Алматы : Service Press, 2015. - 192 бет
3. Altay Cumhuriyeti'ndeki Eski Türk Yazitlari Aibümü / К. Konkobayev N. Useyev N. Sabdanaliyev ; redaksiyon Heyeti: D. Kıdırali [ve diğeri]; Türk Akademisi Uluslararası Teşkilati... – Astana : Gilim Yayınevi, 2015. – 365

# ЎЗБЕК ТИЛ БИЛИМИДА «ОТБАСЫ» ТҮСІНІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ КЕЙБІР ЕҢБЕКТЕРГЕ ТАЛДАУ

## ЎЗБЕК ТИЛШУНОСЛИГИДА “OILA” КОНСЕПТИ БИЛАН БОГ‘ЛИҚ АЙРИМ ИШЛАР ТАҲЛИЛИ

*Озода АНОРҚУЛОВА\**

### **Андатпа**

Бул мақалада ўзбек ғалымдарының тил билими саласында жүргизген зерттеулеринин ишинде «отбасы» ұғымына қатысты көзқарастар мен олардын түсіндірмесі берілген. «Отбасы» тилдік-мәдени ұғым болғандықтан, ўзбек және басқа тилдердегі отбасылық қатынастарды көрсететін бірліктерге де талдау жасалды.

**Түйин сөздер:** концепция, менталитет, дүниениң тилдік ландшафты, когнитивтік талдау, тау жыныстарын талдау.

### **Annotatsiya**

Ushbu maqola tilshunoslik sohasida, aynan o‘zbek olimlari tomonidan amalga oshirilgan tadqiqotlar orasida “oila” konsepti bilan bog‘liq bo‘lgan qarashlar hamda ularning izohi aks etgan. “Oila” lingvokulturologik tushuncha bo‘lganligi sabab, o‘zbek va boshqa tillarda oilaviy munosabatlarni aks ettiruvchi birliklar tahlili ham amalga oshirilgan.

**Kalit so‘zlar:** konsept, mentallik, olamning lisoniy manzarasi, kognitiv tahlil, qoyosiy tahlil.

### **Abstract**

This article reflects the views related to the concept of "family" and their explanation among the researches carried out by Uzbek scientists in the field of linguistics. Since "family" is a linguistic-cultural concept, the analysis of units reflecting family relations in Uzbek and other languages was also carried out.

**Key words:** concept, mentality, linguistic landscape of the world, cognitive analysis, rock analysis.

---

\* Ўзбекистан-Финляндия педагогикалық институтының доценті, филология ғылымдарының докторы

Oila masalasi uzoq davrlardan buyon insonlar uchun eng asosiy, eng qadrlil hisoblangan. Kishi tug‘ilib o‘z oilasi, ko‘z ochib ko‘rgan maskaniga mehr qo‘yadi. Shu nuqatayi nazardan ilm-fanning rivojlanishi bilan bu boradagi tadqiqotlar ham ko‘zga tashlandi. Jahon tilshunosligidagi tadqiqotlar bu jihatdan salmoqqa ega, o‘zbekcha tadqiqotlarda ham aynan oila bilan bog‘liq masalalar ko‘zga tashanadi. Quyida ularning ayrimlari bilan tanishib chiqamiz.

O‘zbek olimlari tomonidan ham “oila” konsepti lingvistik jihatdan birmuncha tadqiq etilgan. Biroq, bu tadqiqotlar boshqa til dunyosida oilaviy munosabatlarni ochib berishga qaratilgan. Yaqinda N.A. Altinboyev “Turk maqollaridagi “oila” konseptining lingvomadaniy tadqiqi” nomli falsafa doktori ilmiy darajasi uchun yozilgan dissertatsiyasini himoya qildi. Ushbu tadqiqot ishida lingvomadaniyatshunoslikda til va madaniyatning o‘zaro munosabati, konsept va uning tadqiq etish metodikasi hamda oila konsepti bo‘yicha olib borilgan ilmiy izlanishlar haqida so‘z yuritilgan.

Oila konseptining madaniy qadriyat sifatida namoyon bo‘lishi va metaforik obrazlari turk madaniyatidagi oila bilan bog‘liq qadriyatlar, ya’ni oila tuzilmasining asoslari – er, xotin va farzand, tamoyil – tenglik hamda oila vujudga kelishi oldidan va farzand tug‘ilganidan keyin o‘tkaziladigan urf-odat va marosimlar haqida to‘xtalib o‘tilgan. Turk maqollaridagi oilaning qadriyat sifatlarini belgilovchi beshik, sarpo, qalin, uylanish, turmushga chiqish, sovchilik kabi birliklar aniqlangan va tahlilga tortilgan.

Ushbu tushunchalarning barchasi “oila” konseptining kichik, ammo muhim elementlari ekanligi asoslab berilgan. Turk madaniyatida “oila” ma’nosi qadimda “ovush” istilohi bilan ifodalangan bo‘lib, keyinchalik arab tilidan kirib kelgan “aile” so‘zi orqali anglashilgan. Turk madaniyatida “oila” so‘zi kishilar yashaydigan joy va uning tarkibiy qismi bo‘lgan uyni anglatasa, ba’zi maqollarda uyning ostonasi, uning isishi va taomlarni tayyorlashda qo‘llaniladigan o‘choq timsolida ifodalanadi. Oila deganda nafaqat uy, balki xonadona ahli ham nazarda tutilishi aniqlandi. Shuningdek, in-uy kabi iboralar ham oila bilan bog‘liq so‘zlar vositasida aniqlangan [1; 46].

Türk tili o‘zbek tili bilan bir turkumga tegishli va qardosh ekanligi bois, bu tillarda so‘zlashuvchilar va kadrlarning dunyoqarashi, turmush sharoitlari, urf-odatlari, milliy-madaniy tafakkurida umumiyliklar ko‘zga tashlanadi.

Koreya zamonaviy adabiyotida "oila – 가족" konsepti tahliliga bag‘ishlangan maqolada esa "oila" konsepti, so‘z san’atkorlarining konsept maydonida o‘rnini aniqlash bo‘yicha qarashlar ifodalangan [2].

Konseptologiyabo‘yichailmiy-nazariyqarashlaregasiY.Sh.Nurmuhammedov muallifligidagi “Oila” konseptining frazeologik birliklarda ifodalanishi” nomli ilmiy maqolada “oila” konseptining linvokulturologik xarakteri ochib berilgan,

unga ko‘ra oila super konsept bo‘lib, uning quyidagi konseptual belgilari mavjud: nikoh munosabatlari, qarindoshlik munosabatlari va qarindosh bo‘lmagan munosabatlar. Bundan ma‘lum bo‘ladiki, oilaning segment xususiyati jamoa bilan bog‘liq bo‘lgan o‘zbek etnosining bosqichma-bosqich shakllangan turmush tarzidir. Oilaning keng ma‘nodagi konsept ekanligini “Bir bolaga yeti mahalla ota-ona”, “qo‘shnining qo‘shnida haqqi bor” kabi frazeologik birliklari asosida ochib berilgan. Maqolada o‘zbek ilmiy adabiyotlarida “Oila” tushunchasining konseptuallashtirishini frazeologik sath birliklari misolida tematik va statistik tahlillar yordamida yoritilishiga bag‘ishlangan tadqiqotlar mavjud emasligi ta‘kidlangan va birinchidan, integrativ yondashuv konseptlarni lingvistik, kognitiv, madaniy va sotsiologik nuqtayi nazardan o‘rganish imkonini berishi aniqlangan. Ikkinchidan, “Oila” konsepti frazeo-semantik maydon metodiga ko‘ra, o‘zak va periferiya qismlaridan tashkil topishi, statistik tahlillar yordamida konseptning yadro hamda yaqin, o‘rta va eng chekka periferiyalar tarkibiy qismlaridan tashkil topishi ochib berilgan. Tadqiqot shuni ko‘rsatadiki, kontseptuallashtirish inson ongida voqelikni aks ettirishning aqliy usuli hisoblanadi. U subektiv va lingvistik hamjamiyat tomonidan qabul qilingan an‘anaviy ma‘nolarni birlashtiradi. Konseptni prototipik kategoriyalashtirish orqali til va madaniy o‘ziga xoslik shaffof namoyon bo‘lishi xulosa qilinadi. Olingan natijalar, xorijiy til va madaniyatlarni yanada teranroq o‘rganishga xizmat qildi [3;43-52].

Amalga oshirilgan tadqiqotlar orasida bir muncha oila masalalariga yaqin keladiganlari mavjud. Masalan, T.Mardiyev “Baxt” konsepti borasida olib borgan izlanishlari natijasida ushbu tushuncha o‘z atrofida *qarindoshchilikning ijobiy munosabatlari, sog‘lom turmush tarzi, jamoaviy munosabatlardagi ijobiylik (qo‘ni-qo‘shni, jamoa va shu kabilarda o‘z o‘rniga ega bo‘lish), ma‘naviy-axloqiy turmush tarzi, jismoniy sog‘lik, sevgi, muhabbat, turmush tarzidan to‘laligicha qoniqish hosil qilish va rozilik, xudodan rozilik, istak-xohishning amalga oshishi, yetuklik, turmushga chiqish yoki turmush qurish, taqdirdan rizolik, farzandli bo‘lish va farzandlarning axloqiy-ma‘naviy yetukligi* kabi konseptual birliklarni qamrab oladi, degan xulosaga keladi [4; 36-44].

Shuningdek, ingliz va o‘zbek tillarida olamning frazeologik manzarasida gender konseptlarning shakllanishi bo‘yicha kuzatishlar olib borgan F.Nasrullayevaning ko‘rsatishicha, erkaklarning gender andozalari shakllanishida quyidagi fazilatlar katta o‘rin tutadi: sadoqat, tartib-intizomlilik, mardlik, jasorat, iroda kuchi, aql-zakovat va jamiyatdagi ijtimoiy mavqe: yelkasi (yoki kifti) yerga tegmagan polvon; *knight without Fear and without Reproach* – qo‘rquv bilmaydigan olijanob odam; *a man of honour* – to‘g‘riso‘z, tartib-intizomli kishi. Ingliz va o‘zbek lisoniy madaniyatlarida erkaklarning asosiy faoliyati ijtimoiy hayot bilan bog‘liq, bunda erkak yetakchi mavqeni egallaydi: *a man of the moment* – ayni vaqtda ko‘rinarli mavqeni egallagan inson. Frazeologiyada erkaklarning oiladagi yetakchiligi namoyon qilinadi: bosh egadan qo‘ymasin – duo qilish, ya‘ni er, bolalarning otasi hamma vaqt sog‘-omon bo‘lsin; *man of the house* – oila boshlig‘i. Oilaviy munosabatlar sohasida erkak er va ota vazifasini bajaradi: bola-chaqali odam – oilali inson; bola-chaqa qilmoq; *a man of family* – oilali kishi;

*family man* – oilaparvar. Misollardan ko‘rinib turibdiki, o‘zbek tilida “oila” konsepti bolalar (bola-chaqa) bilan bog‘liq holda tushuniladi, ingliz tilida oddiy qilib *family* (oila) so‘zidan foydalaniladi [5; 16]. Erkak stereotipi ingliz lingvomadaniyatida quyidagi tushunchalarni qamrab oladi: mansab, boquvchining roli, mardlik, qat‘iyat, ayollarga xushomad qilish, nikoh, otalik, do‘stlar, ko‘ngilxushlik. O‘zbek lisoniy madaniyatida erkakning stereotipi quyidagi tushunchalardan shakllanadi: ma‘lumot, kasb, nikoh, oila, boquvchining roli, mas‘uliyat, ota-onalar to‘g‘risida g‘amxo‘rlik qilish, lavozimlarga erishish, bolalarning kelajagini ta‘minlash, nabiralalar to‘g‘risida g‘amxo‘rlik qilish. Har ikkala madaniyatda mardlik, lavozimda ko‘tarilish, boquvchining roli, oila o‘xshash hisoblanadi. Biroq, o‘zbek lisoniy madaniyatida erkaklarning oila va keksa ota-onalar to‘g‘risida g‘amxo‘rlik qilishi bilan bog‘liq andazaviy ma‘suliyati yorqinroq va kengroq ifodalangan.

Oila haqida so‘z ketganda, avvalo, ota-ona va ularning farzandlari tafakkurdagi o‘zaro aloqasi ko‘zga tashlanadi. O‘zbek oilasida ota oilaning boshqaruvchisi sifatida qaraladi. Undan oldin so‘z aytilmaydi, undan oldin ovqatga qo‘l uzatilmaydi, undan oldin bir qadam ham tashlanmaydi. Hatto ota turgan uyning tomigacha chiqilmaydi. Mana, shunday muqaddas va ulug‘ qadriyatlarni aks ettirgan holda filologiya fanlari bo‘yicha falsafa doktori ilmiy darajasini olish uchun yozilgan dissertatsiyamizda o‘zbek tilida “ota” konseptining lisoniy-kognitiv talqini ko‘rib chiqilgan. Ishda konsept va konseptosfera orqali olamning lisoniy manzarasi aniqlanib, tilshunoslikda “oila”, “ona”, “vatan”, “do‘stlik”, “erkak” kabi konseptlarning leksik, pragmatik, kognitiv jihatlari ochib berilgan, shuningdek, “ota” konseptining “Qur‘oni Karim”, “Al-Jome‘ as sahih”, “Qur‘on qissalari”, “Lubobul hadis”, “Baxtiyor oila” kabi diniy-ma‘rifiy, “O‘zbek xalq maqollari”, “O‘zbek xalq topishmoqlari” kabi xalq og‘zaki ijodi namunalari asosida til, tafakkur, ong, lison bilan bog‘liq mental, madaniy kognitiv tamoyillari asoslangan. Uning leksik-semantik qolipi hadislar, xalq maqollari, topishmoqlardagi tushunchalar kesimida ishlab chiqilib, “daraxt”, “yag‘ir”, “o‘gay” kabi leksik birliklarning badiiy matnda aks etgan pragmatik xususiyatlari dalillangan, qolaversa, “ota” konseptining nasriy va nazmiy janrlardagi “gulshan”, “pir”, “ustoz”, “shohi zamon”, “sarv”, “beminnat zot”, “sadaf”, “chiroq” birliklarining “xazina” kabi badiiy, “narvon” kabi pragmatik ma‘nolari aniqlangan [6; 140].

Xullas, “oila” konsepti so‘nggi yillarda dunyo tadqiqotchilarining e‘tiborida turgan masalalardan sanaladi, yuqorida izohlari keltirilgan ilmiy-tadqiqot ishlari biz ko‘rgan va o‘rganib chiqa olganlarimiz, xolos. O‘ylaymizki, bunday ishlar son jihatdan anchayin salmoqli. Ushbu mavzuda ilmiyizlanish olib borish nafaqat ilm dunyosini, balki undan bahramand bo‘ladigan insonlarning milliy-madaniy qadriyatlarga muhabbatini mustahkamlash, oiladek muqaddas dargohni asrab-avaylash borasidagi qarashlarini shakllantiradi.

## Foydalanilgan adabiyotlar

1. Altinboyev N.A. Turk maqollaridagi “oila” konseptining lingvomadaniy tadqiqi. Filologiya fanlari bo‘yicha falsafa doktori (phd) ilmiy darajasini olish uchun tayyorlangan dissertatsiya avtoreferati. – Toshkent, 2024. -46 b.
2. Abdiyeva I. (2021). Koreya zamonaviy adabiyotida oila –« 가족»konsepti tahlili. *Журнал иностранных языков и лингвистики*, 2 (6). извлечено от <https://presedu.jdpu.uz/index.php/fll/article/view/2009>
3. Nurmammedov Y. SH. Representation of the “Family” concept in phraseological units// O‘zbekistondaxorijiytillar. — 2023. — № 1 (48). — В. 43-52. [https://doi.org/ 10.36078/1678948303](https://doi.org/10.36078/1678948303) .
4. Мардиев Т. “Бахт” концептининг лингвомаданий ва семантик талқини (инглиз ва ўзбек тиллари қиёсида) // “Хорижий филология: тил, адабиёт, таълим” (Илмий ахборотнома журнали). – Самарқанд: самдчти нашриёти, 2016, №10. – Б.36-44.
5. Насруллаева Н.Инглиз ва ўзбек тилларида оламнинг фразеологик манзарасида гендер концептларнинг шаклланиши. Филол. Фан. Д-ри. (dsc) дисс.автореф. –Тошкент, 2018. - 16.
6. Anorqulova O. O‘zbektilida “Ota” konseptininglisoniy-kognitivtalqini. Falsafadoktoriilmiydarajasiniolishuchunyozilgandissertatsiya. – Samarqand, 2023. – 140 bet.

# ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БУДАН ТЕРМИНДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

*Ақжібек АХМЕТ\**

## **Аңдатпа**

Мақалада қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің зерттелу деңгейі мен олардың тілдік жүйедегі рөлі талданады. Будан терминдер – бір тілдің төл элементтері мен шет тілдік кірме компоненттерден құралған аралас құрылымдар. Қазақ тілінің ғылым, техника, мәдениет салаларында шет тілдік ықпалдың күшеюі будан терминдердің кеңінен қолданылуына әкелді. Зерттеуде будан терминдердің жасалу үлгілері, олардың түрлері мен қалыптасу жолдары қарастырылып, қазақ тіліндегі қолданыс ерекшеліктері көрсетіледі. Сонымен қатар, будан терминдерді зерттеуге қатысты әртүрлі ғылыми көзқарастар мен олардың анықтамасындағы қарама қайшылықтар сараланады.

**Түйін сөздер:** кірме сөздер, тілдік будандастыру, будан термин, терминология.

## **Abstract**

The article analyzes the level of study of Budan terms in the modern Kazakh language and their role in the language system. Steam terms are mixed structures consisting of native elements of one language and foreign language input components. The increasing foreign language influence of the Kazakh language in the fields of Science, Technology, Culture has led to the widespread use of Budan terms. The study examines the patterns of formation of steam terms, their types and ways of formation, and shows the features of their use in the Kazakh language. In addition, various scientific approaches to the study of Steaman terms and contradictions in their definition are differentiated.

**Keywords:** borrowingwords, language hybridization, hibrid term, terminology.

## **Кіріспе**

Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамымен терминологиялық жүйесі будан терминдермен күн сайын толығуда. Ғылым мен техниканың дамуы, жаңа ұғымдармен атаулардың шет тілінде пайда болуы қазақ терминологиясының гетерогенді сипат алуына алып келді. Қазіргі инновациялық технологиялар

---

\* Еуразия ұлттық университетінің доктаранты, педагогика ғылымдарының магистрі, akjibekz@gmail.com, ORCID:0000-0002-9464-0070



байланысты терминдік атаулар шет тілінде жасалатындықтан, ол ұғымдар қазақ тіліне енгенде лексикологияның не кірме қабатын, не будан қабатын толықтырады. Ғалым Ә. Қайдар «Терминдерді қазақ тілінде жасау және енгізу көбінесе мерзімді баспасөз, мектептермен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар, терминологиялық сөздіктер, арнайы және ғылыми әдебиеттер арқылы жүзеге асырылады. Қазақ сөздерінің негізінде жасалған ғылыми терминдердің көпшілігі белгілі бір дәрежеде орыс тілінің терминологиялық модульдерінің ізін қалдырады», - деп бағалайды [1; 174]. Сонымен қатар Ә. Қайдар префикстар мен термин бөлшектері жайлы: егер халықаралық терминдер болса, дәл сол күйінде (орыс тілдегі нұсқасы, мысалы: реконструкция, синхрония, контрреволюция), ал орыс тілімен келсе, орыстілді бөлігінің қазақ тіліне аударылатындығын айтады (мысалы, автотиегіш «автогрузовик», автосауыт «автопоилка», авторучка «автокалам». -изация, -ация суффикстері қазақтың -лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу және -ландыру/-лендіру, -тандыру/-тендіру беріледі: амальгамалау «амальгамация», коагуляттау «коагуляция», автоматтандыру «автоматизация», газдандыру «газафикация», электрлендіру «электрофикация» және т.б.; Кейбір халықаралық және орыс кірме терминдері қазақ жұрнақтарымен келтіріліп қолданылады. Мысалы, алгебралық символика «алгебраическая символика», бинантты электрметр «бинантный электрметр», совет мемлекеті «советское государство» және т.б. Осы тұста бір бөлігі кірме, бір бөлігі төл морфемадан тұратын будан сөздер туралы А.Р. Кошекova: «Будан сөз жасау – қазіргі тілдердегі нағыз тренд», – деген пікір айтады [2; 91]. Құрамында кірме бөліктің болуына қарамастан, будан терминдердің жасалуы – тілдің өзінде болатын ішкі процесс. Сондықтан олар тілде өзінше дамып, өздігінше қалыптасқан. Сәйкесінше, будан терминдердің қайсыбір тілде болмасын өзіндік ерекшеліктері болады. Бұл ерекшеліктер будан терминдер құрамындағы екі тілдің генеологиялық, типологиялық сипатына да, графикалық ерекшеліктеріне де, тарихи дамуында да байланысты. Сол себепті қазақ тіліндегі будан терминдердің өзіндік бағытымен сипатының болуы – заңды.

2014 жылдардан бастап қазақ терминологиясында будан терминдер мәселесі өз алдына жеке зерттеу нысанына айнала бастағанын айтуымыз керек. Будан терминдер туралы зерттеулер едәуір қарқынды түрде жүрді. «Будан терминдерге» анықтама беріліп, оларға мысалдар келтіріліп, талданады. Мысалы, «Будандастыру» және «будан термин» ұғымдарына келетін болсақ, көптеген отандық ғалымдар, олардың ішінде Ш. Құрманбайұлы [3], Г.Н. Күзембаева [4; 155], А.Р. Кошекova [2; 91], Ж.К. Нурмахова [5; 73] будандастыруды төл және кірме элементтердің қосылуынан тұратын сөзжасам әдісі деп санайды, ал будан терминдер – бұл екі тілдің компоненттерінің қосылуынан туындайтын бірліктер, немесе басқаша айтқанда номинация деген анықтама ұсынады. Ш. Құрманбайұлы: «Будан атаулар санының бірден артуының лингвистикалық, экстралингвистикалық себептерін анықтап, олардың жасалу жолдарын,

мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін көрсету өте маңызды іс» екендігін айтады [3; 766] Ал Б. Момынова бұдан терминдер санының артуын келесідей себептермен түсіндіреді: «Олар: а) ғылым мен техникалық жаңалықтардың өзге елдерде ашылуы, көп болуы; ә) тілдері донорлық дәрежеге жеткен елдерде қоғамдық-саяси өзгерістердің болуы және қоғамдық-саяси жаңалықтардың сол елдердің үлгі-моделіне салынуы, үлгіге алынуы; б) сол елдердің экономикалық басымдығының болуы; в) жазудың және жазудың негізгі қаруы саналатын әдеби тіл рөлінің артуы; г) жазудың көмегіне сүйенетін жазба коммуникацияның күшіне енуі» [6; 16]. Сонымен қоса ғалым бұдан терминдердің келесідей модельдерін ұсынады:

1. Кірме түбір + төлтілдік қосымша,

2. Төлтілдік түбір + кірме қосымша.

Күрделі сөздер құрылымы бойынша:

1. Кірме түбір + төлтілдік негіз,

2. Төлтілдік түбір + кірме түбір,

3. Кірме негіз + кірме түбір [6; 18].

Біз бұдан қазіргі қазақ тілінде пайда болып, қолданыста жүрген бұдан терминдердің үлгісін көре аламыз. Мұндай үлгілерді этимологиялық-құрылымдық тұрғыдан талдасақ, мұнан да ауқымды нәтижелерге қол жеткізуге болады. Ал А.Р. Кошекова өз зерттеуінде бұдан терминдердің қазіргі қазақ тілінде екі негізгі түрінің бар екендігін айтады. Олар: туынды бұдандар және бұдан композиттер. Сондай-ақ контаминанттар, дериваттардың да тілде жиі кездесетінін айтады [2; 91].

С. Құлманов бұдан терминдердің 2014 жылғы терминологиялық сөздіктер топтамасының сапалық, сандық-пайыздық көрсеткішін анықтайды [7].

№	Сөздіктің атауы	гибрид терминдер, пайыз	барлығы, пайыз
1	Физика және астрономия	2592 (15,20%)	17055 (100%)
2	Математика	118 (0,50%)	23781 (100%)
3	Информатика және есептеуіш техника	407 (1,97%)	20619 (100%)
4	Механика және машинатану	240 (1,27%)	19035 (100%)
5	Энергетика	370 (1,79%)	20702 (100%)
6	Электроника, радиотехника және байланыс	2421 (9,67%)	25034 (100%)
7	Машинажасау	225	15243

		(1,42%)	(100%)
8	Көлік және қатынас жолдары	256 (1,36%)	18813 (100%)
9	Сәулет және құрылыс	1290 (5,98%)	21585 (100%)
1 0	Статистика, стандарттау және зияткерлік меншік	352 (1,47%)	24106 (100%)
1 1	Әскери іс	405 (1,44%)	28240 (100%)
1 2	Химия	650 (2,85%)	22789 (100%)
1 3	Биология	213 (0,80%)	26598 (100%)
1 4	Медицина	121 (0,49%)	25100 (100%)
1 5	Ауыл шаруашылығы	218 (1,07%)	20321 (100%)
1 6	Су шаруашылығы	228 (0,99%)	23026 (100%)
1 7	Экология	234 (1,14%)	20613 (100%)
1 8	Кен ісі және металлургия	870 (4,38%)	19888 (100%)
1 9	Геология, геодезия және география	3462 (13,50%)	25634 (100%)
2 0	Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі	146 (0,77%)	18860 (100%)
2 1	Тамақ өнеркәсібі және тұрмыстық қызмет	215 (0,81%)	26804 (100%)
2 2	Философия және саясаттану	120 (0,61%)	19768 (100%)
2 3	Тарих	47 (0,27%)	17620 (100%)
2 4	Педагогика және психология	209 (0,87%)	24021 (100%)
2 5	Мәдениет және өнер	706 (2,85%)	24764 (100%)
2 6	Әдебиет және лингвистика	18 (0,07%)	28536 (100%)
2 7	Экономика және қаржы	164 (0,63%)	23080 (100%)
2 8	Іс жүргізу және мұрағат ісі	185 (0,77%)	23306 (100%)
2 9	Заңтану	146 (0,50%)	29659 (100%)
3 0	Дене тәрбиесі және спорт	170 (0,65%)	26135 (100%)
	Барлығы	16798 (2,47%)	680745 (100%)

Сонымен қатар С. Құлманов бұдан терминдерге құрамын төмендегідей терминдерді жатқызады:

- а) шет тілінің сөзімен орыс тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер: газ-разрядтық, нөл-заряд, разрядты-модульді, фактор-пространство, автопойыз, фабрика-зауыт, креп-сәтен, жирочек, жиросот, контршот, меморандум-шот және т.б.;
- ә) шет тілінің сөзімен қазақ тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер: автобелсендіру, электр қозғалтқыш, альфа-бөлшек, амплитудалық-жиілікті, атомдық-күштік, атомтәрізді, газ сіңіргіш, радиобөгеуіл, детектор-қармағыш, наноаспап, ультракүлгін, псевдосызықты, саналымды-аддитивтік, фактор-өлшем, әріпті-цифрлық, кулисалы-сырғақты, автомобиль-тонна-күн және т.б.;
- б) қазақ тілінің сөзімен шет тілінің сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер: ұзақ периодты, асқын галактика, ауа-реактивті, бейстанционарлық, бір компоненттік, сұйық фазалық (жидкофазный), төрт тактілі, шартты-периодты, іш алгебра (подалгебра), коммутаторлы-үлестіру, жиіліктік-импульстік, кернеу-деформация, талшықты-оптикалық, бейстационар, бейполяры және т.б.;
- в) қазақ тілінің сөзімен орыс тілінің сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер: бір зарядтық, бір өстік, айнымалы-токтық және т.б.;
- г) орыс тілінің сөзімен шет тілінің сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер: шот-фактура және т.б.;
- ғ) орыс тілінің сөзімен қазақ тілінің сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер: төлкелі-дөңгелекті, ми нағыздығы, атаславян, славянтану және т.б.;
- д) орыс тілінің сөзімен орыс тілінің сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі термин: тепловоз, тепловизор және т.б. [7; 57-58].

Көрсетілген мысалдардан байқағанымыздай, ғалым бұдан терминдерде төл тілдік элемент тұрғысынан емес, генотиптері тұрғысынан қарайды. Осы көзқарастың бір көрінісін қазіргі жас ғалымдардан да байқауға болады. Б. Кеңес кірме сөздердің енген тілдеріне қарай типологиялық тұрғыдан бұдан терминдерді түрлерге жіктеу болатындығын, грек-латын, грек-латын-қазақ, ағылшын-қазақ, француз-қазақ, араб-қазақ, грек-араб, грек-араб-қазақ, парсы-грек-қазақ, парсы-латын-қазақ, грек-парсы, латын-парсы, парсы-қазақ түбірлерінің және жалғауларының бірігуі арқылы бұдан терминдер жасалатындығын айтады [8; 179].

Бүгінде ақпараттық-технологиялық заманда бұдан терминдер электрондық базасына жасақталды. Атап айтсақ, ғаламтор желісіндегі «Termincom.kz» ғылым, білім, техникамен экономика, қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі термин сөздердің бірыңғай республикалық терминологиялық электронды базасында мониторинг бөліміне бұдан терминдердің тізбесі (батырмасы) берілген. Әрине, бұл тізім әлі де өңдеуді қажет етеді. Десе де,

қазіргі қолданыстағы будан терминдерді іріктеп, теріп, олардың әр ғылым саласындағы қолданысын қарастыру осы бағыттағы жұмыстардың қолға алынып жатқандығын білдіреді. Аталған мониторингте терминдердің қай салада қолданылатындығы, құрылымы, шығу тегі, бекітілген жылы бойынша таңдалым берілген. Қазіргі таңда 1971-1981 жылдары бекітілген терминдер енгізілген [9].

Құрылымы бойынша түбір, туынды, күрделі, қысқартулар, тіркесті терминдермен қатар сипаттамалы, ұлт тілін негізінде, гибрид (будан), кірме, жалғау жұрнағы ғана ұлттық, ұлт тіліне икемделіп алынған деп жіктеледі.

Біз зерттеу жұмысымыздың негізінде осы ізді жалғай отырып, будан терминдерді іздеуге арналған телеграм-бот жасадық. Бұл – сұралған будан терминдер жайлы ақпарат беруге арналған «Телеграм» әлеуметтік желісіндегі авторлық чат-бот (құрастырған және жасаған А.Н. Ахмет) [10]. Қазіргі таңда будан терминдер тізбесі енгізіліп, толықтырылуда. Кірме бөлігінің этимологиясы туралы ақпарат берілген және мысалдар келтірілген.

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе, бір топ ғалымдар будан терминдерді екі немесе одан да көп тілдің элементтері қосылған сөздер ретінде қарастырады, ал басқалары будан терминдерді тек бір тілдің негізінде жасалған кірме элементтермен байланысқан сөздер деп түсінеді. Бұл будан терминдерді түсіндіруде ортақ критерийлердің болмауы ғылымда қарама-қайшылықтарға алып келеді. Осыдан, будан терминдерді анықтауда және жіктеуде әртүрлі көзқарастарды талдап, олардың бірізді моделін жасау қажет. Ортақ ғылыми ұстанымның қалыптасуы будан терминдердің тілдік жүйедегі орнын нақтылап, олардың зерттелуіне бірегей әдістемелік негіз болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қайдар. Ә. *Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка.* - Алматы: Ана тілі, 1998. - 304 бет.
2. Кошекова А.Р. *Современные словообразовательные тенденции казахского языка / Вестник Кокшетауского государственного университета им. Ш.Уалиханова. Серия Филологическая.* – 2018. – №1 (1). – С. 89-94.
3. Құрманбайұлы Ш. *Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография.* Алматы, 2014. - 952 бет
4. Кузембаева Г.Н. *Проблемы заимствованных слов в казахском языке / Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан,* – 2018. – №4 (53). – С.151-154
5. Нурмахова Ж. К. *Вопросы терминообразования / Global Science and*

Innovations: Central Asia. – 2021. – № 3(9). – С. 71-76

6. ҚұрманбайұлыШ. *Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография.* Алматы, 2014. - 952 бет
7. Момынова Б., Әнесова Ү. *Қазақ тіліндегі гибридік сөздер (массмедия материалдары негізінде)/* А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. 2019 №4.-14-20 бб.
8. Құлманов С. *Қазақ тілі терминологиялық қорының әлеуеті (сандық және сапалық көрсеткіштерді талдау) /* Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы № 3(136)/2021. 50-62 бб.
9. Кеңес Б. *Қазақ тілінің ақпараттық технологиялар терминологиясындағы будан терминдер /* Торайғыров университеті хабаршысы. ISSN 2710-3528 Филологическая серия. № 3. 2023. - 169-180 бб.
10. <https://termincom.kz/>
11. [https://t.me/Budan\\_termin\\_bot](https://t.me/Budan_termin_bot)

## ЗООМОРФИЗМДЕРДІ МӘДЕНИ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУДЫҢ ТІЛДІК ДЕРЕКТЕРІ

### LINGUISTIC DATA OF CULTURAL INTERPRETATION OF ZOOMORPHISMS

*Әсемгүл Жеткергенқызы РАЕВА\**

#### **Аңдатпа**

Бұл мақалада түркі тілдеріндегі зооморфизмдерді мәдени интерпретациялаудың лингвистикалық деректеріне талдау жасау мақсат етілді. Зооморфизмдерді мәдени интерпретациялаудың тілдік деректері ретінде қазақ, түрік және өзбек тілдеріндегі фразеологизмдер зерттеу нысанына алынды. Түркі тілдерінің фразеологиялық және паремиологиялық қорында көрініс табатын мәдениеттің символдары мен стандарттары жүйесін анықтауға мүмкіндік беретін зооморфтық код тіл мен мәдениет дүниетанымының ерекшеліктерін анықтайды. Алайда, зооморфтық код жалпы адамзатқа ортақ әмбебап ерекшеліктерді көрсетумен қатар, ұлттық сипатымен де ерекшеленеді. Жалпы тіл білімінде зооморфизмдер жан-жақты зерттелсе де, бүгінгі күні зооморфизмдерді «тіл және мәдениет» бірлігінде түйістіріп, тілдердің лексикалық қоры бойынша салыстырмалы зерттеу жүргізуді маңызды деп есептейміз. Зооморфизмдерге қатысты лингвомәдени талдау аталмыш бірліктерді түркі тілдері бойынша мәдени интерпретациялаудың мотивациялық негізін анықтау арқылы жүзеге асырылады. Мұндай фон ретінде зооморфизмдерді мәдени түсіндіру көздері қолданылады. Зерттеу барысында материалдарды жинақтау, жүйелеу, тілдік деректерді салыстырмалы талдау тәсілдері қолданылды. Зерттеудің теориялық тұжырымдамасы бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Аталған бағыттағы зерттеулер тақырыпқа сай зерделеніп, ғалымдардың тұжырымдары талданды. Тілдік деректерді «тіл және мәдениет» контекстінде талдау нәтижесінде түркі дүние бейнесінің зоонимдік коды, оның жалпы және ұлттық ерекшеліктері туралы тұжырым жасалды.

**Түйін сөздер:** лингвомәдениеттану, түркі дүние бейнесі, зооморфизм, фразеологизм, түркі тілдері.

#### **Abstract**

---

\* Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, докторант, Қазақстан/Астана, e-mail: asemgul.raeva@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-7445-8979>

This article aims to analyze the linguistic data of the cultural interpretation of zoomorphisms in Turkic languages. As linguistic data for the cultural interpretation of zoomorphisms, phraseology in the Kazakh, Turkish and Uzbek languages was taken as the subject of study. The zoomorphic code, which allows you to determine the system of symbols and standards of culture, reflected in the phraseological and paremiological fund of Turkic languages, determines the features of the worldview of language and culture. However, the zoomorphic code, in addition to reflecting universal features common to the Universal, also differs in its national character. Although zoomorphisms are studied in detail in general linguistics, today we consider it important to study zoomorphisms in comparison by the lexical fund of related languages in the unit "language and culture". Linguocultural analysis in relation to zoomorphisms is carried out by determining the motivational basis for the cultural interpretation of these units by Turkic languages. Sources of cultural interpretation of zoomorphisms are used as such a background.

In the course of the study, approaches to the collection, systematization of materials, comparative analysis of language data were used. According to the theoretical concept of the study, the works of domestic and foreign scientists were guided. Research in this direction was studied on the topic and the conclusions of scientists were analyzed. As a result of the analysis of linguistic data in the context of "language and culture", a conclusion was made about the zoonymic code of the picture of the Turkic world, its general and National features.

**Keywords:** linguoculturology, image of the Turkic world, zoomorphism, phraseology, Turkic languages.

### **Кіріспе**

Зооморфизмдерді түркі тілдерінің деректері бойынша қарастыру түркі дүниебейнесінің зоонимдік код мәнін түсінуге септігін тигізеді. Туыстілдер жүйесінде зооморфизмдердің мотивациялық негізіндегі ортақтықтар мен ерекшеліктердің салыстырмалы тұрғыдан қарастырылуы жұмыстың өзектілігін танытады. Түркі зооморфизмдерін антропоөзектік парадигма аясында тіл мен мәдениет сабақтастығы тұрғысынан зерделеу, мәдени интерпретациялаудың тілдік деректерін анықтау, талдау және тілдік деректерді салыстыру жұмыстың жалпы сипатын айқындайды.

Тіл – мәдениеттің өнімі, оның маңызды құрамдас бөлігі және мәдениеттің өмір сүруші шарты болып табылады. Сонымен қатар, тіл – мәдениеттің белгілі бір тәсілі, мәдени кодтардың қалыптасу факторы. Мәдениеттің зооморфтық коды ерекшелі тілдік қабат болып табылады. Зооморфизмдердің мәдени мазмұнына шолу үшін құрамында зоолексемасы бар тұрақты сөз тіркестері, афоризмдер, символдардың, стереотиптердің сипаттамасы қызықты деректерді бере алады. Осы аталған құрылымдардың мәдени мазмұны болғандықтан, олар мәдениетке және тілге де қатысты



бірлік болып табылады. Бұлардың бойында мәдени мағыналар өз кезегінде мәдениет кодтарын құрайды.

Антропологиялық құбылыс ретінде жалпы тілдегі зерттеуші шеңберіндегі салыстырмалы лингвомәдениеттанулық аспектідегі зооморфизмдерді талдау қызығушылық тудырды. Туыстілдер шеңберінде лингвомәдени бағытта зоонимдерді салыстырмалы зерттеу антропоцентризм идеясының даму перспективасы ретінде қарастырылуы керек. Әлемнің тілдік бейнесін модельдейтін мәдениеттің зоонимдік коды тілдің лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық қорында бекітілген. Сондықтан мақалада зооморфизмдердегі мәдени деректерді интерпретациялаудың тілдік материалдары ретінде тұрақты сөз тіркестері зерттеу нысанына алынды.

Кез келген тілдің сөздік құрамының маңызды мәдени құрамдас бөлігі – зоонимдер, соның ішінде зооморфизмдер (немесе зоосемизмдер) тілдің лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық деңгейлерінің құрамында жүзеге асырылатын бейнелі мағынадағы жануарлардың атаулары. Бізді зооморфизмдерінің жеке басының әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктерін сипаттауға байланысты, объективті шындықты бейнелеуге қатысты көп өлшемді құбылыс ретінде қызықтырады.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Зооморфизмдердің мәдени ерекшелігі лингвомәдени талдау арқылы анықталады, ол мәдени түсініктеме түрінде шығарылады [1]. Зооморфизмдерге қатысты лингвомәдени талдау осы бірліктерді мәдени түсіндіру үшін мотивациялық көріністі анықтау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Мұндай көрініс зооморфизмдерді мәдени түсіндіру көздері болып табылады. Мақалада зооморфизмдерді лингвомәдени талдау осындай көздерді анықтауды және оларды түркі тілдерінің тілдік деректері бойынша салыстыруды қамтиды.

Зооморфизмдер халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесін бейнелейді және мәдени маңызды тілдік бірліктер болып табылады. Сонымен қатар зооморфизмдер лингвомәдени талдау объектісі бола алатын тұрақты бірліктер, өйткені «тұрақтылық тетіктері мәдени тетіктерге енеді, басқаша айтқанда, тұрақтылық ұжымдық мәдени жадының бір түрі болып табылады» [2, 104]. Тұрақты зооморфизмдердің мағыналары халықтық даналықтың, атап айтқанда, фразеологизмдерде, мақал-мәтелдерде, әр түрлі ұғым-түсініктерде, сондай-ақ ертегілерде, аңыздарда, әдеби шығармаларда кездесетін мәдени көзқарастарға негізделген. Сондықтан біздің зерттеу жұмысымыздың жалпы мазмұнында тұрақты салыстырулар, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер зооморфизмдерді мәдени түсіндірудің тілдік көзі ретінде талданады. Жұмыстың мақсаты - фразеологиялық деңгейде, атап айтқанда түркі тілдеріндегі зоонимдік компоненті бар фразеологиялық бірліктердің құрылымы мен семантикасында зооморфтық кодтың сипатын анықтау. Аталған мақсатқа жету үшін зерттеу барысында тілдік деректерді салыстыру,

талдаудың интроспективтік тәсілі қолданылды. Салыстырмалы әдіс негізінде түркі зооморфизмдері «тіл және мәдениет» контексінде талданып, ортақ және жеке тұжырымдар жасалады, ал түркі тілдерін жеке қарастыру арқылы олардың өзіне тән ұлттық мәдени және өзіндік ерекшеліктерін анықтауда интроспективтік тәсіл қолданылды.

### Әдебиетке шолу

Жалпы лингвистикада бүгінгі күні зоонимдерді антропоцентристік парадигма аясында зерттеуге ерекше назар аударуда. Ғалымдар аталған мәселені бір тілдің шеңберінде ғана емес, құрылымы әр түрлі тілдердің деректерін талдау арқылы да зерделеуде. Алдымен, қазақ тіл білімінде соңғы жылдары жарық көрген зерттеулер бойынша ғалым С.Қ. Сансызбаева қазақ және орыс тілінің деректері бойынша әлемнің тілдік бейнесіндегі зооморфизмдерді еркек пен әйел концептісі негізінде қарастырса, көркем шығармадағы зоонимдердің коннотативті мәні А.М. Сапанованың, сонымен қатар прецедент мәтіндер бойынша зоометафоралардың ұлттық ерекшеліктері Г.Ж. Снасапованың және зооморфизмдерді ағылшын тіл мәдениетіндегі гендерлік концептінің көрінісі ретінде А.А. Утеулиеваның зерттеулерінде қарастырады. Аталған мәселенің түркі тілдеріндегі зерттелуіне қарайтын болсақ, А. Ыылдырым, О. Бечер, И. Устуньер мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердегі зооморфтық бейнелердің лингвомәдени және лексикографиялық сипатын түрік және орыс тілінің деректері бойынша талдайды. Сондай-ақ зооморфизмдерді арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырған Д.К. Бахрамованың «Антропозооморфизмларнинг семантик валинговокультурологик хусусиятлари(ўзбек ва испан тиллари материалида)» атты еңбегінде өзбек және испан тілдерінің деректері бойынша антропоморфизмдердің семантикалық және лингвомәдени сипаты талданған. Сонымен қатар аталған тақырыптың орыс тіл білімінде зерттелуі бойынша зоонимдік лексика, тілдік дүние бейнесіндегі зоонимдік код мәселесі Ф.Н. Гукетлова, Ц. Огданова және зооморфтық кодтың антропоцентристік әлеуеті Сиссе Кумбаның еңбектерінде арнайы қарастырылады.

Отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері бойынша зооморфизмдерге берілген ортақ тұжырым: тілдің лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық деңгейлерінің құрамында жүзеге асырылатын бейнелі мағынадағы жануарлардың атаулары. Бүгінгі таңда лингвомәдениеттану бағытында зооморфизмдерді зерттеуге ерекше назар аудару оның мынадай сипатына байланысты: ақпаратты беретін тілдік белгі; халықтың мәдени көзқарастарын сақтайтын және жаңғыртатын белгі, семантикасы «мәдениет көріністерінде пайда болатын» белгі [3]. Демек, зооморфизмдер тілдің ұлттық-мәдени ерекшелігінің жарқын көріністерінің бірі болып табылады. Біз тілдік бірліктердің ұлттық және мәдени ерекшеліктерін ажырату керек ғалымдардың деген пікіріне қосыламыз.

Біздің зерттеу нысанымызға сәйкес зооморфизмдер (зоосемизмдер) адамның жеке басының әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктерін сипаттауға байланысты көп өлшемді құбылыс ретінде қызықтырды. Себебі дүние бейнесін қабылдаудың ұлттық-мәдени ерекшеліктері жануарлар

туралы жалпыадамзаттық және ұлттық идеялар негізінде қалыптасатын зоонимдердің бейнелі мағыналарының дамуында көрінеді. Көптеген тілдерде жануарлардың атаулары (зоонимдер) адамдардың бейнелі сипаттамасы үшін қолданылады. Зоонимдердің мұндай семантикалық нұсқасы *зооморфизм* деп аталады. Зооморфизмдер халықтың қиялымен және шығармашылық ойлауымен байланысты жануарлардың белгілі бір қасиеттеріне негізделген. Лексикалық бірліктердің бейнелі-мазмұнды құрылымында тіркелген бұл белгілер зооморфизмдердің «семантикалық мотивациясына» (ішкі формасына) айналады, соның арқасында олар ерекше экспрессивті түрге ие болады және тілдік қордың ажырамас бөлігі болады.

Жалпы тіл біліміндегі зерттеулерге сәйкес, ғалымдардың зооморфизмнің тілдік табиғатына, өзіндік ерекшелігіне сәйкес тұжырымдарын талдайық.

Зерттеуші Kamil Michta «Jacques Derrida and zoomorphism: an inquiry» атты зерттеу мақаласында «зооморфизм адамның белгілі бір қасиетін немесе мінез-құлқын анықтауға бағытталған процесс. Метонимиялық сипатына байланысты зооморфизм өте редуکتивті болып табылады және ол жиі детерминистік сипатқа да ие», - деп сипаттайды. Сонымен қатар зооморфизмдерді дәрекі, жағымсыз бағалау мәнінде қолдану кейбір жағдайларда қақтығыстарға дейін жеткізгенін, оған дәлел ретінде Руандадағы оқиғаны келтіреді [4, 196].

Ғалым А.Ғ. Әбуханова «кез келген тілдің қомақты бөлігін құрайтын зоонимдік метафоралар ұлт санасында сақталған ұлттық мәдени ақпаратты, оның құндылығын анықтауға мүмкіндік береді. Олар лингвомәдени қауымдастық өкілдерінің қарым-қатынас ерекшеліктерін танытатын коммуникациялық кеңістіктегі маңызды бірлік болып табылады. Сол себепті, зоонимдік метафоралардың мазмұнындағы ақпараттарды – ұлт танымының тілдік таңбасы, ал прототиптік образдарды нысандар арасындағы логикалық байланыс нәтижесінің тілдік көрінісі деп есептеуге болады» - дейді [5, 178].

Зерттеуші Омер Бичер «зооморфты метафораны мәдениетаралық қарым-қатынас үшін зерттеу қажеттілігін одан әрі негіздейтін тілдік метафоралардың бір түрі», - деп есептейді [6, 60]. Сонымен зерттеушілердің тұжырымдарына сәйкес, «бір нақты жануарға бағытталған зооморфизмдер оны әр түрлі қасиеттер мен қабілеттердің эталоны ретінде көрсете алады (нақты түрде көрсетеді). Әр тілдегі зооморфизмдердің мазмұны кез келген басқа тілдегі ұқсас зооморфизмдерден өзгеше болуы мүмкін, бұл олардағы халық мәдениетінің ұлттық ерекшелігінің көрінісін көруге негіз береді» (Е.А. Гутман, Ф.А. Литвин, М.И. Черемисина) [2, 98]. Осылайша, тілдік бірліктердің ұлттық ерекшелігі зооморфизмдерді салыстыру кезінде айқын көрінеді.

Ғалымдар зооморфизмдер бағалауыштық-экспрессивті метафораға жататындығын, яғни жануардың белгісі адамға ауысқанда айқын көрінеді, бұл әлем тілдерінде "адамның сапалық-бағалау сипаттамасын" қалыптастыратындығын айтады. Зооморфизмдерді зерттеу лексикалық-

фразеологиялық жүйенің құрылымын ғана емес, сонымен қатар зооморфизмдер мен зооморфтық фразеологиялық бірліктердің семантикалық әрі мәдени мазмұнын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретіндігіне назар аудартады [7, 119]. Зоонимдердің «прецеденттік мәтіндерде», афоризмдерде, ертегілерде және фразеологизмдерде жиі және нәтижелі қолданылуының себебідәстүрлі түрде зоонимдердің тілдік тұлға санасында (Ю.Н. Караулова термині) ерекше орын алуына байланысты. Ұлттық ерекшелік тілдерді салыстыру кезінде айқын көрінеді. Бұл зооморфизмдердің «этноконнотативтілігінде» көрінеді, яғни құрылымы әр түрлі немесе туыс тілдердегі бұл бірліктер әр түрлі коннотацияларға ие болуы мүмкін. Мәдени ерекшелік оны белгілі бір қоғамның материалдық немесе рухани мәдениетінің элементтерімен, оның тарихымен, наным-сенімдерімен, әдет-ғұрыптарымен, халық өмір сүретін табиғи-географиялық ортасымен байланыстыру арқылы анықталады. Біз тақырыпқа қатысты еңбектерді зерделеу барысында, зооморфизмдер белгілі бір халықтың тілі мен мәдениетінің ерекше және ортақ белгілерін анықтаудың теориялық негізін ғылыми зерттеуге мүмкіндік береді деген зерттеушілердің тұжырымына қосыламыз [8, 1]. Демек, зооморфизмдер белгілі бір ұлт тіліндегі моральдық, этикалық және әлеуметтік сипатты танытумен қатар, сол тілдегі мәдени ақпаратты тасымалдаушы бола алады. Түркі тілдерінде зооним компонентті тұрақты тілдік бірліктер өте көп. Сол арқылы түркі мәдениеті, түркілік болмыс, түркі дүние бейнесі туралы мәлімет жинақталады.

### **Зерттеу нәтижелері және талқылау**

Жануарлардың өзіне тән бейнелері мен айрықша белгілерінің арқасында зооморфизмдерді қолданудың ерекшелігі бар. Оларды кеңінен қолдану экспрессивтілік, эмоционалдық, бағалаушылық мәндерді көрсетумен қатар ұлт мәдениетінің, тарихының, әдет-ғұрыптары мен рухани құндылықтардың тілдік көрсеткіші болуымен маңызды. Кейбір зоонимдер түркі тілдерінде әр түрлі денотативті мағыналарға ие болуымен қатар, бірдей немесе ұқсас метафоралық мағыналарға да ие болуымен ерекшеленеді. Ғалым Г.Смағұлованың айтуы бойынша «ол ұғымдар бір күн немесе бір жылдың ішінде тумайды. Көп уақыт өте келе, салыстырмалы ұғым дами келе, адамдар әбден танып білген соң, ұқсату заңдылығымен метафора арқылы балама ойдың екінші атаумен жарыққа шығады» [9, 224]. Осыған байланысты фразеологиялық бірліктер зооморфизмдерді түсіндірудің мәдени көзі болып табылады.

Академик Ә.Қайдар «Адамды «тек» жағынан жануармен жақындастырған тіл иесі бір жағынан жануарлар әлемін, екінші жағынан, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасын, өмірдің әрқилы жағдаяттарындағы іс-әрекет, қимыл-қылығын бақылаудың нәтижесінде олардың арасында көптеген ұқсас, ортақ тұстардың бар екендігін танып пайымдады», - дейді [10, 215]. Адамның сыртқы түр-тұлғасын, ішкі жан дүниесін, мінез-құлығын, көңіл-күйін, іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын сипаттап, бейнелеп, суреттеп атауда түркі халықтарының тілдік бейнелер қазынасының қомақты бөлігі жануарлар әлемінен алынған образдар үлесіне

тиеді. Мәселен, қасқырдың қолға ұстап, үйретуге келмейтін тағылығын көрсетумен бірге тіліміздегі «қасқыр жүректі», «қасқырдай өжет», «көкжал бөрідей» деген фразалар адам бойындағы ештеңеден қайтпайтын, батыл, қайсар, жүрек жұтқан деген қасиеттерін суреттесе, «қасқырдың артқы сирағындай жек көрді», - «иттің етіндегі жек көрді немесе қатты жек көрді және «қасқырмысың сен», «қасқырша анталамай ары жүр», «қасқырдай қу» деген тіркестер халықтың танымындағы қасқырдың екінші мағыналық қасиетіне байланысты туындаған.

Қасқыр зооморфизмі түрік тілінде бір жерді жақсы білетін немесе бір нәрсені жақсы білетін адам және өз ісінің маманы, білгір деген мағыналарда қолданылады. Сөздіктегі сипаттамасына назар аударсақ:

Bir yeri, bir şeyi iyi bilen// İşini iyi bilen, aldanmayan, kurnazlık yaran:"Deminden beri sus pus olmuş, fırsat bekleyen kurt müşterilerin ilk defa sesi duyuluyor." - Haldun Taner.

*Aç kurt gibi:* büyük bir istekle (сөзбе-сөз: аш қасқырдай) мағынасы *аш қасқырдай, азулы, ашулы;*

*Kurt gibi:* işini bilen, girişken (kimse) (сөзбе-сөз: қасқыр сияқты) - мағынасы: *өз ісінің маманы* (TDK DS).Салыстыру – бұл адамның, заттың, жануардың, табиғат құбылыстарының және т.б. бейнелі сипаттамасы үшін жануарлардың атауын қолданудың ең көп таралған түрі, бұл адамның іс-әрекетімен, оның өмірлік тәжірибесімен байланысты, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін, қасиеттерін, мінез-құлқы ерекшеліктерін көруге және оларды жануарлардың ерекшеліктерімен, қасиеттерімен, күйімен, мінез-құлқымен байланыстыруға мүмкіндік береді. Ғалым Ц.Ц. Огданова «зооморфтық метафоралар айқын және тұрақты коннотацияларға ие. Бұл метафоралардың мақсаты – адамға қатысты бағаланатын мағынаға ие кейбір белгілерді жатқызу, өйткені адамға жануарлардың белгілерін беру экспрессивті-бағалау коннотацияларын білдіреді», - дейді [2, 104]. Ал зерттеуші Edith Gülçin Ambros: зооморфизм мен антропоморфизмді бір-бірінен ажыратудың мүмкін еместігін айтады [11, 127]. Ал ғалым Г. Сағидолда табиғатпен үйлесімділікте өмір сүре білген көшпенділердің «жорғалаған тышқаннан жортқан жыртқышқа дейінгі» барлық тіршілік иесін жете танып білуін былайша тұжырымдайды: «...олардың тіршілік тынысын өзінің рухани тірлігімен салыстырған, одан ортақтық тауып қорытынды шығара білген табиғи сұңғылалығы «Адам: Табиғат» аралық қатыстылықты тілінде сипаттап-суреттеп жеткізудің эстетикалық-символдық және лингводидактикалық тұғырына алынады» [12, 208].

Зооморфизмдер арқылы адамға қатысты сипаттамалар бойынша метафоралық мотивациясының ең көп таралған модельдері мынадай: *жануардың сыртқы түрі* → *адамның сыртқы түрі*; *жануарлардың әрекеті* → *адамның әрекеті*, *жануарлардың мінез-құлқы* → *адамның мінез-құлқы*. Зооморфтық мотивацияның аталған модельдері түркі тілдерінде әртүрлі сипаттамаға ие болуы мүмкін. Зооморфизмдердің семантикалық құрылымы олардың мағыналарын іске асырудың функционалды бағытын анықтайды.

Талдауға алынған тілдік деректер үшін бастысы-экспрессивті және бағалауыштық сипаттағы функциялар, сондықтан зооморфизмдер коннотативтер болып табылады. Адамның бет-әлпет, дене бітімінің, жас ерекшелігіне байланысты сыртқы түр-тұрпаттағы өзгерістердің коннотативтік мінездемесі мен жалпы физиологияның бейнелі сипаттамасын жасауда жан-жануарлар, құс, өсімдік атаулары мен тұрмыстық зат атауларының айрықша белсенділік танытуын табиғатпен біте қайнасып, үндестікте тіршілік кешкен халқымыздың көшпелі өмір салтымен, тұрмыстық мәдениетінің өзіндік ерекшелігімен түсіндіруге болады.

Түйе малы түркі халықтарының өмірінде бірнеше ұғымдық коннотацияны қалыптастырғанын тілдік деректерден көруімізге болады. Түйе малының көзі үйренген дағдылы қасиеттері мен ерекшеліктеріне қарай түйені тұрақты тіркес жасауға эталон, символ ретінде қабылдаған. Қазақ, түрік тілдерінде түйе зооморфизмінің адамның мінез-құлқын сипаттауына назар аударсақ: *түйе үстінен сирақ үйтіп; түйе үстінен ит қапқан* – ебедейсіз, болбыр адам; Мысалы, қазақтың шешендік сөздерінде: *Жақсы туған баланың атасы жаман болса да, Төрде отырып сый табар. Жаман туған баланың атасы жақсы болса да, Түйе үстінен ит қабар* (Шешендік сөздерден). *Бір күн бие, бір күн түйе* - жағымсыз мінез; *сөзі түйеден түскендей* – дөрекі сөз; *түйенің жарты етіндей* – шектен тыс семіздік; *үстінен түйе жүріп өтсе де* – маубас, момындық. *Үстінен түйе жүріп өтсе де, селт етпейтін жігіттің бар бітім болмысы Пістекүлді қызықтырған да* (Д.Исабеков). *Сөздерін көрдің бе, - деді Қарекен іштей. Түйеден түскендей-ау, түйеден* (Д.Исабеков).

Түрік тілі бойынша: *deve dişi gibi* (сөзбе-сөз: түйенің тісіндей) тіркесінің түрік тілінің фразеологиялық сөздігінде екі түрлі мағынасы көрсетілген: 1) *iri görünüşlü*; 2) *sıradan olmayan, tanınmış, güçlü*; *deve gibi* (сөзбе-сөз: түйедей немесе түйе сияқты): 1) *uzun boylu* (ұзын бойлы); 2) *hantal* (көлемді); *deve kuşu gibi* (*yüke gelince kuş, uçmaya gelince deve*) (түйе құсындай) *uygun şartlarda terslik çıkarana* (қолайлы жағдайда да теріс әрекет жасайтын адам туралы); *deve nalbanda bakar gibi: alay hiç görmediği, bilmediği bir şeye bakar gibi* (бұрын-соңды көрмегендей қарау) (TDK DS). Екі тілдегі түйе зооморфизі бойынша мысалдардың семантикалық мазмұнына қарасақ, адамның семіздігін, ірілігін, ебедейсіз, болбыр, момындығын сипаттауда қолданылады, яғни тілдік деректер бойынша ортақ уәж байқалады.

Адамның қасиеттері көбінесе малға қарасты, мал бойында кездесетін қасиеттерге ұқсатылған. Бұған қарағанда төрт түлік мал, әсіресе, адамның ішкі жан дүниесі, бір-біріне деген көзқарасы сияқты. Осы орайда Г.Смағұлованың мына пікірі ойымызды одан әрі дәлелдей түспек. «Адамдық қасиет мінез-құлық, жүріс-тұрыс ертеңнен қара кешке дейін малмен көз ашқан ұлттың мәдени тіршілігінде осындай ұлттық-мәдени мен оның семантикалық қырларынан көрінуі заңды» [9, 225].

Мәселен, түрік тілінде үлкен күшке ие жануарлардың бейнелері арқылы адамның зооморфтық номинацияларындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көруімізге болады: *öküz* (бұқа) зооморфизмі арқылы

түріктерде физикалық тұрғыдан адамның күшті, мықты тұстары айтылса, ал келесі бір қолданыста, мәселен, *öküz gibi/öküz kafalı/öküz arabası gibi* деген тіркестердежануардың мінез-құлқына байланысты ақымақ мағынасындағы бейнелі сипаттауды береді. Бұл жерде ассоциация бұқаның белгілі бір нәрсеге түсініксіз, ақымақ көрінісіне негізделген. Аталған мағынатүрік тілінің "*öküzün trene baktığı gibi bakmak*" (сөзбе-сөз: өгіздің пойызға қарағанындай қарау) фразеологизмінде көрініс тапқан, сондай-ақ түрік жастарының коммуникативтік қатынасында *öküz* зоонимінің ақымақмағынасынан басқа, "дөрекі, әдепсіз адам" (жігітке қатысты) мағынасында қолданылуы жиі кездеседі. Демек, бұқа көбіне-көп жағымсыз адам бейнесін сомдауға, жайсыз іс-әрекеттерді суреттеуге қатысады.

Түрік, өзбек тілінде *ауі, айиқ (аю)* – мықты, күші басым, алып мағынасынан басқа ақылы таяз адам бейнесін сипаттауда жиі қолданылады. Мысалы: түрік тілінде: *Ауі, ірі cüsseden doğan kuvvetin, zarafetten yoksunluğun, kötü hareketli insanın simgesi gibi görülmüştür*; өзбек тілінде *айиқдай бақувват* (сөзбе-сөз: аюдай мықты) және *айиқдай бефахм одам* (аюдай ақылсыз) деген қолданысынан аю зооморфизмінің позитивті және негативті қолданысын көруімізге болады (ЎТИФЛ), ал қазақ тілінде *аюдай қорбаңдау* фразеологиялық теңеуі аюлардың қорбаң жүрісін ебедейсіз «аузынан сөзі, қойнынан бөзі» түскен адамға қатысты қолданылады.

Адам бойындағы қыңырлық, қырсықтық қасиетті сипаттауда түрік тілінде *ешкі, есек*; өзбек тілінде *есек*; ал қазақ тілінде *сиыр, өгіз, ит* зоонимдері қолданылғанын тұрақты сөз тіркестерінен байқауымызға болады: түріктерде *eşek inadı* (сөзбе-сөз: есектің қыңыры), *keçi gibi inatçı* (сөзбе-сөз: ешкідей қырсық); өзбек тілінде *ешакдай қайсар*(сөзбе-сөз: ешкідей қырсық); қазақ тілінде: *сиыр мінез, аузын бұған өгіздей, ит мінез*. Демек, түрік тілінде есек зооморфизмі қыңырлық, қырсық мінездің бейнелі мағынасы болса, қазақ тілінде есек семасымен келетін тіркестер де адамның бойындағы түрлі қасиеттердің бағасын береді. Есек ақымақтық пен топастықпен қатар, жуастық (*есектен де жуас*), аңқаулық (*зәңгі есек*) мағынасында жиірек қолданылады. Мысалы: «*Есектен де жуас боп, Қолынан түсті таяғы*» (І. Жансүгіров).

Зерттеуші М.Т. Жұбанышқызы жануарлардың ауыс мағынада қолданылуын былайша түсіндіреді: «...дүниедегі алуан түрлі құбылыстар жөніндегі түсінігін халық өзін қоршаған ортадағы танымына етене жақын, ертеден танымал ұқсас бейнелер арқылы білдіретіні мәлім. Тілдегі қандай да бір сөздің мағынасында таным объектісі болып отырған болмыстың ерекше сипатын білдіретін элементтер қаншалықты басым болса, сол болмысты осы сөздің көмегімен бейнелеу мүмкіндігі соншалықты арта түспек», - дейді [13, 9].

Мінезі нашарадамның прототиптік образы ретінде қазақ тілінде *ит* коннотаттық семасы алынып, *ит мінезді* аталса, әлсізге әлімжеттік қылатынадам туралы да *ит (таз) ашуын тырнадан алады* дейді. Сол сияқты, бет – аузын, басын, шашын қайта – қайта сипап, сәнденіп әлекке түсетін

сәнқойлардың қылығы *жарасын жалаған итпен* бағаланады. Ал, өзінің мықты тірегіне, күшті туыстарына сеніп, шүйкедей бойына қарамай, түйедей адамдарға жұдырық жұмсайтын оспадар мінезді, шолақ ақылды тентек адамның қылық – әрекеті *түйеге жармасқан иттің* әрекетімен ассоциацияланады. Оған қоса, *итке тұмар жараспас* деп оны келемеждеп де отырған. Сонымен қатар тілімізде кездесетін *қара ит те пайғамбарға абалады* тіркесі надан адам надандығын көрсетпей тұрмады дегенді білдіреді, яғни қандай жағдай болмасын адамның шынайы болмысы көрінеді. Енді осы тіркестегі мәдени кодқа назар аударсақ: *Ежелгі аңыз бойынша Мұхаммед пайғамбарға абалап үрген итке: «бұл пайғамбар емес пе» дегенде, ит «өзім де білем, бірақ ит атым ұмытылмас үшін үріп тұрмын» деп жауап берген екен* [14, 153]. Жалпы тілімізде ит коннотаттық семасымен келген тұрақты сөз тіркестерінің кей жағдайда жағымды бағасы да көрініп отырады. Мәселен, тілімізде кездесетін *ит жанды* тіркесі адамның шыдамды, төзімді қасиетін көрсетеді. Демек, ит зоосемасымен келетін фразеологиялық коннотацияда оппозициялық бағалауды көруімізге болады. Салыстырайық: *ит жанды* (шыдамды) – жағымды баға, *иттен жаралған* (топас, түк көрмеген) – жағымсыз баға.

Түрік тілінің тілдік деректерін қарастыратын болсақ, ит зооморфизмі көбінесе жаман ниетте немесе ашуланғанда айтылатын қарғыс мәнді сөз ретінде қолданылады: *Aşağılık niyetlerde yaltaklanan veya kötü olan kimse için kullanılan bir sövgü sözü: Ben bu ite çattığıma bin pişman oldum. Bu köpekten de aşağı köpeğe uyma." Yaşar Kemal. Kedi ile köpek gibi* (сөзбе-сөз: ит пен мысықтай): *birbirleriyle geçinemeyen, anlaşamayan kimseler için söylenen bir söz* (ТДК DS). Ит пен мысықтай тіркесінің екі тілдегі семантикалық мазмұны ортақ уәждемеге негізделген, яғни бір-біріне өш, өштес, аңдысып өтер жау мағынасында қолданылады. Мысалы, *Неге екенін білмеймін, ағамның Шойтыққа жұлдызы қарсы, екеуі ит пен мысықтай, - деді Жұмаш (Н. Серғалиев) (ҚТФС)*. Өзбек тілінде ішімдікке салынған немесе ішімдікті көп ішкен адамды сипаттауда *итдай/молдай ичмоқ* (сөзбе-сөз: иттей/мал сияқты ішу) тіркесі: *Новча бўлса-чи, нодону молтабиат чиқса ҳам майли, тўнкалик қилсаям марҳамат, ҳар кун итдек ичиб келиб тепкиласаям —бош устига!* (Э. А зам. *Пақаннинг ошиқ кўнгли*) және қарны қатты ашқан, ашыққан адамды сипаттауда да *итдай оч* (сөзбе-сөз: иттей аш) тұрақты тіркесі қолданылады. Мысалы, *Вой, аканг айлангурлар-ей, итдек очқаганга ўхшайсизлар-ку, – деб ачинганнамо бош тебратди Мутал-майнавоз (А. Обиджон. Мешполвоннинг жанглари) (ЎТИФЛ)*.

Демек, талдау негізінде түркі дүние бейнесінде зооморфизмдердің ортақ және ерекше мәндерінің болуы да анықталды. Кез келген тілдегі зоонимнің метафоралық мағынасы белгілі бір әлеуметтік ортада қалыптасатынын және оның тілге сіңіру процесі белгілі бір тарихи, әлеуметтік, саяси және мәдени жағдайларға байланысты екенін көре аламыз. Өзбек ғалымы Д.К. Бахромова антропоморфизмнің негізгі объектісі адам және ол бағалау қасиетіне ие бола отырып, оң және теріс сипаттамаларды көрсететінін дәлелдейді. Зооморфизмдер туыс тілдер немесе



құрылымы әр түрлі тілдер бойынша семантикалық жағынан әр түрлі немесе кей жағдайда ортақ уәжі де болуы мүмкін [15, 42]. Адамның сыртқы келбетін, ішкі жан-дүниесін, мінез-құлқын, іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын, көңіл-күйін т.б. білдіретін зооморфтық бейненің негізі халықтың ақиқат дүние туралы білімдер жүйесінен хабар береді. Мұны «жануарлар әлемімен байланысты түркі тілдерінде қалыптасқан әрбір сөз, сөз тіркесі, тақырыпқа сай мәтіндер түркілік мәдениет семантикасының көрсеткіші, яғни «мәдениет элементі» қызметін атқаруымен» байланыстыра аламыз [16, 218].

### **Қорытынды**

Жалпы алғанда, әлем туралы, өзін қоршаған дүние туралы көзқарасын адам білімі мен біліктілігі, өмірлік тәжірибесі арқылы қалыптастырады. Осы тұрғыда түркі тілдеріндегі зооморфизмдер тілдік тұлғаның әлемді қабылдауы және бағалауы, өмірлік құбылыстар туралы білім-түсінігінің көрсеткіш нәтижесінен туындаған. Олардың бойында адамға қатысты сипаттамалар (мінез-құлқы, өзін-өзі ұстауы, іс-әрекеті) ғана емес, ұлттың рухы мен салт-дәстүрлері қоса сипатталған мәдени ақпарат бар. Ұлттық-мәдени сипат беретін мәдени ақпарат мағыналық бірліктердің ішкі формасында сақталады. Ұлттық тіл семантикасында бекіген образдар жүйесі тілдегі мәдени ақпараттың негізі болмақ. Нәтижесінде зооморфтық кодтар мәдени-ұлттық коннотация мазмұнын құрайды.

Зооморфизмдерді коннотативті сөздер ретінде қарастыруға болатынын көрсетті, өйткені олардың мағыналарында зоонимдердің коннотациялары жүзеге асырылады. Метафоралық сипаттама үшін жануар атауын пайдалану сипатталатын тұлғаның қасиеттерін және жануардың (нақты немесе ойдан шығарылған) қасиеттерін салыстыруға негізделген. Зооморфизмді мәдени түсіндіру көзі ретінде талданған фразеологизмдер тілдің ұлттық-мәдени ерекшелігінің ең жарқын көріністерінің бірі болып саналады. Олардың көпшілігі өздерінің ішкі формаларында халықтың өмір сүру жағдайлары мен тарихи даму ерекшеліктерінен туындаған әлеуметтік-мәдени ерекшелікті көрсетеді. Зооморфизмдер түркі дүние бейнесін таныта алатын және лингвомәдениеттану тұрғысынан лингвомәдени бірлік деген қорытынды жасаймыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Брагина Н.Г. *Фрагмент лингвокультурологического лексикона (базовые понятия)*. Фразеология в контексте культуры. М.–1999.–С.131-138.
2. Огданова Ц.Ц. *Зооморфная лексика как фрагмент русской языковой картины мира*: дисс. канд. филол. наук. М.: РГБ, 2005. – 162 с.
3. Телия В.Н. *Русская фразеология. Семантический, прагматический аспекты*. М.: Языки русской культуры, 1996. – 288 с.
4. Michta K. *Jacques Derrida and zoomorphism: an inquiry // „Przestrzenie Teorii” 28. Poznań 2017, Adam Mickiewicz University Press, pp. 193–201.*

5. Әбуханова А. Ғ., Ағымеддуллаева, Н.Б. *Ағылшын және қазақ тілдеріндегі зоонимдік метафоралардың когнитивтік сипаты* // БҚМУ Хабаршысы №2 (66) – 2017. –175-182 бб.
6. Омер Б. *Зооморфные образы в русских пословицах и поговорках: лингвокультурологический и лексикографический аспекты*: дисс. канд. филол. наук. Смоленск, 2016. – 174 с.
7. Ильяс У. *Зооморфная метафора, характеризующая человека, в русском и турецком языках*: дисс. канд. филол. наук. Екатеринбург, 2004. – 172 с.
8. Norkuzieva D. *National and Cultural Features of Zoomorphic Systems* // Texas Journal of Philology, Culture and History №17 2022. p. 1-4.
9. Смағұлова Г. *Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері*: монография. Алматы: «Елтаным» баспасы, 2010. – 244 б.
10. Қайдар Ә. *Қазақ тілінің өзекті мәселелері*. Алматы, Ана тілі, 1998. – 308 б.
11. Edith G.A. *Hayvanbiçimcilik (Zoomorfizm), Hayvanlarla İmave İnsanmerkezcilik: XVII. Yüzyıl Osmanlı Edebiyatında Hayvanlar ve İnsanlar* // 17. Yüzyıl Işığında Osmanlı. Editörler: Hanife KONCU (Prof. Dr.) - Nuri Seçgin. İstanbul: DBY Yayınları, 2022. – 759 с.
12. Сағидолда Г. *Түркі-моңғол дүние бейнесінің тілдік фрагменттері*. Астана, Сарыарқа, 2011. – 304 б.
13. Жұбанышқызы М.Т. *Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік фразеологизмдердің коннотативтік семантикасы*: филол.ғ. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2005. – 31 б.
14. *Қазақ тілінің лингвомәдени сөздігі: этносемантикалық талдау*. Құр.: Н. Уәли, Р. Шойбеков, Н. Әлімбаев, т.б. – Алматы: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейі, 2022. - 268 б.
15. Бахронова Д.К. *Антропозооморфизмларнинг семантик ва лингвокультурологик хусусиятлари (ўзбек ва испан тиллари материалида)*: фалсафа доктори PhD дисс. автореф. Тошкент, 2017. – 48 с.
16. Раева А., Жылқыбай Г. *«Тіл және мәдениет» контекстінде түркі тілдерін үйретудің маңызы (қазақ және түрік тілдерінің оқулықтары бойынша)* // Яссауи университетінің хабаршысы. - №2 (124) 2022. Б. 207-220.

#### **Лексикографиялық дереккөздер және олардың қысқартылуы:**

1. Кеңесбаев І. *Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі*. Алматы, Арыс 2007, - 800 б. - ҚҚФС
2. Рахматуллаев Ш. *Ўзбек тилининг изоҳли фразеологик луғати*. Тошкент: Университет, 1978. — 406 б.- (ЎТИФЛ)
3. TDK Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü. <https://sozluk.gov.tr> – TDK DS

**ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР ҮШІН ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ  
ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ  
(КӘСІБИ ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІ)**

**SPECIFIC FEATURES OF LANGUAGE TEACHING FOR  
TECHNICAL SPECIALTIES  
(PROFESSIONAL KAZAKH, RUSSIAN AND ENGLISH  
LANGUAGES)**

*Кенжетай Омаровна ЖЕКЕЕВА\**  
*Карлығаш Мауеновна ХАМЗИНА\**

**Аңдатпа**

Мақалада ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі аутенталды мәтіндерді дайындау үшін түпнұсқа мәтіндерді таңдау қағидаттары: ең жаңа ғылыми-техникалық ақпараттардан тұратын мәтіндерді таңдауды қамтитын жаңалық қағидаты, деректер, жаңалықтар қарастырылған. Сенімді дереккөздерден ғылыми-техникалық ақпараттық мәліметтер ұсынылатын мәтіндерді таңдауды болжайтын ғылыми сипат қағидаты көрсетілген. Тіл оқушының ана тілі мен лексикалық-грамматикалық және логикалық-композициялық күрделіліктің тиісті көлемі мен деңгейіндегі түпнұсқа мәтіндерді таңдауды көздейтін шет тілін білу деңгейінің әсерін ескеру принциптері сарапталған. Қазақ тілін орыс және ағылшын тілдерін ұштастыра отырып оқыту тәсілі ескерілген.

**Түйін сөздер:** теңтүпнұсқалы мәтін, мамандық тілін оқыту, ағылшын тілі, орыс тілі, қазақ тілі, ғарыштық техника және технологиялар, ғарыштық инженерия.

**Abstract**

The article discusses the principles of selection of original texts for the preparation of authentic texts in English, Russian and Kazakh languages: the principle of novelty, data, News, which includes the selection of texts containing the latest scientific and technical information. The principle of scientific nature is outlined, which presupposes the selection of texts in which scientific and technical information data are presented from reliable sources. Language the principles of taking into account the influence of the student's native language and the level of knowledge of a foreign language, which provides for the selection of original texts

---

\* Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты

\* Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, jako199473@mail.ru, ORCID: 0000-0001-5385-6185

of the appropriate volume and level of lexical-grammatical and logical-compositional complexity, are analyzed. The approach to teaching the Kazakh language in combination with Russian and English is taken into account.

**Keywords:** authentic text, specialty language teaching, english, russian, kazakh, space technologies and technology, space engineering.

### **Кіріспе**

Соңғы жылдары шет тілдерін оқыту әдістемесіндегі шынайылық мәселесіне көп көңіл бөлінуде. Мақалада Қазақстанның техникалық университеттерінде арнайы мақсаттағы тілдік пәндерді оқыту тәсілдерінің өзгерістері көрсетілген, оның ішінде «Ғарыштық техника және технологиялар» және «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» білім беру бағдарламалары үшін ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі оқулықтар мәтіндерін дайындау үшін түпнұсқа мәтіндерді таңдау принциптері қарастырылды. Түпнұсқа мәтіндердің заманауи көздері көрсетілген.

Қазіргі Қазақстан – бұл Орталық Азияның экономикалық, ғылыми-техникалық ландшафтына елеулі әсер ететін қарқынды дамып келе жатқан мемлекет. Міне, жұмыс істеп жатқан Байқоңыр ғарыш айлағы, ол жерден ғарышқа алғашқы адам ұшты және қазіргі уақытта әсерлі ғарыштық жобалар жүзеге асырылуда. Қазақстанның орналасуы – Еуразияның жүрегі, мәдениеттер тоғысы. Дәл осы жерде әртүрлі өркениеттердің тілдік әсері айқын байқалады. Бүгінгі таңда Қазақстанда үштілділік саясаты жүзеге асырылуда: елде үш тіл қолданылады – мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілі, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілі және халықаралық тіл ретінде ағылшын тілі. Тіл саясаты Қазақстандағы білімге үлкен әсер етеді. Сондықтан Қазақстанның үш негізгі тілін оқыту проблемалары, әсіресе жоғары технологияларға байланысты мамандықтарды зерттеу саласында бірінші кезектегі мәселе болып табылады.

Инженерлік мамандықтар бойынша маманның сапалы кәсіби дайындығының маңызды шарты – мамандық тілін, кәсіби сөйлеуді меңгеру. Сондықтан «Кәсіби бағытталған қазақ тілі», «Кәсіби бағытталған ағылшын тілі» және «Кәсіби бағытталған орыс тілі» сияқты пәндерді оқытудың маңызы өте зор.

Болашақ маман өзінің ғылыми бейініне сәйкес ғылыми мәтінді тез және түсініп оқып, оның жалпы мазмұнын ауызша немесе жазбаша түрде көбейтуі керек. Сонымен қатар, студенттерге кәсіби тақырыптар бойынша сұхбатты еркін жүргізе білуге, олардың кәсіби құзыреттілігі шеңберінде әр түрлі стильдер мен жанрлардың мәтіндерін құра білуге үйрету маңызды. Бұл оқушыны дайындаудың маңызды бөлігі және білімді маман тәрбиелеу нәтижесі.

Соңғы уақытқа дейін Қазақстандық жоғары оқу орындарында мамандықтың ғылыми стилі мен тілі оқытылмады. Бұл маман инженердің кәсіби шеберлігі тізіміне енбеген. Бұл мәселені шет тілінде өз мамандығын игерген студенттер ерекше сезінді. 2012 жылдың қыркүйегінен бастап

«Кәсіби қазақ тілі», «Кәсіби бағытталған ағылшын тілі», «Кәсіби орыс тілі» пәндері енгізілді. Бұл дер кезінде жасалған қадам болды және студенттердің мамандық тілін меңгеру қарқынын едәуір жеделдетті.

Оқытушылар үшін осы жаңа оқу пәндерінің пайда болуы қиынға соққаны анық. Оларға ғылыми-техникалық сөйлеу саласындағы білімін кеңейтуге және тереңдетуге, ғылыми коммуникация үшін кейбір іргелі мәселелерді зерттеуге тура келді: ғылыми-техникалық мәтіннің ерекшеліктері, ғылыми-техникалық тіл грамматикасының ерекшеліктері, ғылыми-техникалық лексика мен терминологияның ерекшеліктері, ғылыми-техникалық сөйлеу фразеологиясының мәселелері және т.б. филологиялық емес университетте техникалық мамандықтар тілін оқытудың өзіндік ерекшелігі бар екеніне біз өз тәжірибемізден көз жеткіздік.

Мамандық тілін оқытудағы негізгі бөлім ғылыми-техникалық мәтін болып табылады. Бұл бірқатар фундаменталды лексика-семантикалық шектеулерге ие, ерекше грамматикасы бар, ерекше композициялық және жанрлық ерекшеліктері бар мәтіннің ерекше түрі. Мұнда жалпы тілдің және тиісті мәтіндік құралдардың басқа жиынтығы берілген. Міне, біз тек ғылыми мәтінді емес, мамандықтың тілі жүзеге асырылатын мәтінді зерттеп отырмыз. Бұл жағдайда біз түпнұсқа мәтіндерге ерекше назар аударамыз.

Мамандық тілін зерттеу барысында шынайы мәтінді қолдану мәселесі жоғары оқу орындарының лингводидактикасында ерекше орын алады, көптеген зерттеушілер бұған назар аударады [1], [4]. Оқу мен тыңдауды оқытуда мамандандырылған мәтіндер түпнұсқасы басымдыққа ие. Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті үшін бұл өте маңызды, өйткені 2016 жылдан бастап университетте қазақ, ағылшын және орыс тілдерін ғылыми-техникалық байланыс тілдері ретінде меңгеруді көздейтін үштілді білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Түпнұсқа мәтін деп біз қысқартуға болатын, бірақ студенттердің тілдік дайындығын ескере отырып, мазмұны мен құрылымын жеңілдету ретінде бейімделмеген мамандандырылған көздерден (бұл жағдайда ғарыштық техника, ғарыштық технологиялар мен технологияларға қатысты дерек көздерінен) оқуға жатпайтын мәтінді айтамыз [3].

Мамандандырылған мәтін – арнайы мақсаттағы тілді оқытудағы негізгі бірлік. Ол үшін университетіміздің тіл білімдері кафедрасының оқытушылары арнайы мәтіндік жаттығулар дайындайды. Олардың фонетикалық, лексикалық және грамматикалық жаттығулардан айырмашылығы – сөйлеу әрекеті нәтижесінде мәтінге баса назар аударылады. Мәтіндік жаттығулардың лингвистикалық негізін қазіргі мәтін теориясы, сөйлеу теориясы және мәтін синтаксисі құрайды.

Аудиторияда студенттер мамандық бойынша дайын шынайы мәтіндермен жұмыс істейді: мәтінді тілдік талдау, мәтіннен суперфразалық бірлікті шығару және олармен жұмыс, мәтінде кездесетін тілдік бірліктерді олардың мағынасы мен қолданылуы тұрғысынан талдау, мәтінді түрлендіру

(қысу, прогрессия), жоспарларын құру, мәтінді қайта баяндау және жазбаша ұсыну.

Сонымен қатар студенттерге мәтінді өз бетінше құруға, оның тақырыбын анықтауға, эссе, реферат, т.б. Мысалы, белгілі бір мәтін түріне (сипаттама, баяндау, пайымдау), стильге (ғылыми-көпшілік, нақты ғылыми, ғылыми және білім беру) және жанрға (мақала, сұхбат және т.б.) эссе жазу ұсынылуы мүмкін. Мәтіндер ауызша және жазбаша түрде, дәрісханада немесе үй тапсырмасында, ұжымдық немесе жеке жұмыс үшін қолданыла алады [2].

Оқу-әдістемелік оқулықтарды дайындауда оқытушылар шынайы мәтіндерді таңдаудың қандай принциптерін ескеруі керек?

1. Жаңалық принципі «Ғарыштық техника және технологиялар» және «Ғарыштық инженерия» мамандықтарының 1-2 курс студенттерінің түсінуі үшін қол жетімді ғылыми және техникалық ақпараттарды қамтитын мәтіндерді таңдауды көздейді.

2. Ғылыми қағида сенімді дереккөздерден алынған сенімді ғылыми-техникалық ақпаратты қамтитын мәтіндерді таңдауды көздейді.

3. Студенттің ана тілі мен лексикалық-грамматикалық және логикалық-композициялық күрделіліктің тиісті көлемі мен деңгейіндегі шынайы мәтіндерді таңдауды көздейтін шет тілді меңгеру деңгейінің әсерін ескеру принципі.

4. Пәнаралық байланысты ескеру принципі, бұл студенттердің тілдік курстармен қатар оқыған пәндерінің материалымен үйлесімді мәтіндерді іріктеуді көздейді.

Жоғарыда аталған қағидаларды қанағаттандыратын шынайы мәтіндердің қайнар көздері NASA, ESA, Роскосмос [9] сияқты ұйымдардың сайттары, Қазақстан Республикасы Цифрлық Даму, Қорғаныс және Аэроғарыштық Өнеркәсіп Министрлігінің Аэроғарыш комитетінің сайты [6] және т.б. Ғарышты игеру саласындағы патенттері бар мәліметтер базасы тамаша көздер болды: Web of Science [8], Қазақстандық патенттік мәліметтер базасы [7] және т.б.

Мамандықтың тілін оқып-үйрену барысында тыңдау барысында студент түйінді сөздерді танып, негізгі идеяны түсінуі керек, мағынаны білдірудің вербалды емес құралдарына (мимика, ым-ишара, интонация) назар аударуы керек, алынған ақпаратты өзінің білімімен байланыстыруы, естімеген немесе түсініксіз сөздердің мағынасын болжауға тырысуы керек. Контекст бойынша, естігендерін (жазбаша немесе оның ойында) өзі түсінетін сөйлемдерге тұжырымдауы керек. Мұндай жағдайларда студенттерге өзі оқып отырған тілде диктант мәтіндері ұсынылады.

Жоғарыда айтылған барлық жайлар оқытушының сабақты тыңдаумен өткізуге дайындығын білдіреді.

Техникалық университет студенттерін кәсіби қызметке даярлау жүйесінде диалогтық немесе монологтық формаларда болуы мүмкін ауызша кәсіби қарым-қатынасты оқыту ерекше орын алады.

Кәсіби саладағы монологтық сөйлеудің екі түрі болуы мүмкін: алдынала белгіленген мазмұнмен (мақала, монография, диссертация, дәріс және т.б.) және стихиялық (пікірталас, полемика). Сөйлеу формасы ретінде монолог оқу мен сөйлеуге байланысты. Мұнда студенттер мәтінді қалыпты қарқынмен оқу үдерісінде жеке сөйлемдердің мазмұнын түсінуі керек (мысалы, слайдтан), бірінші презентациядан бастап дәйекті мәтіннің мазмұнын түсінуі керек, мазмұнды жылдам қарастырып, ашылатын тақырыпқа қатысты нәрсені табуы керек, мәтін мазмұнын қысқаша жазып, оның мазмұнын беруі керек.

Кәсіби қарым-қатынас саласындағы тыңдау есту қабілеттерін дамытуды қамтиды, өйткені кәсіби сөйлеу тек оқуға ғана емес, сонымен бірге тыңдалған материалға да негізделген. Университетте оқытудың жетекші түрлерінің бірі-дәріс. Арнайы дәрісті тыңдау үдерісінде студенттер ықтималдылықты болжау, ішкі сөйлеу, семантикалық бағдарлау, эквивалентті ауыстыру, есте сақтау механизмдерін қолданады. Сондықтан біздің университетке арнайы қонақтар, тіл иелері шақырылады, олар дәрістер оқып, кәсіби тақырыптар бойынша әңгімелесулер өткізеді. 2019 жылдың 5 қарашасында Алматы энергетика және байланыс университетінде Ғұмарбек Дәукеев атындағы жылжымайтын мүлік «қонақ дәрісі» жобасы аясында «Қазақстан Республикасындағы ғарыш саласының дамуындағы Байқоңырдың орны» тақырыбында дәріс өткізілді. Дәрісті орыс тілінде "Байқоңыр" кешеніндегі «Бәйтерек» ҒЗК БК АҚ филиалы директоры – Бас директордың орынбасары (2007-2010 жж.), «Қазақстандық ғарыштық технологиялар ғылыми техникалық орталығы» бас директоры (2010-2012 жж.) Александр Эдуардович Таряник жүргізді. Ол Байқоңыр кешені, Қазақстандағы ғарыш саласының дамуы, ғарыш зымыран кешендерінің мақсаты мен құрамы, ғарыш қызметтерінің әлемдік нарығындағы жағдай, тәжірибе алмасу қажеттілігі, өзінің қоғамдық жұмысы және басқа да көптеген мәселелер туралы айтып берді. Ғарыштық технологиялар кеңінен қолданылады және ел экономикасының түрлі салаларына әсер етеді. Ғарыш жүйелері ауыл шаруашылығы, төтенше жағдайлар, экология, геодезия, табиғатты пайдалану, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және басқа да салалардағы міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. «Ғарыштық технологиялар ел экономикасының түрлі салаларында кеңінен қолданылады. Ғарыш жүйелері ауыл шаруашылығы, төтенше жағдайлар, экология, геодезия, табиғатты пайдалану, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және басқа да міндеттер саласындағы міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Ғарыштан алынған барлық ақпарат экономиканың түрлі салаларының тиімділігін арттыру үшін қолданылады. Цифрлық революция технологиялар дамуының жаңа көкжиектерін ашады, индустриядағы инновациялар жас ұрпаққа қауіп төндіреді, жаңа мүмкіндіктер сіздің алдыңызда ашылады және олардан қорқудың қажеті жоқ, бірақ алға ұмтылу және даму керек» – делінген қонақтың дәрісінде. Кездесу соңында әр студент қонаққа сұрақ қойып, естелік суретке түсуге мүмкіндік алды. Студенттер ғарыштық мақсаттағы

зымырандарды ұшыруды қамтамасыз ететін зымырандар мен жүйелердің қалай құрылғаны, ғарыш аппараттарын басқару қалай жүзеге асырылатыны, Байқоңыр кешенінде де, «Қазғарыштың» басқа ұйымдарында да студенттердің алған білімдерін қолдану перспективалары, сондай-ақ мамандығы бойынша жұмысқа орналасу үшін өз түйіндемелерін ұсыну тәртібі туралы белсенді түрде қызығушылық танытты.

Мамандық тілін оқытуда диалогтар маңызды рөл атқарады. Диалогтың негізгі бірлігі-сұрақ-жауап бірлігі: ынталандырушы реплика (сұрақ) және оған реакция (жауап). Диалогтың ерекшелігі – оның эллиптикалық және синтаксистік құралдардың салыстырмалы бүктелуі, яғни аз сөздерден тұратын қарапайым құрылымды сөйлемдерді қолдану. Әдетте бұл қысқа мерзімді жадты шамадан тыс жүктемейтін және тұжырымның мазмұндық жағына назар аударуға мүмкіндік беретін қысқа қарапайым тіркестер. Диалогтармен жұмыс істеу барысында студенттер сөйлеудің ғылыми стиліне тән өрнек формаларын қолдана отырып, белгілі бір типтегі репликаларға жауап беру (жауап беру) қабілеттерін, диалогты бастай білу, стилистикалық барабар сөйлеу құралдарын қолдана отырып, мәселелерді талқылауға кірісу, диалог өрісін кеңейту қабілеттерін, соның ішінде талқылауға қосымша сұрақтар қоюға жаттығады. Біздің университет өз студенттерімізге қызықты мүмкіндіктер ұсынады. Сонымен, NASA астронавты Шэннон Уокердің сапары ұмытылмас әсер қалдырды. Ол АҚШ-тың Алматыдағы Бас консулдығының қолдауымен ғарыш – 2019 апталығына қатысу үшін Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетіне болды. Доктор Шэннон Уокер – NASA-ның 2004 жылғы 19 ғарышкерлер тобының мүшесі. Ол 2004 жылы Байқоңырдан ұшырылған МКС бортындағы 25/2010 экспедициясына ұшу инженері ретінде қатысты. Доктор Уокер біздің студенттерге астронавт болғанын, ұшуға дайындалып, МКС-да алты ай өмір сүргенін, NASA 2004 жылы қалай таңдалғанын айтты. 2010 жылы ол МКС-да бортинженер ретінде 163 күн өткізді. Уокер ханым физика бойынша гуманитарлық ғылымдар бакалавры, ғылым магистрі және ғарыштық физика саласындағы философия докторы дәрежесіне ие. Уокер – ұшақтар мен ұшқыштар қауымдастығының мүшесі және халықаралық ұшқыштар ұйымының тоқсан тоғызыншы мүшесі. Бос уақытында астронавт тамақ дайындауды, футболды, жүгіруді, күш жаттығулары мен серуендеуді жақсы көретінін студенттер қауымына айтып берді. NASA астронавтымен қарым-қатынас ағылшын тілінде өтті [10].

### **Қорытынды**

Ғылыми-техникалық мәтіндердің аталған көздерін тіл кафедрасының оқытушылары оқу құралдарына арналған түпнұсқалық текстотеканы дайындау мақсатында қолданған, Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінде «Ғарыштық техника және технологиялар» және «Ғарыштық инженерия» және Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Көлік, көлік техникасы



және технологиялары» білім беру бағдарламалары үшін қазақ, ағылшын және орыс тілдерін оқыту процесінде тиімді пайдаланылады.

Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінде және Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде ағылшын, қазақ және орыс тілдерін оқыту процесінде өнімді қолданылатын оқулықтарға арналған түпнұсқа оқулықтар дайындау үшін, тілдер кафедрасының оқытушылары аталған ғылыми-техникалық мәтіндердің дерек көздерін пайдаланады.

Қорыта келе айтарымыз, өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді оқыту әдістерін анықтау оны міндетті тіл дәрежесіне көтеруді мақсат етеді. Алайда, қазақ тілін өзге ұлт аудиторияларында оқыту әдістері басқаша болатынын ескеру қажет. Мемлекеттік тілді оқытудың негізгі міндеті, біріншіден, студенттің сауаттылығын, ойлау қабілетін дамыту барысында жаттығу жұмыстарымен дәлелденіп отырса, екіншіден, студенттердің еркін сөйлеу дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Ендеше үйренушінің тілін дамыту мақсатында өз бетімен жұмыс істеуге, ойын еркін жеткізуге дағдыландыру қажет. Өйткені өзге ұлт өкілдерін қазақша, орысша сөйлей білуге, жаза білуге, өз ойын айта білуге үйрету – басты мақсаттардың бірі. [5]

Осылайша, өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретудің негізгі тұстарын бөліп көрсетуді:

- сөздік жұмысына және мәтінмен жұмыс істеуге, атап айтқанда, мәтіннен сөздерді және шағын үзінділерді, диалогтарды жаттауға көп көңіл бөлуді;

- тыңдауға мәтінге сүйене отырып үйрету керек;

- үй тапсырмасы өздігінен оқу және дайындық үшін алдын-ала берілуі керек;

- грамматиканы оқыту кезінде визуализация әдісін қолдануды;

- грамматикалық категорияларды оқытқан кезде тыңдаушылардың ана тілімен және/немесе бірінші шет тілімен параллельдерді жүргізуді;

- аудиториядан тыс жұмыстарға, тыңдаушылардың қазақ, орыс мәдениетіне бейімделуіне көп көңіл бөлуді ұсынамыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Nostrand, H.L. (1989) «Authentic texts and cultural authenticity: an editoriaall», *The modern language journal*, vol. 73, No. 1, pp. 49-52;

2. Жекеева К.О., Қазақтілі. В1 деңгейі. Оқуқұралы. – Алматы: АЭЖБУ, 2020. – 83 б;

3. Нурходжаева Х.А., Сергеева Л.Д. Английский язык. Астрономия. Космическая техника и технологии. Оқу құралы. – Алматы: АУЭС, 2012. – 123б;

4. Павлова И.П. Как сделать аутентичный текст доступным для студентов //Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университетінің хабаршысы. Білім және педагогикалық ғылымдар. – № 14 (725). – 2015;

5. Смирнова Ю.Г. Русский язык. Изучаем научный текст. Оқу құралы. – Екатеринбург: «Издательские решения», 2016. – 96 б;

#### **Интернет-ресурстар:**

6. Қазақстан Республикасы цифрлық даму, Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті  
URL: <https://kazcosmos.gov.kz/kz>;

7. Қазақстанның патенттер базасы, URL: <https://kzpatents.com/13-1021-kosmicheskijj-modul-dlya-zahoroneniya-radioaktivnyh-othodov.html>;

8. Web of Science базасы,  
URL: <https://istina.msu.ru/publications/article/3047730/>;

9. «Роскосмос», URL: <https://www.roscosmos.ru/29542/>;

10. «NASA», URL: <https://www.nasa.gov/subject/7782/earth-research-findings/>.

## **ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ ТІЛ ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**

*Айжан Шыныбекқызы ӘЙТІМ\**

Тәуелсіздіктің тұғыры тілмен бекем екенін тілге тиек ете отырып, Қазақстанда мекен етіп, оқып, білім алып жатқан өзге ұлт өкілдерінің басын біріктіретін де басты факторлардың бірі – мемлекеттік тіл.

Тіл қарым-қатынас құралы. Құралдың өткір болмағы әрине шындалуынан. Ұстаздық етудің екі жағы бар. Ол – ұстаздық еңбектің қиыны мен қызығы. Қиыны тілді үйрету, қызығы – еңбектің нәтижесін көріп қуану. Тілді үйрету әрбір ұстазға үлкен жауапкершілік үстейді, себебі, тілі түгіл, болмысы басқа баланың жүрегіне жол тауып, қарым-қатынас жасау, тілдесу, ұлтымызды ұлықтап, ұлттық тіліміздің қыр-сырымен қызықтырып, үйренуге құлшындыру – табандылықты, шыдамдылықты, кәсіби шеберлікті, парасаттылықты қажет етеді.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың І Ұлттық Құрылтайдағы саяси мәлімдемесі, ҚР Президент жанындағы Ғылым мен технологияларды дамыту жөніндегі Ұлттық кеңестегі ғылыми, ғылыми-

---

\* Түркістан облысы, Түркістан қаласы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы, [aizhan.aitim@ayu.edu.kz](mailto:aizhan.aitim@ayu.edu.kz)

технологиялық тәуелсіздік туралы айтылған ойлар Қазақстан ғалымдарына ауқымды және терең саяси, концептуалдық міндет қойып отыр. Ол міндеттердің бастысы – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін толық қамтамасыз ету тетіктері мен жүйелі механизмін жасаудың ғылыми негізін әзірлеу.

Мемлекеттік тілді құрматтеу және өзге ұлт өкілдерімен қарым-қатынасты нығайту – Қазақстандағы ұлтаралық келісім кепілі.

Өзге ұлт өкілдерінің тілін дамыту – қазіргі оқу–тәрбие ісіндегі басты проблема. Тіл мен сөйлеу үрдісін дифференциалды қарастыра оқыту қажет, өйткені оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлініп отыр. Сондықтан, мұғалімнің қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту, байланыстырып сөйлеуге айрықша көңіл бөліп, тілдік материалдарды дұрыс таңдай білу (сөздің, сөйлемнің үлгілерін беру), оны дұрыс бере білу, тілдің теориясы мен сөйлеу практикасының бір-бірімен қарым-қатынасы түрлі жаттығу жұмыстары арқылы іске асырылды. Демек, қазақ тілі пәнін оқыту барысында оқытушы тіл үйренушінің ойын логикалық жағынан дұрыс, анық, қазақтың әдеби тілінің мөлшері лайықты, дұрыс айта білуге үйретумен бірге, екінші жағынан ойын орфографиялық және пунктуациялық жағына дұрыс жаза білуге жаттықтырылады.

Өзге ұлт өкілдеріне жазбаша және ауызша ойын дұрыс бере, айта білуіне үлгі беретін – оқытушы. Сондықтан мұғалім тілдің тарихын, грамматикасын, стилистикасын, орфографиясын, лексикасын, пунктуациясын жақсы біліп, меңгеруі қажет [1:128].

Әр оқытушы қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын шығармашылық мәнде жүргізіліп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан–жақты түсіне білуіне, үйренуіне білуіне жағдай жасауы керек.

Демек тіл үйренушінің тілін дамыту жұмысы – ол баланың жалпы ойын дамыту деген сөз. Өйткені, тіл үйренуші қай пәнде оқып – үйренсе де, ол өзінің істеген жұмысы, көрген-білгені туралы күнбе күн сөйлеп, ойын қалыптастырып отырады. Сондықтан қазақ тілі сабақтарындағы тіл дамыту жұмыстары оқушылардың жалпы ойын дамытуға бағытталады.

Жалпы білім беретін мектеп бағдарламасында тіл дамыту жұмыстарына арнайы орын беріледі. Бағдарламада балалардың жас ерекшелігіне байланысты тәрбиелік мәні бар жаттығу материалдары әр сынып оқушыларының жас ерекшелігіне қарай балалардың жалпы сөйлеу мәдениетін дамытып, олардың ой-өрісін жетілдіру мақсаты көзделінген. Сондай-ақ бағдарламада тіл дамыту жұмысын ауызша-жазбаша жаттығулары, шығарма диктант сияқты жұмыс түрлері арқылы іске асыру міндеттелінген. Қазақ тілін оқытумен байланысты тіл дамыту жұмысын

ұйымдастырудың негізгі мақсаты – оқушының ауызша және жазбаша ойын грамматикалық және статистикалық жағынан дұрыс бере білуге үйрету.

Тіл дамыту жұмысы, негізінен, мынадай төрт бағытта жүргізіледі: бірі – мәдени, әдеби сөйлеу білудің мөлшеріне үйрету, яғни орфографиялық дағдыны меңгерте отырып, оқушыға мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру. Екіншіден, лексикалық жұмыстар жүргізу арқылы оқушының сөздік қорын байыту. Демек, тілдің лексика және фразеология бөлімдерінен кеңірек білім беру көзделді. Үшіншіден, жаңа сөздер үйрету, сөздерді үйрете отырып жаңа сөздер жасайтын формаларды меңгерту арқылы сөз бен сөздердің байланысын, сөйлем құрап үйрету, сөйлемнің құрылысын білдіру арқылы синтаксистіклексикадан мәлімет беру. Төртіншіден, оқушының ойын жазбаша дұрыс, сауатты жаза, әрі сөйлей білуге үйрету мақсат етіледі.

Міне, тіл дамыту жұмысының негізгі мазмұны осындай төрт мәселе айналасында қарастырылып іске асырылды. Дидактикалық қағидалар әр пәнді оқыту методикасының, соның ішінде қазақ тілін оқыту методикасының теориялық негізі болып саналады. Қазақ тілін оқытумен байланысты тіл дамыту жұмысы да мынадай дидактикалық негізделе жүргізіледі. Сөйлеу мен ойлаудың бірлігі қағидасы арқылы оқушы тіл мен ойлау бір – бірімен байланыста екендігін ұғады. Тілсіз ойлаудың болмайтындығы, әрбір ой тіл арқылы ғана көрінетіндігін, яғни сөйлеуді ойлаудан бөліп алудың мүмкін еместігін түсінеді [2:448].

Бұл қағида арқылы оқушының ойлау әрекетін дамыта отырып, түрлі ой қорытындыларын жасай білу дағдылары қалыптастырылады. Яғни, бір нәрсені екінші затпен салыстыру, талдау, жинақтау, қорытындылау, жүйелеу, белгілі затты белгісізбен салыстыру тағы да басқа түрлі ойлау әрекеттерін үйренудің нәтижесінде ой арқылы білім жүйелерін меңгереді.

Оқытушы бұл қағидаларды негізге ала отырып, қазақ тілінің бағдарламалық материалдарын мұқият қарастырып, әр тақырыпты оқытумен байланысты түрлі тапсырмалар беріп, оны оқушы қалай орындады, одан қандай қорытынды шығарды, ол тапсырманы, жаттығуды орындауда неге сүйенді, қандай ойлау әрекеттерін жасады деген мәселерге көңіл бөлінеді.

Сөз тіркесі, сөйлем құрауға үйрету жұмысы оқушы ойын байланыстырып айта білумен бірге, жаза білуге дағды береді. Грамматиканы, синтаксисті жақсы меңгерген оқушы сөз тіркесін, дұрыс біліп, сөйлемді қарастыра алады.

Оқытушы сөз тіркесі және сөйлемді дұрыс құрату арқылы оқушыны тілдік фактілерді орынды қолдана білуге, әсіресе, синонимдік қатарларды, сөзді талғап, таңдап қолдануға үйретеді.

Оқытушы жаттығу жұмыстарын грамматика – стилистикалық бағытта ұйымдастырылды. Дайын мәтін ала отырып, оған грамматика – стилистикалық талдау жасауына болады. Оқушылардың назарын сөйлем

құрылысына аударып, қалай жасалғанын, қандай стильдік қателер барын немесе қандай ерекшелікпен (сөзді қолданудағы) көрінетіндігін байқатады.

Оқушыларға мынадай жұмыстар орындату тиімді: сөз тіркестері арқылы сөйлем құрату, жай сөйлемді жалпылама сөйлемге айналдыру, аяқталмаған сөйлемді аяқтау, диалогты сөйлем құрату, әңгімені аяқтау, белгілі таныс тақырыптар бойынша бір-бірінің жұмысын реакциялату тағы басқа – осындай жүйелі жүргізілген жұмыстар арқылы оқушы дұрыс сөйлем құрастыруға бейімделеді.

Тіл үйренуші сөз тіркесі мен сөйлемнің түрі және мазмұны арасындағы байланысты меңгеруге тиісті. Яғни, сөз тіркесі сөйлемге қажетті құрылыс материалы ретінде қаралса, сөйлем синтаксистің негізгі бірлігі ретінде қаралатындығын ұқтыру қажет. Мысалы, сөз тіркесінде “қоңыр” деген сын есімнің мағынасындағы өзгерісті, оның тура және ауыспалы мағынада тұрғандығын талдау жасау арқылы түсіндіріп отыру пайдалы: қоңыр күз, қоңыр мата, қоңыр бояу, қоңыр дауыс. Оқушыға “қоңыр бояу, қоңыр мата” деген сөздің тура мағынада айтылып тұрғандығын, ал “қоңыр дауыс, қоңыр күз” деген сөз тіркестерінің ауыспалы мағынада қолданылып тұрғандығын салыстыру арқылы түсінік беріледі. Оқушы тілдің осындай нәзік құбылыстарын байқау арқылы ана тілінің қыр-сырын біле түсуге құмартады. [3:98] Мұғалім алдымен сөз тіркесі және сөйлемнің өзара құрылымдық айырмашылығының неде екендігіне оқушы көзін жеткізу қажет. Демек, сөз тіркесі категориясының лексикамен, морфологиямен тығыз байланысты екендігін, сондай-ақ сөз тіркесі лексика мен морфологияны синтаксиспен тығыз байланыстыратын синтаксистік категория екендігіне баса назар аударылады. Мұның лексикамен тығыз байланыстылығы құрамына енген сөздердің толық лексикалық мағынаға ие болуы және бір-бірімен байланыста айтылатындай тіркесімдік қабілеті болуы шарт екендігінен көрінсе, морфологиямен байланыстылығы, сөз бен сөз белгілері бір қосымша арқылы, яғни сөз тұлғасы арқылы байланысатынынан, екінші жағынан, белгілі бір сөз табынан негізінен сөз тіркесі жасалатындығынан байқалады. Ал байланысқа түскен сөздердің грамматикалық қарым-қатынасы, лексико-грамматикалық деп те, синтаксистік қарым-қатынас деп те аталады.

Тіл дамыту жұмысының бұл қағиданың тәрбиелік маңызы да бар. Тіл дамыту жұмысында ауызекі сөйлеу мен жазба тілінің бір – бірімен байланыстылық қағидасы да басты орын алады. Адам бір-бірімен сөйлеу тілі арқылы тікелей қарым қатынас жасайды. Сөйлеу тілі арқылы адам екінші бір адамның айтқан сөзін естиді, тыңдайды әрі онымен пікір алысып сөйлеседі. Адам осындай сөйлеу барысында тілдің түрлі көркемдік тілдік құралдарын пайдаланылады. Мысалы, мақал-мәтел, теңеу, салыстыру, әсірелеу, сөзге екпін түсіріп айту, ымдау тағы да басқа әрекеттер арқылы сөйлеу үрдісінде екінші бір адамға ойын жеткізеді.

Сондай-ақ, ауызекі сөйлеу тілінде адам ойын жай сөйлемдермен айтуға бейім келеді, мысалы, сөйлемнің айқындауыш, оңашаланған мүшелерін, құрамдас сөйлем түрлерін қолдана бермейді.

Ал жазбаша сөйлеу – графикалық жазу таңбалары арқылы іске асады. Жазбаша сөйлеу тілінде адам ойын жай сөйлеммен де, құрмалас сөйлем түрімен де бере алады. Демек, жазбаша сөйлеу тілінде белгілі жүйелі байланыс болады. Адам сөйлеммен ойын жүйелі беруде тілдегі түрлі жалғау, жұрнақ, түрлі тыныс белгілерін (нүкте, қос нүкте, үтір, сызықша, тырнақша, леп белгісі, сұрау белгісі т.б.), синоним, омоним, теңеу, салыстыру сияқты тілдік құралдарды пайдаланады. [3:56] Ауызекі сөйлеу тілін жақсы меңгерген, оған жаттыққан оқушы ойын жазбаша да дұрыс, жүйелі бере алады. Сондықтан бұл екі үрдіс бір-бірімен бірлікте, байланыста қаралғанда, жүргізілгенде ғана дұрыс нәтиже береді.

Тіл дамыту жұмысын грамматика, орфография, пунктуация және әдебиетпен байланыстыра жүргізу қағидасы да ерекше орын алады.

Оқытудың мақсаты – өзге тілді шәкіртке тілді үйретіп қана қоймай, өзге ұлт өкілдерінің санасына қазақ жеріне, еліне деген құрмет, ұлттық тілімізге деген қызығушылығын ояту болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Артыкова Т.М. Педагогические условия формирования учебной языковой среды при обучении государственному языку. – Алматы, 2003.-176 с.
2. Әбдікаримова Т.М. Бастауыш сыныпта текст арқылы ауызша тіл дамыту. – Алматы, 1993.
- 3.Әбілқаев Ә., Құлмағамбетова Б. Қазақ тілін оқыту. Әдістемелік нұсқау. Алматы,1984.

# ТІЛ ҮЙРЕТУДЕ ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ТЫҢДАУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

*Карлига Мамараймовна СИРБАЕВА\**

## **Андатпа**

Аталған мақалада қазақ тілі оқыту барысында ойын элементтерін пайдалану арқылы оқушыны сабаққа қызықтырып, өз бетімен ізденуге дағдыландыру жолдары кеңінен айтылған.

## **Annotation**

This article describes in detail ways to interest a student in the lesson and learn to search independently by using game elements in the process of teaching the Kazakh language.

Оқытушы әдістерін тиімді қолдана білу - оқытушы еңбегінің жемісі. Қазіргі таңда қазақ тілін үйрету тәсілдерін тиімді қолдана алатын, кәсіби мәдениеті пен жоғары дәрежедегі біліктілікке ие оқытушылар қажеттігі күн санап артып келеді.

Қазақ тілі сабағы әрі тартымды, әрі қызықты, әрі сапалы болуы әр пән мұғалімдерінің өзіне, білім деңгейіне, кәсіби шеберлігіне байланысты. Сондықтан сабақ тартымды, әсерлі, мақсатты, айқын, қызықты және толық мәнді болуы тиіс. Ол- сонымен бірге басқа ұлт балаларына қазақтың әдебиеті мен мәдениетін, ғылымын, өнерін насихаттайтын пән. Қазақ тілін меңгеру барысында ұлттық дүниетанымды кеңейтіп, халықтың аса құнды байлықтарын танып-білу арқылы танымдық құзыреттілікті қалыптастыру іске асырылады.

Қазақ тілі сабағында әдістерді тиімді пайдалану арқылы оқушылардың білімге деген қызығушылықтарын арттыру, терең ойлау қабілетінің белсенділігін қалыптастыру, оқытудың жаңа технологиясы арқылы жүзеге асып келеді.

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады. Ол сабақ барысында пайдаланатын дидактикалық ойындар арқылы

---

\* Түркістан облысы, Түркістан қаласы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы, karlyga.syrbayeva@ayu.edu.kz

жүзеге асады. Ойынның мақсаты – бағдарламада алған білімдерін қалыптастыру, тиянақтау, пысықтау. Міндеті – оқушының қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру [1:17].

Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті шешеді. Ойын сабақтың басында – өткен сабақты еске түсіреді. Сабақтың ортасында - көңіл-күйін сергітеді, ерік-жігерін дамытады, сабаққа ынтасын арттырады. Сабақтың соңында – тақырыпты бекіту, сабақта алған білімді жинақтау мақсатын көздейді. Ойын – оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал. Сондықтан бастауыш, дайындық сыныптарында оқушылар сабақ үстінде ойынды көп қажет етеді. Оларға пайдаланатын ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніп отырады. Мысалы: дайындық сыныбында қарапайым ғана ойын түрлерін ойнатсақ, сыныбы үлкейген сайын баланың жас ерекшелігіне сай күрделенгені дұрыс. Олай болса, ойынды пайдаланудың маңызы зор. Ойынның түрлері көп. Сондықтан ойын балалардың жас ерекшеліктеріне және өтілетін сабақтың тақырыбына мазмұнына сай етіліп таңдалып алынғаны дұрыс. Бала ойын іс-әрекеті үстінде білімді қалай игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалу тиіс. Сабақта ойын түрлерін өткізу оқушылардың ой өрісін, тапқырлығын, жылдамдығын, сөздік қорын молайтуға әкеледі. Ойын – бұл қоғамдық тәсілді меңгеру мақсатында, ситуациялық жағдайда, бағытты түрде іскерлігін көрсететін, өзін-өзі басқаруын жетілдіретін іс-әрекет [2: 202].

Дидактика саласындағы маңызды мәселелердің бірі – білім беруде ойын технологиясын пайдалану болып отыр. Адамзат ойынның білімдік құндылығын ертеден дәлелдеді. Оған балалық кезеңдегі ақыл-ойды дамыту ойындарынан бастап, мәдениетке, бизнеске және басқарудың барлық салаларына мамандар даярлауға байланысты бағдарламаларды игеру барысындағы ойындар жатады. Адамның ойын әрекеті негізгі үш түрлі даму деңгейлерінен тұрады: кәсіптік ойындар, әуестену ойындары, оқу-жаттығу ойындары. Ойын оқыту үрдісінде оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория бола алады. Оқытудың ойын формасын қолдануда екі жақты дидактика байқалады: ойнау үшін білу, үйренудің қажеттілігі, екіншіден адамның ойнай отырып өзіндік білім алуы, өмір тәжірибесін жинақтаудың қажеттілігі. Бастауыш мектепте пәндерді оқытуды жетілдірудің жаңа технологиясын іздестіру жолында ғалымдар, жаңашыл педагогтар, мұғалімдер еңбек етуде. Олардың ғылыми еңбектерін, зерттеу жұмыстарын саралағанда берік білім берудің, оқу белсенділігін арттырудың маңызды жолдарының бірі ойын элементтерін тиімді пайдалану екендігі байқалады. «Баланың ынтасын тарту үшін оқылатын нәрседі бір жаңалық болу керек», -деп жазады Ж.Аймауытов [3: 17].

Дидактикалық материалдағы ойындар бастауыш сынып оқушыларының меңгеруіне қиындық келтірген жағдайда мұғалім өз шығармашылығын пайдаланып, әр алуан ойындарды құрастырады. Оқу өзге тілде жүретін мектепте қазақ тілі сабағында ойынды тиімді қолдану оқушылардың сол



тілде сөйлеуге жаттығуына мол мүмкіндік береді. Дайындық барысында мұғалім сабақта ойын элементін қолдану үшін мына мәселелерді ескеруі тиіс.

Ойынның мақсаты. Оқушылар сабақта қандай іскерлік пен дағдыны игереді, ойынның қандай тәрбиелік мақсаты көзделеді?

1. Ойынға қатысушылар саны
2. Ойында қолданылатын материалдар, әдебиеттер
3. Уақытты үнемдей отырып, ойын шартын қалай түсіндіруге болады?
4. Ойын қанша уақытқа созылады? Бұл ойын әсерлі, қызықты бола ма?
5. Оқушылардың ойынға қатысу белсенділігін қалай бақылауға болады?
6. Ойын бұрын өткен сабақта қолданылған ба? Қандай жағдайда қолданылған?
7. Ойын қорытындысын хабарлау.

Сабақта орынды қолданылған ойын элементтері оқушылардың ынтасын арттырып, білім дағдыларын игеріп, іскерліктерін шыңдауға өз септігін тигізеді. Ойын барысында қолданылатын дидактикалық материалдар оқушыларға ыңғайлы, түсінікті болса, ойын жақсы нәтиже береді [4:124].

Білім беру жүйесінде өмір талабы үш тілді білу. Оқушыларға қазақ тілін оқыту мәселесі олардың қазақша сөйлей алатындай болып шығуына мүмкіндік беретіндей болуы тиіс. Бірыңғай жазу жұмыстары, жалаң сөз, жаттау оқушыларды жалықтырады.

Қазіргі кездегі ғылым мен техниканың даму деңгейі де әрбір оқушыдан сапалы және терең білім алып, олардың шығармашылық пен жұмыс істеуін, ойлау қабілетінің болуын талап етеді. Ойын технологиясын қолданудағы мақсатымды жіктеп айтатын болсам;

1. Оқушылардың мемлекеттік білім стандарты талаптарына сай білім алуын қамтамасыз ету.

2. Оқушыларды пәнге қызықтыру, ынталандыру, оларды өз қабілеттеріне, мүмкіндіктеріне сенуге дағдыландыру.

3. Оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу дағдысын дамытып, шығармашылық белсенділігін арттыру.

Ойын технологиясының оқыту жүйесінің сапасын арттыруда тиімді жақтары көп. Біріншіден, сыныптағы оқушыларды жұмыспен қамтамасыз етеді, әрбір оқушының белсенді түрде қатысуын қадағалайды, белсенділігін оятуға түрткі болады. Екіншіден, өз бетімен жұмыс істеу оқушылардың біліміне ғана әсер етпейді, сонымен қатар тәртібімен мінез-құлқына да тигізер ықпалы зор. Оқушыларды тиянақтылыққа, бастаған ісін жемісті аяқтауға, т өзімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелейді.

Оқыту мақсатына қарай тілдік ойындар: лексикалы-фонетикалық, грамматикалық болып бөлінеді. Тілдік ойындардың бұлай бөлінуі шартты түрде ғана, себебі фонетикасыз, фонетиканы лексикасыз, лексиканы грамматикасыз қарастыру, менгерту мүмкін емес.

Лексикалы-фонетикалық жаттығулардың негізгі мақсаты – оқушының сөзді дұрыс айтуын, дұрыс сөйлеуін қадағалау, интонацияны дұрыс қалыптастыру. Бұл ойын сабақтың алдыңғы сатысында көп қолданылады.

Сабақтың кейінгі сатысында оқушыларды меңгерген лексикалық материалын практикалық тұрғыда қолдану, сөздерді бір-бірімен байланыстырып сөйлем құрау, оқушыға өз ойын жүйелі түрде жеткізуге машықтандыру үшін грамматикалық ойындар қолданылады. Қазақ тілінің ерекше дыбыстарының анық айтылуын оқушыларға меңгерту үшін, мұғалім ойын үстінде тілдің орфоэпиялық, орфографиялық ережелерін де есепке алуы керек. Мысалы, орфографиялық лотоны қолдану арқылы ілгерінді, кейінді ықпал заңын, ерекше дыбыстардың айтылуын оқушылардың берік меңгеруіне ықпал жасайды, оларды шығармашылық ізденіспен жұмыс істеуге үйретеді. Орфографиялық лото үлгісі: бүг..н, жұм..с, кіта..ы, тара..ы. «Бұл қалай өзгерген» ойыны қазақ тілінің ерекше дыбыстарының айтылуын және әріп түрінде жазылуын оқушыларға меңгерту үшін жүргізіледі. Ойын барысында сөз ішіндегі әріптердің дұрыс жазылуына, бір әріптің өзгеруінен сөздің басқа мағынаға ауысып кететіндігіне оқушылардың назарын аударуға болады [5:97].

Қазақ тіліне тән дыбыстарды айтуға тілі келмейтін оқушылармен жұмыс жасағанда, халық ойындары жаңылтпаш, санамақтарды ұтымды пайдалануға болады. Алдымен олардың жеңіл түрін, кейін біртіндеп күрделендіріп берген өте тиімді. «Топтай біл» ойынын алатын болсақ, бұл оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, заттарды белгілі бір тақырып бойынша топтастыруға дағдыландырады. Ойынға қатысушы оқушылар үшін қандай заттарды топтай білу керектігін көрсететін таблица және оған қажетті заттардың аттары жазылған жеке сөздік карточкалары жасалады.

Әр түрлі зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, балалардың тілінің дамуында сөйлеу қабілетін жетілдіріп, дүниетанымын кеңейтуде сөздік ойындардың атқарар рөлі ерекше екені дәлелденді. Сондықтан барлық сабақтарда сөздік ойындарын қолдануға болады. Сондай ойынның бірі – «Керекті сөзді тауып айт». Басқарушы көкөніс, жеміс, оқу құралдары, ойыншықтар т.б. сөздерді атаса, оқушылар сол топқа жататын заттарды атауы керек.

Ойын элементтері оқу үдерсін пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезеңдерінде, қайталау сабақтарында пайдаланумен қатар, ұйымдастыру кезеңінде пайдалану тиімді.

Қазақ тілінде ойын элементтерін кіргізудің маңызы ерекше. Ол оқушының шығармашылық қабілетін, сабақта белсенділігін арттырады, қазақ тіліне деген қызығушылығын дамытады, білімін молайтуға әсер етеді. Мүмкіндігінше бастауыш сыныптарда ойын, сөзжұмбақ түрлерін қолданып, салт-дәстүр элементтерін кіргізуге тырысу керек. Ойын түрлерін қолдану – сабақты түрлендіру деген сөз.

Танымдық құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында түрлі ойындар арқылы беруге болады.

Сабақта ойын элементтерін қолдану оқушылардың белсенділігін арттырып, оларды ынталандырады, теориялық білімдерін практикада қолдануға үйретеді, іздендіреді. Сабақта орынды қолданылатын ойын элементтері оқушының ынтасын арттырып, білім дағдыларын игеріп,

іскерліктерін шындауға өз септігін тигізеді. Сабақ барысында орындалатын дидактикалық материалдар оқушыларға ыңғайлы, түсінікті болса, мұғалімнің технологиясы нәтижелі болды. Қазақ тілі сабақтарында көздейтін мақсат оқушыларға жалаң сөз жаттау емес, әрбір сабақ үйренген сөздерді ауызекі сөйлеуде, сөйлем құрамын дұрыс қолдана білуге үйретеді. Тіл үйрету барысында әрбір сабақта ойын түрлерін пайдаланған үлгерімі төмен оқушылардың өздері де оның элементі араласқан сабаққа зор ынтасымен, жігерімен араласатыны байқалады.[6:19]

Тіл үйрету барысында әрбір сабаққа ойын түрлерін пайдаланған педагог оқушы сабаққа зор ынтасымен, жігерімен араласқанын байқайды. Демек дидактикалық ойындар балалардың білімдерін бекітуге, бір-бірімен қарым-қатынасқа түсуге, қазақша сөйлеу үлгілерін еркін қолдануына бағыт береді, ұйымшылдыққа үйретеді. Сондықтан дидактикалық ойындар оқушылардың тілдерін дамытуда өте маңызды рөл атқарады. Әр сабақта ойынды тиімді пайдалану арқылы сабақтың әсерлілігін, таратылымдығын, белсенділігін, оқушының ынтасын байқауға болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Бастауыш мектеп, 3, 2003, А.Әбішева «Ойын элементтерін пайдаланудың педагогикалық ерекшеліктері», 17 бет.
2. Оралбаева Н., Жақсылықова Қ., Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі, Алматы, 1996, «Қазақ тілі сабағында қолданылатын ойындар және оларды ұйымдастыру жолдары», 186 - 202 бет.
3. Рақмет З, Тайсюганова Г.Ж., Қазақ тілі, Алматы, 2005, Сөздік ойын, 124 бет.
4. Тізбек ойыны., Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. – 2006. №2. – 124 бет.
5. Баялиева С. Сабақта ойын түрлерін қолдану., Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. – 2004. №3. – 97 бет.
6. Тілдерді оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану. Алматы 2010 ж. 19 бет.

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ ЖАҢА ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Лаура Кадыровна РАЙХАНОВА\**

Мемлекеттік тіл мәселесі - өте маңызды, мемлекеттік мәні бар мәселе. Осы орайда мемлекеттік тілді дамыту, оның қолдану аясын одан әрі кеңейту және мәртебесін көтеру мәселесін барлық жерде кеңінен қолға алып, тікелей ұйымдастыру іс-шараларын жүргізу қажеттігін тұрақты күн тәртібіне қойылып келеді. Оқыту әдістерін тиімді қолдана білу – оқытушы еңбегінің жемісі. Қазіргі таңда шетелден келген студенттерге қазақ тілін үйрету тәсілдерін тиімді қолдана алатын, кәсіби мәдениет пен жоғары дәрежедегі біліктілікке ие оқытушылар қажеттігі күн санап артып келеді. Әрбір оқытушы өзінің кәсіби мәдениетін дамыту бағытында тиімді жолды анықтауына болады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы сөз болғанда бұл проблеманың ішінен басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесін жеке бөліп қарастырмаса болмайды. Өйткені, қазіргі таңдағы көп жұмыс істеліп, жан жақты қарастырылып отырған проблема – орыс аудиториясында қазақ тілін оқыту проблемасы. Сонымен қатар, бұл мәселе тілдік коммуникацияның тікелей зерттеу объектісі бола келіп, қазіргі кезеңде өзекті мәселе болып отырған қазақша сөйлеуге үйретудің тиімді жолдарын табуға көмектеседі.

Бүгінгі қоғам оқытушының біліктілік деңгейіне де, ішкі жан дүниесіне де жаңаша талап қойып отыр, өйткені қазіргі күні ХХІ ғасыр ұрпағынан үлкен үміт күтілуде.

Тіл қарым-қатынас құралы. Сондықтан оған тән белгілерді сөйлем шекарасынан шығып, тыңдаушы, сөйлеуші жағдай, стиль сияқты уәждемелерді қамти отырып, анықтауға болады [Төлегенов О, 178 б.].

Дәстүрлі технологияға сын көзбен қарап, педогогикалық процесті тұтас, жалпы адамзаттық құндылықтарға негіздеп, қайта жасау заман қажеттілігінен туындап отыр [2005-2010 Мемлекеттік бағдарламасы 2004,4].

Тілдік қатынас студенттердің кәсіби сөйлеу тілдерін дамытуды қамтамасыз ететін мәтін түрлеріне баяндама, талқылау, әңгіме, пікірлесу, хабарлама, сұрастыру, сұхбат жатады.

Тіл үйрету сабақтарының бастапқы кезеңдерінде мәтіндердің берілу қағидаттары қарапайымнан күрделіге қарай алмасу заңдылықтарына негізделеді.

---

\* Түркістан облысы, Түркістан қаласы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушысы, [laura.raikhanova@ayu.edu.kz](mailto:laura.raikhanova@ayu.edu.kz)

Кәсіби бағдар барысында оқыту мәселелеріндегі мәтін таңдау ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, мұнда ең алдымен тіл үйренушінің кәсіби мамандығы ескеріле отырып, сол мамандыққа қатысты сөздер, сөз тіркестері, тұрақты тіркестер, негізгі ұғымдар мен терминдерге көңіл аударылып, олардың лексикалық-грамматикалық ерекшеліктеріне баса назар аударту жұмыстары жүргізіледі.

Бұдан кейінгі кезекте, әдетте студенттер берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, кәсіби бағытта мәтін құрастырады.

Мәтінде қамтылатын материалдар жүйесі мамандыққа байланысты оқытылатын арнайы пәндермен тікелей ұштастыра алынады.

Себебі кез-келген мамандық иесі өзі таңдаған кәсібінің қыр-сырын жетік меңгеруге мүдделі және өз ойын кәсіби сөйлеу тілінде жеткізуге ұмтылуы оның мамандыққа деген сүйіспеншілігін арттыру мәселесіне келіп тіреледі [Оразбаева Ф.Ш., 207 б.].

Жаңа технологиялардың өріс алуына орай оқыту процесінде «интерактивті әдістер», «интерактивті оқыту» деген терминдермен жиі кезігеміз. Интерактивті әдістер мұғалімнің оқытуды қандай шеберлікпен ұйымдастырғандығынан көрінеді. «Интерактивті әдістер» және «интерактивті оқыту» - (*интер ағылшын тілінен «inter» - аралық; «akt»- әрекет ету деген сөз*) оқушылардың өзара әрекеттесуге жағдай жасайтын әдістер, ал «интерактивті оқытуды» өзара әрекеттестіруге негізделіп құрылған оқыту деп түсінуге болады. Нақты айтқанда интерактивті әдіс-оқушының белсенділігі мен танымын арттырудың ерекше түрі. Интерактивті әдісті сабаққа ұтымды пайдалану кезінде әр оқушының белсенділігі артады, бірлесіп жұмыс істеп, бір шешімге келеді, бір- бірін түсінуге жол ашады. Интерактивтік әдістің ең негізгі мәні оқу бағдарламасындағы тақырыптарды тыңдаушылар әрі қарай өз белсенділіктерімен, оқытушының көмегімен әртүрлі шығармашылық тәсілдерді пайдалана отырып меңгереді. Оқушылар жекелей, топтық, ұжымдық жұмыстарға төселеді. Оқыту мен тәрбиелеудің бұл әдісі жеке тұлғаны, шығармашылық тұлғаны тәрбиелеуде маңызы зор.

Интерактивті оқыту:

- оқытудың имитациялық тренинг түрі арқылы үйренушінің білімін дамытуда қарым-қатынастың әр түрлі жолдарын меңгеріп, іс- әрекет үстінде өзін әр қырынан танытуға мүмкіндік береді;

- өмір шындығына құрылған жағдайда имитациялық тренинг түрі арқылы үйренушінің рөлге енуі оның шығармашылық фантазиясын кеңейтеді;

- интерактивті тренингтерге үйренуші өзі үшін ойлауға әрекет жасайды және жоғары қарым - қатынас арқылы өз ойын дәлелдеуге тырысады;

- өз бетімен іздену қызметін ұйымдастыру;

- мәселелерге құрылған сөйлеу жағдаятында проблеманы шешудегі жеке белсенділігін арттыру;

- тілді үйрену барысында танымдық белсенділікті күшейтудің дидактикалық құндылығын контекстік мазмұн аясында қатысымдық мәселелік тұрғыдан қарастыру;

- тілді үйретудегі логикалық сұрақтар өте маңызды, себебі білімдегі догмалар ақыл-ойдағы тұйықтарға тірелген сұрақтарды әзірлеу нәтижесінде пайда болады.

Демек үйретуші осы логикалық сұрақтар арқылы үйренушінің қызығушылығын арттырады.

Соңғы уақытта интерактивті оқыту әдістерін педагогикалық процесте міндетті түрде пайдалану талап етіліп жүр [ Күзекова 2003,45 б.].

Өйткені бұл әдістер оқыту барысында тәрбиеленушілерді тұлға ретінде қалыптастыруға бірден-бір әсер етеді. Оқытушы мен тыңдаушы бірлесе отырып, субъект-субъект ретінде болады.

Интерактивті оқыту әдістері оқытушылардың өз өмір тәжірибесіне, біліміне сүйенулеріне негізделген. Сондықтан да олар сабақта ынтымақтастық педагогикасының жүзеге асуына бірлесіп, әрекет етуге сабақта жайлы да жағымды психологиялық жағдай орнауына мүмкіндік жасайды. Интерактивті қатынас құру - тілді үйренудегі ерекше жол. Терең оймен, сезіммен, идеямен бөлісіп, берілген тапсырманың шешімін түсінісу нәтижесінде үйренушілердің дербес қабілет пайдаланғанда және өзара бір біріне әсерінен қызықты қатысым басталады.

Интерактивтік әдіске мынадай жұмыс түрлері жатады:

- 1) миға шабул- мәселені, тақырыпты ұжым боп талқылау;
- 2) тиімді сөздің мінін айқындайтын кластер құру;
- 3) дидактикалық ойындар;
- 4) логикалық тапсырмалар;
- 5) дебат;
- 6) пікірталас;
- 7) тренинг;

Кейде жас мұғалімдер «интерактивтік әдістер тек қана ашық сабақтарда пайдаланады деп ойлайды. Мысалы: сабақ -семинар, конференция, конкурстар «Не? Қашан? Қайда?» т.б. ойындарда. Өйткені олар көп дайындықты талап етеді. Сондықтан сабақты күнде осылай ұйымдастыру мүмкін бе?»- деген сұрақтар қояды.

Семинар, конференция, түрлі конкурстар т.б. интерактивті оқыту әдістері емес, себебі мұндай сабақта көбіне көп тыңдаушылар меңгерген таным- білімдерін ғана көрсетеді. Мұндай сабақтарды дәстүрлі сабақтар деп айтып жүр. Ал интерактивті әдістер болса, олар оқу процесін қарқынды жүргізуге мүмкіндік жасайды. Олар білімнің анағұрлым түсінікті болуына, оқу информацияларын талдауға, оқу материялын меңгеруге жол ашады.

Тіл үйренуші өз пікірін жасқанбай айта білуге, басқалармен қарым-қатынас жасай білуге дағдыланады. Басқалардың сын пікірлерін дұрыс қабылдай білуге, жақсыға ұмтылады.

Сөз соңында айтарымыз, интерактивті оқыту теориялық та практикалық та тұрғыда зерттеуді қажет ететін дидактика міндеттерінің біріне саналады. Ал интерактивті оқыту формаларын, әдістерін пайдалану

оқытушының тіл үйренушімен қарым-қатынас жағдайын аса шеберлік білімділікті уақыт талабына сай таңдауды қалайды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Төлегенов О. Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы модельді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. Алматы: Мектеп, 2002.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Қазан, 2004.
3. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. Алматы, РБК, 2000. 207 бет
4. Күзекова З.С. Қазақ тілі. – Алматы: Атамұра, 2003.



## ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖАҢАША ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

*Газиза Абдилхамитовна АКИМТАЕВА\**

Тасқындаған ақпарат заманында оқушыларды өз мүмкіншілігіне сай даралап оқыту мен өз бетінше білім алуын қамтамасыз ету қажеттігінен туған заманауи оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістемесімен оқыту қағидаларын жоққа шығармайды, қайта оны толықтыра түседі. Танымал ғалым, педагог, философ, профессор Джон Дьюидің: «Егер біз бүгін балаларымызды кешегідегідей оқытатын болсақ, онда біз оның ертеңін ұрлаймыз» деген ойына негізделе отырып, мұғалім алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды, тілдерді меңгеру, оларды тиімді қолдану міндеті тұр. Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың заманауи тиімді әдіс-тәсілдеріне жекелеп шолу жасап кетуге болады. Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру.

Білім беру саласында жүргізілген әлемдік зерттеулердің нәтижелері тиісті кәсіптік қасиеттерге ие, оқыту және оқу үдерісінің дағдыларымен терең түсініктерін игерген мұғалімдер оқушылардың білімін білімін сапалық тұрғыдан өзгерте алатынын көрсетіп отыр. Қазіргі білім берудің негізгі мақсаты өзгермелі қоғамда жан-жақты дамыған, білімді, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етіп отыр. Білім берудің классикалық жүйесінде оқу бағдарламалары оқушы әрекетінің репродуктивті (білімді есте сақтау, жаттау, жанғырту, т.б. жұмыстар) әдістеріне негізделген. Жақсы үлгеретін оқушылардың өздері шығармашылық бағыттағы жұмыстармен кездескенде тығырыққа тіреліп қалады. Сондықтан оқушыларды әрекеттің өнімді, шығармашылық әдістеріне үйрету қажет. Білім жүйесі жылдар бойы оқушыға дайын тұжырымдарды үйретумен ғана шектеліп келгендіктен білім саласындағы реформалар сәтсіздікке ұшыраумен болды. Ал, проблеманы зерттеу үнемі тысқары қалып келді [1:87]. Алайда, оқушыны өз бетінше сыни ойлай білуге үйрету олар проблемалық жайттарды зерттеп, ғылыми жолдармен іздене бастағанда ғана қол жеткізуге болатыны айқындалды. Зерттеушілік мінез-құлық қалыптастырғанда ғана оқушының тұлға ретінде даму процесі өзін-өзі дамытудың кепілі бола алады. Әлемдік озық ойлы ғалымдардың ұсынып отырған теориясына сүйенсек, оқу аудиториясындағы процесс ғылыми зерттеу процесіне негізделуі керек. «Мұндай оқу процесін қалай ұйымдастыруға болады?» деген сауалға былай жауап беруге болады; білім жүйесінің сыныптары мен топтарын

---

\* Түркістан облысы, Түркістан қаласы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы, gaziza.akimtayeva@ayu.edu.kz



инновациялық әдістер арқылы, сыни ойлау технологияларының көмегімен зерттеушілердің қауымдастығына айналдыру керек. «Зерттеушілер қауымдастығы» деген ұғымның мәнісін орыс ғылымы М.В. Кларииннің анықтамасы да бере алады. Ол бұлай деген: «Бұл оқыту кезінде оқушылар түрлі ситуациялармен бетпе-бет келуі, мұғалімнің бағыт-бағдары мен танымы арқылы мәселені ұғына және шеше алуы». Зерттеушілер қауымдастығы дегеніміз тәлім алушылардың қауымдасып, өзара пікір алмасуы, сөйтіп зерттеуге деген талпынысы, мұнда оқушылар бірін-бірі құрметпен тындайды, өзгелердің пікірімен санаса отыра өз пікірлерін айтады, бір-бірінің ой түйюіне көмектеседі [2:125]. Педагог осы функциялардың бәріне асқан шеберлік пен бағыт беріп, зерттеу процесінің басты қатысушыларының бірі болуы тиіс. Оның міндеті – жаңа ақпарат іздеуге қол ұшын беру, мәселені шешу жолдары немесе жаңа амалдарын көрсету. Қауымдастықта қарым-қатынас жан-жақты болады. Бұл дегеніміз - сан түрлі көзқарастар тоғысады. Уақыт өте ол күш-жігерді де талап етуі ықтимал. Өйткені, көптің талқысына түскен кез-келген ой күмән туғызуы мүмкін. Қайта қарауға мәжбүрлеуі де ықтимал. Ал, оған уақыт керек. Осы аралықта оқушы өзін қолайсыз сезінуі де ғажап емес. Егер қауымдастықта өзара сенім мен қамқорлық қалыптасқан болса, адам өз пікірін ешбір қиындықсыз ортаға сала алады. Ең өкініштісі - дискуссияға қатысушылардың үнсіз қалуы; біреулердің өз пікірін білдіруге батылы жетпейді, біреулердің ұялуы мүмкін, тағы біреу өз пікіріне наразылық білдіреді -деп қорқуы ықтимал. Ақиқатты бірлесіп іздеу біреулер монологпен ғана шектелгенде немесе біреулердің еңбегін асыра мақтағанда нәтижесіз болуы мүмкін немесе әңгімелесуші өз көзқарасы туралы айтып жатқанда әлдекімнің өз идеяларымен ғана болуы, немесе әлдекімнің үстемдік танытуы ақиқатты бірлесіп іздеуге кедергі бола алады. Бірлесе іздену процесі адамды зор қуанышқа кенелтеді. Сондықтан қауымдастық мүшелеріне бірлесе әрекет ету тән. Өзгелердің идеясын талқылау ашықтыққа, ал ол- ақиқатқа апаратын жол. Егер біз балаларымызды осыған баулығымыз келсе, диалог - білім берудің теңдесі жоқ тәсілі. Сәйкесінше, зерттеушілер қауымдастығы заманға сай қасиеттерді қалыптастыра алады. Мұғалім білім процесіндегі оқытудың «зерттеушілер қауымдастығы» атты моделін жүзеге асыратын маңызды тұлға. Өйткені қазір білімінің негізгі әрекет болған шақта мұғалімнің міндеті өзгертінді анық. Педагог үшін қазір ең бастысы - оқыту процесін басқару, зерттеу. Оқытушылар -координатор рөлінде, жетістікке жету жолындағы көмекші, оқушының қызметін бағыттайтын. Модератор және жаңа оқу материалын ұғынудағы өзіндік танымын үйлестіруші. Оқу процесіндегі педагогтің рөлі оқушының өзіндік танымын ұйымдастырушы ретінде қаралуы керек. Оқушы өзі әрекет етуі тиіс. Мұғалім білім берудің осы философиясымен шәкірттерін әлемнің бар байлығын өз тәжірибесі арқылы сезінуге шақырады. Педагог оқыту мен оқудағы түрлі жаңа тәсілдерді тиімді қолдана отырып зерттеуге, ізденуге, мәселені ұжым болып шешуге, ойлы диалогтарға деген қызығушылықты оятады. Қазіргі білім берудің нақты мақсаттарының бірі

оқушылардың зерттеушілік қабілеттілігін дамытуды көздейді. Оқушыны түрлі әдіс-тәсілдер арқылы сабаққа қызықтырып, өз бетімен ізденуге, оқуға дағдыландыруымыз керек [3:10].

Оқыту – бұл жекеленген құбылыс немесе дағды емес, ол оқушылардың оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені.

«Білім алуды үйретудің» қозғаушы күші «метатану» болып табылады. Басқаша айтқанда, оқу бар, бірақ сонымен бірге *оқуды үйрену де* бар. Адамдар ойлауға қабілетті және ойлау туралы ойлануға да қабілетті. Тап осы сияқты танымдық қабілет бар да, сол сияқты танымды тануда бар. «Метатану» деп индивид қалай ойлайтынын, оқитынын қадағалау, бағалау, бақылау, кейінгі оқу үдерісінде мұндай ойлаудың нәтижелерін саналы қолдану үдерісі ретінде сипаттауға болады. Бұл үдерісте мұғалім оқушыға:

- оқу міндеті қоятын талаптарды түсінуге;
- жеке зияткерлік үдерістерін және олардың қалай ықпал ететінін білуге;
- тапсырмаларды орындау стратегияларын әзірлеуге және ойластыруға;
- нақты тапсырма үшін барынша оңтайлы болып табылатын стратегияларды таңдауға көмектеседі.

Осы төрт тармақты іске асыру үшін оқушылардан оқуды үйрену талап етіледі. Мұғалімдер, өз кезегінде, өзінің сабақ беруіне емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек, соның арқасында оқушылар ақпаратты енжар қабылдамай, оқу үдерісіне белсенді қатысатын болады. Жанашыл оқытудың негізгі идеясы ақпарат беріледі дегенге саяды, білім мен түсінікті оқушы өзі қалыптастырады, ал мұғалім – бұл үдерісте көмек көрсететін жан [4:48].

Оқыту үдерісінің басында мұғалімдер оқушылар не біледі, оларда қандай қате ой-түйгендері бар және бұны қалай түзеткен дұрыс екенін білу үшін арнайы құралдарды пайдаланады. Оқушылар әр сабақта оқу үдерісінің барлық аспектілеріне белсенді қатысу керек: олар өзінің болжамдары мен сұрақтарын тұжырымдайды, бір-біріне кеңес береді, өз алдына мақсат қояды, алынған нәтижелерді қадағалайды, идеялармен эксперимент жасайды және қателер – оқудың ажырамас бөлігі екенін түсіне отырып, тәуекелге барады. Оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысқанда ғана материалды терең меңгереді.

Басқаша айтсақ, *оқушыға бағдарланған оқыту ортасында* мұғалім оқушылардың сыныпқа келген кездегі бастапқы сенімдерін, білімін және өзіндік ойын негізге ала отырып, өз пайымдарын жасауға қабілетті екенін түсінеді. Егер оқу үдерісі оқушы мен оқу материалын жалғастыратын «көпір салуға» негізделсе, онда осы үдерісті үйлестіретін мұғалімдер көпірдің екі жағын да қадағалай білуі тиіс. Мұғалімдер оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, сондай-ақ олардың қызығушылықтарын, әр оқушының нені жақсы көретінін және не істегісі келетінін түсінуге тырысады. Өз пәнін білетін мұғалімдер пәнді оқушылардың өз түсінігі мен пікірі қалыптасатындай етіп бере алады. Олар пәннің логикасы мен оқушыларға тиімді қарқынмен мағынаны ұғындыру әдістемесін түсінеді. Осылайша,

оқушылар өз дағдыларын қолдануды үйренеді, сондай-ақ пәннің құрылымы мен мазмұнына тереңдейді. Олар пәннің негізін құрайтын қағидаттар мен басты идеяны түсінеді. Бұл үшін оқыту тәсілдерін қолдану қажет, осының арқасында оқушылар оқу жоспарына енген пәндердің «өзіндік ерекшеліктерін» зерттеуге қабілетті болады.

*Білімге бағдарланған оқу ортасында* мұғалімдер үстірт оқуға емес, терең білім алуға ынталандырады. Мұндай оқу барысында оқушылар ойлауға түрткі болатын түсініктемелер жасап, жетекші сұрақтар қояды, сондай-ақ өз идеялары мен жолдастарының идеяларын талдай отырып, проблемаларды шешу жолдарын баяндайды. Оқушылар тәуекелге барудан қорықпайды, керісінше, олар үшін «тұйыққа тірелу» – жаңаны білу жолындағы кезекті қадам. Оқушылар оқшауланып оқымайды. Бүгінгі таңда *«білім алушылар қоғамдастығы»* деген ұғым өзекті болып отыр, онда оқушылар өздерін білім алушылар деп есептейді. Оқушылардың арасында бірлескен жұмыс, бір-бірін қолдау, топтық рух мадақталады [5:102].

Олар топпен жұмыс істеп, онда бірін-бірі тыңдап, іс-әрекетте болып, келіспеушілікті құрметпен білдіру қабілеттеріне назар аударылады. Бұл философия одан ары оқуда нық тұру үшін қажетті өзін-өзі құрметтеумен және өзін-өзі басқаруды дамытумен сипатталады, нәтижесінде тәуелсіз және ойшыл, өмір бойы оқуға қабілетті тұлға қалыптасады.

Сабақты тартымды өткізіп, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін әр сабағымызды түрлендіріп отыру шарт. Ол үшін тек бір технологиямен шектеліп қалмай, әртүрлі технологияның элементтерін пайдалану қажет.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Стратегии для использования в любых предметных областях. Институт «Открытое общество» - Нью-Йорк, 2001.
2. Бұзаубақова. К.Ж. Инновациялық педагогика негіздері. Алматы, «Білім» 2009.
3. Имжарова З.У., Ахметова А.У., Имжарова Ж.Н., Кушкимбаева А.С. Ақтөбе «ИПЦ-Көкжиек» 2012.
4. Әлімов. А. «Интербелсенді әдістерді оқу орындарында қолдану» «Жедел басу баспаханасы». Алматы. 2012 ж.
5. МАН.© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.

## ДАМУДАҒЫ ЖАҢАША ТИІМДІ ӘДІСТЕР

*Сауле Наятуллаевна ЖУМАТАЕВА\**

Қазіргі заманда білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтеріне айналды және дүниежүзілік білімнің рөлі артты. Сонымен бірге қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді.

Оқу бағдарламасына жаңа үрдістер, жаңа оқу технологиялары көптеп енгізілуде. Олар: проблемалық оқыту технологиясы, модульдық технология, коммуникативті технология, дебат, ойын технологиясы, тағы басқалар. Атақты ғалым В.М.Шепельдің «Технология, бұл - өнер, шеберлік, іскерлік әдістердің жиынтығы, жағдайдың өзгеруі» деуі, бүгін жаңа технологиямен оқыту маңызын нақты айқындап тұр. Ендеше, оқытушы күнделікті баспасөз бен теледидардан болып тұрған өзгерістерді, жаңалықтарды өз шығармашылығына лайықтап, оңдап пайдалануы қажет. Жаңа әдістемелер мен технологиялардың негізгі міндеті оқу процесін жүйелі құрып, тіл үйренушілердің танымдық қабілеттерін арттыруға көмектесумен қатар, оқытушының өзіндік оқыту әдістемесін құру және пән бойынша оқу материалдарын жүйелеп, шығармашылығын арттыра түсу болып табылады.

Коммуникативті қабілет деп - білімгерлер мен оқытушылар арасындағы өзара қалыпты дұрыс қарым-қатынас жасау, кәсіби әдептілікті жетілдіру. Әсіресе педагогикалық қарым-қатынаста іс-әрекеттің нәтижелі болуы бірін-бірі толықтыратын бірнеше іскерлікке, қабілетке байланысты.

Коммуникативтік құзырет – шет тілін оқыту үшін де, екінші тіл ретінде оқыту үшін де маңызды. Коммуникативтік құзырет білім беру, оқыту үрдісінің негізгі мақсаты болуға тиіс. Осыған байланысты біз төмендегідей сипаттамаларды көрсетеміз. Үйренушінің тілді жетік білуі, орташа білуі, нашар білуі көптеген факторларға байланысты. Үйретілген тіл үйренушінің санасына қандай деңгейде сақталады? Бұл көптеген ғылымдарға қатысы бар мәселе. Бірақ осыларды анықтауға тырысу үшін әдістемеші ғалымдар үйренушінің деңгейін белгілейтін әдістер ұсынып жүр. Бұл - коммуникативтік құзырет.

Коммуникативтік құзырет (бұл терминді алғаш қолданғандар – М.Бахтин, Д. Хоммс) – үйренген тілдік құралдарын тілдік қарым-қатынаста

---

\* Түркістан облысы Түркістан қаласы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушысы, saule.zhumatayeva@ayu.edu.kz

таңдап пайдалана білуге қабілеті, тақырыпқа сәйкес ситуация бағалауы, ситуацияға тез арада реакция жасап, екінші тілде жауап беру.

Коммуникативтік компетенция – қарым-қатынастағы мәдени контексті, вербалды емес, мінез-құлықтық міндеттерді дұрыс түсіну және бағалауы.

Тілдік компетенция тілдік құралдардың қолданысқа түсуі, әр түрлі ситуациялар үшін әр түрлі тілдік құралдарды дұрыс пайдалана білу. Бұл жағынан қарағанда тілдік құзірет коммуникативтік құзіретке ұқсайды [1:78].

Қазақ тілі пәнінің негізгі мақсаты – шет елдік тыңдаушаларды қазақ тілінде сөйлетіп, жаза білуге жеткізу ғана емес, сабақ үстінде оларды қазақ тілін құрметтеуге, ұлтты, елді, жерді қадірлей білуге тәрбиелеу. Қазақ халқының әдет-ғұрпы мен дәстүрі, қонақжайлылығы мен дархандығы, шешендігі мен үлкен-кішіге деген құрметі туралы мағлұмат беру алғашқы орында болуы керек. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету – қиын да күрделі жұмыс. Өзге ұлтқа қазақ тілін үйрету әдістемесі тыңдаушының өз ана тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, оны үйретудің түрлі тиімді жолдарын көрсетуге тиісті.

Психологияда тіл адамдардың қарым-қатынасында қолданылатын таңбаланың жүйесі болып табылады. Тілді үйретудің нәтижелі болуы төмендегідей көптеген жағдайларға байланысты: оқушының психологиялық жағдайы, қабілеті, оқытушының тілді үйрету тәжірибесі, шеберлігі, оқыту тәсілдері, оқыту құралдары, оқулық пен көмекші құралдар, көрнекілік, оқу бөлмесінің тартымдылығы, оқушылардың ұйымдаса оқуға икемділігі, бір-бірімен жақсы қарым-қатынасы, оқушылардың қазақ тілін үйренуге деген өз ынтасы.

Осы жағдайларды ескеріп, тіл үйрету мақсатын алға қоя отырып сабақтарда коммуникативтік технологияларға басты назар аударып, соны қолдануға тырысамыз. Коммуникативтік бағыттарды ұстанған әдіскерлер Е.И. Пассов, А.А. Леонтьев, В.Г. Костомаров, Г.А. Китайгородская т.б. бұл әдістің ғылыми теориялық және әдістемелік тұрғыдан ең тиімді екендігін дәлелдеген.

Қарым-қатынастың түрлері көп. Тілдік қатынас - тіл арқылы байланыс, сөйлеу тілі арқылы адамдардың бір-бірімен қатынасы, қоғамдық, ұлттық тіл арқылы ұғынысу, түсіну, яғни, адамзаттың тіл арқылы қатынасқа түсуі-тілдік қатынас дегенді білдіреді.

Сабақта тілдік қатынас үш түрлі жолмен немесе қалаппен іске асырылады:

1. жұптық;
2. топтық;
3. ұжымдық.

Жұптық оқыту тілдік қатынас екі адамның арасында жүреді. Онда негізгі мақсат – екі оқушының өзара тілдесу ерекшеліктеріне, олардың қабілеттерін, тілді білу дәрежесіне, т.б. сүйене отырып іске асады.

Мұнда оқушылар екі-екіден жұпқа бөлініп, әр жұп жеке тапсырмалар бойынша жұмыс істейді де, олардың сыңарлары бір-бірімен ауысып отырады. Жұптық қалыппен тілді үйретудің ерекшелігі: ол диалог арқылы жүзеге асады да, тілдік қарым-қатынастың ауызша түрін дамытуға себепін тигізеді. Бұл қалып бойынша бүкіл тілдік материал диалогтың негізінде меңгеріледі.

Топтық қалып арқылы оқыту арнайы құрылған шағын топтарды қатысымдық әдістің қағидаларына бейімделудің нәтижесінде жүреді. Оқыту кезіндегі топтар сабақтың өтуіне қолайлы шағын адамдар санынан тұрады және оқытушының алдына қойған мақсатына сай құрылады.

Оқушыларды топтарға бөліп сабақ өткізу тыңдаушылар арасындағы қарым-қатынасты жақсартады, дұрыс сөйлеуге жағдай жасайды, тыңдаушылардың білімін жетілдіреді.

Оқытудың ұжымдық қалпы жұптық және топтық қалыптарды өзара біріктіреді. Өйткені оқытудағы сөйлесу процесі бүкіл топтағы адамдармен де жеке-дара екі адамның арасында да жүреді.

Тіл үйренудің ұжымдық қалпы дегеніміз – үйренушінің бүкіл топтағы адамдардың әрқайсысымен жеке сұхбаттасуы арқылы олардың бір-бірін үйретуі, оқытуы, адамдардың бірінен-екіншісінің үйренуі; пікір алмасуы және әр жұп сыңарларының ауысып отыруы нәтижесінде бүкіл ұжым мүшелері түгел қамтылып: әрі жұптық, әрі топтық тілдік қатынастың жүзеге асуы [2:115].

Коммуникативтік технологияда жетістікке жетудің негізгі факторы-мағыналы жоспардың болуы, тіл үйренушілердің іскерліктерін жоспарлау, коммуникативті жаттығулар жүйесін ойластыру, әр түрлі ойын элементтерін тиімді пайдалану, оқушылардың тілдік қорын молайту және грамматиканы жақсы білуін қамтамасыз ету. Аталған технология тіл үйренушінің қызығушылығын артырады, өзара көмек көрсету, жауаптылық яғни, тілді игеруге жоғары қызығушылықтың пайда болуына ықпал етеді.

Ой қорытындысын қазақтың белгілі азаматтарының бірі М.Қозыбаевтың мына сөзімен аяқтағым келеді: «Ұстаз – заманының соңында, не болмаса, оған ілесіп қана жүрген жан емес, өз заманынан озық жан. Ол үшін тәрбиеші білімді де, білікті болуы абзал. Ұстазына қарап оқушы ой ғана түземейді, бой түзейді, жанындағыны ғана көрмейді, алысқа, қияға қанат сермейді. Ол болашаққа көз тігеді. Көреген ұстаз болашақты болжайды, шәкірт жүрегіне жол табады» [3:56].

Әрине, қазақ тілін оқыту әдістемесі саласында атқарылған істер аз емес. Дегенмен әлі де болса ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік.

Қорыта айтқанда, оқытушының негізгі міндеті - тіл үйретудің соңғы дамыған әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, әр сабағын тартымды да қызықты өткізуге күш салу, өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді үйрету.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Сариева К. Жаңа технологияларды қолдану жолдары. // Қазақ тілі мен әдебиеті.- Алматы, 2006.
2. Абылмансұрқызы Ж. Жаңа технология оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту жолдары. // Қазақ тілі мен әдебиеті.- Алматы, 2005. №11
3. Қозыбаев М. Жұлдызым менің. –Алматы, 2001.

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

*Айнұр Қаймқызы НҰРЖАН\**

Тіл – өткеннің ұрпаққа қалдырған аманаты, бүгінгі күннің абыройы, ертеңгі күннің кепілі.

Сонау XX ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» – деген екен. Сондықтан қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, қазіргі қолданып жүрген пән ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту үрдісінде мақсатқа жетудің бірден – бір жолы. Өз тәжірибемде, оқыту барысында алдыма қойған мақсатым – субъект ретінде оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу. Оның басты ерекшелігі – оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау, сөйлеу дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу процесінде бірлесе әрекет ету.

Қазақ тілін оқыту барысында қазақ тілінің қыр-сырын, табиғатын таныта отырып, ертең өмірден өз орынын таба алатын, өзіне сенімді, нағыз ұлтжанды, парасатты ұрпақ тәрбиелеу үшін педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен пайдаланып, тәжірибені байыта түсу. Бірлескен іс-әрекетке негізделген оқытуды тиімді пайдаланған жағдайда келесі нәтижеге қол жеткізуге болады:

- қазақ тілінің өзіне тән заңдылықтарын игереді және сол арқылы тілдік күзiреттiлiктерiн қалыптастырады;

- қазақ тілін ана тілі ретінде таниды, қарым-қатынас барысында, тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым әрекеттерінде сауаттылықпен қолдану дағдыларын танып біледі, қолдана алады;

- қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктері мен лексикалық бірліктерінің сөздердің жазылу мен айтылу нормаларын, олардың қолданысы арқылы танып біледі;

- қазақ тілі адамдар арасындағы қарым-қатынас, таным мен ойлау құралы ғана емес, қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрін жинақтап сақтаушы және оны кейінгі ұрпаққа жеткізуші құрал екендігін танып біледі;

- тіл бірліктерінің қарым-қатынас құралы болуын, ойды сыртқа шығару жолдарын, таным құралы болу қызметтерін, тілдік материалдарды, оқылым және тыңдалым материалдары арқылы функционалды-коммуникативтік бағдарда игеру және оған қажетті түрлі дағдыларды қалыптастырады;

---

\* Түркістан облысы Ордабасы ауданы М.Жұмабаев мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі



- тыңдушалрды грамматикалық заңдылықтарды дұрыс меңгереді. Сөз тіркестерін, сөйлемдердің тұлғалық және мағыналық жағынан дұрыс байланыстырып жаза білуге дағдыланады;

- жазбаша тілін дамытып, сауатты жазбаша сөйлеуге үйреніп, ана тіліндегі мәтіндерді дұрыс, жүйелі жаза білу икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыра алады;

- жеке лексикалық бірліктерді, сөздерді дұрыс жаза білуге машықтанады;

- сөйлесім әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдана біледі;

- тіл үйренушілердің тілдік дағдысы мен ойлау қабілетін дамытады;

- күнделікті өмір жағдаяттарында қазақ тілін орынды қолдана білуге дағдыланады;

- тыңдаушылар қазақ халқының мәдениетімен, әдебиетімен, ұлттық салт-дәстүрімен танысып, мәдени ортада пайдалана алады;

- тыңдаушылар шығармашылық қабілетін дамытып, іскерлік дағдыларын жетілдіре алады;

- өз бетінше ізденеді, тыңдаған ақпарат бойынша ой қорыта алады, мәдени, ресми қатынасқа бейімделе алады;

- қазақ тілінің әдеби нормаларын жетік білудің негізін құрайтын өзіне тән грамматикалық заңдылықтарын игеру арқылы жазатын, сөйлейтін сөздің стилін, міндеті мен мақсатын айқын біліп, қазақ тілінде сауатты сөйлеу дағдысын қалыптастырады;

- қазақ тілінің әдеби нормаларын жетік білудің негізін құрайтын өзіне тән грамматикалық заңдылықтарын сөздік қордағы көнерген сөздер мен жаңа сөздер, кәсіби сөздер мен диалекті сөздер, термин сөздер және олардың қолданыстары туралы теориялық білімді игереді;

- қазақ тіліндегі тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым коммуникативтік дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдана білуді үйренеді;

- тіл мен мәдениет арасындағы байланысты және тіл әлемді танудың құралы екендігін қазақ тілінің сөздік қорын игеру арқылы түсініп, әлемді қазақша танитын болады;

- қазақ тілінде түрлі өмірлік жағдаяттарда еркін қарым-қатынас жасайды, өзара пікір алмасады, көзқарастарын білдіреді, өз ойын жүйелі де нақты жеткізе алатын болады;

- оқығанын, не естігенін ешбір қиындықсыз бәрін түсіне алады. Түрлі жазба және ауызша мәліметтерден нақты деректерді іріктеп алып, тыңдаушыға түсінікті етіп жеткізе алады. Кез келген тақырып бойынша дайындықсыз және жылдам күрделі тұрақты сөз тіркестері арқылы өз ойын жүйелі жеткізіп бере алатын болады;

- күрделі және көлемді мәтіндерді түсінеді. Ойлана отырып жылдам сөз тауып, ешбір дайындықсыз өз ойын жеткізе алады. Әлеуметтік, кәсіби және білімдік қызметінің шеңберінде тілді тиімді қолдана алады. Күрделі тақырыптар бойынша да өз ойын жүйелі жеткізе алады;

- түрлі тақырыптар бойынша өз ойын нақты жеткізе алады. Кез келген тақырыптар бойынша пікірталасқа қатыса алады. Мемлекеттік тілдегі газеттердегі ақпараттар жөнінде қысқаша түсінік бере алады;

- күнделікті кездесетін тақырыптарға байланысты жай сөйлемдер арқылы қиын емес мәселелерді шеше алады. Өз ойын қысқа сөйлемдер арқылы жеткізе алатын болады;

- алған әсерін, басынан өткен оқиғаларын, арман-тілегі туралы жай сөйлемдер арқылы шағын мәтіндер құрастыра алады;

- өзін қызықтыратын көптеген мәселелер бойынша түсінікті толық мәлімдемелерді жаза алады;

- өздік жұмыстарды орындауға, оқыту мотивінің тұлғалық-мәнділігін қалыптастыруға, оқытудың ұтымды технологиясы мен оқу материалдарын таңдауға және бейімдеуге, білім деңгейлері әртүрлі жоспарланған нәтижелерге жетуіне мүмкіндік береді;

- шығармашылық ұстаным білімгерлердің түрлі шынайы жағдаяттарда жаңа типтегі міндеттерді өздігінен шешу қабілетін, құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды орындау білігін қалыптастыруға мүмкіндік тудырады.

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту өте маңызды өзгерістердің сатысында тұр. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамыту, алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез келген орта жағдайында қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Қазір білім алушылардың бойына дағдыларды дарыту, олардың коммуникативтік құзіреттіліктерін дамыту білім беру саласындағы басым бағыттардың бірі болып табылады. Мәселен, оқылым дағдысына келсек, балаларымыз әріп танығанымен зейін қойып оқуға, оқығанын зердесіне құйып, өзгеге түсіндіріп беруге шорқақ. Яғни, оқылым дұрыс болмағаннан кейін айтылымнан да ақсап жатамыз. Ал сондай мәселені түсіндіріп беруге тырысқан, айтылым дағдысы қалыптасқан адамды тыңдай алмайтын да жағдайлар кездесіп жатады. Ойымызды жүйелеп жазып беруге қиналатын сәттеріміз және бар. Мұның бәрі тілдік дағдылардың жете қалыптаспағанын білдіреді. Осы жағдайлардың жаңартылған бағдарламада жан-жақты сөз болатынын, тілдік дағдыларды дамытуға арнайы тоқталатынын айта кеткеніміз жөн. Ол жерде «оқыту үдемелігі» деген жаңа ұғым бар. Оның үш кезеңі көрсетіледі.

Оқылым кезеңінде оқығанын терең түсінуге тырысады. Алайда кейбір жанама мәселелер, тіпті негізгі мәселенің өзі түсініксіздеу болып жатса, онда тұрған ештеңе жоқ. Өйткені алда ойды түртіп алу кезеңі бар. Оқушыға мәселені пысықтауға уақыт беріледі. Сол кезеңде оқыған ақпаратты, мәтінді талдауға арналған стратегиялар немесе тірек сызбалар арқылы талдап, негізгі мәселені ойына түйіп алады. Қажетті ақпаратты толық ой елегінен өткізген соң ғана қолына қалам алады. Яғни тіл үйренуші жазылым кезінде керек болатын сөздік қорды меңгергенге дейін жазуға ешқандай тапсырма берілмейді. Сонымен қатар оқу үдемелілігінде мұғалімдердің оқылым мен

жазылымды дамыту үшін айтылым мен тыңдалымға назар аударуға мүмкіндіктері болады. Барлық тыңдаушылар оқу мен жазудан бұрын тыңдап, тыңдағанын айтып беруге үйренеді. Өзара әрекет, қарым-қатынас кезінде жазылым мен оқылым дағдыларына қарағанда, айтылым және тыңдалым дағдысы көбірек жетілетіні сөзсіз.

«Қазақ тілі» пәні бойынша жаңартылған оқу мазмұны тіл үйренушілердің білім, білік және дағдыларына қойылатын талаптардың ең бастысы тілді тиімді меңгертуде төрт дағды арқылы жүзеге асырылып келе жатыр. Оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым дағдылары коммуникативтік дағдылар болып табылады. Пән бойынша қазақ тілінен оқу бағдарламасының мазмұны тіл үйренушінің сөйлеу және ойлау әрекетін, түрлі сала мен қарым-қатынас жағдайында тілді еркін игеруді қамтамасыз ететін коммуникативтік іскерліктер мен дағдыларды, тілдік өзара әрекет пен өзара түсінісу қабілеттерін дамытуға, сөйлеу тілін жетілдіруге бағытталған. Адамзат тарихының сан мыңдаған ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі көрсеткендей, қоғам мен мемлекет құрылымындағы күрделі құбылыс – тіл мәселесі болып табылады.

Тіл ұлттың негізгі белгісі ретінде халықтың болмыс-бітімінің сақталуында шешуші рөл атқарады, оның рухани мәдениетінің бір бөлігі болып табылады, сондықтан да тіл өзіне деген құрметті талап етеді. «Тіл тағдыры – ұрпақ тағдыры, ұрпақ тағдыры – ел тағдыры» деген ұранды ұстанған қазақ халқы ғасырлар бойы елі мен жерін, діні мен тілін сақтап қалу жолында талай қиын-қыстау кезеңдерді басынан кешірді. Өйткені ана тілі мәселесі – сол тілде жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткені мен бүгінгісін таразылай отырып, болашағын танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәселесі. Елдіктің негізгі шарттары, түптеп келгенде мемлекет тілінің, ұлт рухының көтерілген биігімен өлшенеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы», 27 шілде 2007 жыл.
2. М.Ахметова. «Мәтін лингвистикасы». Орал-2008.
3. Шабжанова Салтанат. «Оқылым дағдыларын қалыптастыру және дамытудың әдіснамасы мен тәжірибесі», Павлодар-2015.
4. МАН «Тиімді оқыту мен оқу» «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016
5. Ж.А.Максұтова. «Жаңа әдістер, жаңа мүмкіндіктер»

# ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ПАРАДИГМАЛАРЫ

*Ғалия Ботабайқызы НҰРМАҒАМБЕТОВА\**

## **Аңдатпа**

Аталған жұмыста лингвистика саласындағы қазақ фразеологиясының жаңа даму бағыттары туралы сөз етіледі. Концептінің жасалуына ұғым емес, заттық бейне негіз болатындығына дәлелдемелер де келтіріледі. Концепт белгілі бір ұлт мәдениетіне тән болғандықтан, сол ұлт бейнесін көрсететін салт-дәстүрлер көрінісі, ұлтқа тән таным мен білім сияқты ерекшеліктеріне қарай жетілдіріліп отырады.

**Түйін сөздер:** ғылыми парадигма, концепт, лингвистика, фразеология, фраза.

Тіл мен мәдениет байланысындағы пәнаралық «мәңгі» мәселелердің қайта жандануы ғасырлар тоғысында қазақ фразеологиясына жаңа ғылыми парадигмаларды алып келді: этно-мәдени – тілдік зерттеулер бейнелі тіркестерді нысан етті. Соның нәтижесінде қазіргі тіл мәдениетінде лингвомәдениеттанудың сипаттары мен ерекшеліктеріне қарай сезімдік эмоциялық әсер беретін коммуникативтік-прагматикалық аспектіде когнитивтік фразеология белең алды.

Фразеология – тұрақты тіркестерді (кең мағынада) зерттейтін лингвистикалық пән. Сондай-ақ тілдердегі фразеологизмдерді қарастыратын тіл білімінің дербес саласы. Тіл білімінде (көбінесе еуропа, славян зерттеушілері) фразеологизмдерді түрлі топтастырулары бойынша қазіргі бөліп қарастырғанына қарай, қазақ тіліндегі мысалдарымен көрсетсек: идиомдар (ит мініп ирек қамшылау, мұрнынан есек құрты түсу, ит арқасы қиянда, түкіргі жерге түспеу, түйе үстінде сирақ үйту); мақалдар (еңбегіне қарай өнбегі, орамал тон болмайды, жол болады, ер – елдің иесі, әйел – үйдің киесі); мәтелдер (тегін адам таз болмайды, бір тауда бір киік, итке мылтық не керек, әркім өз ботасын үкілейді); Бұларға қосымша дәстүрлі топтастыруда қанатты сөздер (еңбек етсең ерінбей тояды қарның тіленбей, сөзі жоғалған жұрттың өзі жоғалады,); коллокациялар (жанды сөз, су мұрын, шикі өкпе, құдайы қонақ т.б. – дәстүрлі фразеологиялық тізбектерге қоса шешім қабылдау, билік коридоры, ақпараттық соғыс т.б. мысалдар); деп бөліп қарастырады.

---

\* Қызылорда қаласы С.Сейфуллин атындағы №41 Т мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, g\_nurmagambetova91@mail.ru

«Ғылыми парадигма» ұғымының семантикалық диапазоны қазіргі лингвистика мен тіл ғылымының көп аспектілерін қамтиды. Бұл ұғым алғаш рет американдық тарихшы және философ Томас Кунның еңбектерінде қолданылған. Оның «Ғылымның революциялық құрылымы» (1962) атты жұмысында «ғылыми парадигма» түсінігі ғылым тарихындағы ерекше орын алады. Кун ғылым мен қоғамның арасындағы терең байланыстарды зерттеп, ғылыми бірлестіктердің дамуындағы жаңа идеялар мен тұжырымдарды қалыптастырудың маңыздылығын атап көрсетеді.

Кун парадигманы ғылыми бірлестіктердің негізгі стандарттары мен ережелерінің жиынтығы ретінде сипаттайды. Ғылыми парадигмалар – бұл сол бірлестік мүшелері қабылдаған ғылыми жетістіктер мен сол жетістіктерді шешудің жолдарын белгілеуші жүйелер. Әрбір парадигма ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру, бағыт-бағдар беру және ғылыми мәселелерді шешу әдістерін анықтайды.

Т. Кун «ғылыми бірлестік» ұғымын ғылыми қызметтің логикалық субъектісі деп түсіндірген. Бұл ұғым бойынша, ғылыми қызмет – белгілі бір парадигмалардың негізінде дамып, сол парадигмаларды қабылдаушы зерттеушілердің әрекеті. Осылайша, ғылыми парадигма ғылымның қалыптасу процесінде маңызды рөл атқарады, себебі ол жаңа идеялардың қабылдануына, ғылыми дүниетанымның өзгеруіне және ғылыми жаңалықтардың ашылуына мүмкіндік береді.

«Ғылыми парадигма» ұғымы ғылымның дамуындағы өзгерістерді сипаттауда және қазіргі зерттеулердің өзара байланысын түсіндіруде маңызды құрал болып табылады.

Қазақ фразеологиясының ғылыми пән ретінде қалыптасуы мен дамуы алдымен ұлт тілінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты. Қазақ тілі аса көркем поэтикалық бейнелілігі және синонимдердің молдығымен назар аудартады. Қазақ халқының дәстүрлі шешендік сөз өнерінің алтын тұғыры болған мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер, бейнелі тұрақты метафоралар қай кезде болмасын басқа жұртты таң қалдырған. В.В.Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» (СПб.,1899), Л.Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» (СПб.,1869) еңбектерінде қазақ тілінен жиналған мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер тобы кездеседі. Фразеологизмдер сөйлеу және жазба тілде бағалауыштық қызметімен ерекшеленіп, өзіндік бейнелі, эмоционалды-экспрессивті жағынан айтушы мен тыңдаушы арасында жай хабарласу, ойды көркем жеткізу ғана құралы емес, түрлі сезімдік жақтарына әсер ету мүмкіндігіне ие болатын бірліктер ретінде танылады. Фразеологизмдердің мұндай ерекше қасиетіне қазақ тіл білімінде І.Кеңесбаев назар аударған. Алғаш рет «Қазақ тілінің идиомдары мен фразалары». [Халық мұғалімі, 1946, №1-2, 39-42 б., №3-4, 42-50 б. және орыс тілінде жарық көрген «О некоторых фразеологизмах в 19 казахском языке»] – Изв. АН. Каз.ССР, №135, сер. филолог. и искусствовед., вып.1-2, Алма-Ата, 1954, с. 6-27] деген мақалаларынан басталған ғылыми зерттеулер қазақ фразеологиясының бастапқы теориялық дінгектері деуге болады.

І.Кеңесбаев мақалаларынан кейін жарық көрген басқа да зерттеулер – қазақ фразеологиясының теориялық және қолданбалы жақтарына өзіндік үлес қосқан еңбектер.

Фразеологизмдердің зерттелу тарихын хронологиялық тәртіппен жүйелесек, онда 70-жылдарға дейін де қазақ тіл білімінде фразеологизмдер жекелеген ғылыми ізденістердің зерттеу нысаны болды. Мәселен, көркем әдебиеттегі фразеологизмдер [Х.Қожахметованың «Ғ.Мұстафин шығармаларындағы фразеологиялық оралымдар» деген кандидаттық диссертациясы. Алматы, 1967], аудармадағы фразеологиялық құбылыс туралы [Ө.Айтбаевтың «М.Горький шығармаларындағы фразеологизмдердің қазақ тілінде берілу жолдары» – кандидаттық диссертациясы. Алматы, 1971]. ғылыми ізденістерді атауға болады. Фразеологиялық мысалдарды жинау – таза шығармашылық еңбек. Бір есептен бұл тура ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаумен бара бар. Тұрақты тіркес мысалдарын ауызекі сөйлеу тілінен, көркем әдебиеттен жинауға сандаған жылдар кетеді. Мұның нәтижесі – түркітануда алғаш рет 1977 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі». Автор сөздікке 11 мыңға жуық фразеологиялық тіркестерді енгізген.

Ең бастысы өткен ХХ ғасырдың екінші жартысы қазақ фразеологиясының тақырыптық және лексика-семантикалық ерекшеліктерінің сипатталуымен құнды. Бұл қазақ фразеологизмінің корпусын қалыптастыруға негіз болған ізденіс нәтижелері деп бағалаймыз. Сондай-ақ, бұл бағыт жалпы лингвистикалық зерттеулердің оның ішінде фразеология да бар, лингвистикалық компаративизм деген ғылыми парадигмаға жатады. Оның басты принципі салыстыру арқылы тарихи зерттеу болды. Фразеологизмдерді таксономдық және классификациялық үлгіде деңгейлік модельдерін анықтады. (Ө.Қайдар, Р.Жайсақова, С.Сәтенова т.б.) Өткен ғасырдың соңғы ширегінен бастап, жаңа лингвистикалық таным фразеологизмдерді зерттеудің құрылымдық жүйе парадигмасын қалыптастырды. Мұндағы басты принцип тұтастық пен жүйелілікке негізделді. Тілдік құрылымдағы оппозиция – «тіл-сөйлеу», «парадигма-синтагматика», «синхрония-диахрония» әдіснамасы қазақ фразеологиясында жемісті ғылыми нәтижелерді берді. (Ө.Қайдар, М.Копыленко, Г.Смағұлова, С.Сәтенова, Р.Авақова Қ.Қалыбаева, Б.Жұбатова т.б.) Өзіндік ерекшеліктері бар тілдік бірлік ретінде фразеологизмдердің тұлғалық және мағыналық сипаты лингвистикалық ғылыми зерттеулердің түрлі нысандарына тақырып болды. Әсіресе, кейінгі зерттеулер ішінде ұлт мәдениетіне қатысы әр түрлі ғылымдар түйісінде: тарих, этнология, психология, когнитология, әлеуметтік лингвистика, қолданбалы лингвистика, философия, аударматану, стилистика, прагмастилистика және тіл мәдениетінде т.б. жан-жақты қарастырылып, жалпы қазақ фразеологиясының теориялық және практикалық қолданбалы жақтары терең сараланып келеді. Бұл ретте, тілді адаммен, оның болмысымен бірге қарастыру антропоцентрилік зерттеулерге өзек болды. Жан-жақты дами келе, коммуникативтік-прагматикалық парадигмаға ұласты. Мұның басты принципі номинация және референция теориялары мен сөйлеу

әрекетінің ерекшеліктеріне негізделеді. Фразеологиялық мағынаның жасалуы мен қалыптасуын зерттеуде когнитивтік лингвистиканың мүмкіндіктері мол. Тіл мен танымның сабақтастығы нәтижесінде концептөрістегі білім құрылымы мен формасы және оның репрезентациялануы фразеологиялық зерттеудің жаңа парадигмаларына негіз болады.

Лингвистикада ерекше ғылыми бағыт ретінде когнитивтік фразеологияның қалыптасуы оның нысаны мен зерттеу пәніне байланысты. Когнитивтік фразеологияның зерттеу нысанының проблемалары—когнитивтік семантика, дискурсология, психолингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану т.б. құзырлы ғылымдар тоғысында айқындалады.

Өйткені фразеологиялық тұлғаның семантикасы танымға байланысты десек, онда онымен (таныммен) жалғаса сөз етілуге тиісті мәселелер:

фразеологизм прагматикасының дискурстық сипаты;

санада және сөйлеуде тұрақталған тіркестің психолингвистикалық ерекшелігі;

тұрақты тіркестің этнос тіршілігі мен оның мәдени өміріне қатысы талданады.

Когнитивтік фразеологияның пәні – когнитивтік-дискурстық кеңістікте фразеологиялық тіркестердің таным мен мәденитет ықпалымен өзара әрекеттестігі.

Когнитивтік фразеологияның мақсаты – когнитивтік-қатысымдық жағдаяттарды сипаттайтын фразеологизмдердегі концепт өрістерді анықтау арқылы ментальдық модельдерді көрсету.

Фразеологиялық тіркесті айтылым дискурс проблемасымен тікелей байланысты. Тек дискурс қана коммуниканттың тілдік танымының мәтіндермен ассоциативті мағыналық байланысын жан-жақты көрсете алады. Әрине, ғылымдағы әр жаңа қадам жаңа ғылыми терминологияны тым болмаса, бұрынғы атауларды қайта қарастыруды талап етеді. Бұл ретте орыс тіл білімінде когнитивизмнің айтарлықтай нәтижесі бар. Е.С.Кубрякова. «Когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігі» (1996) бастап, Ю.С.Степанов, И.А.Стернин, Н.Ф.Алефиренко т.б. еңбектерін айтамыз.

Мәселен, философиялық анықтама байынша, «концепт» – жалпы ұғым, мағына. Ал «ұғым, мағына» – ойлау категориялары ретінде логикалық термин. Сондықтан да «концепт», «ұғым», «мағына» терминдерін бірде тұтас, бірде бөлек қарастырады. Алайда айырым белгілерін жоққа шығармайды. Дүниені, шындықты адам санасының қабылдауы тек ұғымның айналасында қалып қоймайды.

Концептінің жасалуына ұғым емес, заттық образдар (заттың бейнесі) негіз болады. Мысалы, ат жалын тартып мінді дегенге ат, мін =,жал деген (субъект-предикат) ұғымдар емес, ақиқат өмірден алынған сенсорлық-перцептивті образ негіз бола алады.

Мысалы, ана сөзі ұғым бойынша – шеше (Ананың ақ сүтін ақтау). Бұл адамдардың бәрі білетін ең негізгі басты сипаты. Бірақ бұл ұғыммен қатар Ана туралы басқа да түсініктер бар. Мәселен, Анаға қатысты тілімізде

бағалауыштық, коннотативтік бірліктер, мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркестер, нақыл сөздер мен афоризмдер қалыптасқан. («Ананың көзі – балада, баланың көзі – далада»; «Ананды Меккеге үш рет жаяу апарсаң да ақ сүтін ақтай алмайсың» «Анасын көріп, қызын ал»; Ақ жаулық»; «Ел анасы»;) Демек, Ана ұғымын тереңдететін, нақтылай түсетін, жан-жақты сипаттайтын басқа қосымша мәнді, қажетті мәдени мағлұматтар арқылы ментальдық деректер жинақталған. Бұларды саралай келгенде, ұғымдық саты толығы береді де, концепт дәрежесіне көтеріледі.

Сондықтан кез келген ұғым, сөз концепт бола бермейді. Концепт болу үшін белгілі бір ұғымға қатысты ұлттың мәдени көрсеткіші болатын тілдік дерек – лексика-семантикалық тақырыптық топ, сондай-ақ, ментальдық мінездемені қажет ететін және философиялық мазмұнды, логикалық бағдары бар ұжымдық білім көрсеткішіне негізделген күрделі құрылымды бірлік болу керек.

Концепт белгілі бір ұлт мәдениетіне тән болғандықтан, сол ұлт бейнесін көрсететін салт-дәстүрлер көрінісі, ұлтқа тән таным мен білім сияқты ерекшеліктеріне қарай жетілдіріліп отырады. Мысалы, ана коцептісіндегі мазмұндық ақпараттар арасындағы «Батыр ана» немесе «көкек ана» тіркестері осыған дәлел. Концепт туралы айтылған ой-пікірлерді сараптап, тұжырымдай келе, концептінің ең басты өлшемдерін айта кету керек. Олар: бейнелілік, ұғымдық, құндылық. Концептінің бейнелілігі – бұл заттар мен құбылыс, оқиға сипаттарын көру, есту, сипау, иіс, дәм арқылы тәжірибелік біліміміздің дара қасиеттерімен біздің жадымызда сақталуы. Бұлардың барлығы түрлі бейнелер, олардың түрлі қасиеттері арқылы танылады, әрі фреймдік құрылымды жасауға негіз болады. Дүние суретін қалыптау үшін түрлі бейнелер концептілік құрылым түзеді. Ал бұлардың барлығы фразеологизмдерде сипаттау арқылы жүзеге асырылады.

Мысалы, адамға қатысты:

ер – еркек кіндікті (ұл, ер адам), ердің ері, егеудің сынығы (тектінің ұрпағы, жақсының көзі);

әйел – бес биенің сабасындай (толық, етжеңді әйел),

жігіт – қыз мінезді жігіт (момын, сыпайы жігіт),

қыз – қырық жеті (дүниеге қыз бала келгенде астарлап, оған берілетін қалың малды тұспалдап айтқан), қыздың жиған жүгіндей (қыздың қолынан шыққандай ұқыпты, сәнді),

бала – ернінен емшек сүті кетпеген (буыны қатпаған әлі жас) деген бейнелер арқылы санада қалыптасқан ұғымның өзіндік ерекшеліктерін фразеологизмдермен сипаттайды, бағалайды.

Бейнелер әр түрлі болады. Соған орай, табиғат, кеңістік суреттері, заттық бейнелер, дәм, иіс, және тактильді бейнелер, дыбыстық бейнелер, көру бейнелері фразеологиялық бейнеге ие болады. Мысалы:

а) табиғат, кеңістік суреттеріндегі бейнелер:

қырық күн шілде (жаз айларының ең ыстық кезі),

сақылдаған сары аяз (қыстың ең қатты аязы),

қыстың көзі қырауда (қыс кезіндегі суықтық),



жұлдызы жоғары (біреуден мәртебесінің жоғары болуы),  
жұлдызы қарсы (біреуді ұнатпау, қарсы келу),  
сегіз қиыр шартарап (қазақтардың ұғымында дүниенің төрт құбыласы  
және табиғаттың төрт мезгілін айтқанға ұқсайды),  
дүниенің төрт бұрышы (дүниенің төрт құбыласы оңтүстігі, солтүстігі,  
батысы мен шығысы);

ә) Заттық бейнелер:

тасбақа жүріс (баяу, ақырын жүру)

қара шаңырақ (қазақ мәдениетінде әке-шешесі отырған үйді қастерлеп,  
«қара шаңырақ» деп құрметпен атайды)

көзінің ағы мен қарасы (ең аяулы, ең жақын адамы; әдетте балаға  
қатысты айтылады)

іштен шыққан шұбар жылан (туған баласын жамандыққа қимағанда  
айтылады)

қаны бір (туыс, бірге туған)

қара қазан, сары бала (отбасылық жағдай, тұрмыс-тіршілік, бала-  
шағалы)

кіндік кесіп, кір жуған жер(туған жер)

б) Дәм:

су тату, сылдыр су, бал тату, дәмі тіл үйіру, дәмін алу; (тамақтың дәмін  
қатысты айтылады)

в) Иіс, және тактильді бейнелер:

иісі мұрынды жару (өткір иістің әсері)

қолма-қол (тез арада бір істің бітуі),

қол алып, төс соғыстыру (1.уәделесу; 2. татуласу),

құлағының етін жеу (белгілі жайтты қайталап айта беру, мазасын алу),

іші удай ашу (бір нәрсеге қатты өкіну),

жалаң аяқ жар кешу, қызыл аяқ қар кешу (қатты қиналу, қиындық  
көру).

г) Дыбыстық бейнелер:

ботадай боздау (қоймай жылау)

қыран-топан күлу (у-шу, қатты күлу)

ақ түтек боран (қарды ұшырып, қатты соққан боран)

шыбынның ұшқаны естіліп тұру (тыныштық сәті)

дауыс көтеру (қатты сөйлеу, зеку мағынасында)

ғ) Көру бейнелері:

екі бетінен қаны тамған (денсаулығының жақсы екендігі екі бетінен  
көрініп тұрады)

ине шаншар жер жоқ (адам өте көп, немесе тар жер)

аузы-мұрнынан шығу (көп, молшылық)

Әлем, дүние суреттерін модельдеуде бұл бейнелер әр түрлі концептілік  
құрылымдарға салынады. Жоғарыдағы мысалдар дүние бейнелерінің  
ұғымдарын көркем таныммен фразеологиялық тіркестер арқылы сипаттау өте  
суретті, прагматикалық жоғары деңгейді байқатады. Фразеологиздердің

жасалуына нақты, іс-әрекет, құбылыс, жағдаяттар негіз болып, еркін тіркестер ауыспалы мағынада қолданылғандықтан, схема елестету, бейнені көру сияқты сәтке ие болады.

Ойсурет – санада бейне, метафора, символ көмегімен танылатын концепт қалыптастыратын ең күрделі форма. Мәселен, метафора «білімнің моделі» ретінде түсіндіріледі. Метафорада концепт қалыптастыратын құрылымдық элементтердің бейнелену қызметі бар. Метафора арқылы адам тәжірибесіндегі ассоциативтік, стереотиптік, символдық таным айқындалады. Мысалы, «әйел» концептісінің құрылымдық элементі – Ана. Ұлттық танымда мәселен, «ана сүтін ақтау» деген тіркесте ананың балаға деген үміті мен ізгі тілегінен шықты, ана сенімін орындау деген ұғым жатыр. Сол сияқты, «Ананды Меккеге үш рет жаяу апарсаң да ақ сүтін ақтай алмайсың» деген тіркесте қазақ түсінігі бойынша баланың алдында аналық парыздың еш өтеусіз екендігін ұғындырады.

Метафоралау нәтижесі концептілік құрылымдардың модельдену көрінісін қалыптастырады. Бұл әрекет когнитивтік санадағы сенсорлық, перцептивтік қабылдаулар арқылы жинақталған ақпараттар негізінде жүзеге асады. Концептілік құрылымдарды модельдеу барысында санада салыстыру, категориялау сияқты логикалық операциялар жұмысы жүргізіледі. Мысалы, «Ұжмақ анаңның аяғының астында» деген діни фразеологизм бар. Бұл қолданыста үлкен ой жатыр. Анаңды қастерлесек төбеңе көтеріп сыйла, құрметте. Демек, метафора – когнитивтік санадағы логикалық операциялардың динамикалық көрінісі, ой тудыру мәселесі. Бұл жағынан алғанда, қазақ ұлтының аса бай көремдік ой қуаты әйелдер бейнесі туралы не бір ғажап тілдік бірліктерді жасаған. Мысалы:

Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер; әке-шеше тәрбиесін бірдей көрген ұл мен қыз ата-анасынан бір тәлім алып шығады демекші. Ақылды әйел ішінде алтын бесікті ұл жатыр; Ақылды әйел болашақ ұрпақ қамын ойлайды, текті баланы өмірге әкеледі. Кейбір қазақ отбасыларындағы ұлдар тек атақты, талантты адамдардан тұрады.

Фразеологиялық тіркестер өз-өзінен пайда болмайды, олардың белгілі бір дәуір, уақыттың мәдени және қоғамдық тұрмыс-тіршілігінің тарихи көрінісі болып табылады және халық түсінігіне байланысты сенімдер тілдегі тұрақты тіркестердің қалыптасуына негіз болады, сол сияқты қазақ халқының ертегілері қазақ фразеологиясының мағыналық динамикасын бейнелейтін бастапқы мәндерін білдіретін сюжет, фреймдер бар. Фразеологизмдердің көпшілігінің қалыптасуы қандай да бір сюжетке, тарихи немесе мәдени дерекке келіп тіреледі. Еркін тіркестер тұрақты тіркестерге айналуына дейін өте күрделі жолдан өтеді. Егер сөз тіркесі сыңарларының бірі сапа-белгіні немесе іс-әрекетті білдіру қасиеттерінен айырылса, басқаша айтқанда, лексикаланып, мағыналық тұрғыдан өзгеріске түссе, ондай тіркестер сөз тіркесі болудан қалып, фразеологиялық тіркестердің немесе атаулық тіркестердің қатарына көшеді. Демек, бұл аталған тіркестердің түпкі тегі еркін сөз тіркестері деген сөз. Осыған байланысты фразеологиялық тұлғалардың қалыптасуында тілдің ұлттық психологиямен, тарихпен,

мәдениет және тұрмыс тіршілікпен байланыстарына ерекше назар аударған жөн.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Авакова Р.А. Фразеологиялық семантика. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 150 б.
2. ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ лингвистикалық парадигмаларда монография.- «Елтаным баспасы» Алматы, 2020.-4,17 б.
3. «Қазақ тілінің идиомдары мен фразалары». (Халық мұғалімі, 1946, №1-2, 39-42 б., №3-4, 42-50 б.
4. Ғ.Қалиев. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы, Алматы, 2003ж.
5. Оразалиева Ә. Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік негіздері // Тілтаным. №4, 2001, 39-44 б.

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Светлана ТУРГАНОВА\**

Қазақ тілі - мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тілді оқытудың жаңа жолдарын іздеу қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге юайланысты әр кезеңде өз дәрежесіне сай сұраныста юолады. Яғни мемлекеттік тілді оқытудың тиімді де ыңғайлы жүйесі мен құралымын қалыптастыру әрбір тілді оқытатын оқытушының шеберлігі мен шығармашылығына байланысты. Ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ол – қазақ тілі Мәңгілік Елдің мәңгілік тіліне айналды», деген сөзі қоғамда қазақ тілінің дамуына зор үлес қосып, өз септігін тигізуде. Білім беру жүйесі – әр елдің даму болашағын айқындайтын жүйе. Әлемде болып жатқан толағай өзгерістер білім беру жүйесінің алдына бәсекеге қабілетті, кез келген жағдайда өзіндік шешім қабылдай алатын шығармашыл тұлға қалыптастыруды мақсат қойып отырғаны белгілі.

Әлемдік тәжірибе бойынша тілді тиімді меңгерту төрт дағды арқылы жүзеге асырылады. Оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым дағдылары – коммуникативтік дағдылар болып табылады. Аталған дағдылардың әрқайсысының өзіне тән ішкі дағдылары мен оны үйрету жолдары, яғни ерекшеліктері бар.

Тіл үйренушілер қарым-қатынас құралы ретінде тілді меңгереді және оны ауызша және жазбаша қолдана білуі керек. Білімалушы, сөйлеу әрекетінің төрт түрін меңгеруі керек: рецептивті – тыңдау және оқу, нәтижелі – сөйлеу және жазу, сонымен қатар тілдің олармен байланысты үш аспектісі – лексика, фонетика және грамматика. Тіл тұлғааралық қатынас құралына айналуы үшін қарым-қатынастың барлық түрлерін және сөйлеудің барлық функцияларын меңгеру өте маңызды.

Тіл үйренушілер қазақ тілін оқып-үйрену барысында оқытудың басты мақсаты – қазақ әдеби тіл нормаларын дұрыс қолдана білуге және сауатты жазуға үйрету; қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған білімін, тарихын, әдебиеті мен мәдениетін оның тілі арқылы таныта отырып, ана тілін қадірлейтін тұлғаны қалыптастырады.

Қойылған мақсатқа сай жүзеге асырылатын міндеттер:

- қазақ тілінің өзіне тән заңдылықтарын игерту және сол арқылы білімгердің тілдік күзіреттіліктерін қалыптастыру;
- қарым-қатынас барысында, тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым әрекеттерінде сауаттылықпен қолдану дағдыларын қалыптастыру;

---

\* Түркістан облысы Түркістан қаласы Б.Момышұлы атындағы №22 ЖББ мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы

- қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктері мен лексикалық бірліктерінің бойындағы мағыналы байлықты, сөздердің жазылу мен айтылу нормаларын олардың қолданысы арқылы танып білу;
- тіл бірліктерінің қарым-қатынас құралы болу, ойды сыртқа шығару, таным құралы болу қызметтерін тілдік материалдар, оқылым және тыңдалым материалдары арқылы функционалды-коммуникативтік бағдарда игеру және оған қажетті түрлі дағдыларды қалыптастыру;
- білімгерлерді грамматикалық заңдылықтарды дұрыс меңгеруі арқылы сөз тіркесін, сөйлемдерді тұлғалық және мағыналық жағынан дұрыс байланыстырып жаза білуге дағдыландыру;
- білімгерлердің жазбаша тілін дамыту, сауатты жазбаша сөйлеуге үйрету үшін ана тіліндегі мәтіндерді дұрыс, жүйелі жаза білу икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру;
- жеке лексикалық бірліктерді, сөздерді дұрыс жаза білуге машықтануына күнделікті әрі жіті назар салып отыруын қадағалау;
- сөйлесім әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдана білуге үйрету;
- тілдік дағдысы мен ойлау қабілетін дамыту;
- күнделікті өмір жағдаяттарында қазақ тілін орынды қолдана білуге дағдыландыру;
- қазақ халқының мәдениетімен, әдебиетімен, ұлттық салт-дәстүрімен таныстырып, мәдени ортада пайдалануға баулу;
- шығармашылық қабілетін дамытып, іскерлік дағдыларын жетілдіру;
- өз бетінше ізденуге, тыңдаған ақпарат бойынша ой қорытып, мәдени, ресми қатынасқа бейімдеу;
- қазақ тілінің әдеби нормаларын жетік білуге, грамматикалық заңдылықтарын игеруге, сөйлейтін сөздің стилін, міндеті мен мақсатын айқын білуге баулу, қазақ тілінде сауатты сөйлеу дағдысын қалыптастыру;
- қазақ тілінің әдеби нормаларын жетік білуге, грамматикалық заңдылықтарын сөздік қордағы көнерген сөздер мен жаңа сөздер, кәсіби сөздер мен диалекті сөздер, термин сөздер және олардың қолданыстары туралы теориялық білімдерді игеру;
- қазақ тіліндегі тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым коммуникативтік дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдана білуге үйрету;
- тіл мен мәдениет арасындағы байланысты және тіл әлемді танудың құралы екендігін қазақ тілінің сөздік қорын игеру арқылы түсіну, әлемді қазақша таныту;
- қазақ тілінде түрлі өмірлік жағдаяттарда еркін қарым-қатынас жасауда, өзара пікір алмасуда, көзқарастарын білдіруде өз ойын жүйелі де нақты жеткізе алуға үйрету;
- оқығанын, не естігенін ешбір қиындықсыз бәрін түсінуге, түрлі жазба және ауызша мәліметтерден нақты деректерді іріктеп алуға, тыңдаушыға түсінікті етіп жеткізуге, кез келген тақырып бойынша дайындықсыз және жылдам күрделі тұрақты сөз тіркестері арқылы өз ойын жүйелі жеткізуге дағдыландыру;

- күрделі және көлемді мәтіндерді түсінуге, ойлана отырып жылдам сөз тауып, ешбір дайындықсыз өз ойын жеткізуге, әлеуметтік, кәсіби және білімдік қызметінің шеңберінде тілді тиімді қолдана алуына, күрделі тақырыптар бойынша да өз ойын жүйелі жеткізе алуына жағдай жасау;

- түрлі тақырыптар бойынша өз ойын нақты жеткізе алуына, кез келген тақырыптар бойынша пікірталасқа қатысуға, мемлекеттік тілдегі газеттердегі ақпараттардан қысқаша түсінік беруге үйрету;

- күнделікті кездесетін тақырыптарға байланысты жай сөйлемдер арқылы қиын емес мәселелерді шеше алуға, өз ойын қысқа сөйлемдер арқылы жеткізуге дағдыландыру;

- алған әсерін, басынан өткен оқиғаларын, арман-тілегі туралы жай сөйлемдер арқылы шағын мәтіндер құрастыруға бейімдеу;

- өзін қызықтыратын көптеген мәселелер бойынша түсінікті толық мәлімдемелерді жаза алуға машықтандыру;

- өздік жұмыстарды орындауға, оқыту мотивінің тұлғалық-мәнділігін қалыптастыруға, оқытудың ұтымды технологиясы мен оқу материалдарын таңдауға және бейімдеуге, білім деңгейлері әртүрлі жоспарланған нәтижелерге жетуіне мүмкіндік беру;

- шығармашылық ұстанымы арқылы түрлі шынайы жағдаяттарда жаңа типтегі міндеттерді өздігінен шешу қабілетін, құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды орындау білігін қалыптастыруға мүмкіндік туғыздыру.

Белсенді оқыту тілдік дағдыларды қалыптастыруда - оқытуды дамыту, өздігінен дамитын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіретін тұлға қалыптастыруға негіз болады.

Қорыта айтқанда, тиімді стратегияларды қолдану арқылы оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыра отырып белгілі бір жетістікке қол жеткізе аламыз. Болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру, инновациялық үрдісте тиімді қолдану қазіргі заман талабы.

## **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Ф. Оразбаева. «Тілдік қатынас». Алматы «Сөздік-Словарь», 2005 ж.
2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы, Нұр-Сұлтан, 2019 ж.
3. Д.Шардарбеков. Қазіргі заман сабағы: құрылымы, талдау әдістері. 2008 ж.
4. Шабжанова Салтанат. «Оқылым дағдыларын қалыптастыру және дамытудың әдіснамасы мен тәжірибесі», Павлодар-2015ж.
5. М.Ахметова. «Мәтін лингвистикасы». Орал-2008. МАН «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017 ж.

## БАТЫРЛЫҚ ЭПОСТАРДАҒЫ «АДАМ» КОНЦЕПТІСІ

### THE CONCEPT OF «MAN» IN HEROIC EPICS

*Жулдыз КАЙНАЗАРОВА \**

#### **Аңдатпа**

Мақалада эпикалық фольклор мәтінде адамның жалпы және жекелеген кейіпкерге байланысты бейнелерінің жасалуы, бұл бейнелердің когнитивтік лингвистикада адамның тілдік концептуалдық моделі ретінде зерттелінетіндігі айтылды; эпикалық, «батыр» концептісіне лингвомәдениеттанымдық және лингвокогнитивтік талдау жасалып, концептілер жүйесінде қарастырылды.

**Түйін сөздер:** концепт, адам концептісі, тілдік, батыр, ер, бейне, ұғым.

#### **Abstract**

The article notes that in the text of epic folklore, images of a person are created that are associated with the general and individual character, and these images are studied in cognitive linguistics as a linguistic conceptual model of a person; The concept of the epic, "hero" is analyzed by means of linguacultural and linguacognitive analysis and considered in the system of concepts.

**Keywords:** concept, human concept, language, hero, person, image, concept.

#### **Кіріспе**

«Адам» концептісі – батырлар жырында басты тұлға «батыр» концептісімен жасалады. Батыр» ұғымы батырдың киетін сауыт-сайманымен, мінген атымен, ортақ ағасы, батыры, т.б. Алладан бала-шағасын сұраған атасы мен анасы, сүйікті ханымы. Сонда «қаһарман» ұғымын тек өзі ғана емес, сонымен бірге оның әрқайсысы жеке ұғымдар жүйесі болып табылатын қоршаған орта да көрсетуі керек. Осы ұғымдардың кейбірі мақалада талданған. Олар «батыр» ұғымының микроконцептілері болып саналады. Қазақ эпостық фольклорының тілдік кеңістігінде «адам» ұғымы басты орын алады деп айта аламыз. Бұл эпикалық фольклордың басты кейіпкері адам екендігіне байланысты: эпикалық мәтінде адам туралы, адамға қатысты оқиғалар айтылады. Қазіргі когнитивтік лингвистиканың қағидалары бойынша барлық тілдің негізгі сипаты оның антропо-өзектілігі, яғни «Тіл және адам» бір құбылысты немесе бір құбылыстың екі жағын бейнелейді. Когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, Тіл білімі және т.б. Тіл білімінің салалары антропологиялық және лингвистикалық идеялар, ұстанымдар мен арналар негізінде қалыптасып, дамыды.

---

\* Алматы қаласы Наурызбай ауданы №206 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, магистр, Juldiz8469@gmail.com

Эпикалық фольклор мәтінінде кейіпкерге байланысты тұлғаның жалпы және жеке образдары жасалады.

Тұлғаның концептуалды моделі – тілдік кеңістіктің нақты құрылымдық бірлігі, яғни эпикалық фольклордағы концептуалдық сала, сондықтан да эпикалық фольклорлық мәтіндердегі тұлғаның концептуалды моделін эпикалық тұлғаның концептуалды моделі деп атаймыз. Қоршаған орта мен адам бейнесінің тарихи-генетикалық сипатына қарай эпикалық, ортағасырлық немесе көне түркі, қазіргі, әлеуметтік, этникалық, әдеби (роман немесе поэзия, драма, т.б. шығармалардағы) концептуалды үлгілерді ажыратуға болады. Адам. Тұлғаның бұл лингвистикалық-концептуалды үлгілерінің өзіне ғана тән ерекшеліктері мен айырмашылықтары бар және бұл модельдерден оларды біріктіретін белгілерді табуға болады (бір, екі немесе бірнеше түр). Эпикалық ұғымдардың өзіндік тілдік көріністері болады, яғни концепт мәтіннің лингвокогнитивтік кеңістігінде вербалданады (сөйлеу, дискурс, мәтін арқылы). «Адам» эпикалық ұғымдарының лингвомәдени мазмұнында ұлттық құндылық (құндылық) жүйесінің элементтері мен бірліктері өз орнын алды. Эпостық адамның концептуалды тілдік моделі осы тұрғыдан алғанда аксиологиялық үлгі болып табылады, өйткені бұл модель қазақ этносының адамға деген идеалдық көзқарастарын білдіреді. Ұғымдар, тіпті күрделі психикалық құрылымдар белгілі бір мәдениетке тән құндылықтарды, құндылық үстемдіктерді көрсетеді, ал енді бұл құндылықтар мен доминанттар (құндылық жүйесінің негізгі ережелері) мәдениеттің белгілі бір түрін құрайды және тілде сақталады [1, 5].

Қазақ батырларының жырларындағы дүние бейнесі «адам» концепциясына негізделген, өйткені эпостық жырлардағы барлық оқиғалар, сюжеттер, көріністер бір жағынан адамдармен (эпикалық шығармалардың кейіпкерлерімен) байланысты. Адамға қатысы жоқ деп саналатын ұғымдардың өзі адамның санасынан, түсінігінен, танымынан өтеді, сондықтан мәдениеттің барлық категориялары мен ұғымдарында адамдық, адамдық нышан бар деп айта аламыз.

Когнитивтік лингвистиканың терминологиясын пайдалана отырып, «қаһарман» ұғымының тілдік мазмұнына қаһарманмен тікелей және жанама байланысты барлық эпикалық (сюжеттік, композициялық, эстетикалық, тақырыптық, т.б.) құрылымдар мен бірліктерді қамтиды. Осы мәтіндердің бірнеше немесе көбінде мазмұн «батыр» ұғымының өзегін құрайтын кейіпкер бейнесі төңірегінде топтастырылған. Мысалы: «Оқиға ертегі-тарихи хикая санатына жатқызылғанымен, сюжет негізінен Алпамыс төңірегінде құрылған. Сюжеттік оқиғалар лингвокогнитивтік тұрғыдан концептуалды негіз, концептуалды сценарий ретінде талданады, яғни тілдік бірліктер болып табылады және сайып келгенде, «қаһарман» ұғымына қызмет етіп, осы ұғымның тілдік мазмұнын толықтырады.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (II том) берілген «батыр» (эпикалық қаһарман) ұғымының лексикалық тірегі (өзегі) болып табылатын батыр лексемасының анықтамасында: «Батыр, тарихи батыр. ел үшін жаумен



шайқасқан, эпикалық жырдың қаһарманы, ер-азамат. Қырық бес қызыл жұрт Қобыланды батырға құрттай көрік береміз деді.

С.И. Жапақовтың «Эпостық фразеологизмдердің танымдық негіздері» атты кандидаттық диссертациясында батыр ұғымына мынадай анықтама беріледі: батыр, дулыға киген дәу, қылыш іліп, қалқан ұстаған: атқа мініп, дулыға киген дәу. басына ілінген найза, қалқан, қылыш елді жаудан қорғайды [2, 35].

С.И. Жапақов көрсеткен «батыр» концепті субъектісінің қарапайым бейнесі бейнелі ұғым («дүниенің ойша немесе аңғал суреті»), бұл ұғымда батыр лексемасының кейбір тақырыптары қайталанатын: «дәу», «ер», «елді жаудан қорғау», «батыр» т.б. [2, 35]. «Батыр» ұғымының лингвистикалық мазмұнында жоғарыда аталған тақырыпқа қатысты көптеген танымдық, тілдік, фольклорлық, этномәдени ақпараттар мен деректер, сонымен қатар фольклорлық мәтіндер кеңістігінде және одан тыс жерлерде де мәліметтер мен деректер кездеседі. (мәтіндерден тыс) қазақ дүниетанымында, этникалық болмысында, рухани және материалдық мәдениетінде. Қайта құру үшін жоғарыдағы мәтіндік және экстралингвистикалық тілдік материалдарды пайдалану қажеттілігі айтпаса да түсінікті. модернизациясы, лингвокогнитивтік (лингвистикалық) мазмұны «Қаһарман» және басқа да этномәдени эпикалық концептілер айқын. «Эпикалық қаһарман» концептісінің этномәдени мазмұнын толықтырып, сипаттайтын микроконцептілердің құрамына әртүрлі типтік және типтік микроконцепциялар кіретіні анық. Мысалы, «Қобыланды батыр» немесе «Алпамыс батыр» жырларындағы батырға байланысты көптеген оқиғалар концепті-сценарийдің лингвокогнитивтік (этномәдени) мазмұны болғандықтан микроконцепция-сценарийдің тірегі (өзегі) болып саналады. оқиғалар, іс-әрекеттер, сюжеттер арқылы ғана ашылады және суреттеледі.

«Батыр» ұғымымен байланысты тақырыптық микроконцепцияларға, мысалы, «жылқы (батырдың жылқы)» этномәдени микроконцепциясы жатады. Қазақ эпостық жырларында батыр атқа мініп, ту ұстайды.

Қобыланды батыр:

Тұлпар мініп, ту алған,

Барған жері қуанған.

Кеткен жері қуарған.

Сәйгүлік атпен қазанат – эпикалық қаһарманның бейнесін ашатын бірден-бір қасиеті.

Алып Алпамыс батыр:

Алтын бауыр Шұбардың,

Басын жолға салады.

Бір күн шапса шұбар ат.

Айшылық жолды алады.

Қазақ батырлар жырындағы «ат», «тұлпар» концептісі басты орында, этномәдени ұғымның өзіндік тілдік мазмұны бар: тұлпарға, яғни жылқыға байланысты көне мифологиялық, тарихи, этнологиялық, т.б. жылқы –

батырлар жырындағы лингвокогнитивтік техникасының бірі, ол батырлар жырындағы дүниенің тілдік бейнесін салыстырады. Сонымен қатар, эпикалық «жылқы» ұғымы эпикалық қаһарманды бейнелейтін, сипаттайтын және сипаттайтын тілдік бірлік қызметін атқарады, өйткені жылқы мен оның Атты батырдың бейнесі қос және ажырамас.

«Батыр» эпикалық концепциясымен байланысты тағы бір этномәдени ұғым – «қару». Эпикалық қаһарманның ең көп тараған қасиеттерінің бірі – оның сауыты. С.Жапақовтың пікірінше: «Бір кездегі қазақ этносы басынан кешірген біртұтас тілдік-мәдени қоғам мүшелерінің рухани дүниесінде батыр бейнесі, біздіңше, дулыға, сауыт киген; б) жаудың қаруын алып жүрді (қалқан, садақ, найза қылыш, сойыл); б) касанат мин-ген тұлғалы тұлға түрінде көрсетілуі мүмкін» [2, 50]. С.Сейфуллин «Ер Тарғын» поэмасындағы эпикалық қаһарманның бейнесін былайша суреттейді: «Ол – батпақтан, бауырынан туған, жер бетінде жүйрік. Бұл – ақ тон киген ат мінген, қыналы сауыт, темір дулыға, жарқыраған алмас қылыш, өткір найза таққан жауынгер». Академик Р.Сыздық қазақ эпосындағы қару атауларының поэтикалық (эстетикалық) сипатына назар аударады: «Әсіресе, қару атауларында батырдың, оның ата-анасының, сүйікті жарының портреттері, төбедегі жылқы бейнесі кездеседі. ол мінген, т.б. Мысалы, ауыз әдебиеті үлгілерінде қару-жарақ, сауыт атаулары ешқашан бөлек айтылмайды, олардың алдында әртүрлі, көбінесе бірнеше эпитеттер кездеседі: бұлғар садақ, бұқар жай, балдағы алтын берен, алтын кундақ; , ақ берен, көк найза», , хош иісті зат, ақ сауыт, ұшты найза, алтын қалпақ, мыс қалпақ, болат шар, қошқар жебе, алмас қылыш, ақ-қара бас ту, торлы ат, сегіз құлақ, ақ шатыр. , т.б. Бұл жерде біздің байқауымызша, қазақтардың дамыған ауызекі әдеби тілі, яғни 10-шы ғасырдағы қазақ ақындары берік сақталған қазақ ауыз әдебиеті тілінің көркемдік техникасының тамаша қасиеті жатыр. -19 ғасырлар» [3, 38]. Эпикалық этномәдени ұғымдар этникалық топты (тілдік қауымдастықты) тану тәжірибесінің белгілі нәтижесі мен жемісі болып табылады, өйткені этникалық топтың (тұлғаның) танымы мен танымы сөзде, материалдық және рухани туындыларда, әдет-ғұрыптарда, салт-дәстүрлерде, тілде болады. Сөздер білім, паремнологиялық және фразеологиялық өзек, кісі есімдері, т.б. сақтайды. Эпостық этномәдени ұғымдарды бірнеше түрге бөлуге болатынын көрдік. Мысалы, «адам» ұғымы «ер» және «әйел» ұғымдарына бөлінетін болса, онда «ер» ұғымы «батыр», «әйел» «батырдың әйелі» т.б. желі арқылы. Бұл бөлу гипергипонимдік дифференциацияны білдіреді.

Б.М. Тілеубердиев, «ер» ұғымы күрделі және «ер», «әйел» ұғымдарынан тұрады, өз кезегінде «ер» ұғымы «мерген», «батыр», «қарт», «таз» ұғымдарына бөлінеді. », «жетім». «Ер», «батыр», «әйел», «атқыш», «бала», «тазша», т.б. Ұғымдар негізгі (нақты) өзегін немесе сипатын, тұлғасын сақтайды: бұл «адам», ал аталған адамдардың типтерін білдіретін ұғымдарды диахронды тарихи концепциялар деп санауға болады, өйткені оларда ұлттық ұғымның барлық тарихи (пассивті) ақпараты бар [4, 118-119]. Қазақ батырларының жырларындағы адамдар туралы гипонимиялық ойлар

негізінен эпикалық кейіпкерлерге қатысты қалыптасып, дамып отырады, сондықтан оларды кейіпкер атымен атауға болады: мысалы, этно-заманауи концепция «Көркем», «Алпамыс батыр» ұғымы. ». «және т.б.Эпостық кейіпкерлердің сюжетте белгілі бір орны мен мәні бар екені белгілі, ал қаһармандық эпос кейіпкерлері фольклорлық мәтіндердегі көріністері сияқты ғасырлар бойы жинақталған танымдық тәжірибенің бір түрі болып табылады. эпостық шығармалардағы тау – халқымыздың рухани танымының қайталанбас жемісі және үлгісі осы тұрғыдан алғанда эпикалық этномәдени ұғымдар халқымыздың тарихи жадының бірліктері болып табылады.

Эпостық этномәдени (гипонимиялық) «батыр» концептісінің тілдік құрылымын қалыптастыратын және безендіретін образдар (оларды ұғым деп те атауға болады) Алпамыс, Қобыланы, Ер Тарғын, Қамбар және т.б.

Қобыланды бейнесін суреттеу эпикалық қаһарманның негізгі қызметін атқарады: қаһарман бүкіл халықтың мүддесі үшін күреседі, ол ержүрек, адал, қайтпас жауынгер-құтқарушы мұраты. Кескіннің басты ерекшелігі - кейіпкердің бірегейлігі, «теңдесі жоқ». Басқа да батырлық жырлардағыдай, батыр балалық шағында мықты күрескерлерді жеңеді, оның жанынан одан мықты жауынгер табылмайды. Өлеңде «жалғыз жауынгер» достық мотиві сақталған. Жырдың басынан аяғына дейін батырдың өзі де, басқа кейіпкерлер де оның (Қобыланының) ата-анасымен оңаша қалғанын, жауға жалғыз аттанғанын немесе соғысқа дейін жалғыз қалғанын үнемі айтып отырады; Қобыландының інісі де, інісі де, тірегі де, көмегі де жоқ. Талай рет жаудың мыңдаған жауынгерімен жалғыз өзі соғысып, жау батырын жеңеді.

Қобыланы батыр бейнесін лингвомәдени және лингвокогнитивтік аспектіде сипаттау барысында «Қобыланы батыр неге жалғыз жауынгер ретінде бейнеленген?» деген сұраққа жауап беру қажет. «Жалғыз жауынгер» мотивінің дәстүрлі фольклорлық мотив екенін түсіндіру (жауап) когнитивтік лингвистика мамандарын қанағаттандыра алмайды.

Эпикалық қаһарманның «еңсерілмейтін» қасиеттерін, қаруының гиперболалық күші мен әсемдігін, оның «жалғыз жауынгер» бейнесін және т.б. ескеру қажет, бұл кейіпкер бейнесінің антологиясы мен генезисінде жатыр. . Сырттай қарағанда, эпикалық қаһарманды зұлымдық деп сипаттау фольклорлық шығарманың тілдік-поэтикалық жүйесінің ерекшелігіне, яғни тұлғасына, демиургіне және қазіргі қаһарманына бір жағынан байланысты. Дүниенің мифологиялық суретінде эпикалық қаһарманның прототипі болып табылатын мифтік қаһарман алпауыт (ғарыштық масштабта), аспан әлемін (кеңістікті) садақ пен жебемен билеген, алғашқы адам бола отырып, ол жалғыз болды, т.б. Зерттеушілер эпостың көптеген сюжеттерінде батыр есімінің маңызды рөл атқаратынын атап өтеді. Дала халықтарының жылқыға (жылқыға) ерекше көзқарасын А.П.Окладников былай түсіндіреді: «...Ерте заманда ескери жылқының (жауынгерлік жылқы) маңызы өте зор болған, сондықтан эпикалық мәтіндерде жылқы (батыр ат) болған. белсенді қаһармандар ғана пайдаланады. Бұл ретте жылқының терең тотемдік культі мен қорғаныш пір-жылқы бейнесіне сүйенбеу керек» [5, 6-6]. Түркі және

моңғол халықтарының өткен тарихына жүгінер болсақ, олардың ақыл-ой танымында жылқылы адам туралы мынадай ой-пікірлерді байқаймыз: «Түркі және моңғол эпостарында қоғам үшін мынадай дәстүр анық байқалады. көшпенділер мен жартылай көшпелілер: адамның жүріп-тұруы, аттың болмауы біртүрлі. Бұл дәстүрдің тамыры тереңде жатқанын біз эпостан ғана емес, көне жазба ескерткіштерден де аңғарамыз; М.И.Артамонов көшпелі хандар мен аландар туралы Аммиан Марселлин қалдырған мәліметтерді келтіреді: ол олардың шығу тегі бойынша салт атты екенін және өмір сүру салты ұқсас екенін көрсетті. «Аландардың балалары жастайынан атқа мінеді, жүруге ұялады», ғұндар да ат үстінде өсіп, тек ат үстінде күреседі (Артамонов). Ертеде көшпенділер кентаврлар дегенді білдірген (Плетнева). Сондықтан да түркі, моңғол халықтарында жылқыны жылқымен бірге жерлеу дәстүрі болған және бұл ереже эпоста сақталған: батыр жауды атпен бірге жерлейді (Гесер) [5, 241].

Эпикалық қаһарманды ақ сұңқармен сәйкестендіру, зерттеушілердің пікірінше, «дәстүрлі поэтикалық формула». Айтуынша, А.Т. Бақтыбаева: «Екі халықтың (казактар мен орыстардың) эпостарының дәстүрі – тропты қолдану. Олардың ішінде троптардың белгілі бір тобы – батырды жыртқыш құстармен салыстыру. Бұл салыстыру психологиялық параллелизм құбылысына, яғни әрекет репертуарына негізделген. Осыған орай, қарапайым салыстыру мен ұқсастық үшін құстардың ғана емес, орақ жануарларының (батыр арыстан, батыр қасқыр) және өсімдіктердің (батыр емен) бейнелері де қолданылғанын айта кеткен жөн. Мысалы, Қобыланды сұңқарға теңейді. Оның ерекшелігі «Сен сұңқарсың, біз қарғамыз» деген антитезадан көрінеді, Қобыландының баласы Бөкенбай сұңқар бейнесі арқылы суреттеледі:

Фольклорды поэтикалық жүйе ретінде қарастырсақ, А.Т. Бақтыбаева өте дұрыс айтады. Алайда, бір кездері (өте ерте дәуірлерде) қазіргі кезде фольклор болып саналатын шығармалар, яғни поэтикалық (эстетикалық) шығармалар (мәтіндер) мифологиялық мәтіндер болған, яғни мифтік таным мен білім болған, ал қазір олар «миф», яғни «жалған» деп саналды. Дүниелер ежелгі адамдар күмәнсіз сенген білім мен ақиқаттың қайнар көздері болды. «Сұңқара» бейнесі сол көне замандардан бері сақталған болса, когнитивтік лингвистика тұрғысынан бұл образға мүлде басқаша түсінік беру қажет.

«Батыр» эпикалық концепциясына лингвомәдени және лингвокогнитивтік талдау көрсеткендей, қаһарманның негізгі үш сипаты бар; біріншіден, ол «теңдесі жоқ адам», яғни Құдай жаратқан, «Құдай қолдаған», «таңдалған», басқа адамдардан оқшауланған; екіншіден, ол батыл, өте батыл, қарулы адам; үшіншіден, ел қорғаны, ел қамын ойлайтын адам. Бір қызығы, бұл (жоғарыда аталған) халық танымындағы негізгі үш сипат көне түркі дәуіріндегі қағандарда болған немесе болуы керек еді. «Олардың (Е.Ж. Қағандар) сипаттары үш нәрсеге сәйкес келуі керек еді.

Осыған сәйкес, көне түркілердің тілдік және қазіргі қоғамында, халық арасында, халық танымында кемел (идеалды) адам немесе батыр, немесе қаған (билеуші) осы үш негізгі сипатқа ие болуы керек, т.б. идеалды тұлғаның санасы осы сипаттарға қатысты эпикалық қаһарман бейнесі арқылы

қалыптасады. Оның тұлғалық, қарапайым адамдық қасиеттерін эпикалық көркем мәтін мазмұнынан көреміз. Әйтсе де, эпикалық қаһарман – ерекше, «ештеңсіз» тұлға. Зерттеуші С.И. Жапақов қаһармандық эпостың қаһарман бейнесін «шынайы емес образ» деп атайды: «Эпостың жағымды кейіпкерінің бейнесі белгілі бір стереотиптермен қалыптасады. Батыр суға тасталса батпайды, отқа жағылса күймейді, қылыш кессе, атса атпайды. Міне, осыдан біз батырдың ерекше қасиеті дегеннің концептуалды семантикасын көреміз. Эпостық қаһарманның мұндай шындыққа жанаспайтын бейнесінің байырғы тілдік топ санасында қалыптасуы қисынсыз емес. Батырдың ата-анасы баласын көрмей, «әулие» қаңғып, «әулиемен ұйықтап», әулиеден жаратушының құқығын сұрап жалған туады» [2, 51]. Қазақ батырлары жырларындағы «ер» ұғымы өз кезегінде «батыр», «батыр келін», «ана», «аға», «жау» т.б. ұғымдарға бөлінеді. «Батырдың жаулары» ұғымына қатысты келесі мәліметтер назар аудартады: «Батырдың көптеген жаулары бар, этикалық нормалар бойынша олар орасан зор күшке ие және оқтан өлмейді, жараланса өтпейді». олардың кейбіреулері гротеск түрінде бейнеленген, бұлар Алшағырдың жақтастары, Агинас пен Тогинас алыптардың қыздарының ұлдары. Олар Қараспан тауындай алыптар. Қарадаудың басы қазанға ұқсайды. Қобыланы Қазан ханмен шайқасқа аттанар алдында оны «биік асу» деп атап, қазанның тектілігін, ұлы батырды айтады.

### **Қорытынды**

Тілдегі эпикалық этномәдени ұғымдар этносты (тілдік қауымдастықты) тану тәжірибесінің белгілі бір нәтижесі мен жемісі болып табылады, өйткені этностың (тұлғаның) танымы мен білім көзқарасы тілінде, сөзінде көрініс табады, материалдық және рухани құндылықтары шығармаларында, әдет-ғұрып, салт дәстүрлерінде, сөйлеуінде, жалқы есімдердегі тілдік мәтіндер, паремиологиялық және фразеологиялық қорда т.б. сақталады. Когнитивтік лингвистика тұрғысынан алғанда, қаһармандық эпостағы әрбір образ сана айнасындағы психикалық танымның, дүниетанымның, дәйексөздердің, рухани тәжірибенің, этникалық болмыстың көрінісі – демек, эпикалық образды (образды) біртұтас бейне ретінде қарастыру маңызды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қарасик В.И. Тілдік шеңбер: тұлға, концепция, дискурс. 2002.- 477 б. Волгоград.
2. Жапақов С.И. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері: филол.ғыл. канд. дисс.: 10.02.02. Алматы, 2003.107 б.
3. Сыздыкова Р. Сөз құдіреті. Алматы.: Санат, 1997-224 б.
4. Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 208 б.
5. Липец Р.С. 5-те батыр мен оның жылқысының бейнелері. Түркі-моңғол эпосы. М.: «Наука» баспасы, 1984, 262 б.

## МАЗМҰНЫ

<b>ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Тілешов Ербол Ердембекұлының құттықтау сөзі .....</b>	<b>3</b>
<b>Құрманбайұлы Ш. Түркі терминологиясын тіларалық біріздендіру және терминжасам, терминалмасым мәселелері .....</b>	<b>4</b>
<b>Генч Н. Техникалық терминдер және түркияның терминология саласындағы тәжірибесі жайлы .....</b>	<b>11</b>
<b>Садықова С. Әзербайжан тіліндегі терминологиялық тіркестердің мағыналық түрлері...</b>	<b>14</b>
<b>Өзтүрк А. Тарихи қыпшақ мәтіндерінен қазақ тілінетерминдік ұсыныстар .....</b>	<b>22</b>
<b>Сагидолда Г. Р. Сыздықтың ахметтану ғылымындағы орны және А.Байтұрсынұлының терминжасамдық қағидаттары жөнінде .....</b>	<b>38</b>
<b>Галимова О. Н. ХХІ ғасырдағы татар тілі терминологиясының дамуы .....</b>	<b>47</b>
<b>Йылдыз Х. Көне түркі терминологиясындағы кірме терминдерге қатысты ұстаным және қазіргі түркі жазба тілдеріндегі жағдай .....</b>	<b>60</b>
<b>Кадыров Ы. Қырғыз-қазақ тілдерінде қолданылатын кейбір ұқсас терминдер туралы..... .....</b>	<b>71</b>
<b>Абдиев М. Б. Өзбек ұлттық терминологиясының даму жолы .....</b>	<b>79</b>
<b>Ягафарова Г. Н. Қазіргі башқұрт тілінің терминологиясы және терминографиясы.....</b>	<b>84</b>
<b>Маемерова А. Р. Түркі академиясының салалық терминологиялық сөздіктер түзу тәжірибесі.....</b>	<b>93</b>
<b>Омарова А.Д. Академик Әбдуәли Қайдардың терминологияға қатысты тұжырымдары ..</b>	<b>98</b>
<b>Сулеева Г. С., Машимбаева А. Ж. Ә. Қайдардың қазақ терминологиясын қалыптастыру қағидаттары (мәдениет және өнер халықаралық терминдері негізінде).....</b>	<b>106</b>
<b>Оразалиева Э.Академик Ә.Қайдар және қазақ тілтанымының жаңа ұғымдық кеңістігі..</b>	<b>114</b>
<b>Сагынбекова А. Ж. Заманауи технологиялар және қазіргі түркі тілдеріндегі салалық терминдердің игерілу жай-күйі .....</b>	<b>124</b>
<b>Козыбахова Ж. С., Курмашева А. К. Ә. Қайдаров және қазақ терминологиясы .....</b>	<b>130</b>
<b>Қабдирашова А. К. Академик Ә.Қайдар және мектеп оқулықтарындағы терминдер .....</b>	<b>141</b>
<b>Байстенова Ш. Академик Әбдуәли Қайдардың терминология саласындағы ұстанымдары .....</b>	<b>147</b>

<b>Фаткулин И. О.</b> Қазақ тілі түркі тілінің бір түрі ретінде.....	<b>152</b>
<b>Курбанов А., Оңғар Ә.</b> Түркі тілдерінің қалыптасуындағы өзара сабақтастық.....	<b>157</b>
<b>Анорқұлова О.</b> Өзбек тіл біліміндегі «отбасы» түсінігіне байланысты кейбір еңбектерге талдау .....	<b>163</b>
<b>Ахмет А.</b> Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің зерттелуі .....	<b>168</b>
<b>Раева Ә. Ж.</b> Зооморфизмдерді мәдени интерпретациялаудың тілдік деректері .....	<b>175</b>
<b>Жекеева К. О., Хамзина К. М.</b> Техникалық мамандықтар үшін тілдерді оқытудың өзіндік ерекшеліктері (кәсіби қазақ, орыс және ағылшын тілдері).....	<b>187</b>
<b>Әйтiм А. Ш.</b> Қазақ тілін үйретуде тіл дамыту жұмыстарын жүргізудің әдіс-тәсілдер.....	<b>194</b>
<b>Сирбаева К. М.</b> Тіл үйретуде ойын элементтерін пайдалану арқылы тыңдаушылардың оқу белсенділігін арттыру .....	<b>199</b>
<b>Райханова Л. К.</b> Қазақ тілін үйретуде жаңа әдістерді пайдаланудың тиімділігі .....	<b>204</b>
<b>Акимтаева Г. А.</b> Қазақ тілін жаңаша оқытудың әдіс-тәсілдері .....	<b>208</b>
<b>Жуматаева С. Н.</b> Тіл үйренушілердің коммуникативтік қабілеттерін дамытудағы жаңаша тиімді әдістер .....	<b>211</b>
<b>Нұржан А. Қ.</b> Қазақ тілін оқытуда мәтінмен жұмыс жүргізудің тиімді жолдары .....	<b>216</b>
<b>Нұрмағамбетова Ғ. Б.</b> Қазақ фразеологиясының ғылыми парадигмалары .....	<b>220</b>
<b>Турганова С.</b> Қазақ тілін үйретуде тілдік дағдылардың тиімділігі .....	<b>228</b>
<b>Кайназарова Ж.</b> Батырлық эпостардағы «адам» концептісі .....	<b>231</b>

## РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ

Авторлардың стилі, орфографиялық құқығы сақталады.

Мақаланың мазмұндық жауапкершілігі

мақала авторларына жүктеледі.

**АКАДЕМИКӘ. ҚАЙДАР МЕН Р. СЫЗДЫҚТЫҢ 100  
ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ  
«ЖАҒАНДАНУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ТҮРКІ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ  
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ  
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖИНАҒЫ**

Редактор: **Қ. Қабай**

Дизайнер: **С. Баубек**

ISBN 978-601-7504-87-8



9 786017 504878

Беттеуге берілген күні 10.11.2024 ж.

Электрондық нұсқаға қол қойылған күні 19.11.2024 ж.

Пішімі 70×100 Шартты баспа табағы 10.0